

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№6 (183),
МАУСЫМ
2020 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,
Т.Омарбеков, – т.ғ.д. акад.;
Б.Аяған, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбаев,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
М.Ноғайбаева, Д.Салқынбек,
Қ.Құнапина – т.ғ.к., доц.; С.Дүй-
сен – п.ғ.к., Қ.Қарамандәев –
тарихшы-зерттеуші.

С.Әбішқызы – тұңғыш бас
редактор. Б.Матеева – ұс-
таз-әдіскер. Ш.Танмамбетова,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева,
Ұ.Елшібай – озат ұстаздар.

.....

Басуға 18.06.2020 ж. жіберілді.

Пішімі 84 x 108¹/₁₆.

Шартты б.т. – 5. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.

Таралымы – 1500.

Индекс – 75748.

Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

.....

Авторлар қазақша ғылыми-
теориялық мақалаға орысша,
ағылшынша, орысша мақалаға қа-
зақша, ағылшынша, ағылшынша
мақалаға қазақша, орысша резюме
ұсынуға міндетті. Мақаланың ғы-
лыми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың байлам-
тұжырымдары редакция көзқара-
сымен сәйкеспей де мүмкін. Кө-
шіріп басылса не пайдаланылса,
сілтеме жасалуы тиіс.

Журнал ҚР БҒМ Білім және
ғылым саласындағы бақылау
комитеті (БҒСБК) ұсынған
тізімде бар.

Журнал в списке рекомендо-
ванных ККСОН МОН РК.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Ж.Жұмабаева, А.Батырханова. Печенегтердің тарихтағы рөлі	2
Амангелді Зайнов. Сармат кезеңі ескерткіштерінің зерттелуі.....	7
Ботагөз Сапарбекова. Қазақстанға қоныс аударған казактар.....	10
Марат Өтегенов, Диана Қаппасова. Ақмола облысы халқының қалыптасуы	12
Куляш Джумағалиева. Роль Мангышлака в Российско-Азиатских торговых отношениях в XIX веке	14
Гүлфарида Қамиева. Маңғыстаудағы халық ағарту ісінің дамуы	16
Жұмахан Арынов. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихы	18
Gulsara Kuatbay, Tastanbek Satbai. The political party organization and activity.....	20
Өтеген Исенов. Малайсары тархан Тоқтауылұлы (1700-1754 жж.).....	22
Ерке Қартабаева. Сейдәшім ишан туралы бір деректің ізімен.....	24
Қымбат Байсарина, Дарын Садықов. Әлихан Бөкейханов пен Барлыбек Сыртанов	28
Е.Күлдібаев, С.Саркулова. Ұлттық рухты оятқан	31
Светлана Сымағұлова. Зобалаң құрбаны	35
Роза Сидешова. Тобанияз Әланияұлы	40
Қуаныш Бектұрғанов, Нұрымжан Қайырғали. Мұстафа Шоқайдың КСРО туралы еңбектері	42
Сағат Тайман, Ақгүл Молдахметова. Мұстафа Шоқай еңбектеріндегі Шығыс Түркістан мәселесі	44
Айнұр Қалыбаева, Салтанат Жұмабаева. Аграрлық қатынастар мәселесінің зерттелуі.....	47
Аманжол Калыш, Жанболат Абилахмит. К вопросу антропологическом изучении казахов в советский период.....	49
Құндызай Ерімбетова. Сталинград шайқасының батыры Амантай Жәйелұлы	51
Болат Нығметов. Батыс өңірінің балық шаруашылығы	55
Оразгүл Мұхатова. Сегіз қырлы, бір сырлы азамат еді	58
Еркін Киккаринов. Қазақстан және Ресей.....	61
Бауыржан Шериязханов. Новейшая историяграфия по истории сотрудничества Казахстана и России в современный период	64
Еркебулан Ержанов. Турция и Центральная Азия.....	68
Назерке Сұлтанова. Қазақ эстрадасында музыкалық бейнебаянның дамуы.....	74
Гүлнар Мүрсәлімова, Кәмила Жұмақанова. Тәуелсіздік кезіндегі қазақ телевизиясы	72

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Л.Иманкулова, Н.Рахметова, Д.Тастанбек. Болашақ педагогтардың зерттеушілік функциясын қалыптастырудың тұжырымдамалық негізі	74
Насихат Смайыл. Жұмыссыздық – басты мәселе.....	76
Айгуль Колдаева. Каковы причины стремительного распространения Черного мора?	77
Тәжіхан Құдашева. Қашықтықтан оқытудың тиімділігі	79
Сәбира Мұсаева. Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану	80

ПЕЧЕНЕГТЕРДІҢ ТАРИХТАҒЫ РӨЛІ:

Ұлы дала, Ежелгі Русь, Византия мысалында

Ж.ЖҰМАБАЕВА,
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
А.БАТЫРХАНОВА,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің магистранты

Тарихи әдебиеттерде печенегтер – VIII – IX ғ. Арал теңізі мен Еділ-Жайық аралығында өмір сүрген көшпелі түркі халықтарының бірі. Олардың қазақ тарихына қатыстылығы мәселесі арнайы зерттелмеген. Печенегтер туралы мәліметтер Ресей, Византия тарихнамасында көбірек сақталған. Тарихи әдебиеттегі мәліметтер бойынша, IX ғасырдың аяғында печенег тайпалары Еділдің арғы бетіне қоныс аударып, Дон мен Днепр бойын қоныстанған және сол жердегі тайпаларды ығыстырып, батысқа қарай жылжыған.

Грек тілінде пачынах, түрікше бажанак (баджанак) немесе бәженәк, арабша баджнәк, славян тілдерінде печенег аталған тайпа атауының этимологиясы толық анықталмаған. Ғылыми деректерде печенегтер көне түркі көшпелілерінің сармат және угро-фин тайпаларымен араласуы нәтижесінде қалыптасқан делінеді. Антропологиялық жағынан моңғол араласқан еуропейдік нәсілге жатады. Зерттеушілер пікірінше, печенегтер түркі тектес халық саналады.

Печенегтер туралы тарихи әдебиеттегі деректер бойынша, олар көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан, сонымен қатар, Русь, Византия, Венгрия жерлеріне шапқыншылық соғыстар жүргізген. Византия империясы печенегтерді ежелгі Русьпен күресте тиімді пайдаланғаны белгілі. Ал Русь князьдері де печенегтермен өз жауларын жасыту үшін одақ құрып, қарым-қатынас орнатқан.

Жалпы, бұл деректерден біз печенегтердің Ұлы Даланың түркі халықтарының, соның ішінде, оғыз, қыпшақ және қазақ сияқты үлкен этникалық одақтардың этногенезіне қатысқан этникалық топ болған және ерте орта ғасырларда әлемдік тарихи процеске араласқан халық болған деген болжам (гипотеза) ұсынып, оны деректерге сүйеніп, талдау мақсатын қоямыз.

Печенегтерді ғылыми тұрғыдан зерделеу патша заманындағы орыс тарихшысы П.В.Голубовскийдің үлесіне тиді. Оның «Печенеги, торки и половцы до нашествия татар. История южно-русских степей IX–XIII вв.» атты монографиясы [1] орыс халқының ежелгі көршілері болған печенегтерді жалпы Еуразияны мекендеген түркі тайпаларымен (ғұн, авар, хазар, бұлғар мен оғыр, оноғур (венгер) тарихи байланыста қарастырып, IX ғасырда ертедегі рустардың печенегтермен кездескені және олардың Русь тарихындағы рөліне тоқтаған [1, 32].

Ғалым печенегтердің этникалық атауының қалыптасуы жөніндегі тарихи деректерді саралап, құнды тарихи тұжырымдар жасаған. Автор XI ғасырдағы

Махмуд Қашқаридың «Түрік сөздігінде»: «Бажанак – Рұмға жақын жайғасқан түрік тайпасы. Бажанак – оғыз руларының бірі. Бәженек деп те аталады», – деген пікірін араб авторлары әл-Бекри мен әл-Балхи еңбектеріне сүйеніп жазғанына назар аударады. Өйткені М.Қашқаридің түркі-исламдық мәдениеттің көрнекті өкілі екендігі белгілі. Араб ғалымы Әл-Бекри печенегтердің қонысын қыпшақтардың оңтүстігіне, ғұздердан батысқа қарай орналастырып, печенегтердің батысында славяндармен көрші тұратынын жазады. Әл-Балхи печенегтерді түрік тайпаларының бір бөлігі деп, территориясын Хазария мен Рум, яғни Византия аралығына орналастырады.

Ал П.В.Голубовский араб тарихшылары мен К. Багрянородныйдың жазбаларына сүйеніп, IX-X ғғ. печенегтер бұл жерлерге шығыстан, Еділ мен Жайық өзендері аралығынан келген деп тұжырымдайды. Оның пікірінше, бажанактар (печенегтер) сол заманда мажар (Голубовскийде – мазар) мен ғұз (уз) тайпаларымен көрші отырған [1, 36-37]. Біздіңше, мажар деп, «венгер» атауымен Еуропаға белгілі болған оғыр, оноғыр, савирларды атаймыз. Кейін хазарлар мен ғұздардың печенегтерді батысқа ығыстырып, олардың славян жерлеріне көршілес болуына ықпал еткен. Ресейлік көрнекті түркітанушы тарихшысы С.А.Плетнёва да «Кочевники русских степей IV-XIII века» еңбегінде негізінен осы пікірлерді қайталайды [2].

Шетелдік тарихнамада, қыпшақтар мен печенегтердің туыстығы туралы көзқарас берік орныққан. Зерттеуші, И.Макварт печенегтерді қыпшақтардың батыс тармағы деп есептеген. Орыс тарихшысы, академик В.В.Бартольд: «Печенегтердің тарихи мәні – олардың құрамынан көп санды қыпшақтардың шығуы» десе, Л.П.Потапов: «қыпшақтар печенегтердің батыс тармағынан құралған» дейді. Белгілі түркітанушы Н.А.Аристов бұл пікірлерге күмән келтірсе де, осы екі тайпаның этникалық жақындығын былайша атап көрсетті: «Егер печенегтер қумандармен (қыпшақтармен) бір болмаса да, олар қыпшақ тайпаларының одағынан болуы мүмкін» [3, 122-6.]. Сонымен, әртүрлі зерттеушілер пікірлеріне сүйене отырып, біз тарихта бажанак, бесене, печенег деген атпен белгілі тайпалардың түркі тектес екендігін айқындадық.

Өз зерттеуіміздегі ендігі мәселе – печенегтердің қазақ халқына қатыстылығын нақтылау, өйткені орыстың патша заманындағы шығыстанушылары да, кеңестік кезеңдегі тарихшылар да печенегтердің

қазақтарға қатыстылығы туралы мәселені ешуақытта айтқан емес. Сонымен қатар, қазақстандық тарихнамада бұл мәселеге арнайы қалам тартқан тарихшы жоқтың қасы. Оның себептері кеңестік саясаттың түркі халықтарының тарихын жоққа шығаруына, «пантүркілік» қауіпті насихаттағанына байланысты болды.

Дегенмен, кеңестік кезеңде қыпшақ-қимақ проблемасын қазақстандық тарихшылар арасында алғашқылардың бірі болып зерттеген Б.Е.Көмековтің IX-XI ғ. печенегтер мемлекеті, сондай-ақ печенегтер мен қыпшақтардың ортақ тектен шыққандығы туралы тұжырымдары жаңа ізденістерге жол ашты [4].

Сонымен, печенегтердің бұрынғы отаны – Еділ-Жайық өзендерінен шығысқа қарайғы Ұлы Далалар екендігі ортағасырлық, ежелгі орыс деректерінде сақталғанын жоғарыда келтірдік. Осы фактінің өзі печенегтердің қазақты құраған түркілік ру-тайпалармен байланыстылығын ғылыми негіздеуге жол ашады.

Шығыс Европа мен Византия, ежелгі Русьтің тарихи тағдырына ықпал еткен іргелі ел болған печенегтер қайда кетті? Өйткені XI-XII ғғ. Ұлы Дала көшпенділерінен қыпшақтар мен оғыз-селжүктердің аты ғана аталады. Орыс, византия тарихшылары да осы мәселеге біраз бас қатырды. XIII ғ. Италиян саяхатшысы Плано Карпини қаңлы (кангит) тайпаларын Қыпшақ елі (Комания) мен Каспий теңізі маңындағы түркімендер аралығына орналастырады. Ал тағы бір европалық саяхатшы Рубрук та канкли (қаңлы) тайпасының қыпшақтармен туыстығын айтады. Егер печенегтердің де Европаға Каспий-Арал теңіздерінің аралығынан шыққанын ескерсек, XI ғ., араб саяхатшысы әл-Бекри де печенегтерді Гурган (Джорджания) мен Хорезм аралығына, яғни қазіргі Түркіменстан, Өзбекстан және Сырдария өзені аралығына орналастырады, тағы бір араб ғалымы әл-Ямбуи Бұхарадан келген печенегтер туралы айтады.

Бұдан Европада печенегтер деп аталған тайпалардың бір бөлігі бұрынғы жерлері – қазіргі Арал-Каспий, Сырдария-Әмудария, оңтүстік-шығыс Каспий жағалауларында қалған деген тұжырымға келеміз. Бұл туралы Голубовский де келтіреді. Ол Константин Багрянородныйдың печенегтер Волгаға (Еділ) келгенге дейін, хазарлармен соғысқанға дейін *Кавуар* = канкли = *Canglae* деп аталған деген мәліметіне сүйеніп, «печенег» атауының Европаға көшкеннен кейін пайда болғанын айтады [1, 55].

Осы орайда біз венгер тарихшыларының печенегтерді «бесене», «баджанақ», немесе «бажана», «наукерде» деп атайтынына назар аударайық. Өйткені батысқа жылжыған печенегтер ең алдымен, Еділ-Жайық аралығы мен оңтүстік Орал жазығында отырған мажар/мадьар (орысша венгер–Ж.Ж.) тайпаларына кезікті емес пе? Сондықтан венгерлердің атауларын негізге алып, тарихи болжам жасап көрейік.

Мысалы, жоғарыдағы XI ғасырда арабтар, XIII ғасырда итальяндықтар айтқан «қаңлы» тайпасы бүгінде қазақ, қырғыз, башқұрт, өзбек, ноғай, түркімен, т.б. түрік халықтарының этногенезіне қатысып, дені сол бұрынғы орындарында отыр. Ал батысқа жылжып, печенег атанғандар осы жерлерге келіп қоныстанған қимақтар мен оғыздарға тәуелді болғысы келмеген адуын, белсенді рулардан құралуы мүмкін ғой. Тарихи әдебиеттердегі **венгер-мажарлардың «бесене» атауын «бес тайпадан» шығаруы, ал**

«баджана», «бажанақ» атауларының «бажа» сөзінен, яғни туыстық негізде біріккен тайпалар бірлігі ретінде қарастырылуы негізсіз емес. Ал «наукерде» сөзін түркінің белсенді, жаужүрек мағынасында қабылдауға болатын сияқты (пікір біздікі – Ж.Ж.).

Сонда XIII ғасырдағы итальяндық Рубрук көрсеткен **Каспийдің шығыс жағалауындағы «қаңлы» тайпасы көшпей қалған печенегтердің бір бұтағы** екенін түсіну қиын емес. Бұл пікірді Л.Н.Гумилев те қолдайды [5, 99-100]. Өзбектер мен қазақтардың, башқұрттардың, печенег атауын білмейтіні осыдан, олар тек «қаңғар», «кенгерес», «қаңлы» атауларын сақтап қалды. **Печенегтер – олардың батысқа кеткен тумаластары, олар орыс, мажар, бұлғар, византиялықтар сияқты батыс елдеріне печенегтер атауымен белгілі боп, олардың тарихында өшпес із қалдырып, жоғалған халық саналады.**

Тәуелсіздік қарсаңында-ақ осы ақтандақ мәселеге назар аударып, «Көмбе» атты тарихи роман стилінде еңбек жазып, оқырманға және тарихшы ғалымдарға ой салған қазақ ғалымы Қойшығара Салғараұлын атап өтуіміз керек. «Көмбе» романы – академиялық тарихи зерттеу емес, дегенмен, қазіргі кезеңде тарихты жазудың барлық тәсілдерін мойындайтын жаңаша тарихи методологияны басшылыққа алсақ, өз тарихының өткені туралы мәселеге сусаған қазақ оқырмандарына отандық және шетелдік тарихи еңбектер мен деректерде жинақталған материалды түсінікті тілмен баяндаған бұл еңбекті назардан тыс қалдырмауға тырыстық.

Қ.Салғараұлы печенегтер Орта Азия далаларындағы қаңлы (қытай тарихында «Қаңлы») тайпалар бірлестігінен бөлініп шыққан деген ғалымдар пікірін қолдайды. Бұл бірлестіктің құрамына бұрынғы қаңлылық печенегтер, оларға бағынған сармат тайпалары, ормандық финоугор тайпаларының кейбір бөлшектері кіреді. Бұлардың бұрынғы сармат тайпалары иеленген жерді жаулап алуы печенег тайпалар бірлестігінің құрылуына негіз қалайды [6, 263-6].

Қазақстандық тарихшылардың печенегтердің қазақ этногенезіне қатыстылығын қазіргі Қазақстан және Орта Азия аймағындағы ежелгі Қангюй (астанасы – Битянь) мемлекетімен байланыстыруын дұрыс деп санаймыз. Б.з.д. II ғ. мен б.з. IV ғ. дейін Арал-Каспий, Сырдария-Әмудария оазисінде өмір сүрген ежелгі Қангюй туралы деректер қытай тарихнамасында сақталған. Мемлекет атауының қытайша Қангюй немесе Канцюй аталуына байланысты біраз пікірталас болғанымен, сырттан келген қытайлардың бұл мемлекеттің атауын өз ойынан шығармағаны, сол елдің атауын аздап бұрмалағаны деп түсінеміз. Қаңлы тарихын зерттеуде орыс синологы (қытайтанушысы) Н.Бичуриннің орны ерекше.

Сондықтан қазіргі кезде қазақ этногенезіндегі Ұлы жүзге кіретін қаңлы тайпасы ежелгі Қангюй тарихымен тығыз байланысты деген болжамды қазақстандық тарихшылар ғылыми негіздеу үстінде. Осы орайда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің В.Подушкин бастаған ғалым-археологтерінің зерттеулерін көрсетуге болады. Олар Сырдария өзенінің Келес, Арыс өзендерімен қиылысқан жеріндегі Мыңтөбе, Күлтөбе деп аталатын қаңлылық қалалар мен қорымдар орнын

қазу барысында оның тұрғындарының көшпелі мал шаруашылығымен де, егін шаруашылығымен және қолөнермен айналысқан отырықшы және көшпелі қауымдардан тұратынын тұжырымдады. А.Н.Подушкиннің пікірінше, Битянь қаласының орны Шымкент маңындағы Қараспан қалашығы орнында [7].

Қаңлы мемлекетінің этникалық құрамына сақ, хунну, сарматтық қатпарлардың қатысқаны және олардың б.з. IV ғасырында ақ ғұндар – эфталиттер тарапынан талқандалып, ыдырап кеткені тарихтан белгілі. Ғалымдардың пікірінше, IV-IX ғғ., осы қаңлылықтар мен эфталиттердің араласуы нәтижесінде тарихта печенег (бажанақ, кенгерес, қаңғар, т.б., атаулар) тайпалар одағы қалыптасқан.

Қазақстанның белгілі тарихшысы Б.Е.Көмеков кеңес заманында жазған зерттеуінде Масудидің төмендегі мәліметін келтіреді: IX ғасырдың II жартысында Арал теңізі жағалауы мен Сырдария маңындағы печенегтердің түрт тайпасы – баджнақ, баджана, баджгард және нукарданың батысқа қарай үдере көшуіне олардың оғыз, қарлық, және қимақ тайпаларымен соғысы себеп болған [4, 58-б.]. Қимақтар мен қарлықтардың IX ғасырда Арал теңізі маңына келгеніне И.Маркварт пен А.Ю.Якубовский күмән келтіргенмен, дәлелдей алмады, өйткені VIII-IX ғасырларда қимақтардың солтүстіктен қаңлы-кенгерестердің жеріне келгендігі, ал қарлықтардың Сырдарияның орта ағысын жаулап алғаны туралы деректер бар [8, 7-б.].

Осы оғыздардан батысқа қарай ығысқан печенегтер Жайық пен Еділ аралығына көшеді. Бұл фактіні Голубовский де растайды, ол батыс деректері мен орыс жылнамаларындағы мәліметтерді салыстыра келіп, ғұздардың (оғыз) IX ғасырда Жайық өзенінен шығысқа қарайғы жерлерге келіп, Еділ-Жайық аралығын мекендеген печенегтерді қуып шыққан деген Византия императоры – Константин Багрянородныйдың мәліметін келтіреді.

Араб саяхатшысы Ибн Хаукал да Хазар (Каспий) теңізінің солтүстік-шығысына X ғасырда оғыздарды орналастырып, олардың Жайық пен Жем аралығында көшіп жүргенін жазады [4, 60-б.].

Бұл деректерден біз печенегтердің VIII-IX ғасырларда Жайық өзенінің шығысына дейін, Арал теңізі және Сырдария маңын (қазіргі Қазақстанның батысын: Атырау, Ақтөбе, Қызылорда облыстары – Ж.Ж.) мекендеп, IX ғасырдың аяғында оғыз, қимақ, қарлықтардың шабуылынан батысқа ығысып, Еділ-Жайық арасына (қазіргі Атырау облысының Исатай, Құрманғазы аудандары, бұрынғы Бөкей ордасының жерлері – Ж.Ж.) келгені туралы жоғарыда келтірдік. Алайда оғыздардың (гуз-торк) печенегтерді бұл жерде де тұрақтатпай, X ғасырда оларды Каспийдің солтүстік-батыс жағалауына (қазіргі Астрахань, Дағыстан жерлері) ығыстырып, печенегтерді Хазар қағанатымен және орыс княздіктерімен байланысқа түсірген.

П.В.Голубовский VII ғасырда Еділ мен Днепр аралығындағы хазарлардың діни және ұлттық толеранттығы славяндар және оның қол астындағы әртүрлі тайпалардың бейбіт, өзара қақтығыссыз өмір сүргенін келтіреді. Көшпелі мажарлар (венгерлер) де хазарлар қол астында болған. Кейінгі ғасырларда арабтармен соғысып әлсіреген Хазар қағанаты Византия саясатын қайталап, әртүрлі тайпаларды өзара қырқыстырды. IX ғасырда гуздармен одақтасқан хазарлар, печенегтерді ығыстырды.

Сонымен, IX ғасырдың аяғында печенегтер 880-890 жж. Қара теңіз, бен Қырым түбегіне жетіп, ондағы мажарларды (венгерлер) Дунайдың төменгі ағысы мен Балқан түбегіне [1, 66-б.] қуып, орыс княздықтарымен қарым-қатынасқа түсті. Голубовскийдің пікірінше, орыс-славяндар печенег атауын венгерлерден (мажар) естіген [1, 18-б.]. Орыстың «Повесть временных лет» жылнамасы печенегтердің орыс шекараларына келуін 915 жылдан бастайды.

Осыдан кейін олар Игорь князьбен бейбіт келісім жасап, Дон жағалауына көшкен.

X ғасырда печенегтер орыс княздерінің Византиямен, Хазарлармен саудасында делдалдық рөл атқарды. Печенегтер Херсондықтармен шартқа отырып, сауда керуендерін жүргізіп, өздері де тауарлар жеткізді. Олардың бұл қызметтері өте қымбат болғанын келтіреді. Византиялықтар печенег жерлеріне кіру үшін елші-печенегтерді Херсонға шақырып, аманатқа адамдар пен жолсеріктер алатын. Аманатқа отырған адамдар мен жолсеріктер қызметі өте қымбат болатын. Содан кейін византиялық елші көшпелілер жеріне бет алатын. Орыс княздері печенегтердің атты әскерін пайдаланып, 944 жылы Византияға шабуыл жасап, салық салдырған.

945 жылдан кейін Игорь Рюриковичтің орнына Святославтың (945-972) келуіне орай печенег-орыс қатынастары қайшылықты сипат алды. Бұған орыс княздері арасындағы тақ таласы да ықпал етті. 60-жж. бастап, печенегтер мен Русьтің өзара күресі басталды. 968 жылы печенегтер Святославтың Болгарияға кеткенін пайдаланып, Киевті қоршағанмен, орыстарға алданып, қоршауды босатқан. Орыс-печенег қатынастары бірде достық, кейде қайшылықты болғаны мәлім. Мәселен, орыс князі Святослав 972 жылы печенег ханы Құр қолынан қаза тапқан.

972 ж. Святослав өлгеннен кейін Киевтегі тақ таласына қатысқан Новгород және Древлян княздерінің қырқысуларында печенегтер Киевке көмектесті. Біраздан соң олар Днепрдің Қара теңізге құяр сағасын басып алып, орыстарды теңізге шығармады. Кейін Святослав печенегтерді Византияға қарсы соғысқа пайдаланды. Ақыры, 978 ж. Святослав печенегтер қолынан қаза тапты.

Печенегтерді ежелгі Русь княздары мен византиялықтар кезек пайдаланды. Печенегтердің Русьтің ішкі саяси істеріне араласуы 980 жылдан басталды. Князь Владимир тұсында орыс-печенег қатынастары нашарлауына діни фактор де ықпал етті. 988 жылы князь Владимирдің Византиямен қарым-қатынасының жақсаруы, Русьтің православиелік христиан дінін қабылдауынан байқалды. Печенегтер 993 жылы Сула өзені жағынан келіп, Переяславль маңындағы Трубеж өзені жағалауындағы орыстармен шайқаста жеңіліс тапты [1, 72.]. Ал 996-997 жж. олар екі рет Киевті шабуылдап, үлкен қауіп төндірді. Одан кейін печенегтердің Белгород қаласын қоршауы да сәтсіздікке ұшырады.

XI ғасыр басында печенегтер тағы да таққа таласқан орыс княздеріне көмектесті. Олар Ярослав Мудрый князға қарсы оның ағасы Святополк жағында 1016 ж. және 1018 ж. соғысып, 1019 жылы Альте өзенінде жеңіліске ұшырады. Князь Ярослав Мудрый кезінде печенег-орыс қатынастары тіптен шиеленісті, өйткені 1009 жылдан бастап, печенегтердің Тирақ ханы ислам дініне көшті.

1034 жылы печенегтер Русьпен соңғы шай-

қасында Киевке шабуылдады. Князь Ярослав Новгородтан жалдамалы варягтарды шақырып, жылнамашының айтуынша, қиян-кескі ұрыста печенегтер жеңіліп, 1036 жылы князь Ярослав Мудрый осы жеңістің құрметіне Киевтегі әулие София соборын салдырды. Осыдан кейін печенегтердің Русьтің саяси өміріне араласуы тоқтап, олар Днепр-Дунай аралығындағы далаларға, Балқан түбегіне қарай ығысты [1, 76]. Сондықтан 1035-1116 жж. орыс жылнамаларында печенегтер туралы мәлімет мүлде жоқ.

Печенегтердің орыс княздерінен жеңілді дегені – өсіріп айту. Олардың бұл жерлерді тастап кетуіне басты себеп – оларды өкшелей кешкен уз (оғыз)-торктердің көші болатын. Олар 1055 г. орыс шекараларына жетіп, Днепрдің шығысын жайлап, печенегтерді оңтүстік-батысқа ығысуға мәжбүрледі.

Печенег-Византия байланыстары да біраз талқыға түскені белгілі. Тарихшы В.Г.Васильевский «Византия и печенеги» еңбегінде [9] XI ғ. Византия тарихын жаңа тұрғыдан қарастырған. Ғалым өзіне дейінгі зерттеулерде болмаған жаңа элементті ғылыми айналымға түсірген. Оның пікірінше, Крест жорығы қарсаңында Византия тарихында печенегтер маңызды роль атқарған, олар бір жағынан Византия мен Болгария екінші жағынан – Византия мен орыстар және мадьярлардың саяси қатынастарын реттеуге араласқан, В.Г.Васильевский печенегтердің тонаушылық соғыстарына ғана мән берген зерттеушілерді сынап, X-XI ғғ. Византия мен Русь тарихы мен саясатын печенегтерсіз түсіну қиын екендігін былайша пайымдайды: *«Византияның орыс князьдеріне қатынасы печенегтер пен половецтер (қыпшақ) тарихын терең зерттегенде ғана жаңа қырынан ашылады»* [9, 9-б.].

Тарихшы А.А.Васильевтің «Византийская империя до крестовых походов» еңбегінің бір тараушасы Византия мен печенегтердің байланысына арналған. Ол печенегтердің Македон әулетінің (867-1081) соңына қарай, XI ғасырда елдің солтүстігіндегі ең қауіпті жау болғанын және Византия императорларының печенег князьдарына мемлекеттік шен берілгенін жазады. Соған қарамастан Византия көшпелі печенегтерді отырықшылыққа көшіре алмағанын, олардың Дунай жағынан үздіксіз көштерінің тоқтамағанын, оны тек император, Исаак Комниннің табысқа жеткенін жазады [10, 412].

Византия IX ғасырдан бастап Днепрден төменгі Дунайдың солтүстігіне, Балқан түбегіне дейінгі жерлерді, Валахияны (қазіргі Румыния мен Молдавия) қоныстанған печенегтерді бұрыннан білген. X ғасырдың ортасында, Днепр мен Дунайда үстемдік ететін печенегтер Византия империясы үшін оның солтүстігіндегі стратегиялық тепе-теңдікті ұстап тұрды. Император Константин Багрянородныйдың «Империяны басқару туралы» нұсқаулығында өзінің ұлы II Романға (959-963) арнаған жолдауында, печенегтермен одақтасудың маңыздылығы туралы былай дейді: *«Біліп жүр, әзір римдіктер (византийлықтар – Ж.Ж.) пачинакиттермен бейбітшілікте тұрған кезде, соғыс заңы бойынша рустар да, түріктер де рим державасына (Византияға) шабуыл жасай алмайды... Пачинакиттер болса, император берген мадақ қағаздар мен сыйлықтарды ала отырып, рустар мен түріктерге қарсы шабуыл жасап, олардың әйелдері мен балаларын тұтқынға алып, жерлерін талқандай алады»* [3, 143-б.].

Алайда X ғасырдағы печенег – Византия достық қатынастары XI ғасырда бұзылды. 1026 жылы Печенег әскері алдымен Дунайдан өтіп, оңтүстікке ығысып, бірнеше жаңа жойқын шабуылдар жасады. Орыс жерлерін тастап шыққан олар 1036 жылы Византияға үш рет басып кірді, содан бері жарты ғасыр бойы олар Константинополь сарайын батыс иеліктері үшін үнемі алаңдатып отырды [12, 301].

Сонымен қатар, печенег ордасының өз ішінде де талас-тартыс күшейді. Печенег билеушісі Тирақ нағыз ер, білгір басшы болатын. Ол батысқа жылжыған ғұздармен (оғыз) соғысудың тиімсіз екенін түсініп, 1043 жылы печенегтер солардың қыспағынан жерлерін тастап, Византиямен шекаралас Дунай сағасына келіп, Византияны Дунайдан кері шегіндірді. Византия 1040 жылы Закавказьеңің бір бөлігін қосқанымен, ондағы оғыз-селжүктермен, Оңтүстік Италияда нормандармен және Балқандағы печенегтермен ауыр қорғану соғыстарын жүргізді.

Печенегтердің ғұз-торктермен жауласқаны жөнінде мәліметтің жоқтығын Голубовский де келтіреді. Дегенмен, олардың жекелеген қақтығыстары болғаны анық. Сондай қақтығыстарда Кеген деген қолбасшының әскери беделі өсіп, Тираққа қарсы шығады. Кегенге қарсы әскер жіберіп, шайқасуға бел байлайды. Бірақ Кеген Днепр батықтарына жасырынып, Тираққа қарсы күш жинайды. Печенегтердің 2 тайпасын өз жағына шығарып, Тирақ басқарған 11 тайпа әскерлерімен ашық шайқасқа шығып, тас-талқан боп жеңіледі. Кеген енді Византияның Силистрия (Балқандағы) қамалына барып, сол жаққа өтіп кетеді. Константинополь оны үлкен құрметпен қарсы алады. Византия печенег ордасындағы алауыздықты өршітіп, Кегенмен одақтасты.

Византияның Тирақ ханға қарсы шыққан Кегенді қолдауы 1046 жылғы соғыстың тікелей себебі болды. Кеген христиан дінін қабылдап, патрикий лауазымына ие болады. Кегенмен келген печенегтерді Византия шоқындырып, империяның шекарасын күзету үшін Дунай Болгариясына қоныстандырып, Дунай жағалауындағы 3 бекіністі берді.

1048 жылы қыста Тирақ бастаған печенег Ордасы 800000 әскермен Византияға шабуылдап, Болгарияға кірді. Бұл жерде шекарадағы Кеген әскері мен тұрғылықты әскер бөлімшелері төтеп бере алмай, оларға Адрианополь стратегиясы – Константин Арианит пен Болгария билеушісі – Василий Монах көмекке келді. Мұнда тек печенег әскерлері арасында індет тарауына байланысты византиялықтар оңай жеңіске жетті. Тирақ қолға түсіп, онымен бірге 140 печенег ақсүйектері Константинопольге жеткізіліп, шоқындырылды. Қалған печенегтерді византиялықтар Дунай бойында отырықшы етіп, шоқындырып, империяның қол астына өткізді [9, 3-б.].

Алайда Византияның печенегтерді отырықшы ету әрекеті іске аспады. Сондықтан оларды түрік-селжүктерге қарсы күреске пайдаланды. Империя оларға шен-шекпен, лауазым беріп, Византияға шабуыл жасаған басқа көшпелілермен соғысқа пайдаланды. Византия тарихшыларының мәліметінше, печенегтердің Тирақ пен Кегеннен басқа төрт қолбасшысының аты тарихта қалды. Селжүк сұлтаны Тоғырыл бей Византияның азиялық иеліктеріне қауіп төндіргенде осы Сулчу (Солшы), Селтө (Солты), Қарами және Қиталим атты қол-

басшылар басқарған 15 мың печенег сарбаздары армян шекарасына жіберілді. Бірақ атқа мініп, кең далаға шыққан печенегтер соғысудан бас тартып, Дунай бойындағы тайпаластарына бет бұрды. Каталим қолбасшының ұсынысымен, Босфордан өтетін кеме жоқтығына қарамастан, атпен бұғаздан өткен печенегтер Болгарияға жетіп, отырықшылыққа көндіге қоймаған сондағы печенегтерді қосып алып, жорықтар жасады [9, 4-б.]. Кейін печенег князьдары бірігіп, Балқан мен Дунай аралығындағы жазықты мекендеп, оны «Жүзтөбе» («Сто Холмов», дұрысы «Мыңтөбе» болар) деп атады.

Амалы құрыған Византия императоры тұтқын-дағы Тирақты печенегтерге жіберіп, Византияға адалдығын сақтауға шақырды. Печенегтерге қайтып оралған Тирақ та енді Византияға қарсы күресті басқарды. Оларға қарсы 1049 ж. Никифор бастаған әскер екі шайқаста да жеңіліп, аз ғана бөлігі бас сауғалады. 1050 жылы печенегтер Балқан түбегіндегі Адрианополь (қазіргі түркиялық Эдерне) қаласындағы Византия бекінісіне шабуыл жасап, стратиг Арианит басқарған әскерлерді 1050 жылдың 8 маусымында қоршауға алып, жеңіліске ұшыратты [3, 145-б.]. Тек ұрыста печенегтердің қолбасшысы Солшының (Сулчу) қаза табуы ғана оларды құтқарды.

Печенегтер осыдан кейін бірнеше рет Константинопольға қауіп төндірді. 1051-1052 жж. печенегтерге екі рет соққы берген Византия әскері 1053 жылы Дунай бойындағы иеліктерін қайтару үшін Балқанға өтіп, печенегтермен шайқаста тағы жеңілді. Осыдан кейін Византия печенегтерге сый-сияпат, шен-шекпен беріп, 30 жыл тыныштыққа қол жеткізді. Сөйтіп, печенегтер Балқанда өмір сүру құқығын алды. Печенегтердің Балқанға қоныстануы империяға үлкен қауіп төндірді. Түркі тектес болғандықтан, олар кез-келген сәтте Балқандағы оғыз-селжүктермен бірлесуге дайын еді [11, 307-б.].

30 жыл өткен соң Империяға солтүстіктен тағы қауіп төнді. Печенегтердің жаңа толқыны Дунайдан өтіп, 1086 жылы Византия әскерін жеңіліске ұшыратты, ұрыста Алексей Комнин императордың ең жақын достарының бірі, қолбасшы Григорий Бакуриани қаза тапты.

Печенегтер Кіші Азиядағы селжүктермен бірлесіп күресуге бел байлап, 1091 жылы Византияның жағдайы тіптен қиындады. 1091 жылдың 15 ақпанында император Алексей Комнин фландриялық рыцарлардың көмегімен печенегтерді Хировак түбінде жеңіліске ұшыратты. Алайда бұл шайқастан кейін де печенегтер шабуылы тоқтамады. Олар тек шекарадағы ғана емес, сондай-ақ Константинополь маңайындағы қалаларға да шабуылдады. Печенегтерді өздері жеңе алмайтынын сезген император Алексей Комнин қыпшақтармен одақтасып, 1091 жылдың 29 сәуірінде, Левунион тұсында печенегтерді ойсырата жеңді. Дегенмен, печенегтердің Византия территориясына соңғы жорығы 1122 жылы аяқталып [11, 315], печенегтер аты ұмытылды.

Печенегтердің тарихи тағдыры осылайша аяқталды. Византиялық тарихшылардың оларды тонаушы, жабайы, көшпелі деп, бір жақты бағалаған пікірімен келісуге болмайды. Әр түрлі себептермен (өзге көшпелілердің шабуылы, даладағы құрғақшылық, т.б.) атамекенінен алысқа кеткен печенегтер Еділ, Жайықтан Балқанға дейінгі жерлерде өз Отанын таба алмады, басты мұраты – Печенег мемлекетін құра

алмады. Оған саяси себептер де ықпал етті. Хазар қағанаты, кейін ежелгі Русь пен Византия сияқты алып империялардың қоршауында қалып, оларды бірде жеңіп, бірде жеңіліп, 200 жылдай арпалысты. Орыс княздері оларды өзара қырқысқанда және Византиямен күрескенде пайдаланса, Византия да орыстармен соғыста печенегтерді орыс княздеріне қарсы айдап салып, өз мүддесіне жаратты. Ақыры, Византиямен достасып, православиелік христиан дінін қабылдаған ежелгі Русь енді печенегтердің бітіспес жауына айналып, печенегтерді Византия шекарасына ығыстырды.

Печенегтер бір кездері өздері Еділ-Жайықтан қуған мажарлардың Паннониядан «отанын» тауып, мемлекет құрғанын көрді. VII ғасырдың соңында Дунайға көшкен бұлғарлардың славяндармен араласып, дінін өзгертіп, патшалық құрғанымен, Византияға тәуелді болғанын түсінді. Сондықтан даланың көшпелі сарбаздары, еркіндік сүйгіш печенегтер Византияға бағынышты болғысы келмеді. Екінші жағынан, шығыстан батысқа үдере көшкен оғыздар мен қыпшақтардың ұлы көші олардың асқақ армандарын жүзеге асыртпады. XI ғасырда Балқанды жайлаған печенегтер көршілес отырықшы аймақтарға шабуылдап, соңғы мүмкіндіктерін пайдалану үшін Византиямен қиян-кескі шайқастар жүргізді.

Печенегтер XI ғасырда Дала заңын бұзбай, көзсіз тәуекелмен Дунай бойынан Печенег мемлекетін құру үшін өзінен анағұрлым қуатты, мыңжылдық тарихы бар Ұрыммен (Византия) соғысып, XI ғасырдың 40-90 жж. оған өзін мойындатты. Тек Печенег Ордасындағы алауыздық қана оларды мақсатына жеткізбеді. Хан Тирақ пен Кеген көсем арасындағы қайшылық печенегтердің бірлігі мен тұтастығын бұзып, рухын әлсіретіп, тарих көшінен қалдырды. Олардан қалған ұрпақтар кейін Паннонияды венгерлерге, Валахия мен Бессарабияны, Балқан түбегін мекендеген болғарлар мен түркі қауымдарына, қыпшақтарға араласып кетсе де, олардың Евразия тарихындағы орнын ұмытуға болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Голубовский П.В. Печенеги, торки и половцы до нашествия татар: История юж.-рус. степей IX-XIII вв. : Моногр. - Киев : Унив. тип. (И.И. Завадского), 1884. - [4], II, 254, III с.; 24.
2. Плетнёва С.А. Кочевники русских степей IV-XIII века. - Москва: Ломоносовъ, 2018. - 240 с.
3. Мухажанова Т.Н. Еуропа тарихындағы түркілер (VI-X ғ.): оқу құралы/ Т.Н. Мухажанова. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - Б.182.
4. Кумеков Б. Б., Е. Кумеков. Государство кимаков IX-X вв. по арабским источникам. // Алма-Ата: 1972. 156 с.
5. Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу. Алматы. 1992. Б.448.
6. Салғарин Қ. Көмбе. Роман-эссе. Алматы. «Жалын». 1989. Б.263.
7. Подушкин А.Н. Арысская культура Южного Казахстана: IV в. до н. э.—VI в. н. э. Туркестан, Изд-во МКТУ имени Х.А.Ясауи 2000.
8. Бартольд В.В. О христианстве в Туркестане.- Соч. т.II, Ч.2.М.1964. С 265.
9. Васильевский В.Г. Печенеги. М. 2013. С.35./ <https://www.litmir.me/bd/?b=216468>
10. А.А.Васильев. Византийская империя/ Москва: Алгоритм, 2012. - 432 с.
11. История Византии в трех томах./ отв. ред. Сказкин С.Д.. (отв. ред.). Изд. «Наука» Москва, 1967.т.3. с.1514.

САРМАТ КЕЗЕҢІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

(Солтүстік-шығыс Каспий маңы және оған іргелес аудандар.

XVIII ғ. II жартысы – XX ғ. I жартысы)

Амангелді ЗАЙНОВ,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің 3-курс докторанты

Қазақстан сарматологиясы тарих ғылымының бір саласы ретінде өзіндік қалыптасу мен даму-дың ұзақ жолынан өтті. Бұл сонау темір дәуірінде көшпелі тайпалар қалдырған Солтүстік-шығыс Каспий маңының археологиялық ескерткіштерінің зерттелу тарихына да қатысты. Солтүстік-шығыс Каспий маңындағы көшпелілер қоғамы мен олардың ескерткіштерінің зерттелуін оған іргелес аудандардан тыс қарау мүмкін емес, әсіресе, XVIII-XIX ғғ. зерттеулерде. Көшпелі халықтардың тарихына, олардың мәдениетіне, қоғамдық құрылымына және басқа да жақтарына қатысты көптеген проблемалар Батыс Қазақстанның, сондай-ақ Ресейдің оңтүстігінің, басқа да өңірлердің ескерткіштерін зерттеу нәтижесінде шешілді. Мақалада зерттеу шеңбері ретінде алынып отырған кезеңдегі Солтүстік-шығыс Каспий маңы және оған іргелес аудандардағы сармат ескерткіштерінің зерттелуін екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: 1) Ақпан революциясына дейінгі кезең; 2) Ұлы Отан соғысына дейінгі кезең.

Ақпан революциясына дейінгі кезең.

Еуразияның далалық, орманды-дала кеңістігін мекендеген көшпелі халықтардың тарихы мен шығу тегі, сондай-ақ олардың нанымдары, шаруашылығы және басқа да тұрмыс тіршілігі ежелгі уақыттан бастап тарихшылардың назарын аударды. Бірақ ұзақ уақыттар Солтүстік-Шығыс Каспий маңының археологиялық ескерткіштері зерттелмеді. Алғашқы деректердің шығуы XVIII ғ. соңғы ширегіне сәйкес келеді. Осы уақытта саяхатшылар мен ғалымдардың еңбектерінде қорғандар туралы алғашқы жазбалар пайда болған еді. Нәтижесінде қарастырылып отырған территорияда және оған іргелес жатқан жерлерде әртүрлі археологиялық объектілердің көп екендігі белгілі болды. Революцияға дейінгі кезеңде Батыс Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы өз еңбектерінде тұңғыш рет жазған – ірі ғалым, академик П.С.Паллас. Ол XVIII ғ. қазіргі Батыс Қазақстан облысында (Үлкен және Кіші өзендердің аралығы) болып, мұнда тас үйінділері бар әр түрлі кезеңдегі қорғандардың, су арналары мен тұрғын үйлердің бар екендігін жазады [1, 109-б.].

XVIII ғ. ғалымдарының тағы бірі – Ресей Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі П.И.Рычков. Ол «Топография Оренбургской губернии» атты еңбегінде Батыс Қазақстанның ескерткіштері туралы мәлімет қалдырды. П.И.Рычков онда Орынбор өлкесінің археологиялық ескерткіштерін сипаттай отырып, батысқазақстандық ескерткіштерді де сөз қылады [2, 58-60-б.].

XIX ғ. Ақтөбе облысында Э.Эверсман да болды. Ол «Путешествие Эдуарда Эверсмана из Оренбурга в Бухару летом 1820 года» еңбегінде бірсыпыра ескерткіштерді, соның ішінде қырқада орналасқан үлкен қорғанды тапқандығы туралы жазады [3, 103-105-б.].

XIX ғ. тікелей Батыс Қазақстанның археологиялық

ескерткіштерін зерттеу жатады. Бұл тұрғыда негізгі міндеттері тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін тіркеу, олар бойынша ақпарат жинау, сондай-ақ оларды зерттеу болып табылатын түрлі ғылыми мекемелердің ашылуы басты рөл атқарды. Әсіресе, Орынборда Орынбор ғылыми археологиялық комиссиясының құрылуы оң әсерін тигізді. Оның мүшелері Батыс Қазақстанның археологиялық ескерткіштерін іздестіруді және зерттеуді белсенді жүргізе бастады. Ғалымдар аталған жұмыстармен қатар антикалық зерттеушілердің деректерін талдау негізінде сармат тайпаларының орналасуын, сондай-ақ олардың тілдік қатыстылығын анықтауға тырысты. Орынбор комиссиясының мүшелері ескерткіштер туралы мәліметтерді іздеуден басқа археологиялық нысандарға қазба жұмыстарын жүргізе бастады. XIX ғасырдың соңғы ширегінде (1884, 1887-1888 жж.) Ф.Д.Нефедов пен К.А.Фишер Ақтөбе облысының шекара маңындағы Елек және Тер-Бұтақ (Тара-Бұтақ) өзендері бойында б.з.д. V-IV ғғ. жататын бірнеше қорғандарға қазба жұмыстарын жүргізді [4, 5-8-б.].

XIX ғасырдың 80-жылдарының соңында Батыс Қазақстан облысында Мәскеу университеті жанындағы жаратылыстану әуесқойлары қоғамы жіберген антрополог, археолог және этнограф А.Н.Харузин жұмыс істеді. Ол Хан ставкасының жанында, Жаңа Казанка ауылы, Таловка ауылы және Қамыс-Самар көлдерінің маңынан (Бөкей ордасы, Жаңақала және Казталов аудандары) 36 қорған қазғанын жазады². Ол зерттелген қорғандарды орта-ғасыр дәуіріне жатқызды [5, 10, 16-б.]. Жерлеу дәстүрі мен инвентарлары кейбір кешендерді б.з.д. соңғы ғасырларына және б.з. бірінші ғасырларына жатады деп болжам жасауға мүмкіндік береді.

XX ғ. басында Солтүстік-шығыс Каспий маңының ескерткіштері туралы ақпараттар саны көбейе түседі. Мәселен, А.О.Корчагин, Д.Д.Соколов Шаған станциясының аумағында және Батыс Қазақстан облысы Шілік ауылының маңында қорғандардың бар екендігі туралы хабарлайды [6, 1906, 4-б.]. Ақтөбе облысының ескерткіштері туралы Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының басқа да мүшелері көптеген мәліметтер қалдырды. Ақтөбе өлкесіне келген С.П.Баннов Ақтөбе қаласының аумағында Бесоба және Қара-Оба қорғандары және Жаман-Қарғалы өзенінің сағасындағы қорған туралы айтады. В.В.Карлсон және А.В.Попов Қобда және Жиренқопа болыстарындағы қорғандар туралы жазды [7, 54-55-б.].

Солтүстік-шығыс Каспий маңы ескерткіштерін зерттеумен қатар бүкіл Қазақстан Республикасының ескерткіштерін зерттеуге Орынбор комиссиясының шенеунігі И.А.Кастанье үлкен үлес қосты. Ол «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» еңбегінде Батыс Қазақстанның ескерткіштері туралы маңызды мәліметтер жинады.

Ол өз еңбектерінде Шыңғырлау (Утва өз.) өзенінің сағасындағы қорған және екі объектіден («скирд тәрізді» ретінде топшылған) тұратын Қараоба қорымы маңынан табылған қола қазан туралы деректер келтіреді. И.А.Кастанье өзінің айтқанына оң жағында маңдайшасы бар төрт бұрышты үймек кейпін беретін тағы бір нысан қырқада орналасқан және «от ғибадатханасы» болуы мүмкін [8, 146-148]. Жоғарыда көрсетілген екі ескерткіш географиялық сипаттамалары бойынша қазіргі Батыс Қазақстан облысының аумағында болған.

Ол ақпараттар жинаумен қатар, Батыс Қазақстан далаларын арнайы аралап та көрді. Мәселен, Ақтөбе қаласының маңында, Шилі, Жақсы Қарғалы және Жаздыбай өзендерінің бойларында көптеген ескерткіштердің бар екендігін көрсетеді. И.А.Кастанье еңбектерінде Ақтөбе қаласынан оңтүстікке қарай және Ақтөбе облысы Шалқар ауданының аумағында орналасқан ескерткіштер туралы мәліметтер бар [9, 104-108, 114-б.].

XX ғасырдың басында И.А.Кастанье тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін жүйелі түрде зерттеуді бастады. 1904, 1906 және 1909 жылдары Ақтөбе қаласы маңында қазба жұмыстарын жүргізді және оның көпшілігі сармат кезеңінің ескерткіштері болатын. 1904 жылы И.А.Кастанье Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының тапсырмасы бойынша Торғай облысының Ақтөбе уезінде Шилі, Ащысай, Жақсы және Жаман Қарғалы өзендеріндегі қорғандарды, 1906 жылы Жақсы және Жаман Қарғалы өзендері алабы бойынша төрт жерде алты қорған зерттейді. Алғашқылардың бірі болып Жақсы Қарғалы өзенінің сол жағалауында, Желтау тауына қарсы, №1 қорған ретінде белгіленген нысан қазылды. Биіктігі 1 м шамасындағы қорғанда қасына қола айылбасы және сым (білезік?) қойылған басы солтүстік-батысқа бағытталып, шалқасынан жатқызылған қаңқа сүйек табылды.

И.А.Кастанье биіктіктері 0,6 және 1,5 м, уақыты б.з.д. IV ғ. ретінде даталанған келесі екі қорғанды (№ 2, 3) зерттеді. Қорғандар биік тауда, Грязнушка өзеніне жақын жерде орналасқан. №2 қорғанды қазу барысында астынан сабы бар қола айна, қола дөңгелекше, бүйіріде жырығы бар қыш ыдыс (курильница?) анықталған «h» белгісі бар тас тақта және тақтайлар (төсеніш, жабынды?) табылды. 3 м тереңдікте солтүстік бағдарында екі сүйек жатты. Олардың жанында жебенің қола ұштары, керамикалық ыдыс, белше және т.б. табылған. №3 қорғандағы қаңқа сүйектердің бағдары №2 қорғандағымен ұқсас болған. Қаңқа сүйектер жанынан жебенің қола ұштары, айна, бояғыш заттары бар ыдыс және т.б. анықталған.

И.А.Кастанье № 2+ және 3+ деп белгілеген тағы екі қорған Жаман Қарғалы-І қорымынан қазды. Сол кезде ол ескерткіштен 30 шақты қорған тіркеген. Ол жерлеу орындарын орта ғасырларға жатқызады.

И.А.Кастанье №6 қорған деп белгілеген тағы бір объект Жақсы Қарғалы өзенінің оң жағалауында, Жылантау тауында орналасқан. Қазба жұмыстары барысында қорған үйіндісінен жапсырылған ыдыс табылды. Қорған астынан батысқа бағытталған үш жерлеу орны анықталған. Жерленген адамдардың сүйектері «қайың қабығына оралған».

1909 ж. И.А.Кастанье Жаман Қарғалы-І қорымын зерттеуді жалғастырды. Онда биіктігі 12 м ең үлкен қорған қазылды. Қорған астынан төрт жерлеу орны анықталып, инвентарлардан темір ауыздық, қанжар, ыдыс және т.б. фрагменттері табылды [10, 104-108,

118-123-бб.].

Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының мүшелері қорғандар мен «от-ғибадатханалары» туралы ақпараттардан басқа Батыс Қазақстан көшпенділерінің монументалды өнерінің сирек кездесетін ескерткіштерінің бірі тас мүсіндер туралы мәлімет қалдырды. Мәселен, 1907 жылы М.В.Шкунов пен А.Л.Аниховский комиссия отырысында Тамды өзенінің жағасында (Елек өзенінің саласы) және Елек өзенінің оң жағалауында, Жайсан кентінен солтүстік-батысқа қарай (Ақтөбе облысы) тас мүсіндер бар екендігі туралы баяндайды [11, 124 б.].

Осылайша, XX ғ. басына дейін жүргізілген зерттеулерді революцияға дейінгі кезең ретінде белгілеуге және Қазақстан, соның ішінде Солтүстік-Шығыс Каспий маңы сарматологиясының қалыптасуының бастапқы кезеңі ретінде сипаттауға болады. Бұл уақыт алғашқы қазба жұмыстарының кезеңі және далалық тәжірибелерлерді жинақтаудың басталуы болып табылады.

Ұлы Отан соғысына дейінгі кезең. Революциядан кейінгі кезеңде археология ғылым ретінде қиын жағдайда болды. Ғылыми орталықтар мен кәсіби мамандардың жоқтығы байқалды. 1920 жылы Орынборда «Қырғыз өлкесін зерттеу жөніндегі Ұйым» құрылды да, 1925 жылы «Қазақстанды зерттеу жөніндегі Ұйымы» болып өзгертілді. Ұйым, шын мәнінде, Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының ізбасары болды, бірақ оның жұмыс ауқымы мардымсыз болды. Революциядан кейінгі Батыс Қазақстандағы археологиялық зерттеулер негізінен Мәскеу, Ленинград және басқа қалалардың ірі ғылыми орталықтарымен байланысты. Көптеген жұмыстар кішігірім қазба жұмыстары бар барлау сипатында болды.

1925-1927 жылдар аралығында Батыс Қазақстан облысына П.С.Рыковтың бастамасымен Төменгі Еділ ғылыми-зерттеу институты мен Саратов облыстық мұражайының бірлескен экспедициясы ұйымдастырылды. Бірінші жылы П.С.Рыков Саратов-Орал темір жолының бойында кішігірім барлау және Орал қаласына таяу, Шаған өзенінің сол жағалауында (Жайық өзенінің саласы) қола және ерте темір дәуірінің қорғандарына қазу жұмыстарын жүргізді. П.С.Рыков келесі жылы бұл ескерткіштен (1-ші топтағы қорғандар) тағы да бес қорған қазды. Сол жылы ол Деркөл өзенінің оң жағалауынан, оның сағасына жақын жерде және Шаған өзенінде жағалауындағы қорғандарды зерттейді (2-ші және 3-ші топтағы қорғандар). Әдетте, жерленген адамдар үшін басы батыс немесе оңтүстік бағытында шалқасынан жатқызылу тән. Жерленгендермен бірге темір қылыш, моншақтар, саз ыдыстар орналасқан [12].

1927 жылы П.С.Рыков Жайық өзенінің алабын тексереді. Жайық өзенінің оң жағалауы бойынша экспедиция Орал қаласынан Январцев ауылына дейінгі учаскеден өтеді. Сол жағалауда Январцев елді мекенінен Подстепной ауылына дейінгі бағыт тексеріледі. Барлау барысында маршруттың әр түрлі учаскелерінен кейбір қорғандар қазылды. Гниловск (Володарка) ауылының маңында зерттелген үш қорғанның барлығында тікбұрыш пішінді тар топырақ шұңқырларда және камералы қабірде жерленген жерлеу орындары болды. Жерленгендер бастары солтүстікке бағытталып, шалқасынан қойылған. Сүйектердің қасына ыдыстар, пышақ, моншақтар және т.б. қойылған. П.С.Рыков Новенький ауылына жақын жерден қуысты қабірге қойылған жұптық

жерлеуі бар қорғанды қазды. Сүйектер шалқасынан, басы оңтүстікке бағытталып жатқызылған. Олардың жанында жапсырма құмыралар, жебенің темір ұштары және т.б. болған. П.С.Рыковтың аты Батыс Қазақстан облысындағы жүзден астам обасы бар ірі қорымдардың бірінің ашылуымен байланысты. Жайық өзенінің сол жағалауында (Бұқар беті), Федоров және Подстепное ауылдарының жанында П.С.Рыков әр түрлі кезеңге жататын төрт қорғанды зерттеді. Сонымен қатар, ол құм шағылды ескерткіштерді анықтады және олардан тас ғасырынан орта ғасырға дейінгі заттар тапты, соның ішінде тұтас жерлеу орындары да бар [13].

Осы жылдары (1926-1930 жж.) П.С.Рыковпен қатар Солтүстік-шығыс Каспий маңының ескерткіштерін зерттеуді профессор П.Д.Рау жүргізеді. Оның басшылығымен Саратов университетінің Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Көрпелбай мекенінен (Новая Казанка ауылынан солтүстік-батысқа қарай 15 км) қорғанды қорым зерттеді [14, 6-б.].

Ақтөбе облысы аумағында да археологиялық зерттеулер XX ғасырдың 20-шы жылдарының екінші жартысында басталды. 1926 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық экспедициясының антропологиялық отряды М.П.Грязнов пен М.В.Комарованың басшылығымен Ақтөбе облысының солтүстігін зерттеді. Жайық өзенінің оңтүстік ағысы – Өбет, Қиялы Бөрте, Кіргелді, Өлімбет, Теректі және т.б. өзендерінің алабтары тексерілді. Нәтижесінде 28 археологиялық нысанды тіркеді және оларды М.П.Грязнов төрт түрге бөледі: топырақ үйіндісі бар қорғандар, тас үйіндісі бар қорғандар, таспен қапталған топырақты қорғандар және тастан салынған шеңбер түріндегі жазық бейіттер. Оралсай мекеніндегі қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеу барысында ерте темір дәуірінің жерлеу орны анықталған [15, 172, 178-183-б.].

Кейінірек, 1930 жылы Ақтөбе облысына XX ғасырдың көрнекті ғалымдарының бірі Б.Н.Граков келеді. Ол басқарған экспедиция Ор өзені алабындағы ескерткіштерді зерттейді. Нәтижесінде Қазақстанның археологиялық картасына көптеген ескерткіштер енгізілді. Барлау барысында Б.Н.Граков ерте темір дәуірінің бірнеше қорғандарына қазба жұмыстарын жүргізді. Шилі өзені, Құмсай ауылының жанында бір қорған (№ 2) қазылды. Онда б.з.д. V ғ. жататын жебенің үш қалақты қола ұшы және жапсырмалы жайпақ түпті ыдыс табылды [16, 55-56-б.]. Ойсылқара өзенінің оң жағында, Матвеевка (қаз. Жарбұтақ ауылы) ауылынан оңтүстікке қарай 0,8 м жерде б.з.д. V ғ. жататын тағы екі қорғаны қазылған (№ 4, 5). Олардан жебелердің екі және үш жақты қола ұштары, жылқының басы тәріздес болып аяқталатын қос тесікті қола ауыздық, жылқының басы түріндегі айылбас табылды [17, 55-56-б.]. Матвеевка ауылының маңындағы үшінші қорғаннан (№3) біршама кейінгі кезеңдердің материалдары анықталды. Қорған үйіндісінің астында тікбұрышты тас қоршау және ішкі шеңбер орналасқан. Ортасынан жебенің қола ұштары, жатқан жыртықтың бас сүйегі салынған тілімше (пластина), қола табақтың сынығы, моншақтармен, т.б. заттармен бірге жерленген жерлеу орны зерттелді. Б.Н.Граков жерлеу орнының уақытын б.з.д. III болуы мүмкін екендігін айта отырып, б.з.д. IV ғ. ретінде даталаған [18, 113-115-б.]. Савромат-сармат дәуірінің ерте көшпелілері мәдениетінің белгілі зерттеушісі К.Ф.Смирнов бұл жерлеу орнын

б.з.д. IV ғ. деп тұжырымдайды [19, 65-66-б.].

Қорытынды: Қарастырылып отырған мерзімдегі жерлеу кешендерінен жинақталған материалдар Солтүстік-Шығыс Каспий маңы және оған іргелес аудандарға қоныстанған көшпелі халықтар туралы танымды кеңейтуге ықпал етті және ерте темір дәуіріндегі халықтың мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың кейбір мәселелерін қайта қарауға мүмкіндік берді.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена истории исследования памятников сарматского периода в северо-восточном Каспии и Прикаспийских районах между второй половины XVIII века и первой половины XX века.

The article is devoted to the research history of monuments of the Sarmatian period in the north-eastern Caspian and the Caspian regions between the second half of the 18th century and the first half of the 20th century.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Паллас П.С. Путешествие по разным местам Российского государства. - Кн. 2, Ч. 2. - СПб, 1788. - 216 с.
2. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. - Ч. 2. - СПб., 1762. - 262 с.
3. Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. - 2-е изд. - Алматы: Изд-во «Дайк-Пресс», 2007. - 516 с.
4. Родионов В.В. Очерк истории археологических исследований в Актюбинской области // Вопросы археологии Западного Казахстана. - Самара, 1996. - С. 5-22.
5. Харузин А. Курганы Букеевской степи // Известия императорского общества любителей естествознания, антропологии и этнографии при Московском университете. Т. LXIV. Труды антропологического отдела. - Т. XI, вып. 2. - М., 1890. - 118 с.
6. Протоколы заседаний и отчеты Комиссии за 1904 г. // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. - Вып. XVI. - 1906.
7. Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. - Вып. XIX. - 1906.
8. Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. - 2-е изд. - Алматы: Изд-во «Дайк-Пресс», 2007. - 516 с.
9. Бұлда сонда.
10. Бұлда сонда.
11. Бұлда сонда.
12. Рыков П.С. Дневник археологических раскопок бл. Гор. Уральска в июле 1926 г. // Архив ИИМК. Д. 187/1927 а г.
13. Рыков П.С. Археологические раскопки и разведки в Уральской губернии (Казахстан) летом 1927 г. // Архив ИИМК. - Д. 187/1927 б г.
14. Сенигова Т.Н. Краткий отчет о работе Западно-Казахстанской археологической экспедиции за 1953 год (Большой и Малый Узени – Джангалинский район) // Архив ИА МОН РК. - Оп. 2, д. 278. - 1953.
15. Грязнов М.П. Погребения бронзовой эпохи в Западном Казахстане // Казаки (антропологические очерки). - Вып. 2. - Л., 1927.
16. Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура сарматов. - М., 1964. - С.380.
17. Бұлда сонда.
18. Граков Б.Н. Курганы в окрестностях поселка Нежинского Оренбургского уезда по раскопкам 1927 г. // Труды секции археологии РАНИОН. - Вып. IV. - М., 1929. - С. 145-156.
19. Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура сарматов. - М., 1964. - С.380.

ӘӨЖ:94:93(574)

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫС АУДАРҒАН ҚАЗАҚТАР (XIX ғасырдың II жартысы)

Ботагөз САПАРБЕКОВА,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің оқытушысы, магистр

XIX ғ. II жартысынан бастап патша өкіметі Жетісу өлкесіне славян тектес халықтарды орналастыра бастады. Жетісуға қоныс тепкен славян халықтарының алғашқы өкілдері казактар еді. Казак әскерлері бастапқыда орыс патшасының құлдығынан қашқан шаруалар, ұрылар, әр түрлі қылмыс жасаған топтардан құралды. Кейін Ресей патшасының қызметіне кіріп, империяның жаулап алу саясатын жүзеге асыруда маңызды құралға айналды [1].

Өсіресе, патша өкіметі Сібірдің казак әскерлеріне үлкен сенім артты. Бұл жөнінде белгілі казак жазушысы Усов былай деді: «Сібір казак әскерлері Жайық пен Дон казактары сияқты өз бетінше өніп шыққан жеміс болған жоқ. Оны қолдан жасап шығарған үкімет еді. Халықтың еркінен тыс, әртүрлі әкімшілік реформаларды жүзеге асыру арқылы, жер ауып келген немесе қылмыскер әйелдерге үйлендіре отырып, казактардың қатарын жасанды түрде көбейте алды. Сондай-ақ оларға қоғамдық және өзін-өзі басқару мекемелерін ашып берді... Осының бәрі айналып келгенде қазақ даласын отарлау үшін жасалған шаралар еді». 1846 жылы Сібір казак әскері 48 мыңға өсіп, шептері Қазақстанның шекаралары арқылы Жетісуға дейін созылды [3]. Жетісу өлкесіне казактардың келіп орналасуының басты мақсаты шекаралас аудандарды Қытай империясы мен Қоқан хандығынан қорғау болғанымен, олар өлкені алғашқы отарлаушылар еді.

Осы жайында Дукнасов деген орыс авторы былай деген еді: «Орта Азияны отарлаудағы біздің мемлекетімізге сенімді тірек болатын негізгі күш – казактар екендігін көрсетті. Қазақтарды басқыншы күш ретінде пайдалана отырып, оларға басып алған жерлерін беру, арттарына алаңдамайтындай жағдай жасау арқылы біз көп жеңіске жете аламыз. Басып алған жерлерін өз меншігіне иеленген казактар, сол жерді кеңейту үшін-ақ, өздері жаңа жерлерді жаулай береді. Соның арқасында Ресей ол жерлерде де өз заңын жүргізіп, бұратаналарды босқын етіп, тіпті оларды Ресейдің өлкені отарлау және орысқа сіңіріп жіберіп отыра аламыз». Ал патша өкіметінің қоныстандыру жөніндегі жоспарларының жүзеге асырылу себептерін ашып көрсеткен И.Завилишин былай деп жазды: «... бұл (Жетісу өлкесі) – қазір Ресейдің Орта Азияға қарай жылжуындағы аса бағалы табыстарының бірі. Тіпті Амур мен Усуриден көп жағынан алғанда маңыздырақ, өйткені Амур шалғайда орналасқан, оны игеріп, әскери базаға айналдыру аса қымбатқа түседі, ал қазақ даласы Омбының жолында тиіп тұр және Жетісуда Іледен арғы өлкеге бару мен тұруды әрқашан қамтамасыз етуге болады. Өйткені, ондағы табиғат пен өсімдіктер орыстың оңтүстік губернияларынан ғана емес, сонымен қатар Солтүстік

Италиядан да кем түспейді. Ақырында, болашақта халықтың тығыздығы артып, орыс губерниялары жаңа жерлерді қатты талап еткен кезде ұлан-ғайыр отар үшін бұл дайын тұрған және құнарлы. XIX ғасырдың II жартысында басталған қоныстандыру саясатының негізі...» алдын ала толық зерттеусіз, дайындықсыз және жоспарсыз түрде жүргізілуі қазақ даласына адам айтқысыз ауыр зардаптар әкелді. Патша өкіметі іс жүзінде көшпелі өмірдің қыр-сыртына үңілуіне ықыласы да болған жоқ. Ресей империясының отаршылық саясатының мәселен, ағылшындардың Үндістандағы саясатынан айырмашылығы жаулап алған елдерді толық және біржола орыстандыру идеясына негізделуінде еді. Орыс империализмі алдына мақсат қоя отырып, біріншіден, көшпелі халықтардың мекендеген шеткері аймақтарда түбегейлі орын тебу; екіншіден, сол жерлерді нағыз орыстық өңірге айналдыру; үшіншіден, жергілікті тұрғындарды Европалық Ресейден келген қоныс аударушылар арқылы ығыстыру саясатын жүргізді. Жалпы алғанда патша өкіметінің мүддесіне сәйкес келетін орыс шаруаларының Ресейдің ішкі губернияларынан Қазақстанға қоныс аудару 1861 жылғы реформадан соң шешімі табылмаған жер мәселесінің салдарынан болды дейді. Қазақ жерлерін жаппай тартып алу, қазақтарды шөл және шөлейт аудандарға ығыстыру арқылы «ортақ жерлерді» шығару орыс шаруаларына шұрайлы жерлерді алып беру мақсатында патша өкіметінің құйтырқы саясатының нәтижесі еді. Автор осы еңбектерінде қоныс аудару саясатының мән-мақсатын аша келе қазақ жеріндегі «бос жерлер» жөнінде, оған орыс мұжықтарын қоныстандыру мәселесін «патшалық Ресейдегі аграрлық дағдарысты жоюдың жолы – жеке меншік жерлерді мемлекет пайдасына алу» деп, ашықтан ашық көрсетеді.

Патша өкіметінің қазақ жерін мемлекеттің меншігіне қандай айналыс жолмен алғаны жөнінде академик К.Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» атты еңбегінде былай дейді: «Патша өкіметі қазақ халқы мекендеген жерді мемлекеттің меншігі деп жариялап, құнарлы алқаптарды қоныс аудару қорына, казак әскерлерін орналастыру учаскелеріне, патша әлеуетінің жеке меншігіне, т.с.с. әрекеттерімен күштел тартып алып отырды». Мұның қазақ халқы үшін ауыр салдары болғанын С.Асфендияров та атап көрсетті. «Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты, – деп жазды ол, – қазақ мемлекеттілігіне аса үлкен апат әкелді. Бұл саясаттың кері салдары байлар билігінің нығаюымен үндесіп, қазақ еңбекші бұқарасына және кедейлеріне өзінің бар салмағын салды» [1].

С.Асфендияров патша өкіметінің қоныстандыру саясатындағы өрескелдіктері қазақтардың мүддесіне мүлде қайшы келгенін атап көрсетті. Жетісуға казактардың келуі 1831 жылы Аягөз, 1847

жылы Қапал бекіністерінің негізі қалануынан бастау алады. Сол жылдары Ресейден Аягөзге казактардың 50 жанұясы, Қапалға 300 жанұясы көшіп келеді. Империяның әскери-әкімшілік орындарының құрылуы өлкені отарлауға кеңінен жол ашты.

Патша өкіметінің казактарды өлкеге көптеп әкеліп қоныстандыруы, өлкедегі әскери-әкімшілік орындарының «жемісті» қызмет атқарғанының нәтижесінде іске асты. Орыстың губернаторы Д.И.Романовский патша өкіметінің қазақ даласын қалай отарлағаны жайлы былай деді: *«Қазақтарға орыстардың енгізген ішкі басқару «тәртібі» Сперанский басқарып тұрған кездегі Батыс Сібірден келді. Сол жақтан қазақ даласына қимыл әрекетіміз басталды. Алдымен қазақтарды бақылау үшін әскерлер жіберіп тұрдық, сосын олардың жеріне тірек орындарын орнаттық, ал содан кейін әскери бекіністерімізді тұрғызып, қазақ даласына орыстарды қоныстандырып отырдық»* [2]. 1854-1860 жылдары жаңа бекіністер мен қамалдар тұрғызылып, байланыс жолдары салынды. Мысалға, 1854 жылы Алматы шатқалында Верный бекінісі, 1855 жылы Үлкен Алматы, Лепсі, Үржар, Көксу, 1858 жылы Софино, Қарабұлақ, Надеждино, Көксу, 1859 жылы Қастек бекінісі, 1860 жылы Кіші Алматы станцияларын салды. Мұнымен қатар казактар Жетісу өлкесінде 12 бекеттің негізін қалайды. Дуан бастығы Колпаковскийдің 1861 жылы 3 желтоқсанда берген №2774 мәліметінде дуандағы тұрақты әскерлерден басқа Сібір казак әскерлерінің 5, 6, 7, 8, 9, 10 полктерінің бөлімдерін жаңағы аталған мекенге орналастырады.

Казак әскерлерін орналастыра отырып, патша өкіметі Орта Азияға ілгерілеу үшін алғы шеп дайындады. Ең бастысы тұрақты казак әскерлерін қазақ халқының сана-сезімін тұншықтыруға және ұлт-азаттық қозғалыс күштерін талқандауға қолданды. Ресей империясының әскери-әкімшілік орындарының құрылуы Іле өлкесін отарлауға кеңінен жол ашты. Ресей губернияларынан құралған казактардың алғашқы тобы 1990 отбасы 1855 жылдың 4 шілдесінде Верный бекінісіне келіп қоныстанады. Келесі жылы Жетісуда казактардың қатары тағы да 326 отбасымен толығады. Отаршылдардың санын көбейтуді ойлаған Сібір әкімшілігі 1857 жылы 16 мамырда өлкеге 256 казак отбасын әкеліп, Есік, Қаскелең, Көксу өзендерінің бойына орналастырды. Жетісуда мықтап орныққан орыстардың әскери-әкімшілігі өлкеге казактарды орналастыруда жергілікті казактармен санаспады [3]. 1857 жылы 16 мамырда Жеке Сібір корпусы командирінің подполковник Абакумовке казактарды қоныстандыру туралы берген №29 нұсқауында *«Жетісу өлкесіндегі казактардың санын арттырмақ болған шараларыңызды ордалықтар білмей-ақ қойсын және олардың ешқандай келісімін керек етпеңіз. Олар не болса да бәрі дайын болған кезде білсін»*,— делінген. Өлкедегі казактарды көбейте түскен орыс әкімшілігі 1860 жылы 1 қаңтарда Тобыл және Том губернияларынан 59 жанұя әкеліп, Қарабұлақ, Қаскелең, Софино, Надеждино қоныстарына көшіреді. Бастапқы уақытта патша өкіметі көп жағдайда казак жанұяларын өлкеге еркінен тыс күшпен әкелген. Мысалы, 1860 жылы 20 сәуірде Қастек пен Ұзынағашқа келіп орналасқан казактардың 143 жанұясының тек 29 жанұясы ғана өз еркімен көшіп келіпті. **Бұл жөнінде генерал Г.А.Колпаковский 1868 жылы Түркістан генерал-губернаторына жазған хатында былай дейді:** *«Жетісу облысындағы бастапқыдағы қоныстандыру әрекеті жеребе арқылы жүргізілді. Қазақтардың дайын егістіктеріне, жайылымдарына үкімет тарапынан берілетін жәрдемақы есебінен күн көретін күдікті, үйсіз адамдар*

орналасты». Орыстардың әскери-әкімшілік орындары көшіп келген казак отбасыларына қазына есебінен көптеген жеңілдіктер жасайды. Мысалы, офицерлерге 100, қатардағы казактарға 50 сомнан ақша, 4 жылға арналған несиеге тұқымдық, тұрғын үй салуға тегін құрылыс материалдары, адам басына 30 десятинадан жер учаскелері берілді. Жетісуға қоныстандырудың жергілікті халыққа тиген зардаптары өте ауыр болды. Өйткені олар жартылай әскери топқа жататын. Сондықтан олардың іс-әрекеттері күшке, зорлық-зомбылыққа сүйенеді. Мысалы, М.Свиридов пен З.Юдин деген казактар Верный бекінісіне таяу орналасқан қазақ ауылдарына барып, дүние мүліктерін тартып әкетеді. Казактар қара халықты былай қойып, қазақ билерінің малдарын тартып алатын. Солардың бірі Туғанбай би казактардан қысым көріп, дуан бастығына былай шағымданыпты: *«Хорунжий Трешков баспаған казактар тал түсте ауылыма келіп, екі түйемді күшпен тартып алып кетті. Кетіп бара жатып егер де түйелеріңді алғыларың келсе, маған 50 сом ақша әкеп бересің деді»*. Иә, казактардың озбырлығында шек болмаған. Алатау дуан бастығының полиция басқармасына жіберген №55 бұйрығында мына жағдайды көрсетеді: *«Жыңғылды бекетінің жанында қыстап отырған Тіленші бидің ауылына түнде 3 орыс келіп өгізі мен сиырын алмақ болғанда, әйелі сиырдың дауысынан оянып үйінен жүгіріп шығады, сол кезде олар әйелдің басын жарып, өлтіріп кетеді»*. Казактардың қазақ халқына жасаған қылмыстары мен зорлық-зомбылықтарын орыстардың жергілікті әскери-әкімшілік орындары тоқтатудың орнына, қайта олардың іс-әрекеттеріне дем беріп, озбырлығын ашық түрде қолдап отырған. Атап айтқанда Ұлы жүз Приставы подполковник Перемышельский 1855 жылы 4 қазанда албандардың аға сұлтаны Тезектің ауылын шабуға қарулы казактарды жібереді. Олар ауылды тонап, албандарды соққыға жығып, көздерінше бір өгізін сойып жеп, 6 жылқы, 100-дей қойларын айдап кетеді. Кейін бұл «дәстүрді» оның орнына келген Колпаковский де жалғастырады. Ол 1858 жылы 11 маусымда қарулы 40 казакты суандардың аға сұлтаны Тазабек Бұсырмановтың ауылына аттандырады. Бұл жолы әбден еркінсіген казактар басқа қазақтармен қоса аға сұлтанның өзін соққыға жығып, үйіндегі барлық қазынасын, 200 қойын олжалайды [3].

Казактардың жергілікті халыққа жасаған қиянаты шектен асып кеткенін, орыс шенеуніктерінің өздері де мойындайды. Мұны Түркістанның генерал-губернаторы болған Кауфманның Ташкент ақсүйектерінің алдында сөйлеген сөзінен табуға болады: *«Бастапқы кезде біздің казактар қарақшылардан кем болмай, қазақтарды тонаумен айналысты. Сол казактардың бір тобы Ұлы жүз қазақтарының ауылдарына таңға жақын басып кіріп, бүкіл жылқыларын айдап және 3 мың қазақты өлтіріп кеткен. Осының арқасында олар қомақты пайда тауып отырған»*. Олардың жағымды қасиеттері өте аз, мәдениеттілігі мен тәрбиелілігі өте төмен деңгейде тұрған. Сонымен қатар Жетісу казактарының арасында маскүнемдік, зинақорлық, құмарпаздық, ұрлық кең етек алған. Әсіресе, қорғансыз жатқан қазақ ауылдарын тонауға келгенде алдына жан салмаған. Ал егерде қауіп-қатермен бетпе-бет келсе, Жетісу казактарының бәрін тастап қашатын нағыз қорқақтар болған маскүнемдікке салынғаны мәліметін орыс ғалымы Семенов-Тянь-Шанскийдің еңбектерінен кездестіруге болады. Онда ол Ұлы жүз Приставы Хоментовский мен Қапал бекінісінің бастығы Абакумовтен бастап казактарының көп бөлігінің әбден ішкілікке, казактар маскүнемдікке салынумен қатар ұрлыққа салынып кәсіп еткен. Бұл жөнінде 1861 жылы

шыққан «Военный сборник» №5 санында мынандай мәліметтер кездеседі: «Казактардың арасында қазақ ауылдарының малдарын ұрлау нағыз кәсіпке айналған. Өкініштісі сол, олар ұрлықты мүлдем қылмысқа санамайды» [5].

1861 жылы Ресейде шаруалардың басыбайлықтан босатылуы Жетісу өлкесіне қоныс аударушылар қозғалысының өрістей түсуіне әсер етті. Нәтижесінде Іле өлкесінде казактардың саны артып, нағыз отарлаушы күшке айналды. 1862 жылы Верныйда 4322 ер, 1442 әйел адам болса, Талғарда 571 ер, 682 әйел, Қаскелеңде 3358 ер, 340 әйел, Надеждинода 717 ер, 584 әйел болған 1867 жылы казак-орыстардың саны бала-шағаларымен –14648 адамға жеткен [6].

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың 50-60 жылда-

рында казактар Жетісу халқының көп ұлттық құрамының қалыптасуына өз әсерін тигізді және жергілікті тұрғылықты халықтың үлесі кеміп, келімсек халықтардың үлес салмағы ұлғаюына алғышарттар жасалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. –Алматы: Атабек, 1995. -256 б.
2. Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен. Т.1. Алматы: Казкрайиздат.
3. Скляр Л.Ф. преселение и землеустройство в сибире в годы.
4. Столыпинской аграрной реформы. Ленинград 1962 ж.
5. Қуатов Б. Отанымыздың тарихы туралы әңгіме. Алматы 1993 ж.
6. Қазақстан тарихы III том. Алматы 2002 ж.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (XIX ғасырдың аяғы)

Марат ӨТЕГЕНОВ (Утегенов),
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Диана КАПБАСОВА (Капбасова),
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік
университетінің 2-курс докторанты

Қазақстан тарихында XIX ғасырдың аяғы елеулі оқиғалар мен әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерге толы өтпелі кезең болғаны баршамызға мәлім. Мақалада зерделенетін тақырып – Қазақстанның ең ауқымды облыстарының бірі Ақмола облысы. Ол – өзіндік ұлттық таным мұрасы бар, тарихы терең бай өлке. Оның аумағында бүкіл еліміздің тарихына елеулі ықпал еткен оқиғалар болғаны және қарапайым көшпелі қазақ қоғамының ғасырлар бойы жүргізген дәстүрлі шаруашылығы жаңа капиталистік заман талабына сай өзгеріске ұшырағанын айта кету керек. Осы тұста Ақмола облысының құрылуы патшалық Ресейдің 1868 жылғы жүргізілген әкімшілік басқару реформасымен тікелей байланысты болды. Алдымен, осыған байланысты реформаларға көз жүгіртер болсақ, XIX ғасырдың 60-жылдардың ортасына қарай қазақ жерінің Ресей құрамына енуінің ұзақ үдерісі аяқталып, патша үкіметінің өзіндік билеп-төстеу саясатын жүргізе бастаған болатын. 1865 жылы шілде айында, қазақ өлкесіндегі жаңа басқару жүйесінің жобасын әзірлеу үшін, арнаулы «Дала комиссиясы» құрылып, соның нәтижесінде II Александр 1867 жылы 11 шілдеде, «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі уақытша ережені», ал 1868 жылы 21 қазанда «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі уақытша ережені» заң жүзінде бекітті [1, 326-б].

Сонымен, реформаларға сәйкес Қазақ жерінде алты облыс құрылып, Ақмола облысы ресми түрде 1868 жылдың 21 қазанында басталып, толық құрылуы 1869 жылдың қаңтар айында аяқталды. Оның құрамында бастапқыда Ақмола, Көкшетау, Петропавл, Омбы уездері кірді. Ақмола облысы Далалық генерал-губернаторлығының құрамында болып, Орталық және Солтүстік Қазақстанның ұланғайыр жерлерін иеленді. Ол – солтүстігінде Тобыл губерниясымен, батысында Торғай облысымен, оңтүстікте – Сырдария және шығысында – Семей

облыстарымен шектесіп, кең байтақ өлкені қамтып, 479 200 шаршы шақырым жерді алып жатты. Облыстың ірі қалалары болып Омбы, Ақмола, Көкшетау, Петропавл, Атбасар қалалары саналды [2, 25-б]. Салыстырмалы түрде алып қарайтын болсақ, қазіргі Ақмола облысы бұрынғы Ақмола, Атбасар және Көкшетау уездері территориясының тек бір бөлігін ғана құрады.

XIX ғ. 50-жылдардың аяғына дейін Ақмола облысына қоныстанушылардың көбісі казактар болса, XIX ғ. 70-жылдарынан бастап орыс шаруалары қоныстанушылардың негізіне айналды.

Ақмола облысының егіншілікке жарамды орасан мол жер қоры көптеген орыс шаруаларын осы жерлерге көшуіне әкеп соқтырды. Қазақстанға келетін келімсектерді бақылауға алу мақсатында үкімет шаруалар қоныстанатын жерлерді белгіледі. XIX ғасырдың соңына қарай Ақмола облысында шаруалардың қоныстануы үшін 6 514 000 десятина жер бөлінді [3, 47-б.]. Бұл басқа өңірлерде бөлінген жерлердің ішіндегі қазақ қолынан шаруаларға кеткен ең үлкен жер болды. Нәтижесінде Ақмола облысы орыс шаруаларының Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда ең көп қоныстанған жеріне айналды.

Көші-қон жөніндегі алғашқы заң 1881 ж. қабылданды. «Қоныс аудару жөніндегі уақытша ережелер» деп аталатын бұл заң көші-қонға кедергі келтіріп келген кейбір шектеуліктерді жойды. Мысалы, келімсектерден енді жаңа жердегі қауымның келісімі талап етілмеді. Оның үстіне көші-қон пункттері тізімге алынған, басқаша айтқанда, заңды мигранттарға көмек беру үшін қоныс аударушылардың жолдары бойында ұйымдастырылды.

Патша үкіметі 13 шілде 1889 жылы «Ауыл тұрғындары мен мешандарды қазыналық жерлерге көшіру туралы» арнайы ережені дайындап, бекітті. Ережеде қоныстандыруға арналған арнайы аудандар белгіленді, олар Томск және Тобыл губерниясы, сонымен қатар, далалық өлкенің көптеген аудандары болды.

Патша үкіметі қоныстандыру саясатын 1891 жылы құрыла бастаған Транссібір темір жолымен байланыстырды. Соған байланысты 1892 жылы 10 желтоқсанда жалпы басшылық жасауға «Сібір темір жолының Ерекше Комитеті» құрылады. Осы Комитетте орталық губерниялардан Сібірге және Қазақстанға шаруаларды қоныстандыру мәселесі тапсырылған болатын.

Үкіметтің отарлау саясатымен қатар, шаруалардың еркін қоныстануы да орын алды, олар өз еріктерімен тандап алған қазақ жерлеріне немесе жердің иелерімен жалға алу келісімшартына сәйкес қоныстанған. Жерді жалға алу арқылы шаруалар тұрғын құрылыстарын салып, басында жалдау ақысын да төлеп отырды. Бірақ, уақыт өте шаруалар жалдау ақысын төлеуден бас тартып қана қоймай, басқа қазақ қоғамдастықтарының жерлерін тартып алып, сол жерлерде өздерінің поселкілерін құра бастайды. Ақмола облысындағы бірінші өз еріктерімен қоныстанғандар тобыл және пермь шаруалары болды, олар қазақ жерлерін егін шаруашылығы үшін жалға алушылар ретінде 1866 жылы Саумалкөл өзенінің (қазіргі Айыртау ауданы) бойында қоныстанады. Қоныс аударудың ресми түрде ашылуына дейін олар осы жерде 50 үйден тұратын ауыл құрған болатын. Ауыл Саумалкөл, кейін Кривоозерное (Володарское, қазіргі Саумалкөл) деп аталады. 1884 жылы еркін қоныс аудару нәтижесінде Құндыкөл өзенінің бойында Құндыкөл, кейін Никольское деген ауыл пайда болады [4, 52-б.]. Қоныс аударушылар өзен бойындағы, көлдердің жағалауындағы егін шаруашылығы құнарлы жерлерді, шөбі шүйгін өсетін орман, таулардың етектерінде, балыққа бай көлдер мен өзендерге жақын жерлерді қоныстануға тырысқан.

1889 жылы 13 маусымда Мемлекеттік кеңес бүкіл Ақмола облысының бос жерлеріне шаруалардың қоныс аударуы үшін ашық деп жариялады. Дәл осы уақыттан бастап қоныс аудару қозғалысы үлкен ағынмен қазақ даласына кең етек жайып көше бастайды. 1890 жылдың бір жазының өзінде Ақмола облысына Ресейдің 32 губерниясынан – 15 000 шаруа көшіп келген.

Далалық өлкенің генерал-губернаторы қоныс аударушыларды орналастыру үшін облыстағы бос жерлерге, яғни қазақтардың 12 бос жерлеріне жайғастыру туралы өкім береді: Петропавлдан 2 учаске, Көкшетау уезінен – 9 және Атбасар уезінен – 1 учаске.

80-жылдардың аяғынан бастап қоныс аударушылардың ағымы өсе бастайды. Аса үлкен ағымы 1867 жылдан 1887 жылдар аралығында қоныс аударушылар қозғалысы өзінің шарықтау шегіне жеткендігі туралы құжаттарда белгіленеді, кейін бір жылдың ішінде отарлау саясаты тоқталып, ал 1893 жылы далалық генерал-губернатор қайтадың қоныс аудару қозғалысын жандандыру туралы өтініш білдіреді. 1874 жылы енгізілген қоныс аударушыларды орналастыру туралы ережеге сәйкес, әрбір қоныс аударушы ер адамға, оның жасына қарамастан 18 ден 30 десятинаға дейін жер және 30 сом жәрдемақы жан басына берілді.

Ресейден және Украинадан қоныс аудару қозғалысының толқыны Транссібір теміржолы құрылысының аяқталуынан, яғни 1893 жылдан бастап күшейе түсті. Осы уақыт аралығында қоныс аударушылар ағыны Ақмола облысына, әсіресе, Көкшетау уезіне көп келді. 1881 жылдан 1891 жылдар аралығында Көкшетау уезіне 16,5 мың адам, ал 1891 жылдан 1900 жылдар аралығында 55,6 мың адам келіп, қоныстанған болатын [4, 53-б.].

1891 жылы 25 наурызда патша үкіметі «Степное положение» атымен танылған заңын шығарады.

Бұл заң бойынша қазақ жері қазыналық болып жарияланды. Бұл жерге ешқандай еңбек сіңірмей дворяндар жерлерге ие болса, оны қазыналық демейді. Ал бұл жерде маңдай терін төккен қазақтарға қарайтын жерді қазыналық деуге барған. Мұндай ойды қазақтың жер мәселесін зерттеген Т. Шонанов айтқан. Ол патшаның бұл әрекетін ұрлыққа теңеген, ал өзін «күшті ұры» деп атаған [5, 181-б.]. Жердің қазыналық болып жариялануы – бұл жердің тағдырын үкіметтің шешетіндігін білдіреді. Қаласа бұрынғыдай қалдырады, қаласа қазақты қуып шығады. «Степное положение» заңы жерге қатысты басқа да заңдардың негізі болды.

XIX ғасырдың II жартысында Ақмола облысына көптеген ұлттардың келіп қоныстануының нәтижесінде халық саны өсіп, полиэтникалық облысқа айналғанын төмендегі кестеден көруге болады. Олардың арасында татарлар, немістер, поляктар, мордвалықтар, еврейлер, қалмақтар, башқұрттар, т.б. болды.

1-кесте [6, 57-б.].

Ұлттар	1897 ж. саны мен пайызы	
Қазақтар	427389	62,6%
Орыстар	174292	25,5%
Украиндар	51103	7,5%
Немістер	4791	0,7%
Татарлар	10819	1,6%
Мордва	8546	1,3%
Белорустар	246	0,002%
Поляктар	1142	0,1%
Еврейлер	1623	0,2%
Басқалар	2667	0,5%
Барлығы	682608	100%

Ақмола облысына келген қоныстанушылардың көпшілігі Ақмола мен Көкшетау уездеріне қоныстанды. Облысқа қоныстанған орыс ұлтының 40,4 % шаруалар, 33,3 % казак әскерилері, 18,5 % мешандар болды [6, 63-б.]. Орыстармен қатар аймаққа белорусстар мен украиндар да қоныстандырылды. 1895 ж. қаңтарынан бастап немістер де аймаққа көшіріле бастады. Немістер негізінен облыстың оңтүстік аймағына көшірілді.

Мұрағат деректерін саралай отырып, қазақ жерлерін заңсыз иеленуге талпыныс жасаған көптеген жағдайларды көруге болады. Солардың ішінде, бір мысалы ретінде, Ішкі істер министрлігінің құжаттарында Петропавл уезі басшысының Ақмола генерал-губернаторына қоныс аударушылардың жер иеліктерін заңсыз иемдену туралы жасаған хабарламасынан көруге болады: «12 мамырдағы № 1372 және телеграфтағы рапорттарыма және қырғыз жерлеріне иммигранттардың басып кіруі туралы хабарларыңызға қоса, Сізге Мәртебеліге мынаны хабарлаймын: Александровский, Ильясинский, Явленский және Николаев ауылдарының тұрғындары «Данияровтың мешітін» басып алуға ниет білдірген, бірақ олар басқа біреудің жылжымайтын мүлкімен қоса жерін тәркілеу қылмыс болып табылатынын және 1601-бап бойынша ауыр жауапкершілікке тартылатынын біледі.

Мен шаруалардың Ақмола облысына қоныс аудару құқығын растайтын құжаттарын қарадым және басшы Земский қате берген бес куәлікпен бірге Данияровтың мешітін иеленуге шаруалардың құқығы бар деп саналатын бірде-бір құжат болған жоқ. Олардың маған ұсынған құжаттары тек ходак куәліктері ғана, ол куәлік бойынша олар тек ходак ретінде Сібірге жіберілгендігі және көбінің куәліктерінде Ақмола, Семей және Торғай облыстарынан басқа жерге, яғни Сібірге жіберілгендігі анық көрсетілген. Шаруаларға Данияров мешітін басып алу ниеттері заңсыз екенін түсіндіру қиынға соқты. Соған қарамастан, мен ша-

руаларды Даняров мешітінен бас тартуға көндіре алдым. Ресейден келген шаруалардың жерді күшпен тартып алу ниетін байқауға болады. Осы мәселеге байланысты көптеген жиындарда қырғыздар иемденіп жатқан жердің барлығы Ресейге тиесілі, тіпті бос жерлер өте көп, өйткені кең байтақ жерде не ауылдар не елді-мекендер жоқ, сондықтан осы жерлердің барлығы шаруаларға берілуі қажет және осы туралы бізге Ресейде жариялаған дегендерді көп естідім. Кейбіреулері, әсіресе солдаттар қорындағы адамдар еш ұялмастан, қырғыздар иттер, оларды ығыстыру керек деп өз ойларын айтқан. Осындай субъектілерді жиыннан шығарып жіберуге тура келген кездер де болды.

Мен Петропавл облысының қырғыздарынан шаруалармен жанжалдас-пауды өтіндім, егер соған жеткізетіндей мәселе болса, сол жерге келіп сот ережесімен қорғайтынымды айттым. Қырғыздар менің сөзіме толық сенім білдірді және жанжалға жол бермеуге уәде берді.

Болашақта, қырғыз жерлерін басып алу әрекеттерін қайталағанда, менің ойымша, бірден-бір дұрыс шара – бұл кінәлілерді 1601-бап бойынша сотқа беру, бірақ соттың осындай істерді тез қарауының міндетті шарты болып табылады, ол үшін Жоғарғы мәртебеңізден көрсетілген істерді кезектен алып тастап, шұғыл түрде қарауыңыз қажет деп санаймын, өйткені, соттың осындай істерді ұзақ уақытқа созып қарастыруы тиісті нәтиже бермейді.

Осы құжаттың қосымшасында келесі адамдарды 30 сәуірдегі №13 міндетті қаулының 4-пунктінің бұзғаны үшін әкімшілік айдауға және жауапқа тартылсын». Уезд бастығы Ротмистрьдің қолы қойылып, 1907 жылы 30 мамыр күні Жылымды көліне өз еріктерімен қоныстану үшін қаруланып келген шаруалардың тізімі берілген [7]. Осындай архив құжаттарын зерделей келе сол кездегі қазақ халқының құқықтары мен ар-ұждандары аяққа басылғанын көреміз.

Сонымен мақалада XIX ғасырдың II жартысындағы Ақмола облысының құрылу тарихы, оның әкімшілік-территориалдық құрылымындағы болған үлкен өзгерістер қарастырылды. Ресей патшалығының қоныс аудару саясатының нәтижесінде көптеген жаңа елді мекендердің пайда болып, халықтың полиэтникалық құрылымы қалыптасты және аймақтың инфрақұрылымының қарқынды дамуына, жергілікті халықтың тұрмысы мен шаруашылығының өзгеруіне әкелді деген қорытынды жасаймыз.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается история создания Акмолинской области и выявляются особенности формирования во второй половине XIX в. полиэтнического состава населения.

This article examines the history of the creation of the Akmola region and identifies the features of the formation of the multi-ethnic composition of the population in the second half of the XIX century.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. I. Алма-Ата, 1960.
2. Ақмола облысының тарихы және мәдени мұрасы. Ескерткіштер жиынтығы. Алматы, 2008- 496 б.
3. Демко Дж. Орыстардың Қазақстанды отарлауы (1896-1916), Алматы. 1997 - 212 б.
4. Абуев К.К. Кокшетау. Исторические очерки. Кокшетау, 1997. – 300 б.
5. Шонанов Т. Қазақ жері мәселесінің тарихы, Астана. 2007. - 328 б.
6. Этнос Акмолинского Приишимья: история и современность. /Ред. Коллегия: Тасмагамбетов И.Н. – гл. Ред. Айтмагамбетов Д.Р. – отв. Ред., Балаева. А.Г., Егембердиев Е.О., - Астана, 2009 – 280 с.
7. ҚР ОММ. 369 қ., 1-т., 952-іс, 2-9-пп.

РОЛЬ МАНГЫШЛАКА В РОССИЙСКО-АЗИАТСКИХ ТОРГОВЫХ ОТНОШЕНИЯХ В XIX ВЕКЕ

Куляш ДЖУМАГАЛИЕВА,
к.и.н., ст. преподаватель кафедры истории
Казахстана, КазАТУ им. С. Сейфуллина

Полуостров Мангышлак привлек внимание Российской империи в начале XVIII века. Первые экспедиции в регион были осуществлены по приказу Петра I под командованием А.Бекевича-Черкасского. Хотя экспедиция закончилась ее гибелью, но она послужила более активному последующему освоению. В течение XVIII века были проведены еще ряд экспедиций, исследовавшие побережье Каспийского моря и Мангышлака.

Полуостров Мангышлак имел ряд преимуществ: 1) незамерзающую гавань с пристанью Караган; 2) шли караванные пути в Астрахань и Гурьев; 3) в течение 1-3 дней можно было перевезти грузы по морю; 4) перевоз товаров был очень дешевым 1 пуд за 30 коп. серебром; 5) отсюда пролегал караванный путь в Хиву; 6) побережье было богато промысловой рыбой, тюленями, что способствовало основанию рыбных

промыслов; 7) экспедиции обнаружили месторождения нефти, соли, угля, минерального сырья, строительного камня [1, с.43].

Интерес российского правительства к Мангышлаку был вызван не только развитием рыболовства. Он имел важное стратегическое значение. Полуостров занимал выгодное географическое положение, так как через Каспийское море граничил с Россией, Хивой и Кавказом. Значение региона возросло также в связи с активизацией Британии и ее желанием проникнуть в Среднюю Азию.

В отношениях России со странами Средней Азии политические интересы преобладали над экономическими. Эта позиция нашла особенно яркое отражение в торговле.

Причинами повышенного интереса стали:

-продукция российской промышленности не мог-

ла конкурировать с западноевропейской. Поэтому империя вынуждена была обратить свой взор на среднеазиатский рынок, который становится удобным и выгодным рынком сбыта продукции;

-азиатский регион становится основным поставщиком необходимого сырья для растущей российской промышленности, все больше работавший на запросы кочевых народов. Заинтересованными отраслями становятся текстильная и кожевенная промышленности;

-в торговле с Россией были заинтересованы и государства Средней Азии, все более принимавшие активное участие в торговых операциях. Единственным недостатком было то, что ассортимент товаров на рынках носил ограниченный характер.

Специфической чертой взаимоотношения с азиатскими странами на Мангышлакском направлении является активность торговли. Другой особенностью можно считать то обстоятельство, что в угоду российской торговли и предпринимательства преднамеренно меняла направление движения товаров. Мангышлак особенно стал играть ключевую роль с момента продвижения Российской империи в Среднюю Азию.

Хорошие торговые отношения местного купечества сложились с астраханскими торговцами. Из Астрахани был налажен путь через Каспий до Мангышлака. Он занимал всего сутки. Товары из Астрахани и обратно поставлялись купцами на собственных судах *«как то шнявы и галиоты. Матросами же были местные вольные люди»* [2, л. 41 об.].

Однако в начале XIX в. на имя князя Волконского стало поступать много жалоб о грабежах купеческих караванов со стороны киргизов. Хивинские купцы жаловались на высокие пошлины казахов. При этом они отмечали, что Мангышлакское направление «от грабителей со стороны тухменских народов сделался путь совершенно невозможным» [3, л. 86]. Данное обстоятельство отметил в своей работе и А.В.Казанцев [4, с. 331-333].

Вот почему одной из стратегических задач стало строительство укреплений на Мангышлаке. Первые крепости были возведены на землях казахов-адаевцев. Они более всех выражали свое непокорство проводимой политике правительства. В 1834 году около залива Мертвый Култук построено укрепление Ново-Александровское, 1839 г. – Эмбенское, 1846 г. – Ново-Петровское. В каждом из них находилось 205-300 человек служилых казаков [5, с. 200].

В 1846 году по предложению Г.С. Карелина на возвышенности Кургантас был построен форт Александровский. А в середине столетия началось заселение полуострова русскими. Первопроходцами стали рыбопромышленники. В результате было основано несколько поселений, жители которых занимались только рыбным промыслом [6, с. 156].

Одновременно проводились многочисленные экспедиции на полуострове, с целью изучения его экономического потенциала. Так экспедиция М.И.Пономарева и Н.Н.Муравьева дало заключение о природных богатствах и состоянии островов Агыз-Ада и Нефтяного. Были исследованы заливы – Балханское, Касноводское, Киндерлинское.

В тоже время, русские купцы отмечали негативные стороны торговли в Средней Азии и отношение местных правителей к ним. Так ростовский купец 2 гильдии Ф.Пичугин отмечал, что правители Среднеазиатских владений со своих подданных и татар брали пошлину 10 червонцев, а с русских купцов

– 40. Сукно продавали своим от 6 до 7 червонцев, а русским – по 10. На русские деньги червонец стоил – 18 руб. 80 коп. С русских купцов брали 260 червонцев бухарских, что стоило 5 200 рус. ассигнациями. Купец предложил русским купцам сбавить пошлину в России против бухарцев на привезенные из Азиатских владений товары [7, л. 1-2 об.].

Несмотря на имеющиеся недостатки торговля в данном направлении считалась необходимой. Так, по мнению Черемшанского В.М. азиатская торговля оказывала благоприятное влияние. Способствовала росту благосостояния населения. Особенностью была доступность для всех меновой торговли с киргизами. Кроме того, торговые операции способствовали денежному обращению, развитию сопутствующих промыслов и обеспечивали дополнительный заработок [8, с. 391].

Во второй половине значимость Мангышлакского направления падает. Одной из причин стало усиление Оренбурга как ведущего центра и связующего звена в торговле со странами Средней Азии. Другой причиной являлось относительная безопасность торговых путей из Оренбурга. Торговые караваны, проходившие через Мангышлак, часто подвергались грабежу со стороны местных казахов-адаевцев. Хотя в отличие от оренбургского пути Мангышлакский был короче.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала Ресей империясымен сауда қатынасының дамуындағы Маңғышлақтың рөліне арналған. Автор аймаққа қызығушылықтың өсуінің себептерін анықтаған. Түбек Ресейді Орта Азия мемлекеттерімен байланыстырды. Аймақтың табиғи байлықтары Ресейдің назарын аударған себептердің бірі екендігіне және т.б. шолу жасалған.

Түйін сөздер: сауда, Маңғышлак, табиғи ресурстар, тауар, әскери нығайту, сауда жолдары.

Article is devoted to a role of Mangyshlak in development of trade relations with the Russian Empire. The author allocated the reasons of the increased interest in the region. The peninsula connected Russia with the states of Central Asia. Natural wealth of the region became one more reason of close attention of Russia.

Keywords: trade, Mangyshlak, natural resources, goods, military strengthenings, trade ways.

ЛИТЕРАТУРА

1. **Турсунова М.С.** Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. Академия наук Казахской ССР. – Алма-Ата: Наука, 1977. – 184 с.
2. Государственный архив Оренбургской области (далее ГАОО), ф. 3, оп.1, д.154.
3. ГАОО, ф. 6, оп.10, д.830.
4. **Казанцев А.В.** Значение Астраханского направления в российско-восточной торговле // Молодой ученый. – 2012. – №11. – С. 331-333.
5. **Ломакин Н.** О полуострове Мангышлаке и путях отсюда в разные пункты Закаспийского края // Туркестанский сб. - 1873. - Т. 78. – С. 193-234.
6. **Карелин Г.С.** О разбоях на Каспийском море // Записки ИРГО по общей географии. Т. X, 1883.
7. ГАОО ф.6, Оп.10, Д.5177.
8. **Черемшанский В.М.** Описание Оренбургской губернии в хозяйственно-статистическом, этнографическом и промышленном отношениях. – Уфа, тип. Оренбургского губернского правления, 1859. – 472 с. – С. 391.

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНІҢ ДАМУЫ

(XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысы)

Гүлфарида КАМИЕВА,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инженеринг университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Елбасы Н.Ә.Назарбаев ХХІ ғасырдың білім мен ғылым ғасыры болатындығын үнемі қайталайды. Бұл – жаңа заманның талабы. Соңғы 20 жылда білім мен ғылым саласында терең, түпкілікті әрі заманауи реформалар жүзеге асырылуда. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау [1]. ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың бас кезінде Қазақстанда халыққа білім беру ісі діни және зайырлы бағыттарда жүргізілді. ХІХ ғасырдың орта кезіне дейін қазақ балалары мектептер мен медреселерде мұсылманша білім алды және негізінен ер балалар оқыды. Медресе шәкірттері ислам дінінің негіздері бойынша бастауыш білім алумен қатар философия, математика, медицина, тарих, тіл білімі (лингвистика) және астрономия жөнінде де едәуір хабардар болып шықты. 1870 жылдан бастап патша үкіметінің бастамасы бойынша медреселерде міндетті түрде орыс тілінің негіздерін үйрету енгізілді [2].

ХІХ ғасырда Қазақстанда жүрген өзгерістер Маңғыстау өңіріндегі білім беру жүйесін де қамтиды. 1897 жылы жүргізілген Ресей империясының Бірінші халық санағының санақ қағазында ана тілі, оқи білуі мен оқыған жерін көрсетуді қажет еткен графалар болды. Сауаттылық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін графада үш сұрақ-көрсеткіш белгіленді: орысша сауаттылығы, басқа тілдердегі сауаттылығы және бастауыштан жоғары білім алғандығы туралы. Басқа ұлттарға қарағанда жоғарғы орында орыстар тұрды – 26,6%-ы сауатты болды. Алайда олардың арасында басқа тілдегі сауаттылар болмады. Екінші кезекті татарлар, үшінші орынды қазақтар иеленді: 86005 қазақ немесе бүкіл қазақтардың 2,7%-ы сауатты деп есептелінді. Қазақтар арасында арабша сауаттылар болды, бірақ, мұндай адамдар саны нақтыланбады. Маңғышлақ уезі бойынша сауаттылар 1375 адам (уездің 2,0%), соның ішінде «орысша сауаттылар» 878 адам, «басқа тілде сауаттылар» 497 адам, «бастауыштан жоғары білім алғандар» 42 адам болды.

Маңғышлақ уезіндегі сауаттылық деңгейі 1897 ж. санақта төмендегі көрсеткіштермен сипатталады: 63795 қазақтың 504-і сауатты (облыстағы қазақтардың 0,8% ғана), оның 52-сі орысша сауатты (50 ер адам, 2 әйел адам), 456-сы басқа тілдерде сауатты (451 – ер адам, 5 – әйел адам). Жастық белгісіне байланысты білімділерді жіктесек, өлкедегі орысша-қазақша мектептердің жұмыс істей бастауының мерзіміне және ондағы білім алушылардың жас мөлшерінің жастығына сәйкес, орыс тілінде сауаттылар 9-49 жас аралығында көбірек кездеседі де, адамдардың жасы ұлғайған сайын «басқа тілде сауаттылардың» саны көп кездеседі. **«Басқа тілде сауатты» деп араб, парсы, түрік**

тілдеріндегі сауаттылар аталды. Алайда, бұл санақта орыс тілінде сауаттылардан өзге сауаттыларды есептеуде салақтық жіберіліп, бұл графаға немқұрайлықпен қарады деген пікір бар. Олай болса, басқа тілде сауаттылар саны одан да көп болуы мүмкін [3].

Маңғыстау халқы Қазан төңкерісіне дейін өз балаларын жергілікті жерлердегі мешіт-медреселерде оқытты. Өңірде бұл жылдары мұсылман мектептері де, медреселер де болған. Маңғыстау уездік басқармасының есебінде мұсылман балаларын оқытатын 26 медресе болғаны көрсетіледі. Түпқараған болысында – Басқұдық, Тарталыда; 1-Бозашы болысында Шетпе, Бүліш, Тасорпада; 1-Бозашы болысында – Бесбұлақ, Шебір, Тұщықұдық, Шотан, Қолшы, Жармыш, Иткелді, Қаламқаста; Түрікмен болысында Ақшұқырда; Маңғыстау болысында – Сұмса, Ақтөбе, Жарма, Қойлан, Гунин, Жыңғылды, Жағыш, Ақпан, Сенек, Тасқұдық, Форт-Александровск, Қаражарда. Оларда 7-20 жас аралығындағы ер балаларды оқытады. Оқытын пәндері – түрік тілі, арапша сауат ашу, хат тану, құран [4].

Ал, 1892 жылғы мәлімет бойынша, Маңғышлақ уезінде 34 медресе болды. Онда 492 оқушы (оның 322 – ер, 170 – әйел) оқыды. Уезд болыстықтары бойынша талдасақ, Райымберді болысындағы 4 медреседе 162 оқушы оқыған. Уездегі медреселердің ішіндегі ең ірісі де осы медресе болды. Түрікмен-Адай болысындағы 7 медреседе 82 ер, 21 қыз бала, барлығы 103 оқушы, Маңғышлақ болысындағы 5 медреседе 23 оқушы (17 – ұл, 6 – қыз), 1-Бозашыдағы 2 медреседе – 81 ұл, 48 қыз, барлығы 129 оқушы, Түрікмен болысындағы 4 медреседе 45 ұл, 30 қыз, барлығы 45 оқушы болған. Бұдан басқа 12 медреседе оқыған балалар саны көрсетілмейді [5]. Оқытушылар көбінесе молдалар, ахундар болды. Мәселен, Адай елінің Қосқұлақ атасынан өрбитін Бекет Мырзағұлұлының ағартушылық қызметі туралы мәлімет бар. Бекет Ата халықты сауаттандыру, дін жолын уағыздау мен имандылыққа тәрбиелеу мақсатында уақытша мешіттер де ашқан. Сондай-ақ, Жаналыұлы Абдолла, Қырымқұл Өбді ахун Мырзайыр, Шегем Қыдырша Жәуперұлы, Шоңай Шайхы Кендірбайұлы, Айтқұл ахун Қараш Байқұл, Бектеміс Жары Ержан Төлегенұлы, т.б. оқытушылар халық аузында үлгі болып қалған [3].

1900 жылы патша әкімшілігі Каспий сырты облысындағы білім беру жүйесіндегі мешіттер мен оқу орындары туралы мәлімет жинайды. Онда Маңғышлақ уезіндегі мешіт, медресе, мектептер мен олардағы оқушылар туралы мағлұмат бар. Осы мәлімет бойынша, 1900 жылы Маңғышлақ уезінде 2 имамдық, 1 соборлық және 1 приходтық білім

беру орталықтары ресми тіркеліп, 29 мектепте 20 – оқытушы, 214 – ер бала мен 34 қыз бала – барлығы 248 оқушы оқиды деп көрсетіледі [3]. Келесі деректер бойынша, 1910 жылы Маңғыстау уезіндегі 67 мұсылман мектебінде 1003 шәкірт оқыды, – делінеді [6].

Сонымен, 1870 – 1900 жылдардың мәліметтеріне сүйене отырып, Маңғыстау жерінде 30-ға тарта мұсылман мектептері жұмыс жасап, жылына орта есеппен 300-ге тарта бала оқу бітіріп отырған деуге болады. Маңғыстау жеріндегі алғашқы орыс мектебінің ашылуы 1878 жылы жүзеге асырылды [4].

Адай балалары мұсылман мектептерінде оқыды. 1870 – 1896 жылдар аралығында орташа есеппен 300 оқушы оқыған. Алайда патша үкіметіне орысша сауатты, оның саясатын енгізуге оған көмектесуге қабілетті қазақтар керек болды. Оларды Форт-Александровск, Николаевск, Долгий мектептерінен кездестіруге болатын. 1887 жылы Александровский фортындағы слободада қазақ балалары үшін бір кластық 4 жылдық оқыту мерзімімен бастауыш училищесі ашылды. 1887 жылы 10 қазақ және 3 түркімен балалары оқыған. Мектепте жалпы саны 1190 кітаптан құралған өз кітапханасы да болған [3].

1917 жылдың қазан айындағы дерек бойынша, Маңғыстау уезінде 4 оқу орны болды. Форт-Александровск қаласында түземдіктер үшін интернаты бар екі кластық училище, Николаевск селениесінде екі кластық ерлер, бір кластық қыздар училищесі, Долгий аралында бір кластық аралас училище болғаны айтылады [4]. 1919 жылы сәуірде Форт-Александровскіде халыққа білім беруді жолға қою жөнінде комиссия құрылады. 1920 жылдың мамырынан бастап алғашқы мектептер жұмыс жасай бастайды. Шілде айынан бастап халыққа білім беру бөлімі іске кіріседі. 1920 жылы Адай уезінде сауатсыздықты жою (саужой) жүйесінде қалада 3 мектеп, уезде 1 мектеп жұмыс жасап, оларда 79 адам (64 қазақ, 15 орыс) бітіріп шығады [5].

1921 жылдың 5 сәуірінде халық ағарту бөлімінің уездік ревкомға берген есебінде уездегі мектептер саны түгел көрсетіледі. Форт-Александровск қаласында: 1-сатылы мұсылман мектебі (3 мұғалімі бар), мұсылман әйелдер мектебі (2 мұғалімі бар), 1-ші және 2-сатылы екі орыс мектебі, әрқайсысы 50 балалық мұсылман және орыс бала бақшалары; Николаевск станицасында 1-сатылы 3 орыс мектебі, 2 бала бақша, Долгийде – 1-сатылы 1 мектеп болған. Сонымен бірге мұсылманша оқытатын 4 дала мектебі жұмыс жасайды. Олар Қамыс ауылда, Ақмышта, Ақшоқыда, Аралдыда ашылды. 1925 – 1930-жылдары уезд мектептеріне оқулықтарды тікелей Қазақ мемлекеттік баспасынан алдырып тұрған. Бір ғана 1928 жылдың өзінде уезд орталығына 3 229 оқулық әкелінеді [4].

1926 жылдан бастап Ақмышта жетім, жартылай жетім және қараусыз қалған балалар үшін мектеп-коммуналар өз қызметін бастайды. Халыққа білім беру бөлімі олардың жөндеу жұмыстары мен жарақтандырылуына 127 мың сом ақша бөледі [7]. 30-жылдардың басында 16-50 жас арасындағылар түгел саужойға тартылды. Маңғыстаудың Ақкетік ауылында қыздар мектебі, Ұштаған, Ащымұрын ауылдарында көшпелі, Шайыр, Жармышта бастауыш мектептер ашылады. Көшпелі мектептер 1937 жылға дейін жұмыс жасады. 1934 жылы Адай уезіндегі мектеп саны 42-ге, мұғалімдер саны 86-ға, мектепке тартылған балалар саны 2500-ге жетті. 1933 – 1937 жылдары міндетті 7 жылдық білім беру жүзеге асты [4]. 1937 – 1938 жылдардағы репрессия

Маңғыстау өлкесіндегі оқу ағарту саласына да кері әсерін тигізді. Маңғыстаулық ұстаздар – Б.Төлеуов, Ж.Нәрін, Е.Төлегенұлы, Р.Айдаров, А.Таңқабаетов, Қ.Есмағамбетов және т.б. репрессия құрбаны болды. 1939 жылы Маңғыстау ауданында жаңа типтегі мектеп ашылып, оған 1939 – 1940 оқу жылынан бастап Қызылқұм, Жыңғылды, Ұштаған жеті жылдық мектептерін бітірген жиырма бала келіп оқи бастады. Бұл Маңғыстау аймағындағы екінші қазақ орта мектебі еді. Ал біріншісі – 1938 – 1939 оқу жылы орта мектеп болған С.М.Киров атындағы мектеп. Бұл мектеп 1938 – 1939 ж.ж. бірінші рет, 1942 жылы үшінші рет, 1949 жылы төртінші рет оныншы кластық білім беріп, шәкірттерін оқытып шығарады [5]. 1942 жылы ауданда 3 орта, 7 орталау, 7 бастауыш мектеп болды, 1954 – 1955 жылдары ауданда оншақты орта мектеп – Киров, Горький, Шевченко, Микоян, Жданов, Тельман атындағы, Ащымұрын, Қарақұм, Долгий, Қызылқұмда болды. Құлалы, Түбіжік, Фетисов, Ақшұқыр, Қызық, Сенек жерлерінде бастауыш мектептер, аудан орталығында – 50, Қарақұмда – 50, Сенекте – 40 балалық интернат жұмыс жасаған [4]. Ал, соғыстан кейінгі кезеңдерде Маңғыстау түбегінде халық ағарту жүйесі даму сатысын бастан кешірді. 1949 жылы С.М.Киров атындағы мектептен Горький атындағы, Тельман және Таушық мектептері бөлініп шықты [3].

Қорыта келе, ағартушылық пен халықтың білім деңгейі – ұлттық мәдениеттің, ұлттық сана дамуының ең басты көрсеткіші екенін ескерер болсақ, XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Маңғыстау халқының білім алу үрдісі тарихи белестерге сай өсу бағытында болғанын тарихтың өзі дәлелдеп отыр.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается история развития образования в Мангистау в XIX веке и в первой половине XX века. В статье отражены особенности проведенных мероприятий по развитию народного образования и уровня грамотности населения в регионе до 1950-х годов.

The article analyzes the history of development of educational system in Mangystau Region in XIX-first half of XX centuries from the scientific point of view. It describes the level of education of local population and the activities carried out in the region before 1950s on developing provision of education to residents and the specifics of these activities.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Ж.Б.Аширбекова.** Қазақстан Республикасындағы білім беру мен ғылым жүйесіндегі реформалар: барысы мен нәтижелері // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. Хабаршы. – 2014. – №4 (52). – 5-12-бб.
2. <https://el.kz>
3. **О.Д.Табылдиева.** Маңғыстаудағы халық ағарту ісі (XIX-XX ғғ.) // Ізденіс-Поиск (гуман.ғылым.сер.). – 2016. – №3. – 47-51-бб.
4. **Әбілқайыр Спан, Жанат Нұрмаханова.** Тарихи очерктер. – А., 1996. – 337-б. (электрондық ресурс). <https://kitap.kz/books>
5. **О.Д.Табылдиева.** XX ғасырдың басындағы Маңғыстау өңіріндегі білім беру ісінің жағдайы // Қоғам. Тарих. Мәдениет (ғылыми-сараптамалық журнал). – 2014. – №2 (42). – 72-77-бб.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – А., 2002. – Т3. – 679-б.
7. МОММ 211-қор, 1-тізбе, 36-іс, 61-67-пп.

КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ:

кезеңге бөлу мәселелері

Жұмахан АРЫНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, ӘлФараби атындағы
ҚазҰУдың Қазақстан тарихы кафедрасы

Тарихтың теориялық проблемалары тарихи процестің жалпы заңдылықтарын, оның табиғаты мен қозғаушы күштерін, сонымен бірге нақты тарихи құбылыстар мен процестерді қарастыру кезінде пайда болатын теориялық мәселелерді зерттеумен байланысты көптеген мәселелерді қамтитын сияқты. Біріншілері жалпы әлеуметтанулық сипатқа ие және тарихи материализмге ұшырайды. Соңғылары тарих ғылымы пәнінің мазмұнына енеді және сәйкесінше нақты тарихи шындықты зерттейтін және оны ғылыми тұрғыдан түсінетіндігімен тарихшылар зерттейді. Оларды құрастырушыға тағайындау өткенді объективті-шынайы білу және оған жету жолдары мен шарттары.

Тарих ғылымы әдіснамасының зерттеу нысанының мұндай түсіндірмесі тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің табиғатынан өзінің теориялық негіздемесін табады. Біздің әдебиетімізде тарихи материализмнің қоғамдық ғылымдардың, соның ішінде тарихтың әмбебап әдісі ретінде қабылданған сипаттамасы бар. Шынында да, марксистік тарих ғылымы қоғамдық өмір құбылыстарын талдауда тарихи материализмнің негізгі принциптерін басшылыққа алады.

Дәл осы әдіснамалық салада марксистік және буржуазиялық тарихнаманың түбегейлі айырмашылығы, олардың арасындағы барлық сәйкессіздіктердің барлық басқа нүктелерін анықтайды және тарихи ой саласындағы белгілі конвергенцияны мүмкін емес етеді. Бірақ тарихи материализмді марксистік тарихнаманың әдіснамалық негізі ретінде қарастыра отырып, оның кез-келген ғылым сияқты өзіндік тақырыбы бар екендігін ұмытпауымыз керек. Қазақстан тарихын кезеңге бөлу тұжырымдамасы 1977-1980 жылдары жарияланған бес томдық “Қазақ ССР”-нің тарихында дамытылды. **Революцияға дейінгі тарих 1, 2, 3-томдарда қаралды.** Онда кезеңге бөлу мына сипатта: **1-кезең.** Алашқы қауымдық құрылыс және оның ыдырауы.

2-кезең. Феодалдық қатынастардың пайда болуы. Тайпалық одақтар және ерте феодалдық мемлекеттер.

3-кезең. Қазақстан территориясында X-XII ғасырда феодалдық қатынастардың дамуы.

4-кезең. Қазақ халқының және Қазақ хандығының құрылуы (XII-XVII ғ.).

5-кезең. Қазақстанның Ресейге қосылуы.

6-кезең. Капиталистік қатынастардың енуі, дамуы және патриархты-феодалдық қатынастардың Қазақстанда ыдырауы.

7-кезең. Қазақстан империализм кезеңінде. Социалистік төңкерістің қарсаңы [1]. Әр кезең өз кезегінде сатыларға бөлінеді. **Мәселен, бірінші кезеңді авторлар 2 сатыға бөледі:** тас ғасыры

және алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы. Бірінші сатыда Қазақстан территориясында адам қоғамының генезисінің рулық қауымының құрылуы; екінші саты қола дәуіріне сәйкес келеді де, қауымдық құрылыстың ыдырап, алғашқы таптық қатынастардың пайда болуымен сипатталады. Екінші кезең үш сатыға бөлінеді. Бірінші ерте темір дәуіріндегі тайпалық одақтар, *“ру қауымға орын берді де рулық институттар алғашқы таптық қатынастарға бейімделді, бірақ сырт бейнесі сақталып қалды”*. Екінші саты – Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу территориясындағы алғашқы таптық қоғамдар сатысы б.э. дейінгі I-мыңжылдықтың соңы біздің заманымыздың I ғасыры.

Бұл сатыды *“малға жеке меншік айқындалып, тайпалардың байлардың пайдасына жайылымдарды пайдалануға шекқою енгізілді”*. Осы кезде құлиеленуші құрылыстың элементтері пайда бола бастады, бірақ ол дамымай, жаңа феодалдық уклад пайда болды, ол рулық, патриархалдық қатынастармен астасып жатты. Үшінші саты – ерте феодалдық мемлекеттер сатысы, *“бұл уақыт процесінде өзгеріс сатысы, осы жерден феодалдық қоғамдық-экономикалық құрылыс басталады”* деп есептейді авторлар.

Онда үшінші кезең – феодалдық қатынастардың даму кезеңі үш сатыға бөлінеді. **1-саты** Қараханидтер мемлекеті; **2-саты** Қыпшақ, қидан, найман, керей мемлекеттері (XI-XIII ғ.). **3-саты** Қазақстан моңғол қол астында (XIII-XIV ғ.).

Бірінші саты Қазақстанның оңтүстігінде феодалдық қатынастардың дамуымен сипатталады, онда феодализм түркі қоғамының барлық саласын қамтыды. Екінші сатыда күрделі соғыс-саяси жағдай қалыптасып, саяси сахнада қыпшақ мемлекеті күшейіп, көшпелі шаруашылық пен оған байланысты патриархтық институттар қоғамдық-экономикалық прогресті тежеді. Үшінші саты моңғол әскерінің басып іле жергілікті халықтың *“іштей әлсіз, экономикалық және әлеуметтік жағынан ала-құла, түрлі халықтар мен тайпаларды қосып алып, күштеп ұстап отырған империяға қарсы күресінен тұрады”*[2].

“Қазақ ССР тарихының” келесі үлкен кезеңін де авторлар үш сатыға бөледі; Бірінші саты – XIV ғасыр мен XV ғасырдың бірінші жартысын қамтиды, шаруашылық өрлеу мен феодалдық қатынастардың дамуымен сипатталады. Екінші саты – қазақ халықтығы мен қазақ хандығының құрылуы. Бұл кезде *“қазақ қоғамында қатынастардың патриархалды-феодалдық жүйесі үстемдікпен орнатылды”*. Авторлар оны феодализмнің патриархалды-рулық құрылыстың барлық негізгі атрибуттары бар варианты деп есептейді [3]. Мұндай сипат XVI-XVII ғасырдағы қазақ хандығы сатысына да тән. Ол кезде баяу болса

да қазақтардың қоғамдық мәдени өмірінде алға басушылық болды.

Қазақстанның Ресейге қосылуы шартты түрде мынадай сатыларға бөлінеді: 1-сатысы Қазақстанның Ресейге қосылуының тарихи алғышарттары (XVII ғасырдың I-ширегі), “ұлы зобалаң” уақыты және орыс-қазақ байланыстарының нығаюы.

2-сатысы Қазақстанның Ресейге қосылуының басталуы (XVII ғасырдың II-ширегі), кіші және орта жеделдер орыс заңын қабылдап, жағдайлаы нығайды.

3-сатысы XVIII ғасырдың II-жартысындағы Қазақстан, қазақтардың отарлауға және феодализмге қарсы күресінің өршуі.

4-сатысы Қазақстан XIX ғасырдың I-жартысында, Ресеймен байланыстардың нығаюы. Қазақстан бүкіл ресейлік еңбек бөлісіне тартылып, біртіндеп бүкіл ресейлік нарыққа қосылды.

5-сатысы Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы. Бұл сатыда орыс әскерінің Қоқан мен Хиуаға қарсы акциясының нәтижесінде Қазақстанның бүкіл территориясы Ресейге қарады. Алтыншы сатысы патриархалды-феодалдық қатынастардың бірте-бірте ыдырауы мен капиталистік көріністерінің көрініс беріп дамуымен ерекшеленеді. Қазақстан “капиталистік өнеркәсіп үшін шикізат пен өндіру рыногының неғұрлым негізі бола түсті” [4]. Бұл уақыттарда капитализмнің кең енуі және жерді алып қою қазақ ауылдарында әлеуметтік топқа бөлінуді жеделдетте түсті, қазақ пролетариаты қалыптаса бастады. Қазақстан тарихының соңғы кезеңін авторлар империализм кезеңі деп атады. Онда экономика мен әлеуметтік қатынастардың жаңа үрдіс анықталды. Ауылдарда таптық бөлінулер жеделдеді. Мұның өзі ең ақырында ірі әлеуметтік-саяси өзгерістерге алып келді. **Қазақстан тарихының бұл кезеңі төмендегі сатыларға бөлінген:** 1-сатысы Қазақстан бірінші орыс төңкерісі кезеңінде.

2-сатысы Қазақстан столыпиндік реакция және жаңа төңкерістік өрлеу кезеңінде.

3-сатысы Бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылғы көтеріліс.

4-сатысы Қазақстан 1917 жылғы ақпан демократиялық төңкерісі кезеңінде. Осылайша “Қазақ ССР тарихының” авторлары үшін алғашқы қауымдық құрылыстан капитализмге және оның ең жоғарғы сатысы-империализмге қоғамдық-экономикалық дамуы тарихи процестердің негізгі мазмұны болды. Бұл жөнінде академиялық басылымдардан белгілі антрополог О.Исмағұловтың еңбектерінің ерекшелігі – ол неғұрлым аз идеологияланған және тарихи процестерді кезеңге бөлу мүлдем бөлек принциптерге құрылған. Бұл ең алдымен зертеу нысандарының өзіне тән ерекшеліктерінен туындады, антропологиялық процестерді өндіргіш күштердің дамуымен де байланыстыру қиын, бұл антропология тарихи-материалистік нұсқаға көп тәуелді етпейді. **О.Исмағұлов “Қазақстан халқы қола дәуірінен қазіргі заманға дейін” деген неғұрлым ертедегі ең ірі еңбегінде қазақтардың антропологиялық қалыптасуын мынандай кезеңдерге бөледі:** 1-кезең Қола дәуірі (біздің заманымызға дейінгі XVII-YIII ғ.).

2-кезең Сақтар уақыты (біздің заманымызға дейінгі VII-IV ғ.).

3-кезең Үйсін уақыты (біздің заманымызға дейінгі III-біздің заманымыздағы IV ғ.).

4-кезең Түрік уақыты (біздің заманымыздағы VI-XI ғ.).

5-кезең Монғол уақыты (XII-XV ғ.).

6-кезең Қазақтар (XVI-XX ғ.) [5].

Қазақ халқының этногенетикалық дамуына арнал-

ған келесі еңбегінде кейінгі ортағасырлық және жаңа уақыт. Осылайша, қазақ тарихи ғылымында бірінші рет осындай жаңа уақыт кезеңі белгіленді [6]. Үйсін заманына антикалық деп аталған “Қазақстанның этникалық антропологиясында” да әлемдік тарихи процеспен ұқсастық табу үрдісі байқалады [7]. Автор әр кезеңнің толық тарихи сипатын бермейді. Сонда да осы кезеңге бөлу совет заманындағы тарих ғылымында тарихи процесті саяси, әлеуметтік және экономикалық құрылымдардың дамуы емес. Қазақстанның жеке этносының даму процесі деп қарастырған маркстік теорияның қатаң идеологиялық схемасынан алыстауға жасалған талпыныс болды.

1964 жылы “Революцияға дейінгі Қазақстан тарихының библиографиясының” аннотациялық көрсеткіштерінің бірінші шығарылымы жарық көрді [8]. Е.Бекмахановтың редакторлығымен құрастырушылардың тұтас бір ұжымы дайындаған бұл жұмыста Қазақстанның тарихи археологиясы, тарихы бойынша жүргізілген зерттеулердің тізімі берілген. Материалды тарауларға топтау негізінен 1957 жылы шыққан “Қазақ ССР тарихының” 1-томында келтірілген кезеңге сәйкес жасалды. Сондықтан кейбір ерекшеліктері бар. **Құрастырушылар республика тарихын мынадай кезеңдерге бөледі:** 1. Моңғол шапқыншылығына дейінгі алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі Қазақстан. Бұл кезең бірнеше сатыға бөлінеді, бұл жинақта келтірілген:

а. Алғашқы қауымдық құрылыс.

ә. Тайпалық одақтар.

б. Ерте феодалдық мемлекеттер (VI-XII ғ.).

2-кезең Қазақ хандықтары құрылғанға дейінгі моңғол шапқыншылығы кезіндегі Қазақстан.

3-кезең Алғашқы қазақ хандықтарының құрылуы және Ресейге бірігудің басталуына дейінгі Қазақстан.

4-кезең Ресейге қосылған кездегі Қазақстан (1730-1868 ж.). Бұл кезең келесі сатыларға бөлінеді.

а. Қосылудың басталуы және барысы.

ә. Қазақ жерлерінің бірігуінің аяқталуы.

б. 1867-1868 жылдардағы реформа.

5-кезең Қазақстан реформа кезеңінде (1869-1890).

6-кезең Қазақстан империализм кезеңінде (1890-1917). Мұнда реформа кезеңін айрықша бөліп қарау керек, ол кезде 1867-1868 жылдардағы “Уақытша ережелер” қолданыста болды.

1988 жылы шыққан басқа бір жинақта бұл кезеңге бөлу аздап өзгерген. Үшінші кезең “Қазақстан халықтығының құрылуы және қазақ хандықтары (XIV-XVII ғасырлар)”. Соңғы екі кезең бұл шығармада жоқ [9]. Біз осы тарау бойынша қорытынды жасайық. Советтік тарих ғылымында Қазақстан тарихын кезеңге бөлу мәселесінің талдамасы кезеңінде алғашқы жинақтау еңбектердің құрылуымен бірге басталады. Кезеңге бөлу мәселелері қазақтың белгілі тарихшы ғалымы С.Асфендияровтың еңбектерінде арнайы қарала бастады. Ол Қазақстанда өткен процестерді маркстік теория көзқарасы тұрғысынан қарады. Дегенмен орыс ғалымдары дәстүрге алған қазақтардың тарихын Россияға қосылғанға дейінгі және кейінгі кезеңдер деп екіге бөлуді ұстанды. 1930-жылдары Қазақстан тарихы ғылымының саласында КПСС-тің идеологиялық машинасының үстемдігінің күшеюіне байланысты жаңа кезең басталды. Біраз пікірталастардан кейін формациялық кезеңге бөлуге тоқталды. Бұл методологиялық қағидада қоғамдық құрылыстағы өзгерістердің көрсеткіші өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың ара қатынасы (сәйкестік және қарама-қайшылық) болып табылады. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың

дамуына сәйкес келмеуі тап күресінің өршуіне, және төңкеріске ұласуына алып келеді [10]. Олай болса Марксистік тарихшылар өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дамуын зерттегенде, олардың сәйкестік дәрежесіне талдау жасап, әлеуметтік қайшылықтар мен тап күресінің дамуын анықтауға тиіс болды. Қорыта келгенде кезеңге бөлу тек осы белгілерге сүйене отырып тап күресіне талдау жасау арқылы қоғамдық дамуға талдау жасалады. Сондықтанда тарихи материализмнің іргелі қағидаттарын дамытуда ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар, әлеуметтік өмірдің құбылыстарын зерттеуде дәйекті түрде диалектикалық материализм принциптерін қолданды. Бұл табиғаттың даму заңдылықтарын танып-білу үшін әзірленген әдісті адамзат қоғамының тарихын зерттеуге механикалық жолмен беру емес еді. Тарих заңдылықтары табиғат заңдарымен бірдей болмайды. Олардың білімі әлеуметтік өмір құбылыстарын зерттеуге бағытталған әдістің материалистік диалектикасының негізін қалауды қажет етті. Сонымен, әлеуметтік ғылымдардың әмбебап әдісі ретінде қызмет ететін тарихи материализмде пән мен әдіс органикалық бірлікті құрайды, бұл оның көрнекті ғылыми тиімділігін анықтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней: в пяти томах. Т.1. –Алма-Ата, 1977; Т.2. –Алма-Ата, 1979. 17.191. Сонда. -С.1-12.
2. Сонда. -С.14-16.
3. История Казахской ССР. Т.1. -С.18.
4. История Казахской ССР. Т.1. -С.24.
5. **Исмагулов О.** Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. –Алма-Ата, 1970.
6. **Исмагулов О.** Этническая геногеография Казахстана. –Алма-Ата, 1977. -С.137.
7. **Исмагулов О.** Этническая антропология Казахстана. Алма-Ата, 1982. -С.161.
8. Библиография по истории Казахстана. // Аннотированной указатель. –Алма-Ата, 1964.
9. История Казахстана. Дореволюционный период. Библиограф/кий указатель. Кн. I. А., 1988.
10. **Черепнин Л.В.** Вопросы методологии исторического исследования. // Теоретические проблемы истории феодализма. –М., 1981. -С.74-75. Марков Г.Е. Кочевники Азии. Структура хозяйства и общественной организации. –М., 1976. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. –Алматы, -М., 1995. -С.217. Толстов С.П. Генезис феодализма в кочевых скотоводческих обществах. // Известия ТАИМК. Вып. 103.

ГРНТИ 03.01.21

THE POLITICAL PARTY ORGANIZATION AND ACTIVITY

Magistrant ¹KUATBAY Gulsara,
Doctor of Historical Sciences, ²SATBAI Tastanbek,
^{1,2}Korkyt Ata Kyzylorda State University,
City of Kyzylorda, Kazakhstan

Abstract: The primary goals of political parties are to participate in the political life of the society, to gain power and to seek government. Political parties have the right to freely disseminate information on their activities, to promote their ideas, goals and decisions.

The political party is acting as an arbitrator between the state and civil society. The party will ensure communication of the masses with state structures, institutionalization of political participation of citizens and the transformation of the spicy form of socio-political activity of the population into an organized, controlled one. The functions of political parties reflect the main tasks and directions of its activity, its place in society.

Keywords: population and state, political party, public association, political system, state bodies, political institute, government, pragmatic parties, ideology, function, political sociology, political ideology, pragmatic parties, functions of political parties, society, social groups

The most organized and politically oriented public association is the political party. The current understanding of the party emerged in the second half of the nineteenth century.

The term “party” is a part of a larger, larger community, derived from the Latin parties. In ancient times, this term was used as a term for a group of political allies, all pursuing a common goal. However, political factions during slavery and feudal construction, the alliances were called parties only conditionally; they were temporary, temporary structures that could play little or no role in social and political life.

The primary goals of political parties are to participate

in the political life of the society, to gain power and to seek government.

The scientific literature has different views on the meaning of political parties and their definition. As early as the 18th century, the English philosopher David Yum drew attention to the fact that in the early part of the party formation, serving as a combination of dissimilar forces, in ideology the basis and ideological role were to play [1].

The study of the role of parties in the political system is one of the important topics in political science. Prominent theorists in this field are M.Weinner, M.Doverze, R.Schwarzenberg, J.You can say scientists like Sartori. The activities of parties in different countries, the typology of political parties and party systems, the interaction of party organizations and government agencies in different political modes are the main areas of research for these scholars.

It is worth noting that the major French political scientist M. Doverje identified the party as an active organization in the state system. Meanwhile, the well-known Spanish political scientist L.S.

Another Western political scientist P. Sharon, defining the party, refers to the party as an organization of active political people who are interested in controlling public administration in the society and competing with other groups or groups that support other people's views [2].

The main distinguishing features of a political party are: its connection with a particular class, social class, group or group, that is, the existence of a social base, the acquisition of a specific program of activity of members of the party that reflects the unity of worldly

goals and ideological principles; aspiration to gain national support from the country at elections, presence of a formalized organizational structure (membership, subordination of bodies, party apparatus, etc.) and ability to act for a long time, the purpose of gaining political power and the motive for its implementation.

What distinguishes a party as a political institution is its open struggle for political, state power. No matter what the party has set for itself, whether it is communism or environmental protection, it will achieve it through the struggle for power. In this sense, the political party differs, in the first place, from various other public associations (public organizations and movements), which are actively involved in political life but do not seek direct control of government.

The laws give parties the broader rights and powers to successfully carry out their functions. In many countries, they have the right to nominate their candidates in elected government bodies. Political parties have the right to freely disseminate information on their activities, to promote their ideas, goals and decisions. During the election campaign, they will have access to state-run media, the most valuable of which are radio and television. Parties can distribute their publications, hold public meetings, manifestations, and marches. They are entitled to criticize the government and government [3].

It is important to note that the role and role of political parties in the political system is largely determined by their role. The functions of political parties reflect the main tasks and directions of its activity, its place in society. The most common functions of the political party include: representation of social interests, programmatic guidelines, political orientation of the party, public opinion, the formation of political education and political socialization of citizens, the training and provision of staff.

Within the framework of these functions, more specific tasks can be distinguished. The content, forms, and methods of some functions may differ for different party types. There are also special functions that some parties perform depending on their development and situation.

Stakeholder, social group and stakeholder representation plays an important role in party activities. The essence of this function is to identify, formulate and substantiate the interests of social forces, to unite and activate them.

The pragmatic and ideological styles of the party's activity are highlighted. Pragmatic parties are focused on the practical usefulness of the action and the search for any opportunity to reach specific goals. Parties that are pragmatic in nature refrain from abstract programs, which seek for rigorous science and ultimate truths. Such party programs often serve as a pre-election platform. Pragmatic parties do not impose severe ideological demands on their members. Ideological barriers do not play a significant role for them, and they cannot enter into various agreements, form coalitions, etc. and sacrifice them in the process.

Ideological parties (or ideological, doctrinal) are based on a certain rigid ideological doctrine. It is characteristic for them to defend their ideals and principles, to create a society with a specific ideological purpose and to implement it in practice [4].

Parties not only seek to develop and modernize various political doctrines, but also to disseminate them to society. This is facilitated by the publication of the party's materials in the press, talk of party leaders on television and radio, and speeches at rallies and meetings. The party is interested in the recognition and support of public opinion for its political course.

Political party administration activity: participation in preparation for and conduct of elections in state power and governing bodies, parliamentary activity of the party, its work in party factions and parliaments of local authorities, participation in the process of preparation and adoption of political decisions by state bodies, replenishment of its membership and other tasks will add to it.

The political party is acting as an arbitrator between the state and civil society. The party will ensure communication of the masses with state structures, institutionalization of political participation of citizens and the transformation of the spicy form of socio-political activity of the population into an organized, controlled one. Through political parties, citizens can present their group demands to the state and, at the same time, consider it in support of resolving political issues. In this way, parties develop direct and interconnected relations between the people and the state.

It is worth noting that political parties, being an important part of the political system of modern society, belong to different party systems.

The main functions of political parties and movements in the political life of the society are:

identification, development and institutionalization of the interests and views of different social groups, expression and expression of these interests at all levels of society and within the institutions of power, establishment of strong and multilevel connections between the state and civil society, competition with other party programs participation in the development of program objectives of the development of society on the basis of admission, socially significant issues for the population involvement in decision-making, recruitment into the political elite from active and empowered party members, and participation in legislative and government institutions.

Functions of political parties. The political science of the western countries pays special attention to this problem. As a result of studying the functions of political parties, it is possible to determine how effective their involvement in political processes is, and to resolve other theoretical and practical issues relevant to this institution.

We wanted to focus on the key functions (functions) of political parties that all experts recognize. They are: political (socialization) sociology, elections, power struggle, state administration, social unity integration, representation of interests of different social groups, defense powers, political recruitment to attract others to their ranks, to complement political ideological doctrines (doctrines).

When analyzing the function of political sociology, it is best to start by seeking political parties to ensure that the number of supporters is greater during the election.

One of the most important issues of political socialization is the near and final goals of political parties. The point here is that the parties are trying to embrace the full value of the social political system in which they operate and seek broader social support through them. Western political scientists are paying special attention to this issue [5].

The second function is associated with the participation in the election of supreme governing bodies. In other words, to choose the political elite who will govern the state. The election function consists of two areas: candidate selection and preparation of election programs.

Магистрант Қуатбай Гүлсара, т.ғ.д., профессор Сәтбай Тастанбек, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қаласы, Қазақстан Республикасы.

САЯСИ ПАРТИЯ ҰҒЫМЫ МЕН АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ

Аннотация: Саяси партиялардың негізгі мақсаты қоғамның саяси өміріне қатысу, билікті алуға қол жеткізу және мемлекетті басқаруға ұмтылу. Саяси партиялар өздерінің қызметі жөнінде еркін ақпарат таратуға, өздерінің идеяларын, мақсаттары мен шешімдерін насихаттау құқығына ие.

Саяси партия мемлекет пен азаматтық қоғамның арасындағы төреші ретінде көрінеді. Партия бұқараның мемлекеттік құрылымдармен байланысын, азаматтардың саяси қатысуын институттандыруды және халықтың қоғамдық-саяси белсенділігінің стихиялы түрін ұйымдасқан түрге, бақылауға бейім түрге ауыстыруды қамтамасыз етеді. Саяси партиялардың атқаратын қызметтері оның іс-әрекетінің негізгі міндеттері мен бағытын, оның қоғамдағы орнын көрсетеді.

Түйін сөздер: халық пен мемлекет, саяси партия, қоғамдық бірлестік, саяси жүйе, мемлекеттік органдар, саяси институт, мемлекеттік билік, прагматикалық партиялар, идеология, функция, саяси әлеуметтану, саяси идеология, прагматикалық партиялар, саяси партиялардың функциялары, қоғам, әлеуметтік топтар.

**Куатбай Гульсара, Сатбай Тастанбек,
Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.**

ОРГАНИЗАЦИЯ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ПАРТИИ

Аннотация. Основными целями политических партий являются участие в политической жизни общества, получение власти и стремление к власти. Политические партии имеют право свободно распространять информацию о своей деятельности, продвигать свои идеи, цели и решения.

Политическая партия выступает в качестве арбитра между государством и гражданским обществом. Партия обеспечивает общение масс с государственными структурами, институционализацию политического участия граждан и превращение острой формы

общественно-политической активности населения в организованную, контролируемую. Функции политических партий отражают основные задачи и направления ее деятельности, ее место в обществе.

Ключевые слова: народ и государство, политическая партия, общественное объединение, политическая система, государственные органы, политический институт, правительство, прагматичные партии, идеология, функция, политическая социология, политическая идеология, прагматические партии, функции политических партий, общество, социальные группы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Әбсаттаров Р.Б.** Саясаттану және оның проблемалары: оқу құралы. – Алматы: «Тоганай Т», 2007. – б.
2. **Назарбаев Н.Ә.** Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқаттың артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы, 2002. Б. 96. (32).
3. **Жылқышиев Н.** Бір партиялық жүйеге, және басқа табынушылыққа қарсымын // Жас қазақ. 2008, 29 шілде.
4. **Абдулаттаев С.И.** ҚР-ның сыртқы саясаты. Оқу құралы. – Алматы: Мария, 2005. – 200 б.
5. **Жексембекова В.А.** Саяси модернизация процесі және қазіргі кезең. Оқу құралы. – Алматы: Полиграфия сервис и К, 2006. – 66 б.

REFERENCES

1. **Absattarov R.B.** Political Science and its Problems: A Textbook. – Almaty: «Toganai», 2007. – s.
2. **Nazarbaev N.A.** Kazakhstan -2030: Prosperity, security and welfare of all Kazakhstanis: Address of the President to the People of Kazakhstan. Almaty, 2002. B. 96. (32) Алматы, 2002. Б. 96. (32)
3. **Jylkyshyev N.** I am opposed to one party system and another to religion // Jas qazaq. 2008, 29 shyldy.
4. **Abdulattaev S.Y.** KR foreign policy. Study guide. – Almaty: Marya, 2005. – 200 s.
5. **Jeksembekova V.A.** The process of political modernization and the present stage. Study guide. – Almaty: Polygrafia servys and K, 2006. – 66 s.

МАЛАЙСАРЫ ТАРХАН ТОҚТАУЫЛҰЛЫ (1700 – 1754 жж.)

**Өтеген ИСЕНОВ,
тарих ғалымдарының кандидаты,
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университетінің профессоры**

XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақтың батыр-би, тархандары Жоңғар, Қытай, Ресей сынды көрші мемлекеттермен елшілік, ымыраластық бағыттарын ұстауына қарай бөлінді. Ресей бағытында Орта жүзден – Шақшақ Жәнібек, Атығай Құлсары тархандар, т.б. ал, Жоңғар бағытында Малайсары Тоқтауылұлы, Олжабай, т.б. батырлар, Кіші жүзден, Ресей мен Еділ-Жайық қалмақтары бағытында табын Бөкенбай, тама Есет, т.б. би-батырлар болды. Қытай

бағытында, Абылай сұлтан, Қабанбай батырлар саяси елшілік-мәмілегерлік қарым-қатынаста болған [1].

Батыр-тархандар елшілік мәселелерде оң шешімге қол жеткізе білген. Мысалы, Шақшақ Жәнібек тархан Жоңғарлармен арадағы болған келіссөзде Қалданға: «...Ресей аманатқа бір адам алады, ал сендер жоңғарлар аманатқа бізден, бірнеше белгілі адамдарымыздың балаларын аманатқа беруді сұрайсыңдар», – деп қалмақ билеушілерінің

қазақ аманаттығына байланысты жасамақшы болған ұйғарым шешімдерінен бетін қайтарған [2]. Ортағасырлық ерлерге ғана берілетін түркілік тархандар институтын қайта жаңғыртқан Ресей патша үкіметі XVIII ғасырдың 40-жылдарынан бастап, қазақ қоғамына енгізіп, қазақтың белгілі батырларына тархандық атақты бере бастады. Патша өкіметінің тарапынан берілген тархандық шен, мемлекет алдындағы аса бір атқарған ерекше қызметтері үшін берілді. Ресей патша үкіметі тарапынан бірінші болып, 1742 жылдың 30 тамызында тархандық грамотаны Шақшақ Жәнібек батыр алды [3]. Ал екінші тархандық грамота 1743 жылы 3 шілдеде тама Есет батыр Көкіұлына берілді [4].

Жоңғар-қалмақтармен елшілік қарым-қатынаста болған Малайсары батыр. Қазақ тарихында Малайсары аттас тұлғалар бірнешеу болған [5]. Солардың бірі – **XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Малайсары батыр Тоқтауылұлы.** Оның шыққан тегі – Орта жүздің Арғын тайпасынан. Аталары – Бәсентіін – Сырым – Жабық – Досым – Тоқтауыл. Малайсарының әкесі Тоқтауыл заманында батыр болған [6, 35-36-б.]. Малайсары батыр Тоқтауылұлына 1742 жылы Қалдан Серен жоңғар билігі тарапынан тархан грамотасын бергендігі туралы Р.Б.Сүлейменов пен В.А.Моисеев еңбектерінде айтылады [7, 38-б.]. Батырдың анасының есімі – Молдыр, қалмақша «асылтас» деген ұғымды білдіреді. Қалмаққа Арғын Малайсары тархан жиен болып келеді. Анасы Молдыр қалмақтың хошоуыт тайпасынан шыққан атақты ноянның қызы [8, 5-б.].

Қалмақтар Малайсары батырды Малай-Шора атаған. Жоңғар мемлекеті өз тарапынан Малайсарыға тархандықты қазақ-қалмақ қатынастарындағы атқарған аса бір қызметі үшін берген. Тархандық атақ берілумен қатар тархандық пәрменді құқығы да туындайтыны заңдылық. Олай болса, Малайсары батыр тархандық грамотасының пәрменділігімен жоңғар-қалмақ жерінде еркін адам болып танылды. XVIII ғасырдың бірінші жартысында Арғын Малайсары тархан елдікті сақтаудағы көрсеткен қажыр-қайраты мен күш-жігерінің арқасында жоңғар-қалмақ арасындағы елшілік қатынастарда танымал тұлғаға айналған [9, 302-б.]. Қазақ елбасылары мен тархан, би-батырлары әр тұста, әр тарапта бағыт ұстанғанымен, қилы мәселеде бір-біріне қарағанымен, түптеп келгенде, халықаралық саяси жағдайды реттеуде, елдік мәселеде бір бағыт, бірдей елдік саясатты ұстанған. Ш.Уәлиханов: *«Малай-Сары пользовался уважением в народе и у самого Абылая, ибо был богат, умен и храбр – достоинства, которые редко соединяются в одном лице»* [9, 128-б.]. – деген.

1742 жылы Малайсары тархан мен Нияз батыр Әбілпейізді ақ үйлі аманатқа апарып, Абылай сұлтанды жоңғар тұтқынынан босатып алу үшін Әбілмәмбет ханның тапсырмасымен жоңғарларға елшілікке барып қайтқандары туралы да зерттеулерде айтылады. Абылай сұлтанды тұтқыннан босату үшін, әетіже шыққанша қазақ хан-сұлтандары мен би-батырлары елшілерді жіберуді тоқтатпайды. Малайсары мен Олжабай батырлар Жоңғар-қалмақ бағытындағы азаттық үшін соғыс пен елшілік істерде көп қайрат қылған [5].

Малайсары тархандық грамотасының пәрмендік күшін жоңғар-қалмақ арасында қазақ халқының елдік мүдделеріне қатысты елшілік мәселелерде тиімді пайдаланған. Малайсары тархан қалмақ-қазақ соғысын тоқтатып, екі хандық арасында бітім жасау саясатын ұстанған. Малайсары тархан Қабанбай батырдың қайын ағасы, Қабанбай батырдың әйелі

Гауһар Малайсары батырдың қарындасы болған. Энциклопедиялық анықтамалық еңбекте, Малайсары батырдың шамамен 1700 жылы туылып, 1756 жыл шамасында қайтқандығын мәлімдейді [10, 552-б.]. Профессорлар Е.Арын мен Ж.Артықбаевтар дерегі бойынша тархан 1754 жылы қайтқанын көрсетеді [8, 5-б.]. Ал, Мәшһүр Жүсіп жазбасында: *«Абылай бастаған батырлар Жоңғарға жорыққа барғандағы нақты жылы көрсетілмейді. Қазақ жоңғар арасында болған шайқаста «...бір қанды ауыз мылтықтың аузынан Малайсары тарханға сауыттың жігінен, шонданайдан оқ тиген екен...»*. Батырдың қазасы сол оқтан болғанын жазады [6, 243-б.]. Әйткені, Абылай бастаған батырлардың жоңғарға жорыққа баруы басқа деректерде де бар. **Біріншіден**, 1757 жылы Жоңғар хандығы бүлінген тұста, Абылай хан бастаған батырлар жорыққа шағын топпен бармас еді. **Екіншіден**, өз ішінен бүлінген қалмақтар қазақ батырларын жаралап тойтаратындай, күш болатындай мүмкіндіктері де жоқ кезі. М.Тынышпаев зерттеуінде, Абылай сұлтан 1743 жылы тұтқыннан босатылды. 1745 жылы Қалдан Серен қайтыс болды, жоңғарлар осы кезде әлсірей бастады. 1754 жылы жоңғарлар қазақ жеріне соңғы рет шабуыл жасағандығын жазады [11, 168-б.]. Олай болса, Малайсары тарханның оқ тиіп жаралануы, осы айтылған, 1754 жылдардағы шайқаста болуы көңілге қонымды. Үшіншіден, 1757 жылы Әмірсананың өзі Абылайды паналаған кезі. Малайсары тарханның 1754 жылы қайтқандығы туралы дерек шындыққа жанасады.

Ресей мен Жоңғардың қазақтың танымал батыр-билеріне бір уақытта тархандық атақты жарыса берулеріне себеп – Қазақ хандығына қатысты көздеген саяси мұраттарына қол жеткізудің саяси амалдары. Ресей патша өкіметі мен жоңғар хандығы тархандық атақ пен тегі қарадан шыққан батырларды ақсүйек сұлтандармен теңестіруді ойлады. Сонымен қатар тархандық грамота күшімен «жұмсақ» саясаттарын жүзеге асыру. Мұның өзі патша үкіметі мен жоңғар хандығының қазақ хандығымен тең дәрежеде сөйлесе бастағандығын дәлелдейді. Абылай сұлтанның тұтқында болған уақыты ел үшін сын болған сәтте, екі мемлекетте Абылай сұлтанды босатуға қол жеткізу арқылы Қазақ хандығына өздерінің позициясын нығайтуды көздеді [12, 177-б.]. Алғашқы қазақ тархандары Ресей және Жоңғар бағыттарында кемелді, шебер мәмлелерлік саясат ұстай білді.

Қорыта келе айтпағымыз, 1743 жылы қыркүйекте Жоңғар қонтайшысынан құрмет сыйлықтарын алып, саяси сауданың кілтіне айналған Абылай сұлтан мен тархандық атақ алған Малайсары тархан екі алпауыт мемлекеттің қыспағында қалған қазақ мемлекеттігінің беделінің артқанын мойындатып, үлкен абыроймен елге оралған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена биографии Малайсары-батыра Тоқтауылұлы, который участвовал в войне с джунгарским нашествием в Казахстане и был современником казахского хана Абылая. Автор рассматривает биографию Малайсары – батыра в качестве изучения вопроса института тарханства, потому что батыр носил титул тархана – статус привилегированного класса в казахском обществе. Уникальность титула тархана заключается в том, что звание тархана было получено Малайсары от джунгарского правителя.

The article is devoted to the biography of the Malaysary-Batyr Toktauly, who participated in the war against the Dzhnugar invasion in Kazakhstan and was a contemporary of the Kazakh Khan Abylay. The author considers the biography of Malaysary – the batyr as a study of the issue of the institution of tarkhanism, because the batyr held the title of Tarkhan – the status of a privileged class in Kazakh society. The uniqueness of the title of Tarkhan lies in the fact that the title of Tarkhan was received by Malaysary from the Dzungarian ruler.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Өтеген Исенов.** Абылайдың тұтқынан босатылуы жөніндегі тарихнама. // Академик Зұлқарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті. Ғылыми хабаршысы №2. 2008. июнь. – 123-128-бб.
2. **Өтеген Исенов.** Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы (XVIII-XIX ғғ.). / Монография. – Қостанай қ.: Шапақ ЖШС баспасы, 2017. – 258 б.; **Ө.И.Исенов** Патша үкіметінің отаршылдық саясаты: тархандар институты (XVIII-XIX ғғ.). // Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жылдығына арналған «Алдамжар оқулары – 2011» атты Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясының материалдары. 9-10 желтоқсан 2011 жыл. Қостанай: академик З. Алдамжар атындағы ҚӨТУ, 2011 – 483 б. (130-135-бб).
3. **Өтеген Исенов.** «Евразия даласындағы тархандық: Жәнібек тархан.// Евразия халықтарының тарихи-мәдени мү-

раларын зерттеудің өзекті мәселелері: Халықаралық XV Еуразиялық ғылыми форумының материалдары. / Актуальные вопросы изучения историко-культурного наследия народов Евразии: Материалы международного XV Евразийского научного форума / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Садықов. – Астана: Л.Г.Гумилев ат. ЕҰУ, 2018. – 510 б. – 202-209 б.

4. **Өтеген Исенов.** Есет Тама Есет тарханды танып болдық па? // Қазақ тарихы. Ғылыми әдістемелік журнал. № 2 (119), 2013. – 2-5-бб.
5. **Ж. Ғизатов.** Атас Малайсарылар хақында. // Қазақ тарихы. – 2008. – №3. – 35-39-бб.
6. **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.** Шығармалары. – Павлодар: ТОО НПФ ЭКО, 2006. – 9 т. – 35-36-бб.
7. **Р.Б. Сулейменов., В.А. Моисеев.** Из Истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Аблая). – Алма-Ата: Наука, 1988. – 144 с.
8. **Ерлан Арын., Жамбыл Артықбаев.** Малайсары тархан. // Егемен Қазақстан. – 2008. 19 қаңтар. – 5 б.
9. **Ч.Ч. Валиханов** Абылай. // Валиханов Ч.Ч. Соч. В пяти томах. – Алматы: Т.А. 1985. – 302 с.
10. Қазақстан тарихы энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы. Аруна Ltd: 2006. – 552 б.
11. **М. Тынышпаев.** История казахского народа. – Составители и авторы предисловия, профессор Такенов А.С., Байламов Б. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – 168 с.
12. **В.Я. Басин.** Россия и Казахские ханства в XVI-XVIII вв. (Казахстан в системе внешней политики Российской империи). – Алма-Ата: Наука, 1971. – 177 с.

СЕЙДӘШІМ ИШАН ТУРАЛЫ БІР ДЕРЕКТІҢ ІЗІМЕН

Ерке ҚАРТАБАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

Халқымыздың тарихы мен руханиатының жарқын беттерінің бірі ислам дінімен байланысты тұстары екендігі белгілі. Алайда, ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан дәстүрлі дініміз – исламның тарихында әлі де болса толық зерттеліп болмаған, дау туғызып отырған мәселелер баршылық. Соның бірі – түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқының арасында таралған исламның өзіндік ерекшелігі туралы мәселе. Көпшілік зерттеушілер түркі халықтары арасында, негізінен, исламның сопылық бағыты таралды деген пікірді қолдайды. Алайда, сол сопылықтың шынайы мәні қандай, сопылық пен ортодоксалды ислам арасындағы арақатынас, сопылықтағы әулиелік құбылысы және т.б. қарапайым халықтың ғана емес, онымен арнайы айналысып жүрген ғалымдар арасында да толық жауабын таппаған, әлі де болса жіті зерттеуді қажет ететін мәселелер болып табылады. Осы орайда, мақала авторына жуырда ғана белгілі болған бір үзік дерек аталмыш мәселелердің зерттелуіне өзіндік үлесін қосады деген үміттеміз.

Өткен жылы, яғни 2019 жылдың жазында, Тараз қаласында тұратын 92 жастағы Жаңабайұлы Баттал есімді қария, осы өңірде XIX-XX ғасырлар тоғысында өмір сүрген, халық арасында «Аппақ ишан» деген атпен белгілі болған Сейдәшім ишанның өмірінен бір үзік деректі ауызша сұхбат кезінде жеткізген

еді. Баттал қарияның айтуынша, әкесі Жаңабай балалық шағынан сопылыққа ден қояды. Оның сопылықта өз ұстазын тауып, сол жолға біржолата түсуіне, өңірге XX ғасырдың басында Арқадан көшіп келген кіші жүз, тама руынан шыққан Құлжан молданың септігі тиген. Құлжан молда Бұхарада оқыған, ислам орталықтары – Бағдат, Шам, Мысыр жерлерінде діни білімін ұштаған өте сауатты молда болса керек. Жаңабай мен Құлжан молда арасында рухани достық орнап, молда Жаңабайға сопылық жолда ұстазсыз болмайтындығын түсіндіріп, оған сол кезде ишандар көп шоғырланған Ташкенттен өзіне бір тапқаны дұрыс екенін айтып, бағыт береді. Жаңабай алғаш, 9-10 жастар шамасында, елден Ташкентке мал айдап шыққан кіреге (малын сатып, Ташкеннен басқа тауарлар сатып алуға барушыларды осылай атаған) ілесіп жолға шығады. Алайда, бұл сапарда оның жолы бола қоймайды, кіре саудамен Ташкенде болған 3-4 күн ішінде ол өзіне бір тауып үлгермейді. Кейінірек Құлжан молда Жаңабайға бүкіл түркі дүниесінде «пірлердің пірі» атанған Арыстанбабтың басына барып, сол аймақта Аппақ ишан деген атпен белгілі Сейдәшім ишанға қол беруі жөнінде кеңес береді. Көп ұзамай, дәлірек айтқанда 20-шы жылдардың басында Жаңабай Арыстанбаб басына барып, сол жерден Сейдәшім ишанды іздеп тауып, оған

пірі ретінде қол береді (сопылық бағытта рухани ілім, міндетті түрде, ұстаз бен шәкірт, яғни мұршит пен мұрит арасындағы тікелей байланыс арқылы беріледі, сопылық жолға түскісі келген адам өзіне ұстаз тауып, өзінің рухани тәрбиесін сол ұстазға тапсыруы тиіс – бұл сопылықта «пірге қол беру» деп аталады – Е.Қ.). Жаңабай ұстазына Талас жеріне көшіп барып, сол жердің халқының рухани тәрбиесімен айналысуы туралы ұсыныс жасайды. Осы орайда, қазақ тарихында қожаларды, рухани ұстаз ретінде еліне көшіріп алу фактілері бұған дейін де орын алғандығы еске түседі, бұл құбылыс жөнінде жазушы Қ.Жұмаділдің «Прометей алауы» атты шығармасында жақсы суреттелген [1]. Түркістан жерінен Қазақстанның шығысына, Семей өңіріне қоныс аударған қожалардың рухани миссиясының нәтижелі болғандығының айғағы – Абай, Шәкәрім сынды ұлы тұлғалардың қазақ руханиатындағы алатын орны – қожалардың қазақ халқының рухани дамуындағы қомақты үлесінің бұлтартпас айғағы болып табылады.

Сонымен, шәкіртінің қолқа салуымен Талас жеріне көшіп келген Сейдашім ишан, өзінің рухани қызметін Жаңабайдың ауылы – Көшек жерінде мешіт салғызудан бастайды. «Сейдашім ишан ел арасында өте сыйлы, қадірлі болды, – деп жалғастырады Баттал қария әңгімесін. – Ол отбасын құрып, бірнеше бала (4 ұл, 2 қыз) сүйеді. Бірінші жары, жергілікті Ысты руынан тарайтын ойық, қызылқұрттың қызы, екінші жары сол ойықтың көкшекөз руының қызы болды». Оның отбасылық өмірінің осы фактілеріне қарап, қожалар өздерін ақсүйекпіз деп, қазақпен қыз алыспаған, өздерінің тегін таза сақтауға тырысқан деген пікірдің біржақты, үстірт пікір екендігіне көз жеткіземіз (мүмкін, бұл қасиет, яғни өзін халықтан бөліп, жоғары ұстамау, нәпсісін ауыздықтауда үлкен деңгейлерге жеткен шынайы сопыларға ғана тән болған шығар – Е.Қ.).

Осы жерде оқырманның ойында жауынгерлік атеизмді басты идеологиясы деп жариялаған, қылышынан қан тамған кеңес билігі тұсында сопылықтың өріс алуын қалай түсінеміз деген заңды сұрақ туындауы мүмкін. Кеңес дәуірінің аталмыш кезеңімен терең айналысқан, белгілі алаштанушы ғалым М.Қ. Қойгелдиевтің зерттеулері бойынша, 20-жж. басында қазақ қоғамында діншілдіктің артқандығын байқауға болады. Сөзіміз дәлелді болу үшін ғалымның осы мәселеге қатысты пікірін толықтай келтірейік: «Тарихи дереккөздері шамамен 1922 жылдың соңынан бастап қазақ қоғамында ислам дініне ықыластың арта түскендігін көрсетеді. Бұл қоғамға апат әкелген Азамат соғысы, аштық және жұттан кейінгі кезең болатын. Басым түрде қазақтардан тұрған барлық өңірлерде аудандық мұхтасибаттар, ауылдарда діни салт-дәстүрлерді атқаратын орындар, діни мектеп-медреселер және шариятқа сүйенген ақсақалдық соттар қалыптасып, халыққа қызмет көрсетті» [2, 445]. Осы ретте, Сырдария губерниясындағы мұсылман мектептерінің басым бөлігі, яғни 80 %-ы революциядан кейінгі уақытта, ал қалған 20 %-ы ғана революцияға дейінгі мезгілде жұмыс істегені жөніндегі факт назар аударуға тұрарлық [2, 447]. Революциялық өзгерістерден кейінгі уақытта қазақ қоғамындағы ислам діні ұстанымының арта түскендігін мынадан да байқауға болады: 1923 жылы Уфа қаласында Бүкілресейлік мұсылман дін

қызметкерлерінің II съезі өтіп, съезде болашақта Орталық Рухани Басқарма жанынан Қазақ бөлімін ашу туралы шешім қабылданады [3, 126].

Революциядан кейін қазақ қоғамында ислам діні ықпалының арта түсуінің бірқатар себептерін көрсетуге болады. Революциядан кейінгі алғашқы жылдары кеңес үкіметі, өзінің іргесі әлі беки қоймауы себепті және халықты өзіне тарту мақсатында шығыс аймақтардағы мұсылман халықтарына қатысты белгілі бір жұмсақтық танытқан болатын. Мысалы, 1922–1923 жж. ОГПУ-дың Шығыс бөлімінің мұсылман аймақтарындағы жергілікті ОГПУ бөлімдеріне жіберген циркулярлық хаттарында репрессивті тәсілдерді шектеу туралы, оны тек қарулы көтерілістер мен террорлық актілердің алдын алу мақсатында ғана қолдану қажеттігі жөнінде айтылған. Сонымен бірге контрреволюцияның ұлттық және діни формаларымен «нәзік», «ерекше такт арқылы (әдептілікпен)» жұмыс жасау ұсынылды [4, 56–57].

Ал, большевиктер партиясы мен ОГПУ басшылығы революциядан кейін ислам дінінің ықпалының күшеюін қоғамның экономикалық жағдайының оңалуымен және антисоветтік күштердің мақсатты қызметімен байланыстырды [2, 449].

Сонымен бірге, бұл жағдайдың үшінші себебін де көрсетуге болады. Бұл сол кезеңде орын алған әлемдік дамудағы үдерістермен байланысты, яғни бүкіл әлем халықтарына зор қасірет әкелген бірінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі адамдардың көңіл-күйінде, жан дүниесінде орын алған жағдаймен түсіндіріледі. Осы кезде қарапайым халық арасында ғана емес, ғалымдардың арасында да ақырзаман туралы ойлар белең алады. «Бірінші дүние жүзілік соғыстан кейін, – деп жазды К.Ясперс, – әңгіме енді тек Еуропа күнінің батуы ғана емес, барлық мәдениеттер күнінің батуы туралы болды. Жалпы адам баласы өмірінің ақырына жеткендігі туралы көңіл-күйлер белең алды, барлық халықтар мен барлық адамдарды толық қамтыған өзгерістер құрдымға апара ма, жоқ әлде жаңаның тууына ұласа ма деген сұрақ туындады. Бұл әлі де болса дүниенің ақыры емес еді, бірақ ақырзаманның болу мүмкіндігі жалпыға мәлім болды» [5, 124–125].

Осы кезеңде тарихты зерделеудің таза материалистік теориясы – марксизмге қарсы тұрған жаңа теория – өркениеттілік теория пайда болды, ол өз негізі бойынша идеализмді басшылыққа алған теория еді. **Өркениеттік теорияның негізін қалаушы ағылшын тарихшысы А.Тойнби «таихтың мағынасын» Құдайдан іздеді.** «Тарихты танудағы біздің келесі нысанамыз, – деп жазды ол, – экономикалық және саяси тарихты екінші орынға ысырып, басымдықты дінге беруіміз керек. Өйткені дін, соңғы нәтижеде, адамзаттың шынында да ең маңызды шаруасы» [6, 54].

Өркениеттік теорияның ірі өкілдерінің бірі К.Ясперстің де көзқарастары осыған жақын болды. «Тарихтың мағынасын» ол келесі тезистермен көрсетті: «1. Мақсат деп адамның өркениетке және адамгершілікке жетуін есептейді; 2. Мақсат деп еркіндік пен еркіндікті сезінуді айтады; 3. Мақсат деп адамның ұлылығын, рух шығармашылығын, мәдениетті қоғамдық өмірге енгізуді, даналықтың әрекетін санайды; 4. Мақсат деп адамның болмысын ашу, тереңдегі болмысқа жету, басқаша сөзбен айтқанда Құдайды ашуды айтады» [7, 168].

Көріп отырғанымыздай, қарастырылған кезеңде

діншілдіктің артуы үрдісі тек кеңес мемлекетінде ғана емес, бүкіл әлем халықтары арасында да орын алған екен. Сейдәшім ишанның Талас жеріндегі рухани қызметі дәл осы кезеңге тұспа-тұс келеді.

1933 жылы Жаңабай сопы пірі – Сейдәшім ишанмен бірге Талас ауданының Қызыл-әуіт деген ауылына көшіп барып, сол жерде халықты рухани тәрбиелеу қызметін ары қарай жалғастырады. Жергілікті халық арасында үлкен беделге ие болған ишан 1939 жылы дүниеден өтеді (туған жылы 1870 жыл шамасы). Сол Қызыл-әуіт ауылында Сейдәшім ишанның құрметіне халық ескерткіш-тақта қойған, оған *«Бұл жерде ел арасында Аппақ-ишан деген атпен белгілі болған, Жаңабай сопының пірі Сейдәшім ишан жатыр»* деп жазылған. Сейдәшім ишанның Қызыл-әуіттің дәл қай жерінде жатқандығы былтырғы жылға дейін белгісіз болып келген еді. Былтырғы жылы, тағы да сол Баттал қарияның көмегімен ишанның жатқан жері дәл анықталды. Баттал ақсақалдың айтуынша, әкесі – Жаңабай сопы өмірден өтер алдында, ұлдарына, денесін пірі – Сейдәшім ишанның аяқ жағына қоюын өсиет етіп қалдырған екен.

Жаңабай сопы да ел арасында аса қадірлі болыпты, Баттал ақсақалдың айтуынша, алыс-жақын аймақтардан келген қонақтар Жаңабай сопының алдына келіп, амандаспай өтпейді екен. *«Әкей жан-жағына адамдар топтастырып жүретін көшбасшы болды дей алмаймын, бірақ кісінің ала жібін аттамайтын, қолынан келсе көмегін аямайтын, бай-бақуаттыларға көз аларта қарамайтын, имандылыққа барынша ұйыған кісі еді. Үнемі жастығының астына ақ матаға оралған 2-3 кітапты тығып ұстайтын, ешкім жоқта пірі – Сейдәшім ишан екеуі сол кітаптарды оқып отыратын, сырттан біреу кірсе, кітаптарды жастықтың астына тыға қоятын»*, – деп жалғастырады әңгімесін Баттал ақсақал. Бұл уақыт кеңес өкіметінің дінге қатысты саясатында түбегейлі бетбұрыс орын алған кезеңге сәйкес келсе керек. Дәлірек айтқанда, 20-шы жж. екінші жартысынан бастап жауынгерлік атеизмді басты идеологиясы деп жариялаған кеңес билігі дінге қарсы аяусыз шабуылын бастайды. Осы кезеңде большевиктер партиясының тікелей тапсырмасымен жергілікті ОГПУ Қазақстан жеріндегі дінбасыларына қарсы репрессиялық әрекеттерін бастаған болатын. «Ишандар ісі» деген атау алған дінбасылары мен ишандарға қарсы жүргізілген тергеу ісінің құжаттары ҚР Оңтүстік Қазақстан бойынша Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті департаментінің мұрағатында сақталған [7]. Тергеуге алынған ишандар тізімі Оңтүстік өңірінде Аппақ ишан есімімен белгілі болған – Сейдахметов Аппақ Мақсұм (1864-1931) ишаннан басталады. Репрессияға Аппақ ишанның өзі ғана емес, діни қызметпен айналысқан бауырлары мен балалары да түскен [1, 459].

Кеңес үкіметінің дінбасыларына қарсы шабуылы 30-жылдардың екінші жартысында өзінің шарықтау шегіне жетеді. Осы жылдары Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияда жүргізілген **«Сопы» операциясы нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан өңірінде бірқатар ишандар ату жазасына бұйырылды, солардың қатарында:** Хансейітов Сыдық, Омартөреев Жүсіпхан, Ишанханов Гүлтөре және Жәңгірқожаев Әлкен және т.б. көптеген ишандар бар [2, 506-523].

Бүкіл Қазақстан жерінде, соның ішінде Оңтүстік

өңірінде ишандарға қарсы жүргізілген қуғын-сүргін уақытында Жамбыл облысы Талас ауданында өмір сүріп, халықтың рухани тәрбиесімен айналысқан Сейдәшім ишанның бұл қуғын-сүргіннен аман қалуын немен түсіндіруге болады? Бұл жағдайдың басын ашуға көмектесетін нақты мәліметтер болмағандықтан, тек мәселеге қатысты өз пікірімізді айтумен ғана шектелеміз.

Қуғын-сүргін материалдарын талдағанда байқанымыз, кеңес үкіметінің дінбасыларына қарсы шабуылы негізінен, дін қызметкерлері мен ишандар көп шоғырланған Оңтүстік Қазақстан жерінде өріс алған. Туған жері сол Оңтүстік Қазақстан, дәлірек айтқанда, Түркістан аймағы болған Сейдәшім ишан, алайда, ол жерден революциядан кейінгі алғашқы жылдары-ақ кетіп қалғаны жөнінде жоғарыда айтылды. Сонымен бірге, дін қызметкерлеріне қарсы жүргізілген репрессиялық әрекеттің бір себебі, оларды бай-құлақтар ретінде жою, мал-мүлкін көмекселеу болғаны тергеу материалынан белгілі. Мысалы, Аппақ ишанның ұлы – Бахабулла ишан тергеуші сұрауына жауап бере отырып: *«Ауылдан безіп кетуімізге себепші болған жайт – біз көтере алмаған астық салығы»*, – деп нақты көрсетеді [3, 7-8-пп.]. Ал Сейдәшім ишанның, кеңес үкіметін қызықтыратындай мал-мүлкінің болмауы оның қуғын-сүргіннен тыс болуына ықпал еткен болуы мүмкін. Оның үстіне, Сейдәшім ишанның Талас жерінде көп мүриттері де болмаған тәрізді, оның рухани ілімі жаңа жерде терең тамыр жая қоймаған болуы керек, өйткені, оның Талас жеріндегі рухани қызметі дінсіздікті басты идеологиясы ретінде ұстанған кеңес билігі кезеңіне тұспа-тұс келген еді.

Сонымен, Баттал қарияның әңгімесіне қайта оралайық. Қарияның айтуынша, Жаңабай сопының ұлдары әкелерінің 100 жылдығына орай, басына қызыл кірпіштен биік кесене тұрғызыпты. Дәл осы жақсы сақталып қалған кесене арқылы былтырғы жылы жатқан жері дәл белгілі болған Сейдәшім ишанның басына ұрпақтары көктастан ескерткіш орнатып, бүкіл Қызыл-әуіт, Талас жұртын жинап үлкен ас берді.

Ел аузында Сейдәшім ишан жайында көптеген аңыз-әңгімелер де қалған. Соның бірінде, Талас жерінде егістікке су жетпей жатқан кезде ишан өзінің кереметімен суды кері ағызып, егістікке су жеткізгендігі туралы айтылады. Бұл аңыз сопы әулиелеріне тән болған керемет көрсету құбылысынан хабар береді. Осы жерде, исламдағы әулиелік құбылысына, мәселемен арнайы айналысқан тарихшы-ғалым ретінде қысқаша тоқталып кеткім келеді. Арабтың «уали» (көпше түрі «аулийа») сөзінің бірнеше мағынасы бар, атап айтқанда, «қамқоршы», «сенімді адам», «Құдайдың қамқорлығындағы кісі», «Құдайдың досы», деген мағыналар береді [9, 45]. Бұл сөз Құранда Аллаға қатысты, Алла Тағаланың «мұсылмандардың қамқоршысы» екендігі мағынасында қолданылған. Құранда мұсылмандардан тек Алла ғана шынайы қамқоршы және көмекші екенін мойындау талап етіледі. Сондықтан да Құдайдың қамқорлығында деп есептелген адам ерекше кісі, «Алланың досы», яғни «әулие» деп саналады. Бір сөзбен айтқанда, әулиелер деп ерекше діншіл, тақуа адамдарды сипаттауға болатын тәрізді. Мұсылман әулиелерінің қалыптасуына ықпал еткен исламдағы сопылық бағыт болды. Сопылықта өзінің ерекше тақуалығымен, терең танымы мен діни жанкештілігі арқасында

даңқы шыққан аса ірі сопы ғұламалары тірі кезінде-ақ әулие атана бастайды, ал мұндай әулиелер қайтыс болғаннан кейін, мұсылмандардың оларға деген құрметі, олардың мазарларына зиярат ету арқылы жалғасын тапты. Сопы ғұламалары (ас-Сулами, Кушайри) әулиелер өмірбаянын жазып қалдырған, онда әулиелердің өмірінен қызғылықты жайттар, олардың әулиелік дәрежесіне жету жолдары және көрсеткен кереметтері баяндалған. Әулиелер өмірбаяндарынан көретініміздей, әулиенің Құдайға жақындығы, оның ерекше ішкі қуатынан, керемет көрсетуге мүмкіндік беретін Құдай шапағатынан (барака) көрініс табады. Бұл күш-қуат адамның ойын оқу, науқасты емдеп жазу, құс тәрізді ұшу, судың бетімен жүру және бір мезгілде әр түрлі жерлерде болу сияқты, әдеттен тыс қабілетке ие етеді [9, 48]. Мысалы, атақты Хорасан бабтың күн сайын бамдат намазын Меккеге барып оқып қайтатындығы туралы әңгіме ел арасында кең таралған (осы орайда, қазіргі ғылымның дамуы, атап айтқанда, кванттық физика саласындағы ашылымдар (квант – материяның ең ұсақ бөлшегі, ислам дүниетанымындағы жаратылыстың негізінде жатқан нұр түсінігіне сәйкес келеді) әулиелер жасаған керемет шынында да орын алуы мүмкін екендігін көрсетіп отыр, оны кванттық шындық деп атайды. Кванттық физиканың заңдылықтары бойынша материя жоқтан пайда болады (дәстүрлі физикадағы материя мәңгі, ол тек бір формадан екіншісіне ғана ауысып отырады деген заңдылыққа қарама-қарсы), квант әлемінде уақыт, кеңістік ұғымдары дәстүрлі түсініктерден мүлде бөлек (тұрақты өлшемдер емес). Яғни, бір сөзбен айтқанда, кванттық әлем заңдылықтары дінде айтылатын рухани әлемнің заңдылықтарымен дәлме-дәл сәйкес келеді).

Сонымен, Баттал ақсақалдың жеткізген тарихи фактісі негізінде Қазақстандағы исламның тарихына қатысты бірқатар тың қорытындылар жасауға болады. Ең алдымен, қазақ халқының тарихында исламның сопылық бағыты сонау орта ғасырлардан бастап, кеңестік жауынгерлік атеизм саясаты толық жеңіске жеткен XX ғасырдың 40-жылдарына дейін үзіліссіз жалғасып келген.

Екінші қорытынды «Аппақ ишан» атауына байланысты. Қазақ тарихында бұл есіммен белгілі бірнеше ишан болған, ең алдымен, XVII ғасырда өмір сүрген, Шығыс Түркістан мұсылмандары арасында үлкен беделге ие болған Аппақ қожа. Екіншісі – Өбекстанның Қоқан қаласында туған, ұлты өзбек, жиырма бір жыл бойы Сауд Арабиясында білім алған, 1922-1929 жж. Түркістан қаласында дін қызметінде болып, медреселерде ұстаздық еткен, 70 жасында елде қалыптасқан жағдайға байланысты Сауд Арабиясына кетіп, сонда қалып қойған Аппақ ишан. Сонымен бірге, діни қызметі осы мақалада біраз қарастырылған, сол діни қызметі үшін **ОГПУ тарапынан репрессияға ұшырап, түрмеде көз жұмған Аппақ Мақсұм Ишан.** 1989 жылы 16 қаңтарда ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қаулысымен ақталған Аппақ Мақсұм ишанның Түркістан облысы, Бөйдібек ауданы, Шаян ауылындағы мешіті, медресесі және дәрісханасы біздің күнімізге дейін сақталып жетіп, тарихи ескерткіштер ретінде мемлекет қорғауына алынды (Бір қызығы, Аппақ Мақсұм ишанның репрессиядан аман қалған бауыры – Ыдырыс ишан Сейдашім ишанның қызы Сәлихаға үйленеді – Е.Қ.).

Аппақ ишандардың төртіншісі – ғылымда осы күнге дейін белгісіз болып келген Аппақ ишан. Ол XX ғ. алғашқы жартысында Жамбыл облысы, Талас ауданында халықтың рухани тәрбиесімен айналысқан, жергілікті халық әулие ретінде құрметтеген Сейдәшім ишан қосылып отыр. Аталмыш мәселеге байланысты мынадай қорытынды жасаймыз. Жалпы ишан деген сөздің өзі парсы тіліндегі үшінші жақ, көпше түрдегі «олар» деген есімдіктен шығады, яғни ишандарды халық ерекше құрметтеп, есімін көзінше ғана емес, сыртынан да атамаған. Ал «аппақ» деген сөздің шығу тегінен түсіну үшін тағы да сопылықтың тарихына көз жүгіртуіміз керек: сопылық тарихының өн бойында шынайы сопы, жалған сопы түсініктері болғандығы белгілі. Мысалы, Яссауи өз «Хикметтерінде» сопылардан риясыз, шынайы болуды талап етіп, жалған сопыларды аяусыз сынға алады, олардың қоғам үшін аса қауіпті екенін халыққа барынша түсіндіруге тырысады. Жалған сопылық құбылысының орын алуының өзі сопылықтың халық арасында айрықша беделге ие болуынан туындаған. Осы жағдайларға байланысты, **«Аппақ ишан» атауы шынайы сопыны жалған сопылардан айыру үшін, яғни сопының шынайылығын, тазалығын, айрықша тақуалығын көрсету ниетінен туындаған деп түсінеміз.**

Мақалада қарастырылған мәселе бойынша жасалатын келесі бір қорытынды, кеңес өкіметінің жауынгерлік атеизм саясаты сопылық тәрізді халық руханиатында ерекше сұранысқа ие болған құбылыстың бірте-бірте көмескіленіп, XX ғасырдың ортасына қарай мүлде жойылып кетуіне алып келген. Мұны Жаңабай сопының Талас өңіріндегі ең соңғы сопы болу фактісі айғақтайды (оның соңынан шәкірттері қалмаған).

Сөз соңында, ислам тарихының одан әрі зерттелуіне септігін тиізіп, Талас халқы арасында Аппақ ишан атымен белгілі болған Сейдәшім ишан туралы, сондай-ақ оның шәкірті – Жаңабай сопы туралы тарихи фактілерді жеткізген Жаңабайұлы Баттал қарияға Сейдашім ишанның ұрпақтары атынан, жалпы Талас халқы атынан және ислам тарихын зерттеуші ғалымдар атынан шексіз алғысымызды білдіреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Жұмаділ Қ.** Прометей алауы. Роман және әңгімелер. Алматы: «Атамұра», 2002. – 352 б.
2. **Қойгелдиев М.Қ.** Алаш қозғалысы: Монография. Екінші кітап. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.
3. Преодолевая религиозное влияние ислама. Сборник документов и материалов. – Алматы, 1990.
4. **Гусева Ю.Н.** Первые циркуляры Восточного отдела ОГПУ 1922–1923 гг.: советская контрразведка и «восточный» вектор российской политики // Отечественные архивы. 2018. № 2.
5. Қараңыз: Коломийцев В.Ф. Методология истории (От источника к исследованию). М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. – 191 с.
6. **Тойнби А.Дж.** Цивилизация перед судом истории. – М. – СПб., 1996.
7. **Ясперс К.** Истоки истории и ее цель. Вып. 2. – М., 1978.
8. ҚР Оңтүстік Қазақстан бойынша Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті департаментінің мұрағаты. 6-қор, 02488-іс.
9. Соблазны культа святых. Вместо предисловия // Подвижники ислама: культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе. – М., 2003.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ПЕН БАРЛЫБЕК СЫРТАНОВ және олардың демократиялық мемлекет құрудағы идеялары

Қымбат БАЙСАРИНА,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Дарын САДЫҚОВ,
Семей қаласындағы Шәкәрім мемлекеттік
университетінің 2-курс магистранты

Әр мемлекеттің қалыптасу тарихында, мемлекеттілігінің дамуында өзіндік көкейтесті мәселелері болған. XX ғасырдың басында Қазақ елінің тарихи өмірінде елеулі өзгерістерге толы, аса бір алмағайып оқиғалар болған еді. Атап айтқанда, бұл кезеңде Қазақ елінің барлық территориясы Ресей империясының ішкі отарына айналып, өзінің саяси-экономикалық дербестігінен айырылған, орыс мемлекетінің құрамдас бөлігі ретінде танылды. Ресей империясының отарлық саясатының тікелей әрекеті салдарынан, қазақ жерінің пайдаланылуының тартылып алынуы көшпелі қоғамның барлық қатынастарын шиеленіске ұшыратып, жергілікті халықтың монархиялық режимге деген наразылығын күшейте түсті. Жердің тартылуын және одан туындайтын зардаптарды жан-тәнімен сезіне білген қазақ зиялылары отаршылдыққа қарсы ұран көтеріп, саяси-идеялық жағдайды ұлттық мүдденің саяси мақсаттарымен ұштастыруды өздерінің тарихи борышы деп санады.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының саяси-құқықтық, реформаторлық көзқарастары негізінде ұлттық прогресс, саяси бостандық, отарлық езгінің құрсауынан құтылу және тәуелсіз, ұлттық, демократиялық мемлекет құру идеялары тұрды.

Халқымыздың осы еркіндігі үшін күрес жолында, мәңгі өшпейтін із қалдырған Алаш қайраткерлері – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов пен Барлыбек Сыртанов. Төменде олардың демократиялық мемлекет құру барысындағы атқарған қызметтерін қарастырмақпыз. Тәуелсіздік алған бойда қазақ ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің өмір жолымен, олардың артында қалдырған шығармашылық мұраларымен біразға дейін таныса алмай келдік. Қазіргі таңда олар туралы мәліметтер жетерлік.

Әлихан Бөкейханов XIX ғасырдың 80-жылдары Ресей империясының шығыстағы ірі саяси орталықтарының бірі Омбыдағы техникалық училищесін тәмамдаған. Ол Санкт-Петербургтегі орман-техникалық институтында оқып жүргенде шын мәнінде үлкен саясаттың қандай болатындығын түсініп, Ресейдің жаңа ғасырдағы тиімді даму жолындағы қайшылықты пікірлер қақтығыстарына куә болып, өзінің саяси ойын шыңдай түскен.

Саяси күрес жолына енді түсе бастаған ұлттық интеллигенцияның осы кездегі саяси-әлеуметтік бағдары, белгілі дәрежеде, Ресейдің радикалды буржуазиялық партиясы-кадеттердің ұстанған бағытымен бастапқыда тоғысқандығын білеміз. Өзінің бастапқы саяси күрес кезеңінде самодержавиялық

билікті ұтымды сынға алып, оған қарсы оппозицияда болған, конституциялық демократиялық партияның Қазақстанда бөлек ашылуына ынта білдіргендердің бірі Ә.Бөкейханов болды. Соның алғашқы көрінісінің бірі 1905 жылдың аяғында Орал қаласында Ә.Бөкейханов, Жаһанша Сейдалинов, М.Дулатов, Б.Қаратаев сияқты қазақ зиялылары өкілдерінің «Бес облыстық делегаттар съезі» өтіп, аталған бас қосуда жасаған «қазақ конституциялық-демократиялық» партиясын құру жөніндегі әрекеті болды.

Демек, бірінші орыс революциясы жылдарында Ә.Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан қазақ зиялылары өздерінің саясатқа араласқан алғашқы қадамдарында сол кезде патша үкіметіне оппозицияда болған кадеттер партиясын өздеріне белгілі дәрежеде үлгі тұтты.

Қоғамдық күреске түскен жас қазақ интеллигенциясының алдында көлденең тартылған өзекті жайлардың бірі – ел тағдырына қатысты жер мәселесі еді. «Айқап» және «Қазақ» басылымдары бұл мәселені ұлттық ауқымда көтеріп, пікірсайысқа айналдырды. Халық тарихында тұңғыш жүргізілген айтыс барысында авторлар екі баламалы пікірге бөлініп кетті. Б.Қаратаев, М.Сералин, Ж.Сейдалинов және басқалары бастаған бір тобы ішкі Ресейден шаруалардың жаппай келіп қоныстану жағдайында отырықшы нормасы болса да, егіншілікке қолайлы жерден үлес алып, отырықшылыққа көшуді қолдады. Бұл пікірдегілер жұртқа басшылық жасап, отырықшы нормамен жер үлесін алып қоныстанды. Оларға ерген оқымысты жастар қазақ отырықшылыққа көссе, оның арасында өнер-білім тарауға жағдай туады деп түсінді. Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов бастаған екінші пікірдегілер көшпелі шаруашылыққа үйренген қазақ отырықшы нормамен үлес алып, көндігіп кете алмайды, ал оны шығарған өкімет органдарының түпкі мақсаты еппен, айламен қазақ жерін көбірек алу және қазақтардың өз ризалығымызбен алдық деген пікір туғызу деп түсіндірді. 1918 жылға дейінгі қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде аса үлкен роль атқарған «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуінде Ә.Бөкейхановтың атқарған еңбегі аса зор.

Өзінің басқа да қатарластары сияқты Ә.Бөкейханов та қазақтың еркіндігі мен дамуының бірден-бір негізі – ұлттық, демократиялық мемлекеттің болуы деп түсінді.

«Ал 1917 жылғы Ақпан революциясының патшалық монархияны тақтан түсіруі Алаш жетекшілерінің жігерін тасытып, рухын көтерді. Бұл оқиға

қозғалыстың алдына жаңа міндеттер қойды. Содан қазақ өлкелерін жаппай шарпыған ұлт-азаттық күресті жаңа деңгейге шығаратын саяси ұйымның қажеттігі туды. Ондай құрылым 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынбор қаласында өткен бірінші Бүкілқазақтық съездің шешімімен дүниеге келген тұңғыш ұлттық-демократиялық «Алаш» саяси партиясы болған еді» [1, 50-б.]. Сол жылы бірнеше Алаш қайраткерлері бірігіп «Алаш партиясының бағдарламасын» жасайды. Бағдарламаның бірінші бөлімін «Мемлекет қалпы» деп атап, Бөкейханов: «Россия демократическая республика болу керек. Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесу. Федерациялық республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әр қайсысы өз мүсінігін өзі алып жүреді» деп көрсетеді [2, 14-б.].

Бұл жерде, **Ә.Бөкейханов болашақ қазақ мемлекетінің қандай жүйеде болу керек деген мәселені көтереді. Біріншіден, қазақ мемлекеті демократиялық, адам құқы қорғалған мемлекет болу керек.**

Екіншіден, қазақ мемлекеті тәуелсіз, өз еркіндігі өзінде, егеменді Ресейге тәуелді емес, тек басқа мемлекеттермен экономикалық, саяси, әлеуметтік қатынаста ғана болуы керек мемлекет. Бұл өз кезегінде, большевиктер «сыйлаған» автономия мен Кеңестер одағынан мүлдем өзгеше.

Кеңестер одағы кезінде Қазақ елінің саяси еркіндігі мен тәуелсіздігі былай тұрсын, керісінше оның отары, тек шикізат өндіретін аймағы болған. Сол қиын заманда айтылған ойдың қазір көрініс табуын Бөкейхановтың саяси көрегендігі екендігін ескеруіміз жөн шығар. Ол айтқан мемлекет, тәуелсіз, ұлттық, саяси жүйесі бойынша қазіргі ТМД мемлекеттеріне сәйкес. «*Үкімет басында Учредительное собрание мен Мемлекеттік Дума қалауынша кесімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы басқарады, ал Министрлер Учредительное собрание мен Мемлекеттік Дума алдында жауапты болады. Депутаттар өте құпия сайлаумен болады*» [2, 259-б.], – деп жазады Бөкейханов, яғни, ол айтып тұрған болашақ қазақ мемлекеті президент басқаратын президенттік республика және қазіргі қос палаталы парламентімізбен барынша үйлеседі.

Жүрегінде халқына деген сүйіспеншілігі бар Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және басқа да қазақ зиялылары сияқты, Барлыбек Сыртанов та қазақ халқын тәуелсіз, демократиялық мемлекеттердің санатынан көруді көксеген еді.

Әлихан Бөкейханов 1890 жылдары Петербургке барғанда **Б.Сыртанов, А.Теміровтердің** оқу бітіріп, елге қызмет етуге кірскен кездері еді дейді. Кейін **1911 жылы жазда Әлихан Бөкейханов Барлыбекпен келелі істерді талқылап болған соң «құшақтасып, сүйісіп айрылысқан едік»** деп жазады «Қазақ» газетіне [3].

Барлыбек Сыртанов – халқымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі, оның келешегі үшін аянбай төккен, абзал азаматтардың бірі. Оның есімі тарих беттерінен коммунистік тоталитарлық жүйенің қиянатты қаламымен әділетсіз сызылып қалған болатын. Ол – Қазан төңкерісіне дейін қазақ қоғамынан суырылып шыққан, жалпы демократиялық – прогрессивтік бағыттағы, қазақ елінің тәуелсіз ел болу хақындағы тұңғыш демократиялық конституцияның

жобасын жазған қазақ зиялысы. Кезінде оның есімі тек қазақ жұртшылығына ғана емес, сонымен қатар бүкіл түркі тілдес халықтарға мәлім болған, алқап білімпаздығымен, ақыл-ой парасатымен елді аузына қаратқан ірі қайраткер. Оның XX ғасырдың басында көтерген мәселелері мен ұсынған идеялары осы күнгі өмірдің көкейкесті мәселелерімен сабақтасып, үйлесіп жатқанына танданбасқа шара жоқ.

Кедей әулетінде дүниеге келсе де, он жасында Верный, қазіргі Алматы қаласындағы ерлер гимназиясына оқуға түсіп, білімге деген талпыныс пен құштарлығының арқасында, сол мекеменің басшысының көзіне түседі. Ол өз кезегінде Жетісу облысының әскери губернаторынан қаражат бөлдіріп, Барлыбектің ғылымға деген жолын ашады. «*1890 жылы Барлыбек Сыртанов Петербург университетін шығыстану факультетінің араб-парсы және түрік-татар тілдері мамандығы бойынша бірінші дәрежелі дипломмен үздік тәмамдайды. 1891-1894 жылдары Ташкент қаласында қызмет істейді. 1894 жылы 29-қыркүйекте Жетісу әскери губернаторының бұйрығымен облыстық басқармасының іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. Кейінірек ерекше тапсырмалардың кіші чиновнигі қызмет атқарады*» [4, 110-б.].

Орталық аппаратта қызмет ете жүріп Б.Сыртанов орыс чиновниктері мен зорлықшылардан жәбір көрген қазақтарды қызғыштай қорғауға тырысады, нашарлардан тартып алынған жер мен малды заңның бар мүмкіндігін пайдаланып, қайтарып берумен айналысады. Оның мұндай адам құқын қорғау бағытында қызметі, әрине, патша үкіметінің басшыларына ұнамағандықтан, оның орындаған тапсырмаларын мұқият қадағалап отырады. Осы қызметте жүргенде ол өз халқының арасында ағартушылықты таратуға да құлшына кіріседі. 1910-1913 жылдары Барлыбек Сыртанов құпия түрде қазақ өлкесін Ресейдің ішкі колониясынан шығарып, оны тәуелсіз республика статусы бар мемлекет қылып құру жөнінде устав жазады. Уставтың негізгі бағыты – Қазақстанның саяси бодандық алып, Ресейге отар емес, доминион (басқару билігі өзіндегі ел) ретінде танылуын жақтау. Мұндай пікірді Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда, жалпы қазақ тарихында ол тұңғыш рет көтерген осы Сыртанов болған.

«Қазақ елінің Уставы». Құжат небәрі 28 баптан тұрады және соған қарамастан мазмұны, осы күні де білгір ғалымдарды қайран қалдырады. Уставтың толық тексі 1922 жылы «Түрік бірлігі» газетінде жарық көрген еді. Содан кейін, көпшіліктің сұрауы бойынша, «Әділет министрлігінің хабаршысы» журналында жарияланған» [5, №1]. **«Уставтың» талаптары бойынша, Б.Сыртанов Қазақстанда республикалық басқару формасын енгізіп, Президенттік басқару емес, парламенттік басқаруды енгізу тиімді де қажет деп санайды.** Оның ойынша, «*Қазақ елінде ең басшы орын – Ұлт мәжілісі*» және ол өкілетті орган болғандықтан «*Қазақ елінің басшысы Президентті 4 жылға сайлайды*» [5, №1]. Парламент ең жоғарғы өкілетті орган ретінде мемлекеттің барлық органдарынан жоғары және есептерін тыңдатуға құқылы деген идеяны уағыздайды. Барлыбек Сыртанов не себепті парламенттік басқаруды жақтаған деген сұрақ туындайды? Әрине, оның АҚШ, Батыс Еуропа елдерінің конституциясынан жақсы хабары болған, «Уставты» солардың желісімен, ықпалымен жазған. Оның ойынша, қазақ қоғамына президенттік

басқаруға қарағанда парламенттік басқару жүйесін енгізу тиімді. Себебі, қараңғылық тұманы серпілмей тұрған ортада демократия әлсіз, оның жетістіктерін халық пайдалана алмайды, өйткені, саяси сана төмен, рулық сана басым. Сондықтан, қазақ қысымға көнген, өз еркін айқын білдіруге білімі де, өресі де жетпейді, билікке таласқан ру, партия басшыларының жемтігіне айналары сөзсіз. Міне, осындай ерекшеліктерді ескерген заңгер Б.Сыртанов президентті сайлауды парламенттің құзырына береді. Ал, парламентте сауатты, білім деңгейлері жоғары, бір сөзбен айтқанда, кәсіби жағы басым, халыққа танымал, ел арасында беделге ие болған, білімді және басқару ісін жақсы білетін, арнайы дайындықтан өткен қазақ зиялылары президент сайлауына толық сенім білдіреді. «Уставта» заңгер тоталитарлық жүйенің қалыптасуына жол бермейтін Ш.Л.Монтескьенің өкіметі болу теориясын арнайы баппен енгізеді. *«Егер заң шығаратын және атқарушы билік бір адамның немесе мекеменің билігінде болса, онда бостандық болмайды, себебі, бұл монарх немесе сенат тирандық заң жасай бастайды. Егер сот билігі заң шығарушы және атқарушы биліктерден бөлінбеген жағдайда да бостандық болмайды»* деген Ш.Л.Монтескьенің ойын «Уставтың» 3-бабында мынадай мағынада береді: *«Қазақ елінде билік жүргізу заң шығаратын, орындайтын нәм сот болып тұрады. Үш билік бір-біріне бағынбайды, бассыздыққа жол бермеудің белгісі болып тұрады»* [5, №1].

Барлыбек Сыртановтың конституциялық- демократиялық көзқарасында ерекше орын алатын мәселе – сот билігі. Бұл мәселе хақындағы оның саяси-құқықтық көзқарасы осы кезде баспа сөз беттерінде, заң әдебиеттерінде соттың тәуелсіздігін қандай тетіктер арқылы қамтамасыз етудің жолдары көрсетіліп, пікір-талас туғызып отырғаны белгілі. Қазақ ойшылы судьялардың әділ сот ісін жүзеге асыру барысында барлық жағынан тәуелсіз болуын өзі жазған «Уставта» асқан даналығымен, ұшқыр ойлы саналығымен, оны қамтамасыз ететін тетіктерді де көрсеткен. Ол сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуді «Уставтың» 23-бабында мына мағынада береді: *«Судьялар дау шешкенде хукметке, яки адам баласына бағынбай, закон нәм сот ережелері негізімен хукім шығарулары шарт судьяларға әсер жасағандарға соттың хукімі келеді»* [5, №1]. Б.Сыртановтың пікірінше, Судьялар Ұлт мәжілісінде өмір бойы сайланады. Заңды бұзған нәм орындамаған судьялар орындарынан алынады. Қазақ зеңгері судьяларды өмірлік етіп тағайындағаннан олардың жыл кесілмей сайлануын, тәуелсіздікте болуларын қамтамасыз ететін тиімді тетік екенін атап көрсетеді. Сонымен қатар, Барлыбек Сыртанов судьялардың тәуелсіз болуының тағы бір тетігі ретінде олардың ешқандай партиялар мен саяси ұйымдарға мүше болмауын талап етеді. *«Сот орнында партиялар болмауы шарт. Судьялар партияға кіру құқынан айырылады. Жасырын мүше болса, орнынан алынады»* [5, №1], – деп атап көрсетеді қазақ ойшылы.

Жоғарыда айтылған «Қазақ елінің уставын» тәуелсіздікті құжат күйінде жариялаған болашақ қазақ мемлекетінің негізгі заңының жобасы деп қабылдауға жөн. Себебі, оның мазмұнына мұқият талдау жасап қарасақ, әрбір бабы сол заманның талабымен ғана шектелетін құжат емес, сонымен қатар, ол осы күнгі тәуелсіз, құқықтық мемлекет құруға бет бұрған Қазақстан Республикасының күн

тәртібіне тұрған өзекті мәселелерге өз жауабын беріп тұрған сияқты.

Сонымен, Ә.Бөкейханов пен Б.Сыртановтың саяси-құқықтық, әлеуметтік-философиялық ойлары сол кезеңдегі қазақ зиялыларымен толық үндестікте болды. Барлығының алдында тұрған өзекті, көкейтесті мәселелерінің ең маңыздысы – Қазақ елін Ресей отарынан бөліп алып, өз алдына тәуелсіз Қазақ Республикасын құру болатын.

Атап айтқанда олар: ұлттық тәуелсіздік, өзін-өзі басқару, құқықтық мемлекет принциптерін қазақ қоғамына енгізу, ағарту ісін жақсарту, тілді дамыту, әдеттік құқық жүйесін жаңарту, олармен қатар шарифат заңдары мен ислам талаптарын бұлжытпай орындау сияқты биік мұрат, мақсаттардан тұрғанды. Қарастырылып отырған күрделі кезеңде қоғамның осындай ізгілікті даму бағытын армандаған зиялы азаматтар өз халқын жалпы адамзаттық биік рухани қағидаларға баулып, өз елін өркениет билігінен көргісі келген нағыз ұлтжанды қайраткерлеріміз Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Барлыбек Сыртанов, Міржақып Дулатов, Бақытжан Қаратаев, Жанша Сейдолин, Жақып Ақбаев, Мұстафа Шоқай және тағы да басқа ойшылдарымыз қоғамдық-саяси, құқықтық ой-пікірлердің өкілдері, реформациялық, жаңару мен бостандық идеяларының нағыз жаршылары ретінде танылды. Олар осы жолда қыруар еңбек етті, болашақ мемлекеттің заң жобасын жасады. Қазақ елінің демократиялық мемлекет болу керек екенін дәлелдеп көрсетті.

Қазір біз осы ардақты, абзал азаматтарымыздың жасаған еңбектері, олардың ой-пікірлері қазіргі күнгі өмірімізде көрініс тауып отырғанына куә болып отырмыз. Қазақстан жеке ел болып, тәуелсіздік туын көтерді, Ата заңымыздың қабылданып, еліміз демократиялық мемлекет атанды.

«2030 жылдың азаматтары мемлекеттің өздерінің құқықтарын қорғайтынына және мүдделерін биік ұстайтынына сенімді болады» [6, 30-б.]. Сондықтан да, ардақты ардагерлеріміздің ой-пікірлерін зерттеп, талдай отыра жарыққа шығарып, бүгінгі көздеген мақсатымызға негіз ретінде пайдалана білсек, нұр үстіне нұр. Олардың ұлт болашағы үшін әр бағытта атқарған ерен еңбектері еш ұмтылмақ емес. Тарихи тұлғаларды естен шығармау, оларды танып білу, олар туралы үнемі насихаттау тарихи сананы қалыптастырудың бірден-бір қайнар көзі.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены взгляды и демократические подходы деятелей Алаш, а также политико-правовые идеи.

The article considers the views and democratic approaches of Alash figures, as well as political and legal ideas.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бөкір Ә.Қ. Алаш партиясы: Ұлттық мемлекет идеясы. // XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы. Астана: 2013
2. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. // Алматы: 1994
3. Д.Сейітжанұлы. Қазақтың тұңғыш жасар ұйымы - «Жерлестер» «Үшқиян» газеті 11 маусым 2009 жыл
4. С.Өзбекұлы. «Арыстары алаштың» // Алматы: 1998
5. «Түрік бірлігі». «Әділет министрлігінің хабаршысы» – 1992 – №1
6. Н.Назарбаев. «Қазақстан – 2030» // Алматы – Білім – 1998.

ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ОЯТҚАН

(«Оян, қазақ!», «Тұр қазақ!», «Жатпа, қазақ!» кітаптары негізінде)

Е.КҮЛДІБАЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
С.САРКУЛОВА,
PhD доктор, Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық университеті

Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері Міржақып Дулатов 1909 жылы Орынборда жарық көрген «Оян, қазақ!» кітабында қазақ халқының әлеуметтік тұрмысын, айқын идеясын, мұрат-мақсатын талдауға алып, патшалық Ресей үкіметінің отаршылық саясаты қазақ халқына тырнағын батырып, жерін тартып алып, тілі мен ділін орыстандыра бастағанын нақты сынға алған еді.

Тарихшы ғалым М.Қойгелдиев жазуынша, «Оян, қазақ!» отаршыл әкімшілік орындарына үлкен қолайсыздық тудырған алғашқы кітаптардың бірі болды. «Қазақ елінің қоғамдық санасына ең жақын жанр-өлең түрінде жазылған бұл кітап сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамдық өмірінің ең зәру саяси-әлеуметтік мәселелерін көтеріп, ұлттық сананың оянуына үлкен қызмет жасаған болатын»,— деуі, міне, осының дәлелі [1; 176].

Алаштанушы К.Нұрпейіс Міржақыптың «Оян, қазақ» жайында: «XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер көркем сөзбен шыншыл кестеленген. Патшалық Россияның отарына айналған ел мен жердің тағдыры, оқу-ағарту мен дін жағдайы, жетім-жесірлер халі, ауылдағы сайлау ісі — «Оян, қазаққа» тақырып болған мәселелер. Сонымен қатар Міржақып қазақ жастарын оқып, білім алуға, орыс тілі мен өнерін үйренуге шақырады»,— деп жаза келе, осы «Оян, қазақ!» арқылы ол «халқының өткенін сайрап», өзі өмір сүрген сол кезеңнің кемшілігін зарлап айтты»,— дейді [2; 48-49].

В.Ғалиев Міржақып Дулатовқа арнаған «Халықты оятқан кітап» атты еңбегінде оның «Оян, қазақ!» көтерген әрбір мәселесі қазақ қоғамында аса өзекті екендігін айта отырып, ұлтты бостандық жолына, теңдікке рухтандырды деп тұжырымдады [3; 422].

Міржақыптың «Оян, қазақ»:

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал қарап боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты,—

деп басталып, ұлтты дүр сілкіндіріп, қатарға қосылуға шақырады. Сөз басында «...мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін қойып, көңілін ашып, мұнымен ақыреттік пайдамызды табалық. Екінші, дүниемізде қажетті халқыларымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, басқалардан қорлық көрмес үшін орысша оқып, өнерлі болалық»,— деуі, білім алып, көзді ашып, мәдениетке қарай ұмтылуға үндеуінде.

Міржақып «Оян, қазақ» кітабында қазақ халқының бұрынғы және сол кездегі жағдайына тоқталып, өзіне қаратып тағылым алып, өзгеге үйретпей «неге ұйықтап» жатырсың деген сұрақ қойып, өзі соған жауап беруге тырысады. Ол бұрынғы өткен қазақтардың орыстар келгенше өмірінің қандай болғандығын саралай келе, қазақтардың бай, билері

байлықтарына масаттанып, билік үшін сайлауға түскендер бар ақшаларын, малдарын шашып, арты жанжалға, ұрыс-таласқа, төбелеске ұласып, ағадан іні айырылып, атадан ұл безінген заманға айналып бара жатқандығына күйінеді.

1731 жылы патшаның қол астына қараған қазақтардың жері қазыналыққа айналып, балалардың бейіттері көшенің арасында қалып, олардың тасын, монша салуға, ағашын отқа жағуға алып жатқан зар заманға айналып бара жатқандығына, халықтың ақылынан адасып, орыстардың жетегінде кетіп бара жатқандығына ашынады. Ол надандықтың қармағына іліккен халық мектеп ашсам, білімге қарай ұмтылсам деген талаптың аздығын, қазақ жастарының білім алатын медреселердің жоқтығына, бар медреселердің өзі сәбилерді азапқа салып, дүре соғып, құраннан басқа ілім бермейтіндігін сынға алады.

Ол халықтың қараңғылықта болуы, өнер-білімге талпынбауынан, болашаққа ұмтылмауынан екендігін айта келе, дүние жүзінде өнер-білімнің арқасында ат жекпестен жүретін автомобиль, аспанда ұшатын шар, жер астында жүретін, шөп шабатын машиналар сияқты түрлі ғажайыптар жүзеге асырылып жатқандығын, бұл адамдардың ғылымға бой беріп, өнерге қарай талпынуынан, сол жолға түсуінен дейді. Қайраткер жалғыз ғана қазақтың ешбір іс істемей, қарап жатуын надандыққа балайды. Бар ісі бай болып, мырза атанып, малын шашып, сайлауға қатысып, болыстыққа, ауылнайлыққа таласуын, ел арасындағы ұрлық, қарлық, барымтаға, төбелес, жанжалға, керіс әңгімеге бой ұрдырып, қазаққа жат әрекеттердің бойға сіңіп бара жатуын заманның алға емес, кері кетуінен, ұлттық салт-дәстүрден аттау деп түсіндіреді.

М.Дулатов, біріншіден, қазақтың жерден айырылуын үлкен қатерге санады. «Қазыналық» деп шұрайлы жерді тартылып алып, келімсек мұжықтарға беріп, ал олардың моншаға деп зираттың тастарын алып, ағашын отқа жағып, қолдарынан келгенін істеп отыруын, бұл орыс билігінің жергілікті халықтың мүддесімен санаспай, соның нәтижесінде туындаған жағымсыз әрекеттер екендігін ашып берсе, екіншіден, қазақтың жерінен айырылуы, біреуге кіріптар қылатындығын, жермен қоса, су, тау, көлдер мен белдер де қолдан кеткендігіне өкініш білдіреді.

Міржақып орыстың қоныстандыру саясатының нәтижесінде қазақтар ащы су, шөлді далаларға ғана ығысып, он бес десятина жерге қамалып, бұрынғы қоралы қой мен қосты жылқыларын жаятын жер таппай қиналғанын үлкен қасіретке жатқызды. Үшіншіден, миссионерлер қазақ жеріне қаптап, өзге дінді насихаттап, саналарын улап жатқандығына қынжылады. Мұсылман дініндегі кейбір дүмше молдалар неке қиып, талақ, мирас ісінен, балаларды шала оқытудан басқа халық пайдасын көздеп

отырмағанын сынға алды.

Қазақты мүлгіген ұйқыда жатып, алға емес, кейін қарай құлдырауының себебін де осыдан көреді. Надандыққа мас, пайдамызға қас болмай, пайдалы іске қарай ұмтылуды үндейді. Оны – білімде, ғылымда, өнерде дейді. Алысқа бармай ұлтын сүйген Абайды, еліне қызмет еткен Ахметті, Ақмолда, Нұржан, Шөже, Орынбай, Мәшһүр Жүсіптің ғибратты істерін өнеге етеді [4; 3-17].

М. Дулатовтың «Оян, қазақ!» кітабы сынға да ұшырады, патша үкіметі тарапынан қуғындалды да. Ол Семейге келгенде жандарымдар тарапынан тұтқындалып, жүгіне тінту жасалды. «Айқап» журналында бұл жайында мынадай хабарлама басылды: «Қазақ зиялыларынан Міржақып әпенді Дулатов Петропавлдан Зайсан, Өскемен уездеріне саяхат ете бара жатып, Семей шаһарына тоқтаған еді. 6-ншы июньде полиция мамырлары тарпынан арестовать етілді». «Жандармский ротмистер өзінің қалтасынан «Оян, қазақ!» расаласын шығарып: «Бұл кітапты білесің бе, кім жазған?» сауалын берген. Дулатов: «Бұл кітапты мен жаздым нәм екі мәртебе басылып, екеуінде де цензураның рұқсаты болған» деп жауап берген» екен [5; 12].

Семей түрмесіне қамалған М. Дулатов «Оян, қазақ!» үшін қылмыстық істің 129-ншы бабының 2-нші бөлімнің, 1-нші тармағы бойынша айыпталып, ісі өлкелік сотқа тапсырылды [6; 12]. Сот ісі 1912 жылы 23 наурызда аяқталды. Бұл жайында «Айқап» журналына Мұстақым Малдыбаевтың төмендегі мазмұндағы хабарламасы басылды: «Өткен 23-нші декабрде Семипалат окружной соты Міржақып Дулатовтың ісін қарады. «Оян, қазақ» расаласын тәржіме еткен екі орыстан басқа, Дулатов тарапынан шақырған екі эксперт: семинарие учителі Нұрғали мырза Құлжанов нәм Рахметолла Елкібаев бар еді. Дулатовты присажни поверенни уайсир хамие етті.

Окружной сот кеше сағат 7-де Міржақып Дулатовты уголовни уложение 103-нші статиасының 2-нші пункті нәм 129-ншы статианың 6-ншы пункті бойынша айыпты тауып бір жыл крепостке хукім етті. Соттан бұрын 6 жарым ай түрмеде отырғаны есеп емес» [7; 12-]. Бұл үкімге Міржақып Дулатов риза болмады.

Міржақып Дулатовтың бұл кітабы қара түнге еңген сәуле болды. Кітап қазақ даласына бірден тарады. «Айқап» журналы жарнамалық бөлімінде «Оян, қазақ» кітабының сатылатындығы және 20 тиын тұратындығы жөнінде хабарлама басылды [8;12].

19 жасында «Тұр, қазақ!» кітабын жазған Байбатыр Ержанұлы жастардың білім алып, өнерлі болуын қалады. Міржақыптың «Оян, қазағынан» рухтанған ол тек оқумен, өнермен ғана алға жылжудың маңыздылығын өлең жолдарымен жеткізуге тырысты.

Байбатыр Ержановтың өмір жолдары туралы дерек тым мардымсыз. «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» кітабында ол жайында: «1895 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген. Әке-шешесі қалт-құлт еткен ғана күнелтісі бар кісілер деп еститінбіз. Соған қарағанда, Байбатырдың оқуын бітіріп шығуына сол кездегі көзі қарақты аққаттылау азаматтардың бірі көмектессе керек... Ол тек өлеңдер ғана емес, «Есентай» атты пьеса да жазған адам. Бірақ, ол шығармасын кітап етіп бастырта алмай кетті. Өйткені, автор 1919 жылы қайтыс болды. Ал, пьесаның ел ішінде тараған қолжазбасы

бойынша 1928 жылы біздің ойын қойғанымыз әлі есімде».– деген жолдар бар [9; 233].

Байбатыр Ержанұлы аз ғана ғұмыр кешсе де кейінгі жастарға өнеге боларлықтай, саналарына ой саларлықтай еңбек қалдырып кетті. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» кітабынан бес жылдан кейін яғни 1914 жылы осы кітаптың негізінде Қазан қаласындағы Орталық баспаханада «Тұр, қазақ!» кітабын бастыртты. Себебі ол кезеңде қазақ зиялыларының барлығы өз туындыларының көптеген бөлігін Қазан, Орынбор, Ташкент қалаларында басып шығаруға мәжбүр болған. Оның ішінде Қазан қаласының маңызы зор болатын. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде жарыққа шыққан 509 кітаптың 431-і татар баспаларында басылған [10; 304].

Автор кітаптың мұқабасында да Міржақыптың «Оян, қазағындағы» кітабындай мынадай төрт жол өлеңмен ашты:

Қазағым, қалың жаздым бұл кітапқа,

Алыңыз оқуменен ілтипатқа.

Жер кетіп, халі нашар болып қалды,

Аярып, мәз болмаңыз құр атаққа [10; 3].

Байбатыр Ержанұлының бұл кітабы 1910 жылы жазылған. Себебі, кітабының сөз бастарында 1910 жылдың 8 қыркүйегінде деп келтіріледі. Яғни Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» кітабынан бір жылдан кейін туындаса керек.

Байбатыр кітабының сөз бастарында «*әр халықтың ілгері басуына себеп болған жаңадан шыққан рисала, әдебиет, газеттер екендігін, бұлардың бәрі күллі қазаққа пайдалы болмаса, зияны жоқтығын айта отырып, қазақтың ұйықтап жатуының бірінші, білімсіздігі, екінші, оқығандардың аздығы*» дейді.

Бұл кітапты қолға алуының басты мақсаты жастарға уақытын босқа өткізбеуге тырысып, алға ұмтылуға жөн сілтеу екендігін ашық айтады. Байбатыр Міржақып сияқты кітабының басын қазақтардың тұрмыс-халінен бастаған. Жетімдік қасіретін тартып, аянышты күйін кешіп отырғандардың бар кінәсі қараңғылықтарында, надандықтарында дейді.

Қазақтың жастары, азаматтары әлі ұйқыдан оянбағандығы, малына, байлығына сеніп қана өмір сүретіндігі, сайлау кезінде бір-бірімен партия болып, болыстыққа таласып, ақшаларын босқа шашып, қырылысуы олардың білімсіздігінен деп топшылайды. Мешіт, мектептердің маңыздылығын насихаттап, жақсы мен жаманды, байлық пен бақты, қас пен досты айыра алмайтындардың надандығына ашынады. Ол үшін үлгі болатын іспен айналысып, өнерін өлмейтіндей қылып қалдырсын десе, оқу оқып, ғылымға қарай жылжу керектігіне үндейді [11; 12-18].

Автор Қостанай уезінің Арақарағай болысының Қыпшақ руындағы Нұржан Наушабаевтың 1904 жылы шыққан «Манзумат қазақия» деген өлең кітабын оқып, оған хат жазып, кеңес сұрайды. Н. Наушабаев оған жауап ретінде жазған хатын өлеңмен жіберген. Байбатыр оның хатына жауап беріп, адам бойында кездесетін мінез, қасиеттерді тоғыз түрде саралап береді. Оның біріншісі бойында сабырлық, әдеп, зеректік, ақылдылық сияқты қасиеттер болса, ер мінездігесанады. Екіншісі, барғабатыр, жоғынажомарт, ақылды артық, ашуға қысқа ұстайтын, үшіншісі, әрбір іске ұқыптылықпен қарайтын, үлкендерді тыңдайтын, жаспен жастай, үлкенмен үлкендей араласатын, төртіншісі, бір нәрсені үйренуге талпынған, бесіншісі, тұйық, мейірімсіз, сөзіне тұрмайтын, алтыншысы, тықылдақ, шапшаң мінезді, шақылдақ, өткір тілді, өзін

ұстай алмайтын, жетіншісі, зор кеуде, бейпіл сөзшең, сегізіншісі, тоң мінезді, тоңырайған, қорс еткен мінезді, тоғызыншысы, өзінің жөнін білетін адам. Байбатыр Ержанұлы қазақтың оянып, басын көтере уақыттың келгенін, оқыған зиялылар солардың көзін ашып, алдыға қарай жетелесе дейді [11; 20-23].

1911 жылы Байбатырдың «Айқап» журналына «Қазақ қалынан бір-екі сөз» және «Бір қазақ қызы» деген екі бірдей мақаласы жарияланды. Бірінші мақаласы «Тұр, қазақ!» кітабымен мазмұндас. Себебі, ол осы мақаласында ұйықтап жатқан қазақ халқын оятудың не үшін қажеттігін көтереді. Оның біріншісі, бізден басқа халықтар өнер, білім, ғылымға талпынуы, мәселен, ноғайлар түрлі адамдарға жақсы ой беретін рисалалар, кітаптар жазып, өз тілінде баспахана (матбұғат) ашуы, екіншісі, газеттер шығаруы, үшіншісі, мектептер ашып, шәкірттер жинап, мұғалымдармен қамтамасыз ету.

Қазақтың мал бағып, қыс күйлі, жаз жайлы болса, қымыз ішіп, шекелерін қыздырып, өнер, ғылым емес, болыс болам деп шапқылауы, шала-пұла оқыған надан молланы ұстап, құран оқығанға балаларым беріп, не оқи, не жаза алмай шығуының өзі қараңғылыққа бой ұру екендігін сынайды.

«Осы жаман пиғылдарымызды тастамасақ, біріміздің айтқанымыздан біріміз шықпасақ, орынсыз жерге қуатымызда сарф қылмасақ, халық пайдасын ойлап, ортаға мешіт-медресе салғызып, балаларды усыл тәлім жөніменен оқыттырсақ, кітаптар, газеттер, журналдар шығарсақ, марапаттың бірінші баспалдағына басқан болар едік.

Қайтеміз, өз пейілімізді білмей битке өкпелеп тонымызды отқа саламыз ба? Әлі де болса тырысып, әр істің оңына келуін бір Алладан тілеп, бас көтеру керек. Онан басқа қайран жоқ», – дейді [12].

Ал екінші мақаласы ерте айттырылып қойылған қазақ қызына арналды. Бұл жерде сайлауға түсу үшін қызын қолдайтын адамның есерсоқ, тілі сақау баласына бермектігіне, қазақ әйелді оқытудан қашып, зат есебінде ұстайтындығына қынжылыс білдереді [13]. Бұл жерде Байбатырдың еркек-әйел демей адам еркіндігін қолдағаны, қазақ жастарын болашаққа қарай жөн сілтеуі деп түсінеміз.

Міржақып Дулатов, Байбатыр Ержанұлынан кейін қазақтың жатпау, іске кірісуіне шақырған молда Әбілқасым Омар Арғыни. Оның «Жатпа, қазақ!» кітабы 1917 жылы Ташкенттегі Ғұлаиыма баспасында басылды. Бұл кітапты автор 1916 жылы ақпан аяғында бітіріп, баспаханаға бермек болғанда азаттық күні туады. 1917 жылы патша үкіметінің құлауына, Алаш зиялыларының қазақ тәуелсіздігі жолында күрес жүргізгендігіне куә болды. Осыған орай кітапқа өзгеріс енгізіп, патша заманының құрдымға кеткендігін, орнайтын жаңа үкіметтен не күтуге болатындығын жорамалдайды.

Алғы сөзінде ол халыққа қиянат әкелген зәлім патшаның құлауын қуанышпен қабылдап, енді басты көтеріп, алға ұмтылуға шақырды.

*Енді халқым көтерейік басымызды,
Құдай иеген уақытта көз жасымызды,
Ілгергі жалқаулықты бәрһәм етіп,
Ғылымға сарып қылсақ жасымызды,* –

деп, енді жастарға күн туғандығын, енді ол келмекке кеткендігін айта отырып, қазақ жері 1730 жылдан бері Ресей патшасының отарында болып, жерді кесіп, жақсысын орыс мұжықтарына беріп, қазақты суы жоқ, шөлейт жерге қуып, мұсылман дініне қысымшылық жасап келгендігіне тоқталады.

Әбілқасым Омар Арғыни да партия болып, сайлауға түсіп, болыстыққа таласып, малдарын шашудың етек алғандығын, қыздарын малға сатып, мұң мен зарын тыңдамай, күң есебінде ұстағандығын өткен заманның сарқыншағына жатқызып, орнағалы тұрған жаңа заманда білім де, ғылым да өрлейтіндігіне сенім білдірді. Қорлық көріп, малға сатылып шалға кеткен қазақ қыздарына бостандық туып, білім алуына, қызмет етуіне бар мүмкіншілік туатындығына қуанады. Ол қазаққа керектердің қатарынан ғылымды атайды. Екінші мектептің аса қажеттігін, оқу-білімсіз өрге шыға алмайтындығын қозғайды. Ал үшіншіге әділ шешім қабылдайтын қазыны жатқызады. Оның ойынша, қазы әділетті түрде қарастырса, жаламен істі болып кеткендер дауды мәселелер азаяр еді дейді [14; 2-7].

Әбілқасым Арғыни балаларға, ағаларға, аталарға насихат сөз арнады. Балаларды уақытты өткізбей білім алуға шақырса, ағаларға мәдениетті өмірге, өнерге қарай ұмтылып, көпке қызмет етуге ой тастайды. Ал үлкен аталарға намазды қаза қылмай, ораза ұстап, қолдан келсе көмек беріп, пайдалы іске жастарды жұмылдыруды насихаттауды ұсынады.

Бұл кітаптың бір ерекшелігі – 1914 жылғы бірінші дүниежүзілік соғыс барысындағы қазаққа келген қымбатшылық, 1916 жылғы патшаның қазақ жеріне салған лаңы, халықтың патша саясатына қарсы шығуы мен ұлт зиялыларының отарлық саясатқа қарсылығы, қазақты еркіндікке, теңдікке қарай рухтандырған «Қазақ», «Алаш» газеттерінің рөлі айқындалып, өзіндік тұрғыда бағалануы. Мәселен, «Алаш» газеті мен оның шығарушысы, ұйымдастырушысы Көлбай мен Мәриям Төгісовтер турасында қонымды мағлұмат берді.

Әбілқасым Арғыни жазғандай, «Алаш» газеті 1917 жылы емес, 1916 жылы 26 қарашадан бастап Ташкент қаласындағы «Туркестанский курьер» баспаханасынан шығарыла бастады. Газеттің бар-жоғы 22 саны ғана жарық көрді. Газеттің ресми редакторы М.Төгісова болғанымен де негізінде газетті шығару ісін Көлбай Төгісов өз қолына алды. Басылым демократиялық бағытты ұстанып, қазақ халқына қолдан келгенше қызмет қылып, түркі жолына бағыттап, саяси жағынан хабар беріп, қазақтың көзін ашпаққа, дүниеде болып жатқан оқиғалармен таныстырмаққа тырысты.

Газеттің алғашы санынан бастап Көлбай оқырман мен газетке мақала жазушыларға қазақ халқының әлеуметтік, экономикалық жағына мән беру қажеттігін баса көрсетуге тырысты. Басылымды қазақ халқы қуанышпен қарсы алды [15; 64-65].

Әбілқасым Арғыни «Алаш» газетінен бұрын қазақ даласында «Икбал», «Түркістан» газеті таралып, халықты Ташкенттегі болған жағдаймен таныстырып отырғандығын келтіреді. «Алаш» газетінің редакторы Көлбай Төгісовті *«жақсылардың ішіндегі данасы»*, ал газетті *«алшысынан туған, аса керекті»* басылымға жатқызады. Ол «Алаш» газетінен бұрын Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақтың» жарық көріп, жаңашылдықпен халықты таныстырып, жарыққа сүйрегендігін, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы» жер-жерге тарап, рухандырғандығын, қазаққа қорған болған Жақып Ақбаевтай азаматтың еліне істеген қызметіне сүйсінеді. «Алаштан» кейін Уфада «Ерік» газетінің, бұдан соң «Ұран», «Ұлық Түркістан» сияқты басылымдардың пайда болғандығын да атап өтеді.

Әбілқасым Арғыни 1914 жылы 15 шілдеде немістермен соғысқа солдат алу жөнінде бұйрық жариялап, содан бірінші дүниежүзілік соғыс ба-

рысындағы қазақтарға тиген қиыншылықтың барысын саралап берді. Оның айтуынша бұл соғыс байларға емес, қарапайым халыққа тырнағы қатты батқан. Нанның парқы үш теңгеге дейін, бір пұт ұн сексен сомға көтерілген. Ашыққандар қолында барын сатып, күнкөріс тауқыметімен тамақ іздегендерін қатары көбейіп бара жатқандығына налыды. Оның жазуынша, аштық Сырдария мен Ферғанада өршіген. Қымбатшылықтан ішерге тамақ, киерге киім таба алмай қиындалғандардың мүшкіл жағдайын саралайды [16; 134-164].

Қарап отырсақ, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы», Байбатыр Ержанұлының «Тұр, қазағы», Әбілқасым Арғынидың «Жатпа, қазағының» ойы да, алға қойған мақсат-мүдделері де, идеялары да бірдей. Елдің мүддесін, ұлттың болашағын ойлаған әр ақын оны өзінше көрсете білді, жөн сілтеді, жол көрсетті.

Бұл үш автор да халықтың оянғандығын, отаршылдыққа қарсы күресу жолына түсуді қолдады. Оны білімнен, ғылымнан, өнерден алуға шақырды. Парақорлық, дүниеқоңыздық, атаққұмарлық, мансапқорлық, ежүзділік, жағымпаздық, қатыгездік, жалқаулық сияқты адам бойын меңдеп алған жаман қасиеттерден аулақ жүру, арылудың маңыздылығын ескерткен.

Міржақып Дулатовта да, Байбатыр Ержанұлында да, Әбілқасым Арғынида да тарихқа терең үңілу, қазақтың басынан өткен түрлі оқиғаларды баяндау, солардан алар сабақтың тек жақсы жағын ғана қуаттау бар. Міржақып қазақ жерінде жүргізіліп отырған патша саясатын толықтай әшкереледі. Бұдан кейінгі екі автор да Міржақыптың «Оян, қазағын» негізге алып, соның ізімен кітаптарында қазақ қоғамында бой алған жамандық пен жақсылық істердің ара-жігін ажыратуға тырысты.

Қорыта айтқанда, XX ғасыр басында жарық көрген бұл кітаптардың тарихи маңыздылығы, тәрбиелік мәні зор. Әр зерттеушінің осы еңбектерден алар дерегі, айтар пайымы болары сөзсіз.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена исторической значимости, внутреннему содержанию произведений М. Дулатулы «Оян, қазақ!», Б. Ержанұлы «Тұр қазақ!», А. Арғыни «Жатпа қазақ!», опубликованные до 20 года XX-века в городах Ташкент, Оренбург и Казань.

Авторы, анализируя данные книги, ставят своей задачей продемонстрировать каждую из них призыв к учебе и образованию, пробуждающий казахский народ. Также определяет оценки авторов событий, происходящие в данных работах. Авторы уделяет

внимание на особенностях отдельной книги, опирается на различия и сходства между ними.

Ключевые слова: Казахские книги, Алаш, «Айқап», политика, история, религия, национальное сознание.

The article is devoted to historical significance, the internal content of the works of M. Dulatuly "Oyan Qazaq!", B. Yerzhanuly "Tour Qazaq!", A. Argyni "Zhatpa Qazaq!" published before the 20th century of the 20th century in the cities of Tashkent, Orenburg and Kazan.

The author, analyzing these books, aims to demonstrate each of them as a call to study and education, awakening the Kazakh people. Also determines the estimates of the authors of the events occurring in these works. The author pays attention to the features of a separate book, based on the differences and similarities between them.

Keywords: Kazakh books, Alash, «Aikap», politics, history, religion, national consciousness.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылым. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 б.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. – 256 б.
3. Галиев В.З. Книга, разбудившая народ (Разыскания о Мыржақып Дулатове и его сборнике «Проснись, казах!»). – Алматы: Мектеп, 2011. – 528 с.
4. Дулатов М. Оян, қазақ. – Орынбор, 1909.
5. Қорықпасов А. (Семипалат). Уақиғалар // Айқап. – 1911. – №6.
6. // Айқап. – 1911. – №7.
7. // Айқап. 1912. №1. февраль.
8. Қазақша пайдалы кітаптар // Айқап. – 1911. – №4. – 12-б.
9. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: «Ғылым», 1994.
10. Karimullin AG. Books and people. – Kazan Tatar book publishing., 1985. 304-б.
11. Ержанов Б. Тұр, қазақ! – Казань: Центральная типография, 1914. – 29 б.
12. Байбатыр бин Ержан Құлапаев. Қазақ қалынан бір-екі сөз // Айқап. – 1911. – №2.
13. Байбатыр Құлақбаев (Петропавл). Бір қазақ қызы // Айқап. – 1911. – №7.
14. Арғыни Ә. Жатпа қазақ! – Ташкент: Литография Г.Ж. Арифжанова, 1917.
15. Смағұлова С. Көлбай Төгісов және «Үш жүз» партиясы. – Алматы: «Арыс», 2009. – 232 б.
16. Дулатов М. Оян, қазақ!; Ержанұлы Б. Тұр қазақ!; Арғыни Ә. Жатпа, қазақ!; Өлеңдер/ Құраст.: Төрәлі Қыдыр, Камшат Мұстафаева. – Алматы: «Таңбалы», 2016. – 188 б.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) кафедраның соңғы 2-3 жылдағы

жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасы.

ЗОБАЛАҢ ҚҰРБАНЫ

(Мәннан Тұрғанбаев хақында)

Светлана СЫМАҒҰЛОВА (Смагулова),
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих,
археология және этнология факультетінің
профессоры, тарих ғылымдарының докторы

XX ғасырдың 30-жылдары сталиндік билеуші жүйеге қарсы шығып, зобалаң тырнағына ілініп, атылған қазақ зиялыларының арасында Мәннан Тұрғанбаев бар. Ағартушылық, журналистік қызметімен ерекшеленген қайраткер қазақ зиялыларымен бірге патша заманында да, одан кейін кеңестік кезеңде де ұлт мүддесі үшін қызмет етті.

Мәннан Тұрғанбаев 1886 жылы Семей губерниясы Қарқаралы уезі Абыралы болысының «Сарыапан» ауылында дүниеге келді. Ата-анасынан ерте айырылған оны әкесінің інісі Шәден тәрбиесіне алып, бастапқыда ауыл молдасына оқуға береді. Мәннанның білімге деген құштарлығын көріп, 1900 жылы қаражат жинап, Семей қаласына оқуға жібереді. Кәмәлиден хазіреттің медресесіне бірден қабылданған бозбала Мәннан сол оқу орнында алты жылдай дәріс алып, дін ілімін үйренеді.

1906 жылы туған ауылына келіп, төрт жылдай мұғалім болып, бала оқытады. Білімін одан әрі тереңдету мақсатында ол 1910 жылы Уфадағы «Ғалия» медресесіне түседі. Бұл медреседе қазақтың көп жастары білім алған еді. Солардың арасынан Мәннан Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Әбу Бөкеев, Әбілғазы Иманбеков, Ахметжан Күзембаев, Бекмұхамет Хүсейінов, Иса Тоқтарбеков, Шаймардан Ғұмаров, Нұғыман Манаев, Камалледиң Жайсақов, Ғаббас Қанафиев, Зәкір Ғабдуллин және т.б. қазақ жастарымен бірге оқыған. Медреседегі қазақ жастары ағарту мәселесіне аса ден қойып, қазақ оқулықтарына, емлесіне байланысты өз ойларын «Қазақ» газетіне жариялап отырған.

Медресенің жақсы жабдықталған физика, химия кабинеттері, бай кітапханасынан әрбір шәкірт ғылыми және көпшілік кітаптармен қатар татар, орыс, араб және түрік тілдерінде шыққан газет-журналдарды оқи алды. «Ғалия» медресесі басқа көп медреселерден оқу үрдісінің әлдеқайда жоғары болғандығымен ғана емес, шәкірттер ортасында еркін ойдың күші басым болуымен көзге түскен. Айтыс-тартыс, лекция, әдеби кештер жиі-жиі ұйымдастырылып, татар, қазақ, өзбек тілдерінде қолжазба журналдар шығарылып тұрды. Сонымен қатар медреседе шет мемлекеттерде білім алған Сейдшариф Жиганшин, Ғабдолла Шонаси, Хабиболла Зайни, Махмұд Сатай, Ғабдолла Фахри, Зәкір Қадри және т.б. оқытушылар дәріс берді.

1911 жылы «Ғалия» медресесіндегі қазақ шәкірттерінің қаражатымен «Әліппе яки төте оқу» атты қазақша оқу кітабы жарық көрді. Осы жылы «Ғалиядағы» қазақ шәкірттерінің көмегімен Ғұмар Қараштың «Өрнек» атты кітапбы басылып шықты [1, 236 б.]. Шыққан оқу кітаптар «Қазақ» газетінің редакциясы арқылы сатылып отырған. Бұл жайында газеттің 17 ақпанындағы санында қазақ шәкірттері Әбілғазы Иманбеков, Әбішахмай Бөкеев, Мұхаммед Хүсейінов және Мәннан Тұрғанбаев қол қойған хат жарияланып, онда «Біздің бастырған кітаптарымыздың ақшасының һәм қайтадан бас-

тыру ісінің бәрі Орынбордағы «Қазақ» газетасының басқармасы қарамағына көшті», – дей, енді кітапты газет басқармасынан сатып ала алатындықтарын ескерткен [2].

1913-1914 жылдары медреседе оқыған қазақ жастары «Садақ» атты қолжазба журнал шығарған. Журналға шәкірттердің роман, әңгіме, ертегі, өлеңдері, ескі билердің сөздері мен ішкі, сыртқы хабарлар, түрлі мақал-мәтелдер мен жұмбақтар басылып отырды. Медресе шәкірттері «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіне де түрлі тақырыптарда мақалаларын, хабарламаларын жариялаған. 1906-1916 жылдар аралығында «Ғалия» медресесінен ғалым Т.Кәкішев көрсеткендей, жалпы 950 адам білім алып шыққан [3, 61-62-бб.]. Бұл медреседен қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары Ж.Тілепбергенов, М.Жұмабаев, Б.Майлин, Т.Жомартбаев, Б.Серкебаев, барлығы 50-ден астам азаматтар білім алған. «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттері жиі-жиі бас қосып, мұқтаж шәкірттерге көмек көрсету, ағарту мәселелері жөнінде ақылдасып отырды.

1913 жылы «Қазақ» газетінің 41-42-сандарында (8, 15 желтоқсан) «Емле хақында» атты «Ғалия» медресесінде оқитын қазақ шәкірттерінің мақаласы жарияланды. Қол қойған жастардың арасында Мәннан Тұрғанбаев та бар еді. Олар Ахмет Байтұрсыновтың араб әрібіне негізделген жазуына қолдау көрсете отырып, кейбір түзетілуге қажетті деген деген жеті кемшіліктерді атап өтеді [4].

Медреседегі қазақ шәкірттері жиі-жиі кештер өткізіп отырған. Сондай кештердің бірі 1913 жылдың 13 желтоқсанында Дворяндар залында өткізілді. Бұл жайында Мәннан «Қазақ» газетіне шағын мақала жариялап: «...медресе «Ғалие» пайдасына ... әдебиет кеші жасалып, һәртүрлі ноғайша ән салынып, өлең айтылды, күй күйленді. Өз ретінде қазақ балаларына да кезек беріліп, ағартушылардың үні жақсы жігіттер шығып, ән салды, тамыдаушыларды риза қылды. Қазақ әндерін ұнатты», – деп жазады [5].

Медреседе оқып жүрген кездің өзінде Мәннан қазақ қоғамына аса қажетті мәселелерді көтерген. Солардың бірі қазақ балаларына білім беретін, оқытатын мұғалімдерді даярлау керектігі туралы болды. Ол үшін тез арада мұғалімдер курсына ашу қажет еді. Осы турадағы ойын «Қазақ» газетіне жариялаған «Мұғалімдер курсы керек» деген мақаласы арқылы айқын жеткізді. «Халықтың ілгері басу тегі тәрбиеші адамдардың қолында екендігі анық. Баланың оқу жасына шейін тәрбиешісі ата-ана, мектепке кіргеннен кейін мұғалім. Балалар бастауыш мектепте жегері қайтпай мол білім, үлгілі тәрбие алып шықса, бірінші ұлтын танып, екінші жеңіл тіршілік етуіне себеп болмақшы. Бастауыш мектептен көңілдегідей білім-тәрбие алып шықпаған баланың ілгергі жағынан үміті аз. Соның үшін біз қазақ оқығандары әлімізден келгенше

үйретушілерімізді түзетудің шарасын іздеуіміз керек», – дей тұрып, газеттің 66 санында Имам Әлімбековтің мұғалімдер курсын ашу турасындағы ұсынысына қолдау көрсетті және осындай мұғалімдер курсын Семей, Қызылжар, Троицкі, Орал, Астрахан, Түркістан және Қапал қалаларында ашуды ұсынды. Екіншіден, балалар оқытатын мұғалімдер аса аз болғандықтан ноғай медреселерінде оқитын қазақ шәкірттерін жазғы демалыс кезінде пайдаланудың қажеттігін көтерді. Шәкірттердің оқып жатқан медреселерден алған білімі жетерлік екендігін, тәлім-тәрбие беруге тұрарлық деңгейлігін баса көрсетті. «...ұлтқа пайдалы істе жүлде алып, біріншілік нұсқа көрсетуші басшылар табылса, бірте-бірте болмай да қалмас» деп үміттенді. Мәннанның айтуынша, бұл мұғалімдер курсын келер жылдан бастап ашу маңызды саналды [6].

Мәннан қазақ жастарының жоғары оқу орындарында білім алуына қалаған. Алайда тұрмыс ауыртпалығынан бірі ауыл мектебіндегі оқуымен ғана шектеліп жатса, екіншілері оқып жатқан оқуына төлерлік немесе күн көрерлік қаражаттың жоқтығынан оқуын тастауға мәжбүр болды. Жоғары медресе, институт, университетте оқитындардың қатарының бірден азаюы оның да көкейінен кетпеді. Әсіресе өзі оқып жүрген «Ғалия» медресесінде білім алып жатқан қазақ жастарының санының азайып кетуі алаңдатушылық туғызды. «*Медресе «Ғалие»-де биыл шәкірт жалдағыдан аз, біздің қазақ шәкірті осы күні – 17. Бұлардың 15-і белгілі сыныптарда оқиды, екеуі тыңдаушы. Бұлардан басқа Уфада төрт, өз бетімен оқушы екі шәкірт бар, бәрі – 19*», – деп келтіре, медреседе оқитын қазақ жастарының арасындағы досы, керекулік Ысқақ Заһировтың сүзек аурумен аурып қалғандығына да қынжылды [7, 388-б.].

Шындығында да ірі қалаларда оқушы шәкірттердің көпшілігі қаражатқа аса мұқтаж еді. Мәннан әзі де ақшаға зәру болып, қатты қиналды. Жағдайын айтып, Семейдің Заречная Слободкасында тұратын Әбдірахман Юсуфұлына хат жазып, көмек сұрайды. Соның нәтижесінде Әбдірахман мырза Семейдің зиялыларынан, қол ұшын бере алатын 67 адамнан шамалары келгенше 3 сомнан бастап, 15 тиынға дейінгі аралықта ақша жинап, барлығы 50 сом 90 тиынды, оған жіберген екен. Мәннанға көмек қолын созғандардың арасында Семей өңіріне танымал болған белгілі Райымжан Мәрсеков, Көкбай Жанатаев, Мұстақым Малдыбаев, Абша Торабаев, Сәрсен Наурызбаев сияқты азаматтар бар еді. Мәннан «Қазақ» арқылы өзіне көмек көрсеткен 67 адамның аты-жөнін атап, алғыс айтты. Бұған «Қазақ» газетінің басқармасы да қазақ шәкірттеріне жәрдем берген азаматтарға, соны ұйымдастырып отырған Әбдірахман Юсуфұлынан алғыстарын білдірген [8].

Ол 1915 жылы медресені аяқтағаннан кейін білімін жалғастыруды қалады. 1915-1917 жылдары Алаштың біртуар тұлғасы Әлихан Бөкейханның бастауымен Түркияға сапарлап, Каирдегі мұсылман рухани академиясы мен Стамбұлда қысқа мерзімді мұғалімдік курстардан өтеді. Ғалым Ахмедов «Алаш «Алаш» болғанда» атты естеліктер кітабында Мәннан Тұрғанбаевты Стамбұл университетін бітірген деп келтіреді [9, 136-б.].

Ел ішіндегі 1916 жылғы жарлыққа қарсы дүрбелең мен күйзеліс Мәннанға өз ықпалын тигізбей қоймады. Осы кездерде ол Орын-

борда Ахмет Байтұрсынұлының жетекшілігімен шыға бастаған «Қазақ» газетіне шақырылады. Х.Ғаббасовтың ұйымдастыруымен ашылған уақ қарыз серіктестігіне мүше болады [10]. Патша үкіметі құлап, кеңестік (большевік) билік орнағаннан кейін ол уақ қарыз серіктігінің қажеттігін дәлелдеуге тырысты. «*Уақ қарыз серіктігінің қызметі кедейлерге ақша таратып беріп отыруға емес, серіктерінің кәсібіне керекті құралдар, саймандар тауып беріп отыру, соқа, арба, егінге тұқым секілді. Серіктерінің қолындағы малын өткізіп тұру: ет, май, тері, ұн, мал һәм секілді*», – дейді. Ол уақ қарыз серіктігін құрудан кедейлердің өз шаруашылығы, дүкені, ақшасы пайда болып, кітапхана ашып, сауаттануға мүмкіншілік туатындығын ашық жазды [11, 2-3-бб.]. «Абай» журналына осы уақ қарыз серіктігінің жалпы ережесі жарияланып, оны ашудың жолдары, міндеттері көрсетілді [12, 6-7-бб.].

Мәннан 1917 жылы Орынбордан Семейге келіп, «Сарыарқа» газеті редакторының орынбасары болды. Алаш қайраткерлері Р.Мәрсеков, Х.Ғаббасов, Ш.Керейбаевтармен бірге газетке Алаш партиясы, Алаш қозғалысының тұрмыс-тіршілігіне қатысты ақпараттармен халықты таныстырып отырды. Газет бетінде Мәннанның «Орыс пен қазақ арасы» атты мақаласы жарияланады. Онда қазақ пен орыстардың арасындағы жерге қатысты туындаған тартыс мәселесі көтеріледі. Өскеменнің оңтүстік жағындағы Шар өзенінің бойына орналасқан орыс шаруаларынан «қазақтардан зиян шегіп жатырмыз» деген арыздар түскен соң, қазақ комитетінен өзін, ал орыс комитетінен П.Колцов дегенді 7 маусымда жібергендігін айтады. Дауды тексеру барысында қазақтың байырғы шұрайлы деген жерлерін землемерлер орыс шаруаларына кесіп беріп, соның нәтижесінде қазақтардың қонарға жері қалмай, еріксіз бұрынғы өз жерлеріне келіп отырғандығы анықталған. Мұжықтар егін салып, кейбір қазақ жерлеріне жөнсіз таласып келген. Мақалада Мәннан орыс шаруалары жайында: «*Мұжықтардың бір жаман мінез-әдеті болған: бұрын малы жоғалса, малы ауысып оттаса, қазақтарды тарпа бас салып алады екен. Күштері жетпесе қалаға шауып, уезіне арызқылып, урядник алып шығыпбілгенін істейді екен. Солжаман әдетін қалдырғысы келмей, әлі де болса да аңсап, өте сағынатын көрінеді*», – дей келе, орыс шаруаларының шағындарына сене бермеу керектігін келтіреді [13].

1917 жылдың наурызында Семейдегі Заречная Слободка қазақтары жалпы жиналыс өткізіп, жергілікті қазақ комитетін құрды. Төрағасы Р.Мәрсеков болған комитет ұлт мүддесіне қатысты мәселелерді шешуде көп жұмыстар жүргізді. Комитетке Жанғали Аллаоңғаров, Ысқақ Ахмедиев, Көнжебай Көбеков, Ахметжан Аңдамасов, Бекқожа Құлғарин, Асауқат Болатханов, Жаңбырбай Шөленбаев, Қаражан Үкібаев, Ғабдрахман Юсупов және Мәннан Тұрғанбаев мүшелікке сайланса, ал кандидаттыққа Уәли Бестаев, Құрмаш Таукин, Кәрім Дүйсебаев, Оразғали Алпысбаев, Төлебай Шалов, Жазыбай Дөлітбаев, Сейітқазы Тақынбаев өтті. Бұл комитеттің мақсаты Уақытша үкіметке қызмет ету, қазақ комитеті мен облыстық комитетті барлық күштерімен қолдау болды [14, 506-507-бб.].

Мәннан 1917 жылғы 27 сәуір – 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық қазақ съезінде облыстық Қазақ комитетінің мүшесі болып сайланады. Мүшелер қатарында Ж.Ақбаев, Р.Мәр-

секов, Х.Фаббасов, М.Малдыбаев және тағы басқа ұлт зиялылары бар еді. Осы съезд барысында қаралған мәселелердің бірі халыққа білім беру еді. Халықты қараңғылықтан шығару үшін, сауаттандыру қажеттігі айтылған бұл съезде жалпыға міндетті, тегін білім беру, барлық категориялы қоғамдық мектептерде оқуды ана тілінде жүргізу, мектепті халықтың өз ішінде ашу және бұл мектептерді земство және мемлекет қаражатымен қаржыландыру қажеттігі көтерілген болатын. Мектептерді мұғалімдермен қамтамасыз ету үшін педагогикалық курстар ашып, Уақытша үкіметтен земство мен мемлекет қаражатынан 15 мың рубль бөлдірту жөнінде шешім қабылдайды [15].

1917 жылдың жазында Семейде ұлт зиялыларының қолдауымен құрылған оқытушылар ұйымы съезде қабылданған шешім негізінде аз уақыт аралығында қазақ мектептері үшін мұғалімдер даярлауда курстар ашу мәселесін қолға алды. Ұйымның төрағалығын М.Тұрғанбаев, ал хатшылығын М.Әуезов атқарған еді. Сол кезде әрбір облыстар мен уездерде 2 айлық және 2 жылдық мұғалімдер курсы ашылды. Ең алғашқы педагогикалық курсы облыстық съезд қаулысына сәйкес Алаш қаласында 1917 жылдың күзінде іске кірісті [16, 59-б.]. Сонымен қатар «Семей уездік Земствосы басқармасының қолдауымен құрылған Қазақ мұғалімдер одағының (Киргизский учительский Союз) төрағалығын Мәннан Тұрғанбаев атқарып, Қаныш Сәтбаев, Сейітбаттал Мұстафин, т.б. мүшесі болған. Кейін Мұхтар Әуезов те осы одақтың хатшысы қызметін атқарған. Бұл қоғамдық ұйым өз кезегінде ұлт мектептері үшін «Бастауыш мектептердегі оқу бағдарламасын» әзірлеп, тарады. Жалпы, Семейдегі мұғалімдер Одағы өз қызметінде ұлттық педагог кадрларды даярлау, қазақ мектептерін ашу және олардың жұмысына басшылық жасау, тағы сол сияқты маңызды мәселелерді үнемі көтеріп, қозғау салып отырған» [17, 115-116-бб.]. Нәтижесінде 13 тамызда өткен Семей облыстық комиссариаты, қазақ комитеті, мұғалімдердің облыстық комитеті мен мұсылмандар комитетінің біріккен жиылысында мұғалімдер семинариясын ашу мәселесі көтеріліп, Заречный Слободка облыстағы көшпелі қазақтардың басын біріктіретін орталық іспеттес болғандықтан бірінші осы жерде ашу жөнінде қаулы қабылданды [18].

1917-1919 жылдары М.Тұрғанбаев Семейдегі (Алаш қаласы Жаңасемей бөлігі) педагогикалық курстың меңгерушісі және осы курстың мұғалімі болды. Оның оқытқан шәкірттерінің арасында 16 жасар Табыл Әбішев, Қадыр Садықов, 22 жасар Рымбек Бейсенбаев, 23 жасар Сұлтанбек Ибрагимов, 26 жасар Байсүгір Тойғанбаев, 21 жасар Ғалиакбар Төребаев және т.б. болған. Мәннан есеп, гигиена, ислам тарихы, дін ілімі пәндерінен дәріс берді [19, 22-б.].

Мәннан Әлихан Бөкейханмен тығыз байланыста болып, ақыл-кеңес алып отырды. 1917 ж. 8-15 қазан аралығында Том қаласында өткен жалпысібірлік съезге қатысқан Ә.Бөкейханды Семейде күтіп алып, «Бостандық үйінде» Семей жұртшылығымен, ұлт зиялыларымен кездесу ұйымдастырушының бірі болып, мұғалімдер атынан өзі де сөз сөйлеп, Әлиханға үлкен сенім артып, тілегін білдірген [20]. Алаш партиясының жүргізіп отырған саясатын қолдап, солардың қатарынан табылды. 1918 жылы қаңтар-ақпан айларында құрылған Алаш-орданың атты әскер полкіне қабылданады. Ол Алаш полкінің алғашқы құрбаны Қазы Нұрмұхамедұлын

жерлеу рәсімінде сөз сөйледі [21].

1918 жылы Семейде «Жанар» ұйымы құрылды. Жүсіпбек Аймауытов 1929 жылы 16 мамырда ОГПУ тергеушісіне берген жауабында осы ұйымның (қоғам деп көрсеткен – С.С.) жетекшісі ретінде М.Тұрғанбаевты атаған [22, 11-б.]. Бұл ұйым ағартушылық бағытта болып, қазақ жастарын оқу-білімге тартты, ел арасында түрлі ойын-сауықтар ұйымдастырды.

Мәннан ағартушылықпен қоса баспасөз саласындағы қызметін жалғастыра берді. «Абай» журналы серіктіктің басқарма мүшесі, редакторының орынбасары болды. Журналдың 1918 жылғы бірнеше санына мақалалары жарияланады. Әр мақаласының өзіндік маңызы бар. Мәселен, «Шежіре» мақаласында ол оқырмандарға шежіренің не екендігін түсіндіруге тырысты. «*Шежіре деген бұрынғы кісілердің хал-айын, тіршілік тұрмысын айтып, жиылып тіршілік айтудың ережелерін шығаруға жарарлық себептерден сөйлеген ғылымды айтады*», – дей келе, қазақта шежіре мәселесіне орай пайда болған екі топтың бірі шежірені ғылым емес, пайдасы жоқ деп танушылары десе, екіншілері «*шежіреде ереже бар, жиылып тіршілік етуге керекті ережелердің бәрі де осы шежіреден туады*» деген тұжырымда екендігін айтқан. Ол шежіре жазатын адамның бойындағы сипаттарды нақтылап береді. Олар: құмарлық, сезім, қайрат, ерінбейтін меңнат. Сонымен қатар шежіре жазуға қызмет ететін 4 ғылымдарды да бөліп көрсетеді. Олар: археология, лингвистика, этнография және антропология. Түркі халықтарының арасындағы шежірешілерден Нәжібек, Шәкәрім, Ахмет Закиді атап өтеді [23, 71-72-бб.].

Ал «Шаруашылық» деп аталған мақаласында осы сөзге түсіндірме бере келе, «Шаруаны не нәрсе туғызған?» деген сауалға жауап береді. Мәннанның ойынша, дүниеде нендей шаруашылық болса да, бәрі «мұқтаждықтан» туады. Ол өмір сүру үшін адам сол ортаға бейімделіп, аң аулап, мал өсіре бастайтындығын, одан мал өсіру шаруашылығы басталған соң мүлікке ие болып, дүние жиып, мәдени тұрмысқа бет бұрды дейді. Ол сонымен қатар мұқтаждықтан адам егін салып, жеміс егуге үйренді, бұдан егіншілік пен бақшашылық шаруасы пайда болған деп түсіндіреді [23, 38-41-бб.].

Журналға жарияланған «Ұлтшылдық» деген мақаласында Мәннан «ұлтшыл» адамдардың қандай болатындығын саралаған. Дүниеде екі түрлі адам өмір сүретіндігін, оның бірі тек өз қамын ойлайтын, ал екіншісі, ел-жұртына қайғыратындар деп бөлді. Сол екіншісін «ұлтшылдар» деп көрсетті. Осы екі түрлі адамдардың арасындағы айтысты айқындайтын. Сонымен бірге адам баласы бойынша кездесетін өзімшілдікті бас пайдасын ойлайтын адамдар деп көрсетеді. Сол өзімшілдіктен құтқаратын тәрбие екендігін баса айтып: «*Қазаққа қатарға кіріп жұрт болсын деген кісі тәрбиенің жолынан айырылмасқа керек, әуелі қазаққа өзінің кім екенін, адамшылық құқығын білдіруге, онан соң жақын ағайын, туғандарын сүйгізіп, міндетсіз қызмет қылдыруға, онан соң Отанын танып, жақсы көргізуге ұлт жұмысы, жұрт намысы деген сөзді тоқып, көңіліне кіргізуге сонан кейін дүниедегі барлық адам баласы бауыр екенін білдіріп, көпшіл адамды сүйгіш қылуға тырысу керек*», – дейді. Бірақ ол ұлтшылдарды қателік, адамшылыққа лайық емес, ілгері басқыштағы жұрттардың терең пәлсапасын қазаққа қазір кіргіземін деушілерге қарсы тұрушылық деп тұжырымдаған [23, 88-91-бб.]. Осы мақалаға орай журналдың келесі

санына Шәһкәрім Құдайбердиевтің сыни мақаласы жарық көреді.

Мәннан Тұрғанбай 1919 жылдың маусым айында Орынборға шақырылып, ондағы «Ұш-қын» газетінде редакторлық қызмет атқарады. Ал желтоқсан айында қайтадан Семейге жіберіліп, 4 желтоқсаннан бастап шыға бастаған «Қазақ тілі» газетінің жауапты редакторлығын қолға алады. Бұл кезде Ақмола мен Семей губерниялары (1921 жылға дейін) Сібір революциялық комитетінің қарамағында болатын. Газет Семей губкомы мен Атқару комитетінің басылымы болып, Семей, Павлодар, Өскемен, Зайсан және қарқаралы уездеріне тарайды. М.Тұрғанбаевпен бірге газетті Ж.Аймауытов, Ж.Найманғожин, Ш.Тоқжігітовтар кезектесіп уақытша атқарса, кейіннен газет редакциялық ұжым басшылығымен шығып тұрды [24, 73-б.].

Мәннан Тұрғанбаев «Қазақ тілінің» жарыққа шығуына аса мән берді. Газеттің халыққа не үшін қажеттігін «Октябрь төңкерісі һәм газет» деп аталатын мақаласында айқын көрсетті. Ол газет кедей еңбекшілерінің мүддесін көздейтін бірден-бір құрал деп есептеді [25].

Газеттің жанашырлары оның сапасы мен басты кемшіліктеріне де мән беріп, айқын түрде сынға алған. Басылымда кемшіліктің орын алып отыруының себебін М.Тұрғанбаев *«қызметкерлердің кемдігінен газетіміз өте сирек шығып тұр, амалсыздан көп сөз жаза алмай отырмыз, қысқаша ғана мағлұмат беріп отырмыз»* деп түсіндірді [26]. Сөйтіп ол газеттің сапасын көтеру үшін қажетті мамандарды даярлау мәселесін көтеріп, өзі де тікелей жас тілшілерді машықтандыруға ден қойды, газетке аты ел арасына белгілі бола бастаған азаматтарды тартып, олардың жазғандарын жариялай бастады.

Аз уақыт аралығында газетке С.Дөнентаев, М.Әуезов, Ш.Тоқжігітов, Н.Құлжанова, Ә.Досов және тағы басқалардың материалдары жарық көрді. 1923 жылдан бастап «Қазақ тілі» газетіне қосымша ретінде жастарға арналған «Еңбекші жас» газеті шығарылып, оны Сақи Бейсебаев атқарды.

Мәннан 1920 жылға дейін Ж.Ақпаевпен бірге халық соты кеңесінің мүшелігіне бекиді. Қазақ автономиясы жариялануына байланысты, 1920 жылы жалпы қазақ кеңестерінің бірінші сиезіне Семейден делегат болып сайланып, Орынборда 4 қазанда ашылған съезге қатысады. Ал ел басына төнген ашаршылық кезінде ол ұлт зиялыларымен бірге ашаршылықпен күресуге бел шеше кірісті. Семейде аштыққа көмек көрсету жөніндегі 1922 жылы наурызда болған жиынға қатысып, аштыққа ұшыраған аудандарға қол ұшын беру үшін жылу жинау мәселесін қолдады [27]. Х.Ғаббасов, Ғ.Бөкейханов, Ж.Шанин, Ә.Досовтармен бірге Семей губерниялық Аштарға көмек комиссиясының уәкілі ретінде қырға шығып, халықтың хал-жайымен танысты.

«Қазақ тілі» газетіне осы жиынға қатысқандардың «Қазақ елінің назарына» деп аталған үндеухаты жарияланып, онда: *«...соңғы бірнеше жылдардың ішінде Германиямен ел соғысып, ашаршылық һәм 1917-1919 жж. болған жұттың зардабынан губерниядағы қазақ аудандарының мал өсіру шаруашылығы өте нашарлап, мал кіндігі азайып қалды»*, – деп келтіре отырып, осы халден құтылуда қазақ халқын қандай да болса бір шара қолданып, жол табуға шақырған болатын [28]. Мәннан үкіметтің бұл үндеуін қолдады және өзі ашаршылықтықпен күресте бар күшін салады.

«Қазақ тілі» газеті арқылы ел басына төнген

нәубеттің зардабын ашық жеткізіп отырды. Газетке жариялаған «Ашаршылық» деген мақаласында Кеңес өкіметінде он бес миллион адам аштыққа ұшыраған деген мәлімет келтірген. Оның жазуынша, Қазақстанның Бөкей, Орал, Орынбор, Торғай губерниялары ашығып, жұқпалы оба ауруы жайыла бастаған [26]. Тағы бір мақаласында аталған облыстардан Сібір, Ақмола, Семей губернияларына аш әрі ауру балалар ағылып келіп жатқандығын, сондықтан қолдан келген көмекті аямау, Семейдің өз халқы аштыққа ұшырамас үшін келесі жылға дайындалу, пішенді сақтау, егін салуға қамдану, малдың ауруы емес, сауларын іріктеп алып, бағу қажеттігін көтереді [29].

Мәннан ұлт зиялылармен бірге аштықты ауыздықтауға қатысты іс-шараларға қатысып, қолынан келген көмегін аямады. Жылу жинауға қатысты мәселеде оның басы-қасында болды. Елді, малы аман сақтап қалу үшін үлкен дайындық қажеттігін ұсынды, яғни шөп-жем даярлауға аса көңіл бөлудің маңыздылығын ескертті [24, 198-б.].

Қазақстан Халық ағарту комиссариаты мен ҚКСР Мембаспасы алдындағы жазушылар ұйымының 1921 ж. 14 қаңтарда болған кеңесінде қазақтың мектептері үшін оқулықтарды қазақ тіліне аудару, құрастыру және мектептерге арнап оқулықтар жазу жөнінде мәселе көтерілген еді. 31 қаңтарында А.Байтұрсыновтың төрағалығымен өткен Халық ағарту комиссариаты мен ҚКСР Мемлекеттік баспасының Коллегиясының біріккен мәжілісінің шешіміне орай оқу құралдарын орыс тілінен қазақшаға аудару және қажетті оқу кітаптарын жазуға ұлт зиялыларын тартылды. Мәннанның іскерлігі, терең білімділігі ескеріліп, арифметика оқулығын жазу тапсырылды [30]. Ол тек «Есеп» оқулығы ғана емес, мектепке арналған «Тіл құралы», «Этика» оқулығын да жазады.

1922 жылдан бастап Мәннан заң саласына қызметке тартылды. Ол халық соты төрағасының орынбасары, әрі қазақ ісі жөніндегі азаматтық бөлімнің меңгерушілік міндеттерін атқарып, мекемелерде ісқағаздарды қазақ тілінде жүргізу, қолдану мәселесіне қатысты көп жұмыстар жүргізді. Қазақыландыру мәселесіне байланысты 9 наурыздағы ұлт зиялылары бас қосқан жиында Ж.Аймауытов екеуі осы мәселеге орай баяндама жасап, талқыға салды [31].

Мәннан оқу-ағарту саласын дамытуда оқытушыларды даярлаудың маңыздылығын әрдайым көтерген. Мектептер үшін оқуға жіберілген азаматтар бітіргеннен кейін көп жағдайда оқытушы болмай, үкіметтің басқа жұмыстарына кетіп жататын. Ол «Қазақ тілі» газетіне жариялаған «Оқытушыларды меншіктеру» деп аталған мақаласында осы мәселені ашық жазып, оқытушылық курсты немесе педагогикалық оқу орнын бітіргендер өз саласына қарай тартылса деген ұсынысын батыл айтты [32].

Мәннан Тұрғанбайұлы емле мәселесіне де өз ойын білдірген. 1924 ж. 12-17 маусым аралығында Орынборда тұңғыш білімпаздар съезіне қатысқан қазақ зиялыларының арасында ол да болып, қазақ емлесін бірыңғайлау, әріп жайын қарастыру, бастауыш мектептерде оқытылатын пәндерді жоспарлау, халық әдебиетінің халін һәм қалай жию жолын қарастыру және т.б. мәселелерді қарастырған болатын [33].

Съезд өтісімен осы мәселелер төңірегінде біршама іс-шаралар жүргізіле бастады. Атап айтсақ, бастауыш мектептерде оқытылатын оқулықтардың сапасын тексеру, олардың жайын қазақ өлкелік комитеті жиналысына қойып, талқылау мәселелері қолға алынды. Сонымен қатар мектеп жанынан түр-

лі саяси-ағарту жұмыстары жүргізіліп, ойын-сауық кештері өткізіле бастады. Қазақ мектептерінде жүйелі, арнайы жоспармен оқыту мәселесі қолға алыну қажеттігі баспасөзде кең түрде насихатталды. Мектептерде мұғалімдер оқышылармен жұмыс жасау барысында оларға өзіндік тапсырма беріп, конспект жазғызып, тезистермен жұмыс жүргізе бастады. Алайда көп жағдайда кейбір ұстаздардың өздері бұл тапсырмалардың мәнін түсінбеді. Ол үшін оларға танымдық дәрістер қажет еді. Мерзімді басылымдар бұл істі аса маңызды санап, осыған орай өз беттерінше әдістемелі мақалаларды үзбей жариялап отырды.

Оқу жүйесі біршама ілгерілегенімен де кемшіліксіз болмады. Жоспарлап оқыту мәселесіне орай М. Тұрғанбаев «Жаңа мектеп» журналына жариялаған «Еңбек мектебінің түрлері» деген мақаласында мектеп кітаптары мектеп бағдарламасына қатысты жасалатындығын, мұғалімнің осы бағдарлама бойынша оқытылатын пәндеріне жоспар жасау арқылы дәріс жүргізетіндігін айта келе, Қазақстандағы мектептердегі жағдайдың әлі де көңілдегідей болмай отырғандығын тілге тиек етеді [34, 17-24-бб.].

20-жылдардың екінші жартысынан бастап Мәннан ұстаздық қызметке ауысты. 1926 жылдан Ә.Ермеков жетекшілік ететін Қарқаралы педучилищесінің оқу бөлімінде орналасып, дәріс бере бастайды. Алайда 1928 жылы Семейге қайта оралып, облыстық соттың орынбасары, қалалық оқу бөлімінің инспекторы қызметтерін атқара бастайды.

Мәннан екі рет үкімет тарапынан қуғын тырнағына ілікті. Оның біріншісі, 1929-1930 жылдары кеңестік билік саясатына, ұжымдастыру науқанына қарсы шыққандарды жаппай қамауға алып жатқан кезде ұлт зиялыларымен бірге «үкімет саясатына қарсы үгіт-насихат жүргізді» деген желеумен қамауға алынып, бастапқыда Семей абақтысында отырады, кейіннен қапал түрмесіне жабылады. Тергеу барысы 1931 жылдың 11 мамырында жүргізілген екен. Мәннаннан алынған жауап кезінде алаш-ордашылармен байланысы, әсіресе Әлімхан Ермеков пен Жүсіпбек Аймауытовқа қатысты болған екен. Бір ерекшелігі ол бұл екі азаматтың қараламаған. Керісінше, олардың халық арасындағы беделділігі жоғары болғандығын айтқан [35, 494-б.].

Екі жылдай тар қапаста жатып, тағылған айыбы дәлелденбегеннен кейін 1932 жылы түрмеден босатылады. Бұл кезде қазақ жерін аштық жайлап жатқан еді. Осы ашаршылықтан Мәннан зайыбы мен баласынан айырылып қалады. Семейге келген соң жақын таныстарының көмегімен ол 15 мамырдан бастап облыстық оқу бөліміне жұмысқа алынып, онда кадр секторында іс-шаралар жүргізетін жауапты орындаушы қызметіне кіріседі. Алайда өңірдегі аштықтың үдеуі, оның үстіне тұрмыс тауқыметі отбасын алып, Алтай өлкесіне қоныс аударуына мәжбүр етті. Ол Ойрат автономиялық облысына қарасты Тұрата ауылына барып қоныстанып, сол жердегі жетіжылдық мектепте 1936 жылға дейін ұстаздық етеді. 1936 жылдың жазында Семей өңіріне қайтып оралып, Қызылауыл деген жерге тұрақтап, ауылдық мектепке орналасып, сабақ бере бастайды. Алайда ол екінші рет қуғын-сүргінге ұшырап, 1937 жылдың 24 қаңтарында тұтқындалып, Семей түрмесіне қамалады. Оған «кеңес үкіметіне қарсы шықты» деген айып тағылып, ақыры 18 тамызда РКФСР Қылмыс кодексінің 58 бабының 4.10-шы тармағына сәйкес ату жазасына кесіліп, бұл үкім 20 тамызда жүзеге асты. өйтіп ол әділсіз кеңестік жүйенің құрбаны болды.

Мәннан Тұрғанбайұлы – терең ойлы, көшелі азамат. Оның ағартушылық, публицистикалық, қос бірдей ашаршылық, Алаш қозғалысындағы қызметі әлі де болса нақты ашылып, өз бағасын алған жоқ. Алаш арысының қуғындалуының өзі үлкен зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айқап. 1912. №10.
2. Уфада «Ғалие» медресесіндегі қазақ шәкірттерінің хаты // Қазақ. – 1913. – 17 февраль. – №3.
3. Көкішев Т. Садақ. Эссе. – Алматы, 1986.
4. Емле хақында // Қазақ. – 1913. – 8, 15 декабрь. – №41, 42.
5. Тұрғанбаев М. Уфа // Қазақ. – 1913. – 22 декабрь. – №43.
6. Тұрғанбайұлы М. Мұғалімдер курсы керек // Қазақ. – 1914. – 9 июль. – №69.
7. «Қазақ» газеті. 1914 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ф.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 504 б.
8. Тұрғанбаев М. Ардақты «Қазақ» басқармасына! // Қазақ. – 1914. – 16 декабрь. – №90.
9. Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. – Алматы: Жалын, 1996. – 224 б.
10. Тілші. Уақ қарыз серіктігі // Қазақ. – 1916. – 9 ноябрь. – №204.
11. Тұрғанбай М. Уақ қарыз серіктігі // Абай. – 1918. – №4.
12. Уақ қарыз серіктігінің жалпы ережесі // Абай. – 1918. – №11.
13. Тұрғанбаев Мәннан. Орыс пен қазақ арасы // Сарыарқа. – 1917. – 15 июль. – №5.
14. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 – желтоқсан 1917 ж. – Алматы: «Алаш», 2004. – Т.1. – 552 б.
15. ҚР ОМА. 15 И-қ., 2-т., 422-іс. 44-46-пп.
16. Шаяхметов Н. «Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін». Оқу құралы. – Алматы: 2001. – 149 б.
17. Сыдықов Е. Шәкәрім және Алашорда: Ғылыми жинақ. – Алматы: Раритет, 2008. – 184 б.
18. ҚР ОМА. 5-қ., 2-т., 422-іс. 113 қайыр.-п.
19. Тәбәрікұлы С. Мәннан Тұрғанбаев. – Алматы: «Қайнар», 1999. – 50 б.
20. Сібір автономиясына қосылу // Сарыарқа. – 1917. 24 сентябрь. №14.
21. Жәнібеков Ж. Алаш құрбаны // Қазақ. – 1918. – 30 июль. – №262.
22. Красный террор: из истории политических репрессий в Казахстане (Сборник документальных материалов 20-50-х годов XX века) / Сост.: М.К. Койгелдиев, В.И. Полулях, Ш.Б. Тлеубаев. – Алматы: «Алаш» баспасы, 2013. – 384 с.
23. Алаш көсемсөзі: 10-томдық. – Алматы, 2011. – 8-кітап. – 384 б.
24. Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.). – Алматы: «Елтаным баспасы», 2011. – 432 б.
25. Тұрғанбаев М. Октябрь төңкерісі һәм газет // Қазақ тілі. – 1921. – 7 ноябрь. – №149.
26. М.Т. Ашаршылық // Қазақ тілі. – 1921. – №137.
27. Ж. Ашыққан ел һәм Семей азаматтары! // Бостандық туы. – 1922. – 12 май. – №10 (66).
28. Қазақ елінің назарына // Қазақ тілі. – 1923. – 5 май. – №35.
29. Тұрғанбай М. Аштарға жәрдем бер, келесі күніңді естен шығарма! // Қазақ тілі. – 1921. – 27 октябрь. – №148.
30. ҚРОММ. Р-929 –қ., 1-т., 20-ғ.-іс. 26, 26 қайырма-п.;
31. Ж. Ашыққан ел һәм Семей азаматтары! // Бостандық туы. – 1922. – 12 май. – №10. (66).
32. М.Т. Оқытушыларды меншіктеу // Қазақ тілі. – 1924. – 3 апрель. – №39 (438).
33. Жолдыбайұлы М. Білімпаздар жиылысы // Еңбекшіл қазақ. – 1924. – 23 май.
34. Тұрғанбайұлы М. Еңбек мектебінің түрлері // Жаңа мектеп. – 1926. – №6.
35. Журтбай Т. Боль моя, гордость моя - Алаш! - Астана: Аударма, 2016. 1104 с.

ТОБАНИЯЗ ӘЛНИЯЗҰЛЫ – қазақ жерінің аумақтық тұтастығы үшін күрескер*

Роза СИДЕШОВА,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг
университеті Қазақстан тарихы
кафедрасының аға оқытушысы, магистр

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін Маңғыстау жұртшылығының өмірінде 1918 жылғы тамыздың 25-інде Кеңес уәкілі, Дала өлкесінің төтенше комиссары деген мандатпен Әліби Жангелдин басқарған жауынгерлік, интернационалдық отрядтың Бозашы түбегіне келіп тоқтағаны тарихта зор із қалдырды.

Ә.Жангелдиннің интернационалдық отряды туралы талай жазылды да. Яғни, 1918 жылы қоршауда қалған Ақтөбе майданына Ресейден көмек жеткізу үшін өтетін жолдар – Красноводск пен Ашхабад қызыл гвардияшылардың қолында, Гурьев пен Орал ақ гвардияшылардың қолында болғандықтан, жалғыз ашық жол Форт-Александровск арқылы еді [1].

Ә.Жангелдиннің Халық Комиссарлар Кеңесіне берген есебінен: «*бұл өңірде шамамен әрқайсысында 10 мыңдай адамы бар, адайлардың 12 болысы, не бары 100 мыңдай тұрғыны бар екен. Келгенімізді хабарлап, ақсақалдар кеңесін шақыру үшін болыстарға өкілдер жібердік. Алғашқыда тұрғындар жіберген адамдарымызға сенімсіздікпен қарады. Себебі, уезд қазақтары Кеңес өкіметінің бар екенін толықтай бейхабар болғандықтан, оған ешқандай құлшыныс танытпады*» [2]. Жангелдин отряды Ресейден келе жатқан қару-жарақ, дәрі-дәрмекті Ақтөбе майданына жеткізу үшін жергілікті халықтың қолдауына сүйенеді. Тек екі күнге созылған ақсақалдар кеңесі, олар Кеңес өкіметінің сипаты мен мақсаттарын түсіндірген соң отрядтың ұсынысына келісім беріп, әрбір болыс 50 түйе, 100 жылқыдан беруге тапсырма алады.

Бұл отряд бір айдан астам уақыт бойы Маңғыстау жерінде болып, уезд қазақтарына Кеңес саясатын түсіндіріп, 25 қыркүйекте Қаратөбе деген жерде өлке қазақтарының съезін өткізеді. Мұнда Ә.Жангелдин сөз сөйлеп, кеңес өкіметінің қарапайым халықтың өкіметі екенін түсіндіріп, оның міндеттерін халыққа жақын етіп, жатық түсіндіргенде, жиналған халық Кеңес өкіметін мойындайтындығын білдіреді. Тобанияз Әлниязұлы бастаған Төңкеріс Комитетін тағайындап, Комитетке Кеңес өкіметін ақ гвардияшылардан қорғау жүктеледі. Тобаниязды Дала өлкесі Төтенше Комиссарының Маңғыстау уезі бойынша орынбасары ретінде тағайындайды.

Жангелдин отрядына жергілікті халық 700 жылқы және 600 түйе, адайдың жүздеген жігіттері жолбасшы болып, жем-шөп, азық-түлік тиеп жолға шығады [3].

Ал, халық мұңын жоқтаушы, Қазақстанның территориялық тұтастығы үшін күресуші айтулы азамат Т.Әлниязұлы болса, Кеңес өкіметі қарапайым халықтың өкіметі деген түсінікпен халық бұқарасының мүддесіне шын берілгендігін көрсетіп, уезде Кеңес өкіметін ұйымдастыруға, Маңғыстау жерін Қазақ жеріне қосуға, ұлан-ғайыр аймақты сақтап, қорғауға, халықтың мәдени және экономикалық жағдайын көтеру істеріне бар жан-тәнімен кіріседі.

*Мақала Қазақстан Республикасы Мемлекеттік архиві мен президенттік архиві, т.б. құжаттар негізінде жазылды.

Кеңес өкіметінің орнатылуынан соң іле-шала басталған азамат соғысы барлық Қазақстан аумағын, оның ішінде Маңғыстауды да, шарпыған болатын. Бұл кез – билік біресе ақтар, біресе қызылдар қолына көшкен, қарапайым халықты тонауға ұшыратқан аласапыран уақыт болатын. Осы кезде Гурьевте уақытша билігін орнатқан ақ генерал Толстов қызылдардан жеңіліп, 1919 жылы желтоқсанда Гурьевті тастап шығып, Маңғыстауға бет бұрады. Ондағы ойы – Форт арқылы Красноводскіге жету. Бір бөлігі – Хиуаға, екінші бөлігі Үстірт арқылы Маңғыстауға жеткен ақтармен бірге көршілес түрікмендер де Адай ауылдарын тонап, Маңғыстау үстіртінде соғыс өрті өршіген кезең болатын.

1920 жылы наурыз айында Т.Әлниязұлы басқарған адай қазақтарының делегаттары Орынборға келді. Олардың бұл сапардағы қызметі Қазақ өлкесін басқару бойынша революциялық комитеттің 1920 жылғы 24 наурыздағы №16 хаттамасында баяндалған [4].

Дала өлкесі төтенше комиссары Ә.Жангелдиннің бұрынғы орынбасары, адай руының өкілі Т.Әлниязұлының келгені туралы Мюрат (Түркістан майданы революциялық майдан өкілі) баяндама жасап, Форт-Александровскідегі Толстов армиясының қалдықтары мен түрікмендер бірігіп, адайларды тонауда, олардың малын талайды, ауылдарын шабады, соған қарулы әскер жіберуді, адайлардың өздерінен әскер бөлімдерін ұйымдастыру үшін қару-жарақ, басқа да керек заттарды беруді сұрайды. Ал адайлар өз кезегінде әскер үшін жігіттерді ат, түйе, көлікпен, ет басқа да тағамдармен қамтамасыз етуге дайын екендігі баяндалады.

Әскери экспедиция туралы мәселені шешу үшін, келген делегациямен Мюрат жолдасты, Қаратаевты армияның революциялық кеңесіне, Сидоровты өлкелік әскери комиссариатқа келіссөз жүргізуге жіберу туралы қаулы қабылданды.

Келген делегаттармен революциялық комитеттің мәжілісінде Закаспий облысынан келген адай өкілдерінің өтініші – адайларды Қырғыз (Қазақ) өлкесіне қосу туралы, адайларды басқару туралы, әскери мәселе, жабдықтау мәселелері қаралып, мынадай қаулы қабылданады [5].

Адайлар Түркістан Республикасы құрамындағы Маңғышлақ және Красноводск уездерінде тұратынына қарамастан, жылдың көп уақытында Орал және Торғай облыстарының жерін жайлады. Осылайша, Қырғыз (Қазақ) өлкесінің аумағында болған кезінің бәрінде революциялық комитеттің қарауында болады және адайлар шаруашылық жағынан алғанда Орал облысымен, Ойылмен тығыз қарым-қатынаста, яғни өздерінің артық заттарын сатып, секер, т.б. азық-түлікпен қамтамасыз етеді. Оралдан да адайларды жабдықтау үшін көп көлемде

қажетті заттар жіберіледі, сондықтан да Түркістан республикасының Орталық Атқару комитетінің алдында адайларды тұратын жерлерімен қоса Қырғыз (Қазақ) өлкесінің аумағына қосу туралы мәселені көтеру керек деген қаулы қабылданады **(1920 жылдың 16 қазанында АССР-і, Закаспий облысы Маңғышлақ уезі, Красноводск уезінің қазақ болыстары Қырғыз (Қазақ) АССР-іне қосылады).**

Бұл мәселенің ақырын күтпей-ақ, адайлар арасында Кеңес үкіметін орнату және шаруашылық қатынастарды орнату сияқты істерге кірісу керек делінген. **Сонымен қатар:**

- әскери мәселеге ерекше назар аударылған;
- адайлар арасында халықтық кеңес органдарын бірден ұйымдастырудың мүмкіндігі болмағандықтан, революциялық комитеттің арнайы өкілін жағдаймен танысу үшін және сол жерде қажетті шаралар қолдану үшін іссапармен адайлар арасына жіберу қажет;

- революциялық комитет атынан адайларға үндеу жариялау;

- революциялық комитеттің экономикалық бөлімі адайлармен шаруашылық байланыстарын орнату жұмыстарымен айналысын.

20 наурыздағы (28 немесе 29 болуы мүмкін Р.С) №18 хаттамада адайлардың өтініші тыңдалып, мынадай қаулы қабылданғаны туралы жазылған [6]:

- революциялық комитет атынан адайларға арнайы үндеу арқылы шығару;

- адайларға жіберу үшін ерекше комиссияға адамдар бөлу және адай ісі жөнінде арнайы өкіл сайлау. Бөлінген жолдастар адайлардың беделді адамдарымен, топтарымен келісімге келу арқылы жергілікті жағдайды анықтау мақсатында шұғыл жолға шығулары қажет дей келіп, Дала өлкесі төтенше комиссары Жангелдиннің бұрынғы көмекшісі Әланиязовтың адайлар арасындағы ролі мен қызметін анықтау туралы тапсырма берілді;

- егер мүмкін болып жатса, адайларды басқарудың уақытша органын құру керек. Барлық даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу және барлық жиналған құжаттарды революциялық комитетке баяндау, ол жерде басқару органдарының қызметін бақылап, бағыттап отыратын революциялық комитеттің арнайы өкілін қалдыру керек;

- адайлармен сақтықпен қарым-қатынас жасау, алдын-ала сақтық шараларын қабылдау туралы Өлкелік әскери комиссар Сидоровқа әскери билік басындағылармен келісімге келу тапсырылды;

- Орал жәрмеңкесінің ірі маңызына байланысты Орал революциялық комитетіне Ойылға жауапты қызметкерлер жіберілу ұсынылады.

- Өлкелік төтенше комитетке адайлардың көшіп-қонып жүретін жерлеріне жауапты өкіл мен сенімді қызметкерлер жіберу ұсынылады;

- комиссия құрамына Өлкелік әскери комиссияның төрағасын кіргізу ұсынылады;

- келген делегаттарды адайлар арасында ревком комиссиясының жұмысына қолайлы жағдайлар даярлау үшін қажетті құжаттар (адайларға үндеу т.т) беріп, елге қайтару. Үндеуді жазу А.Байтұрсынов, Мюрат, Седелниковке тапсырылады.

Қазақ өлкесін басқару бойынша революциялық комитеттің 1920 жылдың 20 сәуірінде болған мәжілістің №23 хаттамасында адайлармен дұрыс, қалыпты қарым-қатынас жасаудың құралы съезд

шақыру болып табылады деп көрсетілген және адай съезін 1-10 маусым аралығында адайлар Ойылға көшкен кезде шақыру мәселесі қаралған. Ол үшін Түркістан республика келісімін алу қажет. Ойылға жүретін комиссияның алдындағы мақсаты мен міндеттері белгіленіп, адайлар арасында және олармен қатар көшіп-қонып жүрген табын сияқты рулар арасындағы кеңес үкіметін орнату жұмысы тапсырылады [7]. Қажет болса көшпелі ревком құрып, адайларды Қызыл Армия қатарына алу мәселесімен де айналысады. Орал, Жымпиты арқылы Ойылға баратын комиссия 5 күнде жолға шығуы қажет [8].

РЕЗЮМЕ

В статье под названием «Личность, благодаря кому Мангистау присоединился к казахской земле», пишется посещения Т.Аланиязова с группой мангистаусцев для участия в работе Казревкома. В марте 1920 г. в Оренбург приехали делегаты из адайских казахов во главе с Т. Аланиязовым. Мюрат рассказал о прибытии бывшего командующего чрезвычайными ситуациями в Степном крае, и поднимают социальные вопросы племени адай. Т. Аланиязов рассказывает о толстовской армии в Форт-Александровске и туркменских марадерах, которые организуют местным жителям вооруженные набеги, о положении их скота, их аулов. И просит Казревком обеспечить их джигитов оружием и другими необходимыми, чтобы организовать на местах своих военных подразделений. А также присоединения Мангистау к казахской земле. В статье использованы материалы Национального архива РК и материалы Президентского архива и др.

In an article titled "A decisive person to connect Mangystau to the Kazakh land", T. Alniyazovich visited T. Alniyazovich with a group of citizens of the Republic of Kazakhstan to participate in the work of Kazrev, together with Mangistau land, - The social issues are raised. In March 1920 delegates from Adai Kazakhs led by T. Alniyazovich came to Orenburg. Murat told about the arrival of the ex-emergency commander of the Steppe Krai, the Adai tribe spokesman T. Alniyazov, and the Taldish army in Fort-Alexandrovsk and the Turkmen, together with the looters, their livestock, their villages, sending armed troops to them, for the organization of its units, the provision of weapons and other necessary things, and the transfer of Mangistau people to the Kazakh land. Article is state archive and presidential archive of the Republic of Kazakhstan. on the basis of materials.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты (ҚР ПМ), 139-қор, 1-тізбе, 68-іс, 12-18-пп.
2. ҚР ПМ, 1-қор, 1-тізбе, 6-іс, 1-10-пп.
3. МОММ, 62-қор, 1-тізбе, 183-іс, 29-п.
4. ҚРОММ 14-қ., 1-т., 82-іс, 19-20-пп.
5. Бұл да сонда, 72-п.
6. Бұл да сонда, 82-п.
7. Бұл да сонда, 94-95-беттер.
8. «Құжаттар мен материалдар» А., 1961.

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ КСРО ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ

Куаныш БЕКТҮРҒАНОВ,
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университетінің тарих магистрі
Нұрымжан ҚАЙЫРҒАЛИ,
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университетінің 3-курс студенті

Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған – азаттықты аңсаған қазақтың ұлы перзенттері. Өйткені олар қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алды. Сондай дара тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқай.

М.Шоқай Лондонда болған сапарлары барысында Англияның Кеңес Одағына байланысты көзқарасын білуге де әрекеттенеді. Бұл мәселе жөнінде консервативтік партия ұстанымының екіұшты екендігін анықтайды. Партияның бір тобы елдің Кеңес Одағымен қарым-қатынастарын дамытуды жақтаса, келесі тобы Кеңес Одағына сенімсіздік танытып, ондағы ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, ұлттық қайшылықтарға мән береді дейді [1, 114-б.]. Соңғы топтағылар консервативтік партияның көрнекті қайраткері, парламент мүшесі герцогиня Атольскаяның салонында бас қосады. М.Шоқай ағылшын саяси элитасының өкілдерімен бірге осы атақты салонда болып, олардың пікірлерін тыңдайды. М.Шоқайдың айтуынша, ақылды да аса білімді герцогиня Кеңес Одағындағы ашаршылық туралы әңгімеге ден қояды. Бұл тақырып төңірегінде пікір алысудың бел ортасында М.Шоқайдың болғаны күмән тудырмайды. М.Шоқайдың бұған дейін қазақтар мен Орта Азия халықтарының арасында Қазан революциясынан кейін орын алып отырған ашаршылық туралы «*Ашаршылық және большевиктердің Түркістандағы ашаршылық саясаты*» [2, 26-б.], «*Түркістандағы ашаршылық*» [2, 89-б.], «*Ферғанадағы ашаршылық және оны ұйымдастыруға Кеңес өкіметінің қатысы*» [2, 271-б.], «*Ашаршылық*» [3, 188-б.], «*Қазақтар арасындағы ашаршылық*» [3, 123-б.], «*Большевиктердің Түркістандағы ашаршылық саясаты*» [3, 405-б.] және тағы басқа мақалалары «Дни», «Последние новости», «Йени Түркістан» секілді басылымдарда жарық көрген. Кеңес одағындағы ашаршылық материалдар жинастырып жүрген герцогиня Атольскаяның назарынан бұл мақалалар тыс қалмаған болу керек және бұл мәселеге байланысты М.Шоқайдың өз аузынан тың мағлұматтар алады. Сөз жоқ, сол кезде қазақтардың жаппай ашаршылық нәубетіне ұшырап жатқаны жөнінде де әңгіме болады. «*Ашаршылық туралы және Түркістандағы Кеңес саясатының ерекшеліктері туралы сөйлестік*» [7, 110-б.], – дейді М.Шоқай. Мұның өзі ағылшын герцогинясының түркі-мұсылман халықтарының жеріне ашаршылық Қазан

революциясы мен азамат соғысына ілесе келгендігі, оның көп жағдайда Кеңес өкіметі тарапынан ұйымдастырылғаны, 20-30-жылдардағы зұлматтан қазақ халқының жартысынан астамы құрбан болғаны, Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов секілді алаш қайраткерлері туралы әңгіме тыңдағанын білдіреді.

М.Шоқай «Дни» газетінде 1923 жылы №120 санында жарияланған мақаласында [9, 200-б.] «*қолдан жасалған саясаттың құрбаны болған түркістандықтардың жеуге наны болмағандықтан, халық жаппай малын қорекке айналдыруда. Соның нәтижесінде Наманган уезінде 1920 жылы 31 574 бас жылқы және сиыр болса, бұл көрсеткіш 1921 жылы 5397 басқа дейін қысқарған*», – деп жазады. Статистика ғылымы латын тілінен «күй, жай» деген мағынаны білдіреді. М.Шоқай статистикалық деректерді салыстыра келе, бір жылдың ішінде мал басының қаншалықты азайғанын дәлелдейді. Араға 9 күн салып, дәл осы мазмұнда «Голод в Туркестане» [2, 403-406-б.] деген мақаласы жарияланады. Мақалада жергілікті «Қызыл байрақ» газетіне сілтеме жасай отырып, тұрғындарды аштықтан құтқару негізінде «*Қоқанда 2400 адамдық, Әндіжанда 2500 адамдық, Наманганда 500 адамдық, Ошта 2500 адамдық асханалар ашылғандығын*» жазады. Біз осы деректегі сандарды саралай келе, ашаршылықтың қай өлкеде қатты белең алғанын көре аламыз. Деректің шынайылығын тексеру жағдайларында автор ақпаратты қайдан алғандығы маңызды. М.Шоқай өзінің әрбір дерекінде мақаласының дереккөзі саналатын жергілікті мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларға сілтеме жасап отырған.

М.Шоқай 30-жылдардағы алапат ашаршылық туралы батыс баспасөздерінде де хабарлайды. Лондонда тұрып жатқан орыс қайраткері А.Байкалов 1934 жылдың 15 шілдесінде М.Шоқайға: «*Ашаршылық туралы мәліметтеріңіз үшін үлкен рахмет, мен оны тиісті жерлерге тапсырдым*» [7, 269-270-б.], – деп жауап қайырады. Бұл жағдайлар М.Шоқайдың қазақтардың жартысынан астамын қырғынға ұшыратқан 30-жылдардағы ашаршылықты құпия ұстауға тырысқан Кеңес өкіметінің зұлымдықтарын әлем жұртшылығы алдында әшкере еткендігін көрсетеді. Деректер арасындағы бірнеше генеалогиялық байланыс түрлері бар. Егер зерттеуші соңғы жылдардағы деректі негізге алса, дұрыс қорытынды жасай алмайды. Алайда М.Шоқайдың Түркістандағы ашаршылық туралы 1923 жылы жарияланған мақаласы мен 1934 жылы А.Байкаловқа жазған хатындағы мәтінді сараласақ, автордың екі

деректе те айтқысы келгені – Кеңес өкіметінің зұлым саясаты.

Париждегі «Последние новости» журналында М.Шоқайдың қазақ жеріндегі аштық туралы 1921 жылғы 26 қарашада «Голод в Киргизии» [3, 282-285-б.] атты мақаласы жарияланады. Берлиндегі «Новый Мир» журналының №244 санында Ахмет Байтұрсыновқа телінген «Қазақ даласындағы ашаршылық» атты мақаласы басылады. Әрине, бұл қайта басылған мақала, яғни журнал басшылығының өзгертуі негізінде жазылған. А.Байтұрсыновтың пікірінше, қазақ жерінде аштық табиғаттың келеңсіз жағдайларынан (стихиялық түрде) болған деп есептейді. Мерзімді баспасөз бетінде жарияланған әрбір дерек субъективті түрде жарияланады. Себебі, баспасөз басшылығы жазылған мақаланы өзгертіп, өзі қалайтын шындықты көрсете алады. Осы жерде объективті шындықты білу үшін сол кезеңдегі Қазақстандағы табиғи жағдайды еске түсірсек, осының өзі жеткілікті. Бұл пікір қаншалықты дұрыс болғанымен, оның негізі *«большевиктердің арнайы жоспарланған, халықты қолдан қыру саясаты»*, – деп жазады М.Шоқай. Бұдан байқатынымыз, батыс баспасөздерінде Қазақстанға қатысты жазылған әрбір мақалаға өзгертулер енгізілгендіктен, М.Шоқай өзінің сенімді газет-журналдарында жауап ретінде мақала жариялап отырған. М.Шоқай 30-жылдардағы ашаршылық нәубетінің ең алдымен қазақтардың басына төнгендігін айтып, оны төңкеріске дейінгі қазақтардың жан басына шаққанда қанша малы болғаны, енді қанша малының қалғаны туралы статистикалық деректермен дәлелдейді.

М.Шоқайды, әсіресе, қазақ халқының жағдайы қатты алаңдатады. «Вольный горец» газетінің 1920 жылғы үш бірдей санында жарияланған «Кеңес өкіметі және қырғыздар» [4, 154-166-б.] деген туындысында қазақтардың патша заманынан бері қарай орыстарды бөліп-жармай, тұтас қабылдағанын, қазақтардың таптық санадан ада екендігін, олар үшін қазақ жерінде отырған орыс қоныстанушылары мен орыс әкімшілігінің арасында ешқандай айырмашылықтың жоқтығын, қазақ интеллигенциясының түгелге жуық «Алаш» туының астында топтасқандығын, большевиктердің «Үш жүз» партиясын «Алашқа» қарсы қойып, ұлттық қозғалысқа іріткі салғандығын баяндайды. Осы кезден бастап М.Шоқай Түркістан ұлттық қозғалысын жеке-дара қарастырмай, оны түрік-мұсылман халықтарының ұлттық тәуелсіздік үшін күресімен, большевиктердің Шығыс халықтары жөніндегі саясатымен байланыстыра пайымдап, бұл текетірестегі ортақ заңдылықтарды белгілеуді көздейді. «Кеңес Шығыс саясатының кезеңдері» [5, 151-152-б.], «Большевиктер және анатолгиялық қозғалыс» [5, 167-170-б.] деген мақалалар осы бағыттағы алғашқы ізденістер қатарына жатады.

Көшпелілерді отырықшылыққа ауыстыру, Қазақстандағы мал шаруашылығы туралы зерттеулерінде М.Шоқай ашаршылықтың себеп, салдарларын анықтайды. Ол *«Қазақстанды өнеркәсіп ошағына айналдырдық»* деген большевиктердің үгіт-насихаттарының астарынан Ресейдің ғана экономикалық мұң-мүддесін көздеушілікті көреді. М.Шоқай өнеркәсіпті индустрияландыру барысында Түркістанда бірнеше зауыт, фабрика және комбинаттар салынғандығын теріске шығармайды, бірақ *«мұның бәрі түркістандықтардың ұлттық мүддесіне сәй-*

кес келмейді» [6, 12-б.], – деп жазады. Өңгіме бірнеше зауыт, фабрика салуда емес, олар түркістандықтардың ұлттық қажеттіліктері мен экономикалық жағдайларына жауап бере ме – өңгіме осында деп ой түйеді. Орта Азия республикалары мен Қазақстанда өнеркәсіп ошақтарын ұйымдастыру, оларда жұмыс істеу үшін славян халықтары өкілдерін көшіріп әкелу орыс орталығының мүддесіне орай жүзеге асырылады.

Оның пікірінше, қоныс аударушылық орыс мемлекеттілігінің өзіндік мәнін құрайды. Егер Еуропа мемлекеттерінің басқа бір елді жаулап алу процесі саудагер-өнеркәсіпшілердің экспансиясымен қараласа орын алса, орыс жаулап алушылығы оған ілесе жүретін қоныс аударушылықпен сипатталады. Еуропалықтар басқа жерлерді өз тауарларын өткізетін рынок ретінде, ал орыстар өз халқының бір бөлігін апарып қоныстандыратын жаңа мекен ретінде қарастырады. Осы жағдайға байланысты М.Шоқай Ресейдің Қытаймен, Моңғолия, Иран, Әзірбайжан және басқа да елдермен қарым-қатынастары тарихынан бірнеше мысалдар [6, 20-б.] келтіреді. Ресейдің басқа аймақтарға орыс мұжықтарын орналастыру әрекеттерінің бірі табысты аяқталса, қатарына I дүниежүзілік соғыстың қарсаңында Ресейге ың-шыңсыз қосып алуға әрекет жасалған Урянхай өлкесі, 1915 жылы Иран жерінің бір бөлігі жатады. Ресей Моңғолия мен Қашқарға да көз тігеді.

Мұстафа Шоқай Орта Азия мен Қазақстанда орын алған ұлт-азаттық қозғалыстың барысы мен сипаты туралы зерттеулерін жалғастырады. Солардың бірі – *«1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі»* [6, 192-195-б.] атты мақаласы. Онда *«1916 жылғы көтерілістер және Қоқан автономиясы, басмашылар әрекеттерімен қосылып, орыс тепкісіне қарсы бағытталған ұлттық қозғалыс ретінде тарихымыздың ең маңызды құбылыстардың бірінен саналады»*, 1916 жылғы көтеріліс – жалпы алғанда ұлттық қозғалыс, онда таптық күрестің елесі де болған жоқ деп ерекше атап көрсетеді.

1916 жылғы Торғай даласындағы орыс үкіметіне қарсы көтерілген халық көтерілісінің басшысы – Амангелді Иманов. Ол туралы баспасөз беттерінде қисапсыз көп материалдар жарияланды. Кеңес тарихнамасында Амангелдіні дүниеде теңдесі жоқ төңкерісшіл, ұлт пен ұлтшылдықтан жоғары тұратын интернационал большевик, дінге дұшпан, Түркістан түріктігін орыс большевизмі және интернационалдық төңкерісшілдікпен табиғи түрде тығыз жымдастырған ірі тұлға ретінде көрсетілді. М.Шоқай да 1936 жылы «Яш Түркістан» журналының №85 санында «Батыр большевик Амангелді хақында ақиқат» [6, 79-82-б.] деген атпен мақаласын жариялайды. «Яш Түркістан» журналында жарияланған мақалада Амангелді жайында жарық көрген еңбектерге сараптама жасайды. *«Ынсабы мен қаламдарын сатқан Майлыұлы Бейімбет пен Мүсірепұлы Ғабиттер орыс жазушысы Всеволод Ивановпен бірлесіп «Социалды Қазақстан» және «Казхастанская правда» газеттерінде жариялаған мақалаларында Амангелдінің большевиктік бейнесін жасауға тырысқан»*, – деп жазады М.Шоқай. Өзінің мақаласында Мұстафа Шоқай халық ақыны Есенбайұлы Сағиттың «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған «Амангелдінің шабу жылы» мақаласы

және «Ердің өлімі» атты жырларына сыни баға береді.

Осылайша, үлкен террор жылдарындағы М.Шоқайдың жарияланымдары большевиктердің саясатын толыққанды айыптайтын және әшкерелейтін деректер болып табылады. Түркістан ұлттық қозғалысының лидері, Кеңес өкіметіне қарсы ойларын кеңестік мерзімді басылым материалдарын дерек ретінде пайдалана отырып, ашық жариялаған М.Шоқай аталған кезең құжаттарын талдаған бірден-бір қоғам қайраткері екені белгілі. Мерзімді басылымдағы материалдар сол кезеңдегі қоғам тынысы туралы мәліметтерді ашық көрсетіп, халық жауларын әшкереулеуінің бір түрі болғандығы шүбәсіз. Осы тұрғыдан қарағанда, Мұстафа Шоқай үлкен террордың күрделі мәселелерін анықтап, талдап берді. Оның еңбектерінде ой еркіндігі анық байқалады, деректанулық талдау дәрежесі де жоғары. Сондықтан да шығар, қаншама тың мұрағат

деректері жарияланып жатса, М.Шоқайдың негізгі ой-түйіндері маңызды орын алуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2012. I том. – 544 б.
- 2.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2012. III том – 664 б.
- 3.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2012. IV том – 572 б.
- 4.Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық.– Алматы: «Қайнар», 2007. 1-том. – 352 б.
- 5.Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық.– Алматы: «Қайнар», 2007. 2-том. – 392 б.
- 6.Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық.– Алматы: «Қайнар», 2007. 3-том. – 384 б.
- 7.Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық / Құраст. Ғ.Исахан. – Алматы: «Саға» баспасы, 2006. 1-том. – 424 б.

МУСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН МӘСЕЛЕСІ

Сағат ТАЙМАН,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты,
Ақгүл МОЛДАХМЕТОВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің 2-курс магистранты

М.Шоқай Түркістан ұлттық қозғалысының мақсат-міндеттері және оған ниеттес күштерді анықтаумен бірге, тәуелсіздік үшін күресте қолайлы жағдайдың қалыптасуына, оған мемлекетаралық қатынастардың ықпал ететіндігіне үлкен мән береді. Түркістан мәселесінің халықаралық сипат алуы өзінен-өзі түсінікті және ол жағдай біз қалағаннан емес, Еуропа мен Америка Құрама Штаттарының Ресеймен қарым-қатынасы нәтижесінде пайда болады дейді ол. Алайда Мұстафа батыс елдерінің ұлт-азаттық қозғалысына қолдау көрсету әлеуетіне аса сақтықпен қарайды. Еуропаның отарлық пиғылдан бас тарта қоймағанын, Түркістанның тәуелсіздігі үшін күрес Индияға ықпал етіп кетпей ме деген қорқыныштың да барлығын, дегенмен Англия мен Францияда оған қолдау көрсететіндердің де жоқ еместігін ескертеді. Оның пікірінше, Түркістан мәселесіне халықаралық сипат беруге әрекеттенушілік 1919 жылдың ақпанында Түркістан өлкесі мұсылмандары орталық кеңесінің Еуропа елдеріне Түркістан халқына В. Вильсонның доктринасы негізінде өзін-өзі басқару құқығын іске асыруына көмектесу жөніндегі меморандумынан басталды. Бірақ кейін 1931 жылы ол *«Еуропа түркістандықтардың әдемі көздеріне немесе қаналғандардың тапталған құқықтарына бола большевиктермен қызыл кеңірдек болмайды және олармен соғысуға бармайды»* деген тұжырымға келеді.

Сонымен қатар ол Еуропа мен Азиядағы халықаралық оқиғалардың даму барысын, ірі державалар мүдделерінің қақтығыстары себептерін қадағалап отырады. Бұл туралы тарихшы К.Л.Есмағанбетов өз еңбегінде: 1931

жылы Шығыс Түркістанның Құмыл аймағында Ұйғыр, Қазақ, Қырғыздардың жергілікті Қытай үкіметіне қарсы көтерілісінің бастауымен бірге Мұстафа Шоқай мен «Яш Түркістан» ұйымына тағы бір міндет жүктелді, ол – Шығыс Түркістан ұлттық майданын жүргізу міндеті еді. 1933 жылдың көктеміне қарай көтеріліске шыққан ұйғырлар, қазақтар, қырғыздар, дүнгендер мен моңғолдар Шығыс Түркістанның тоқсан пайыз аумағына бақылау орнатады. Сол жылы 10 шілдеде олар азат етілген аудандарда Шығыс Түркістан Республикасын жариялайды. Кейінірек Қашғар қаласына орын тепкен Шығыс Түркістан Ислам Республикасының уақытша үкіметі құрылып, оны Мұхаммед Имин мен Сәбит Дамолла басқарады. Мұстафа үкімет құрамы мүшелерінің көпшілігімен, үкімет қабылдаған құжаттармен танысады. ТҰБ 1933 жылы 12 қарашада Шығыс Түркістан Республикасымен қатынас орнатады. Мұстафа Шоқайдың бұл мәселе туралы конференциялар ұйымдастырып, әлем назарын аударуға тырысқанын және 1933 жылы серіктерімен ақылдаса келе Междеддин Делилді Шығыс Түркістанға жібереді [1].

Шығыс Түркістанда 30-жылдардың басында жергілікті мұсылман халықтардың қытайлық бодандықтан азат болу жолындағы көтерілісі басталып, ол Қытай империясының онсыз да нашарлай бастаған халықаралық жағдайын шиеленістіре түседі. Кеңес Одағының тікелей араласуымен болып жатқан Шығыс Түркістандағы бұл оқиғалар туралы М.Шоқай: *«Шығыс Түркістан көтерілісшілері бұдан бұрынғы көтерілісшілер сияқты атамекенін қытайлардан біржолата азат етуді көздеп отыр»*.

Бұл мақсаттарына олар ішінара болса да қол жеткізгендей сыңайы бар», – деп жазып, 1933 жылы Шығыс Түркістан Ислам Республикасының құрылуы туралы хабарды журнал бетінде мәлімдеді.

Мұстафа Шоқай «Шығыс Түркістанды азат ету комитетінің Үндеуі туралы» атты мақаласында: Шығыс Түркістанға келген қытайлардың құнарлы жерлерді иеленіп жатқанын, қытай билігінің жергілікті халықтың жағдайын ойламайтындығын, жолдардың салынбай жатқандығы, халықты қараңғылықта ұстауы, бостандықтың орнына – қанау, әділеттіліктің орнына – заңсыздықтың орын алып жатқандығы жазылған. Қытай шенеуіктері тек өз қалталарын толтырумен, тал түсте елді тонаумен айналысып жатқандығы ашық айтылған. Қытай билігінің 66 жыл ішінде халық күн-түн демей жексұрын обырларды байыту үшін жұмыс істеген. Қытай билігінің бұдан кейінде де бұл саясатын жалғастыра беретіндігі айтылады. Әділетсіз және ауыр салықтардың күнен-күнге өсуі халықты кедейлікке ұшыратқан. Осыған шыдамаған халық тәзімі таусылғандықтан қолдарына айыр, кетпенін алып қытай билігіне қарсы көтерілген. Ал билік көтерілістің шығу себебін анықтап, оның шешімдерін табудың орнына ату, жазалауды күшейткен, түрмелердің барлығы біздің бауырлармен толып кеткендігі хазылған. үкіметтің жіберген әскері Халыққа қарсы тарихта болмаған ерекше қаталдық көрсеткен. Ату, тонау, адамдарды жазықсыз өлтіру, әйелдерді және жас қыздарды зорлау секілді, т.б. қаталдықтарын суреттеу де мүмкін емес – деп жазады [2].

Мұстафа Шоқай Шығыс Түркістандағы оқиғаларға сараптама жасап, оған қатысты саналуан саяси пікірлерге өз көзқарасын білдіреді. Ол Шығыс Түркістан Республикасына Англияның ұстанымы қандай болды деген сұраққа былай деп жауап береді: «ағылшындар да Шығыс Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына көмек қолын соза қоятындай сыңай танытып отырған жоқ. Ағылшындар Шығыс Түркістан қозғалысының исламдық сипаты бар деп сескенеді...» «Панисламизм» десе ағылшындардың да басының «сақинасы» ұстайды. Сол себепті ағылшындар Шығыс Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына аса сақтықпен қарайды», – деп, Англияның ШТР Үкіметіне қолдау көрсетуінің негізсіздігін айтады. Ал, бұл пікір шынында Кеңес өкіметінің өзімен бәсекелес ағылшындардан қауіптеніп, «солай болуы мүмкін-ау» деген ойынан шығу да ғажап емес. Мұстафа Шоқай осыны дәлелдейтіндей мынадай тағы бір мысал келтіреді: «Чинни Түркістан ауазы» ағылшындар Шығыс Түркістан ұлттық қозғалысына іш тартып, болысып отыр деп жазады. Ал, шын мәнінде олай болып отырған жоқ. Біз осы газеттен ағылшындардың Үрімжідегі Қытай өкіміне қару-жарақ беріп, көмектесіп отырған үкіметке қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысын ағылшындардың қолдауы мүмкін бола қояр ма екен? Өкінішке қарай, ағылшындар Шығыс Түркістан ұлт-азаттық күресіне көмек көрсетуі былай тұрсын, оған сырттай жанашырлық та көрсетпейді», – дейді [3].

М.Шоқайдың 1934 жылы 18 шілдедегі «Лондоннан алған әсерлер» атты мақаласы бар. Онда ол Шығыс Түркістандағы оқиғалар туралы баяндама оқу және осы туралы ағылшындардың ой пікірін

білу үшін екі апталық сапарға барғандағы алған әсерін жазады. Бұл сапарында Мұстафа тек Шығыс Түркістан туралы ғана емес, КСРО және тағы басқа мәселелер жөнінде ағылшын қайраткерлері және журналистермен кездескенін жазады. Шетелдіктердің Шығыс туралы, оның ішінде Азиаттық Шығыс және Шығыс Түркістан туралы консулдық тыңшылардың, сол маңда жүріп өткен журналистердің немесе кездейсоқ туристердің ауылынан асып шықпаған, газет оқымайтын, шала сауатты жергілікті халықтан естігендері бойынша ғана білетіндіктері таңқалдырды. Дегенмен, Мұстафа Шоқай мұның себебін жақсы біледі, бір аудан мен екінші аудан аралығының алшақтығы, ара байланыстың нашарлығы және т.с.с. Сонда да болса ағылшын қоғамының Шығыс Түркістандағы большевиктердің көмегімен кемалшылардың жүзеге асырып жатқан «пантүркішілдік» пен «пансламшылдық» туралы сұрақтарына Шығыс Түркістанда оның жоқтығын, түрік ықпалының ол жерлерде жүрмейтіндігін айтып береді [4].

Шыңжаңның билеушілеріне Кеңестік ықпалдың қаншалықты болғандығын Мұстафа Шоқай 1933 жылы «Яш Түркістанның» 46-нөмірінде былай деп жазды: «Тұрғындарының көпшілігі тарапынан, яғни түріктер тарапынан ешқандай құрметке ие бола алмаған және ішкі Қытайдан тым шалғай, оқшау тұрған Шығыс Түркістанның билеушілері Кеңес өкіметінің жартылай ашық, жартылай астыртын көмегінің арқасында ғана өмір сүріп тұра алды. Шығыс Түркістандағы осы үкімет тұсында бұл өлкенің есігін емін-еркін ашып, қазыналарын қалауынша тонауға, экономикасын өз ықпалына біржола енгізуге мүмкіндік тапқан Мәскеу мұндай үкіметтің бұдан соң да өмір сүре беруіне шын мүдделі болатын. Большевиктер Шығыс Түркістанда тек экономикалық пайданы ғана емес, сонымен қатар саяси мақсаттарды көздейді» [5].

Ол «Шығыс Түркістанда» атты мақаласында Кеңес өкіметінің Шығыс Түркістан оқиғаларына қатысты саясаты туралы былай дейді: «Шығыс Түркістан түріктерінің қытай билігіне қарсы ұлт-азаттық күресі басталған күннен бастап большевиктердің мазасы кетті. Өйткені Шығыс Түркістанда қытай отаршыл үстемдігін аударып тастап, тәуелсіз түрік мемлекетінің шаңырақ көтеруі қызыл орыс империализмінің Азиядағы мүдделеріне бүкілдей қайшы келетін. Сол себепті кеңестік Ресей әу бастан-ақ Шығыс Түркістандағы ұлттық қозғалысқа қарсы бағыт ұстады. Бұл қозғалысты жаныштау үшін большевиктер жергілікті Қытай үкіметіне алуан түрлі көмегін аямады. Сонымен қатар большевиктер дүние жүзі жұртшылығын адастыру мақсатында, яғни әлем халықтарының назарын өздерінен басқа жаққа аударып жіберу ниетімен Жапония және Англия елдерінің Шығыс Түркістанға араласуы туралы ертегіні ойдан шығарды» [6].

Кеңес өкіметінің Шыңжаңдағы мұсылман халықтардың ұлт-азаттық көтерілісіне ешқандай да іш тартпамайтын себептерін Мұстафа Шоқай былай деп көрсетеді: «олар мұндай көтерілістер тек өздеріне зиян келтіретінін мемлекеттерде болып жатса ғана ондай мемлекеттердегі ұлттық көтерілістерді ұйымдастыруға және жәрдем етуге

қатысып отырады. Шығыс Түркістандағы жағдай басқаша. Бұл жердегі ұлттық күрестің жеңісі Кеңес өкіметі мүдделеріне, оның жаңа отаршылдық саясатына қауіп тудыратын болды. Жапонияның Манжурия арқылы Моңғолстанға жақындасуы, бір жағынан, Англияның Тибетке саяси-экономикалық билік жүргізуі, екінші жағынан, большевиктерді Шығыс Түркістан мәселесінде барынша абай болуға мәжбүр ететін факторлар. Оқиғалар мен жалпы саяси жағдай Шығыс Түркістандағы Қытайға қарсы ұлт-азаттық күрестер тек большевиктердің еркімен ғана болып жатыр деген пікірді теріске шығарады». Мұстафа Шоқай бұл пікірі арқылы Шығыс Түркістан Республикасының өмір сүруіне кеңестік саясаттың мүдделі емес екендігін көрсеткісі келді. Кеңес одағы Шығыс Түркістан Үкіметін Шэн Шиқай үкіметіне бағынып, тізе бүгуіне мәжбүр етті. Шығыс Түркістан Республикасы Мұстафа Шоқай айтқандай, оның жаулары – «Орталық Қытай Үкіметі, дұңған күштері және Кеңес өкіметі тәрізді дұшпандардың» қарсылығы нәтижесінде жеңіліске ұшырады. «Шығыс Түркістанның тәуелсіздігін Кеңес одағы ешқашан көргісі келген жоқ және көргісі де келмейді» [7].

Мұстафа Шоқай Шыңжаңдағы мұсылман халықтардың азаттық күресін жаныштауға күш салған Кеңес Одағының саясатын батыл айыптап, ол туралы: «Шығыс Түркістанда Қытай отаршыл үстемдігін аударып тастап, тәуелсіз түрік мемлекетінің шаңырақ көтеруі қызыл орыс империализмінің Азиядағы мүдделеріне бүткілдей қайшы келетін. Сол себепті Кеңестік Ресей әу бастан-ақ Шығыс Түркістандағы ұлттық қозғалысқа қарсы бағыт ұстады», – деген болатын.

30-жылдардағы Шыңжаңдағы Кеңестік саясатқа байланысты, ондағы жергілікті билеушілердің кеңестік ықпалға түсуінің себептерінің түркі әлемінің көрнекті қоғам қайраткері М.Шоқай 1935 жылы былай деп жазды: «...Үрімші губернаторы Шин Шиқай Кеңес өкіметімен тығыз достық қарым-қатынас орнатып, большевиктерден түрлі кәсіптегі мамандар мен қызметкерлерді шақырып, «Шығыс Түркістанның экономикалық дамуы» үшін олардан несие ала бастағанын мойындап отыр. Демек, Шың Шұрын (Изинь Шу-Жэнь) тәрізді бүгінгі Үрімші Үкіметі де Мәскеудің уысына түскені көрініп отыр. Олай дейтін себебіміз Мәскеу қызметкерлері, Мәскеу мамандары, Мәскеу қаржысы тек Мәскеудің мүддесі үшін ғана қызмет ететін болады. Оның үстіне Шығыс Түркістандағы Қытай Үкіметі Мәскеуге ешқандай бір шарт қоя алатын халде емес. Оған шамасы жетпейді. Шығыс Түркістандағы «Мәскеу мүддесі» дегеніміз, бұл өлке сөз жүзінде Қытайдікі, іс жүзінде Мәскеудікі дегеннен басқа ештеңе емес» [8].

Шығыс Түркістан халқының ұлт-азаттық күресіне Мұстафа Шоқай барлық түркі тектес халықтар мен әлемнің кез келген халықтарының да қолдауын қалайды. Ол «Шығыс Түркістан халқы да әлемнің басқа еркін, азат халықтары сияқты өз тағдырын өзі айқындауын қалайды.

Мұстафа Шоқай сол заманның қитұрқы саясатына сәйкес, ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрестерге отаршыл мемлекеттердің қолданатын сан қилы арандатушылық әрекеттерін, ұлттық қозғалыс күштерінің арасына іріткі салу, ұлт көсемдері туралы түрлі жалалы қауесет тарату сияқты әрекеттердің болып

тұратынын ескерте келе былай дейді: «Ұлттық күрестің мүддесі осы күреске белсене қатысқан әрбір жеке адамның мүддесіне немқұрайлы қаралмауын талап етеді... Ұлттық қозғалыстың жаулары оның басшылары мен қосшылары хақында алуан түрлі өсек-аян таратады. Қазіргі жағдайда ұлттық қозғалыстарды басқарып, жетекшілік ететін жеке тұлғаларды қорғап қана қоймай олардың беделін арттыруға да күш салуымыз керек. Жауларымыздың оларға қастандық жасауына жол бермеуіміз тиіс. Шығыс Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының басшылары мен өкілдеріне сыртқы әлемнің назарын аудару, оларға халықаралық жұртшылықтың симпатиясын тудыру қазіргі кездегі біздің ең маңызды міндетіміз болып табылады. Ұлттық мүдделеріміз осы міндеттің толық орындалуын талап етеді» [9].

Мұстафа Шоқай Қытайға барлық жағынан жан-жақты көмектесіп отырған Кеңес Одағы туралы, өзіне ата жау санаған Кеңестік өкіметке деген жек көріністі көзқарасын былайша көрсетеді: «Қытайдың тағы бір төртіңші жан ашыры – Кеңестік Ресейге келсек, ол Моғолстан мен Шығыс Түркістанды Қытайдан бөліп алып өзіне тәуелді етуді көздейді. Кеңестік Ресей коммунизм идеяларын таратып, Қытай ұлттық төңкерісінің партиясы Гоминданды іштен ірітуге тырысты. Ол-ол ма, Кеңестік Ресей мұнымен де тынған жоқ. Қытайдың 20 млн тұрғыны бар аумағында Кеңес өкіметін құрып, бұл елді ұшы-қиыры көрінбейтін азамат соғысына сүйреп түсірді. Орыс большевиктері Қытай коммунизмінің орталығы – Кантон қаласын екінші Мәскеу деп атайды. Олар Қытай коммунистерімен бірге жүрізе отырып, Америка мен Еуропа капиталдарын Қытайдан, жалпы Азиядан ығыстыруда. Қытайға болысып жатқан достарының жай-күйі, міне, осындай».

Мұстафа Шоқайдың «Яш Түркістан» журналында жарық көрген «Қытайлар мен Кеңес өкіметінің Шығыс Түркістандағы достығы», «Шығыс Түркістан мәселесі төңірегінде», «Шығыс Түркістан, сыртқы дүние және біздің міндеттеріміз», «Шығыс Түркістанда» деген мақалалары халықаралық қауымдастықта түркі халықтарының ұлттық бостандық үшін күресі төңірегінде оң пікір қалыптастыруға көмектесті деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Есмағамбетов К. Л. Әлем таныған тұлға. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2008. – 504 б.
2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы Он екі томдық. IX том. – Алматы: Дайк Пресс, - 2014. – 568.
3. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы Он екі томдық. IX том. – Алматы: Дайк Пресс, - 2014. – 568 (442) б.
4. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы Он екі томдық. VII том. – Алматы: Дайк Пресс, - 2013. – 572 (346) б. С.Т.Тайман.
5. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы Он екі томдық. VI том. – Алматы: Дайк Пресс, - 2013. – 524.
6. Шоқай М. Таңдамалы 1 – том. – Алматы: Қайнар, 1998, -512.
7. Шоқай М. Таңдамалы 2 – том. – Алматы: Қайнар, 1999, -520 б.
8. Шоқай М. Он екі томдық. I том. – Алматы: Дайк Пресс, - 2013. – 524.
9. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12-томдық. 1-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012.

АГРАРЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ (XX ғасырдың 20-40-жылдары)

Айнұр ҚАЛЫБАЕВА,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университеті, тарих ғылымдарының магистрі,
Салтанат ЖҰМАБАЕВА,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университеті тарих факультетінің 3-курс студенті

КСРО кезіндегі отандық тарих ғылымында кеңестік ауыл шаруашылығын индустрияландырудың жетістіктеріне, жоғары техникаға негізделген жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайтты деген концепция қалыптасты. Бірақ іс жүзінде кулактар мен байларды жою, отырықшылыққа көшіру және ұжымдастыру желеуімен шаруаларды қанау процесі жүргізілді. Шаруалар қазан төңкерісінің алғашқы күндерінен бастап-ақ азық-түлік отрядтары, дайындаушылар тарапынан тонауға ұшырай отырып, кеңес органдарының қуғындауы мен салықтарынан ылғи да қорқа отырып, елді, қала мен армияны асырады. Бұлардың барлығының нәтижесі ауыл шаруашылығының біртіндеп күйреуі, оның өнімдерінің төмендеуі, қазақ шаруаларының антикеңестік көтерілістері мен көшіп кетуі, аштық, т.б. болды. Кеңес өкіметі өзінің аграрлық саясатын жаулардың бүлдірушілік әрекетімен бүркемелеп, сонымен қатар кедей шаруалар жөнінде қамқорлық жасай отырып жүргізді.

20-жылдардың екінші жартысындағы өлкедегі жер мәселесіндегі кеңестік шараларға қатысты айтыстарда ұлттық мүддені қорғаған қайраткерлердің бірі – Сымағұл Сәдуақасов. Ол 1927 жылы өлкелік партия комитетінің VI конференциясында сөйлеген сөзінде қазақ ауылының, шаруалардың хал-ахуалы жөнінде күрделі де өзекті мәселелерді алға тартады. Атап айтқанда республикадағы егістік-шабындық жерді бөлудегі таптық принциптердің негізге алынуы барысындағы жіберілген қателіктерге тоқталады. *«Осы биыл егістік, шабындық жерлерді бөлу науқанын жүргіздік. Бәріміз де қазақта орташалар жоқ деп жүрдік. Егістік, шабындық жерлерді бөлу науқанының нәтижесі мұның дұрыс еместігін көрсетіп отыр»,* – деп «За партию» журналының 1927 жылғы 3-санындағы Рябokonның мақаласына Ақтөбе губерниясындағы жерді бөлу кезіндегі кедейдің ұтып, орташаның ұтылып отырғанын мысал ретінде көрсетеді. Осы конференцияда **С.Сәдуақасов байларды тәркілеу науқанына қатысты Ф.Голощекиннің пікіріне қарсы былай дейді:** *«Енді байларды тақымдау, оларға мықтылық көрсету керек деген мәселеге келейік. Голощекин жолдас «байларға мықтылық көрсету әбден керек, ауыл бұрынғы күйінен өзгерген жоқ, ауылда әлі күнге байлардың, ақсақалдардың үстемдігі жүріп келеді» дейді. Голощекин жолдастың осы сөзін қара басым дұрыс дегім келмейді»* [1, 204-б.].

20-жылдардың басында елдегі жер мәселесін Телжан Шонаұлы да көтерді. Өзінің «Қазақ жер мәселесінің тарихы» атты еңбегінің «Болашақта қазақ жерге қалай орналасуы керек» деген бөлімінде төңкерістен кейінгі Қазақстандағы жер қатынастары саласындағы кеңестік биліктің заң, қаулылары, қазақтардың жерге орналасуы, отырықшылыққа көшіру мәселелері қозғалады. **Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі өлкедегі жер-су рефор-**

маларының барысын былай талдайды: *«Қазақстанда кеңестік Кіндік комитеті өз еркінше тұрғын елдің салтына, тұрмысына, шаруашылығына қарай шешетін мәселенің бірі жер мәселесі болды. 1921 жылы 7 ақпанда Қазақстан Кіндік комитеті Декрет шығарды. 1917 жылға шейін қазақтан кесіп алынса да, қарашекпендер орналастырылмай бос жатқан жерлер еңбекшіл қазақ еліне қайтарылады деді. 1921 жылдың 19 сәуірінде Ертіс пен Ащышеп бойындағы 10 шақырымдық пен Жайық бойындағы ені 10 шақырымдық жерлер еңбекшіл қазақ халқына қайтарылсын деген тағы бір декрет шықты. Сонымен, көп жылдан бері үздіксіз таласа, тармаса, жалдап алып, ол қылып, бұл қылып неше қиындықтармен пайдаланып келе жатқан жерлеріне қазақ елдері қайтадан орналасатын болды»* [1; 216-217-бб.].

Т.Шонаұлы өз еңбегінде бұл бөлімді Қазақстанға қоныс аударуды тоқтату, қазақ халқын жерге орналастыру, қазақ жерін зерттеу, егіншілікті дамыту, қазақтарды отырықшылыққа көшіру жөніндегі бірнеше ұсыныстармен аяқтайды. Сырттан қоныстандыруды тоқтату жөнінде: *«Қазақстанның іші де сырттан колонизация дегенді ада-жұда жабу керек. Қазақстанды отарлауды тіпті жою керек. Олай болмаса, баяғы жерсіз қазақ жерсіз қала бермекші»,* – деп жазады [1; 221-б.]. Сондай-ақ қазақ шаруашылығын отырықшылыққа көшіру жөніндегі *«бірден мал бағушылардың бәрін орналастыруға келмейді. Оған күш те, жер де жетіспейді. Бір себептермен көшпелілер көше алмай қалса, шексіз қырылады. Соның үшін олар бірте-бірте отырықшылыққа айналғанша, шаруасына жәрдем тигізіп отыру керек. Егінші, көшпелілерді орнықтыруға осы бастан қам қыла беру керек»,* – деп бір шаруашылықтан екінші бір шаруашылыққа көшуді ақырын байыппен жүргізу қажет деген Ө.Бөкейхановтың пікірін одан әрі қуаттай түседі [1; 223-б.].

Кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы экономикалық шаралары, жер-су реформаларына қатысты Н.Төрөқұлов та өз пікірлерін білдіріп отырды. «Жизнь национальностей» журналының 1923 жылғы санындағы «Түркістан Автономиялық республикасы» атты мақаласында Түркістан өлкесінің төңкеріске дейінгі және одан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерін талдайды. Кеңес өкіметінің алғашы жылдарындағы халық шаруашылығының, ел тұрмысының әлеуметтік-экономикалық саладағы өзгерістерді цифрлық мәліметтер арқылы көрсетеді. Автор кеңес өкіметінің отырықшыландыру саясатын бірден қолданудың қажет емес, халыққа бұл ретте көмек көрсету қажеттігі туралы былай жазады: *«Бірақ, кейбір кеңестік мәдениет қайраткерлерінің көкейіне қона кететін отырықшылыққа міндеттеу туралы декреттің қажеттігін құр мақұлдай беруге әлі ерте. Қоғамдық дамудың бір сатысынан екіншісіне қиналмай өту үшін қажетті көмек көрсету Кеңес үкіметінің абыройлы міндетінен саналады»* [3; 191-193-б.].

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы қазақ өлке-сіндегі жер мәселесінің жағдайы туралы М.Шоқай өз еңбектерінде көтеріп, төңкеріске дейінгі және одан кейінгі уақыттағы Түркістан өлкесіндегі жер мәселесі, оның Ресейдегі жер қатынастарынан айырмашылығын жазды. М.Шоқай Ресейде жер мәселесі таптық мәселе болса, Түркістанда ұлттық мәселе болғандығын, себебі бұл өлкеде халықтың жерге қатысты мәселеде бір-біріне қарама-қарсы топқа бөлінбегенін айта отырып, кеңестік биліктің жер мәселесін тап күресі тұрғысында шешуді және де дәстүрлі шаруашылықты жоюды көздегенін тап басып көрсетеді. Алдымен төңкеріске дейінгі патшалықтың жер саясатына: «Орыс патшаларының үкіметі тақтың пірі саналатын байлардың ғасырлар бойғы «құқын» қорғай отырып, шаруалар бұқарасының өсіп келе жатқан революциялық рухтағы қимылына қарсы күресті. Өршіп бара жатқан қиындықтан құтылудың амалы басқыншылық, яғни шаруаларды бұрын басып алынған орыс жерінен шеткері өлкелерге, Кавказға, Сібірге, әсіресе, Түркістанға көшіру деп табылды. Патша үкіметінің ресми деректеріне қарағанда, тек қазіргі Қазақстан аумағында орыс қоныстанушыларына беруге тартып алынған жер 45 миллион гектар болғанының өзі орыс жерінен шеткері аймақтарда қанша жер тартып алынғанын көрсетуге жеткілікті мысал бола алады. Бұған осы 45 миллион гектар жер алынған өңірдегі бір миллионға жуық орыс қоныстанушыларын қосыңыз, Ресейдегі орыс шаруасы мен Түркістанға көшірілген орыс қоныстанушы шаруаларының арасындағы жағдайдың айырмасы көз алдымызға айқын елестейді. Бұған Түркістанда қоныстанған орыс шаруасы иеленген жерлерінің шынайы қожасы есептелгенін қосыңыз. Осы айла арқылы Ресейде үкіметке дұшпан болып, революциялық қимылға шыққан орыс шаруасы енді осы үкіметтің Түркістандағы тірегіне айналды. Шынында да жұмыс осылай жүргізілді», – деп баға береді [2; 300-301-бб.].

Н.Төреқұлов 20-жылдардың басындағы аграрлық реформаға былайша баға береді: «Кеңес үкіметінің жергілікті кедейлерді отырықшыландыруға ықпалы тиген шараларының бірі – 1921 жылы негізінен Жетісуда жүргізілген жер реформасы болып табылады. Бұл іс-шараның саяси мәнін ескермеуге мүлдем болмайды. Патша үкіметі мен Уақытта үкіметтен Кеңес үкіметіне мұраға қалған «тарихи әділетсіздікті» түзету үшін 25 000 жергілікті батырақтар қоныс аударып келген кулактардан тартып алынған жерлерге орнықты. Міне, осылайша жері жоқ немесе тым аз кедейлердің «Қосшы» атты революциялық одақтары құрылды. Бұл шара Кеңес үкіметіне буржуазиялық үкіметтердің ұлы державалық ұлттық кемсіту саясаты мүлдем жат екенін бұрынғы отарлаудың ащы дәмін татқандарға тамаша дәлелдеп берді, экономикалық тұрғыдан да кедей көшпелілердің отырықшылыққа бейімделуіне ықпалы тиді. Ал мал өсіруші ірі байлардың жұртты отырықшыландыруға бүйрегі бұра қоймағанын ескерсек, мұның таптық күрестің белгілі бір факторына айналғаны даусыз. Түркістан Коммунистік Партиясының таяудағы VIII конференциясында дұрыс аталып өткендей қазіргі кезеңдегі кеңес үкіметінің міндеті жер реформасы жүргізілген аудандардағы жаңа үлгідегі шаруашылықтарды мейлінше нығайту болып табылады» [3; 193-б.].

1920-1940 жылдардағы Қазақстандағы аграрлық мәселе Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында. Тәуелсіздік алған тұста кеңес өкіметінің Қазақстандағы алғашқы аграрлық өзгерістерін, жер-су реформаларының тарихын жаңа методология тұрғысында қайта қарау орын алды. Бұл ретте М.Қойгелдиев пен Т.Омарбековтың бірігіп жазған «Тарих тағылымы не дейді?» атты еңбегін алып қарауға болады. Авторлар 20-жылдардағы тоталитарлық жүйе жағдайындағы қазақ зиялыларының позицияларын

талдайды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі сәтте өлкеде әлі де шешімін таппаған мәселелердің көптігін, оны шешуге талпынған қайраткерлердің іс-әрекетіне түрлі тосқауылдар қойылып, аяқтан шалғандығын атап көрсетеді. Бұл жөнінде: «1925 жылдың ортасында РКП(б) Орталық Комитеті Қазақстанға партиялық басшылыққа Ф.Голощекинді тағайындады. Бұл кезде Қазақстанда көптеген күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелер өз шешімін тауып үлгермеген еді. Олардың ішінде, ең негізгісі әрине, жер мәселесі болатын. Ескі биліктің жерге қоныстандыру саясаты нәтижесінде жергілікті халыққа жасалынған қиянат әлі де жойыла қойған жоқ еді. Оны шешуге кіріскен жаңа билік алдынан көптеген кедергілер шықты. Мәселен, бұрын жер үлесін алуда патша әкімшілігі берген түрлі артықшылықтарды иемденіп үлгерген переселендер (қоныстанушылар-Қ.А.) жер-суды қайта бөлісуге құлық таныта қоймады, тіптен қарсылық та көрсетті, оның үстіне революциядан кейін де ішкі Россиядан Қазақстанға жер үшін қоныс аударушылар легі толастамады. Бұл жағдай өз ретінде онсыз да күрделі ұлтаралық қатынасқа әсер етпей қоймады. Өлкедегі толғағы жеткен мәселелерді шеше алатын, жергілікті халыққа түсінікті және жақын советтік мемлекеттік аппарат жаңадан баяу қалыптасып келе жатты. Оған кедергілер де аз болмады», – деп жазды [4; 20-21-бб.].

90-жылдардың басында аграрлық мәселеге қатысты жаңа методологиялық негізді қалыптастырған еңбектердің бірі – 1993 жылы шыққан «Көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихының очеркі» атты ұжымдық еңбек. Авторлар ұжымы 1921-1922 жылдардағы жер-су реформасы күрделі ұлтаралық қатынастардың шиеленіскен жағдайында жүргізілгенін, мұның өз кезегінде ескерілмей реформаға таптық сипат беруге тырысқандығын көрсетеді. Осы уақытқа дейін мұны ұлтшыл және шовинистік элементтердің жымсысқы әрекетінен болды деп түсіндіріп келді. Бұл жерде мына жағдай көбінше ескерілмеді: «бұл реформалар қазан төңкерісінен төрт-ақ жыл кейін және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен бес-ақ жыл кейін жүзеге асырылды, бұл кезде бұрын езіліп келген түпкілікті халықтың, патша үкіметі жазалаушыларының ұлт-азаттық қозғалысын аямай қаталдықпен басу барысында салған жарасы әлі де жазылмаған еді. Мұны есепке алмайынша 20-жылдардың басындағы Қазақстандағы аграрлық реформаны жүргізу барысындағы ұлтаралық жанжалдарды түсінуге және түсіндіруге болмайды», – деп жазылды [5; 337-338-бб.].

Авторлар 20-жылдардың екінші жартысындағы реформаның жүзеге аспайтын, мән-мағынасы жағынан бүлдіруші акт болғандығын жазады. Шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу арқылы байлардың ауылдағы жер билеудегі үстемдігін жою, сонымен бірге бай шаруашылықтары қорының молайып, өркендеуін шектеу шаралары көзделгендігін атап көрсетеді [5; 319-б.].

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается проблема сельскохозяйственных отношений в 20-40-х годах XX века.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Телжан Шонанұлы мұралары (шығармалар, зерттеулер және мақалалар).-Алматы: Ел-шежіре, 2007. -368 б.
- 2.Мұстафа Шоқай. Түркістан және кеңес режимі. //Қазақ тарихы, №3. 2011. 17-21-бб.
- 3.Төреқұлов Н. Шығармаларының көп томдық жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. 1-том. -256 б.
- 4.Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді?-Алматы: Ана тілі, 1993. 208 б.
- 5.Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Очерк. Алматы: Дәуір, 1994. -446 б.

К ВОПРОСУ ОБ АНТРОПОЛОГИЧЕСКОМ ИЗУЧЕНИИ КАЗАХОВ В СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД

Аманжол КАЛЫШ,
доктор исторических наук, профессор
Жанболат АБИЛХАМИТ,
магистрант 1-курса КазНУ имени аль-Фараби

Среди скудных исследований антропологии древнего и современного населения Казахстана наибольшее значение имеют труды Г.Ф.Дебеца (1948), В.В.Гинзбурга, М.Г.Левина, Н.Н.Чебоксарова (1962), В.П.Алексеева (1967, 1974), О.Исмагулова (1970, 1982) и др.

Наиболее системно и последовательно эта проблема разрабатывается в исследованиях ведущего отечественного антрополога, академика НАН РК О.Исмагулова, которому принадлежит огромная заслуга в организации и проведении всестороннего антропологического изучения населения республики. Результаты этих интенсивных исследований обобщены ученым в виде нескольких монографий (1970, 1982, ****, ****). В них, помимо палеоантропологического краниологического материала, анализируется обширный расово-соматологический и изосерологический материал. В начальный период им были приведены лишь отрывочные данные дерматоглифики и одонтологии казахов. Тем не менее, результаты палеоантропологических, соматологических и изосерологических работ ученого показали ряд отличительных особенностей коренного населения Казахстана. Например, казахи западных регионов республики заметно отличаются от казахов остальной части республики. Это свидетельствует о том, что их изучение приобретает особую важность для решения проблем, связанных с этногенетическими процессами на этой территории.

Отметим, что с другой стороны, система признаков кожных узоров кисти и строения зубных коронок являются весьма важным источником информации по населению древности, средневековья, нового и новейшего времени, так как они обладают высокой таксономической ценностью, будучи генетически обусловленными и не зависящими от окружающей среды. Именно с этим фактором связано проведение дерматоглифического и одонтологического изучения казахов и сравнительных этноконтактных групп на территории Казахстана с тем, чтобы соотнести его результаты с итогами расово-соматологического и серологического анализа коренного населения нашей республики. Это, в свою очередь, представляет самостоятельную научную ценность, так как данные дерматоглифики и одонтологии существенно дополняют и обогащают антропологическую характеристику современных казахов, позволяя проследить основные линии их генетических связей.

Итоги антропологического изучения древнейшего населения Казахстана совпадают с результатами анализа палеоантропологических и краниологических материалов на территории Казахстана с эпохи бронзы до современности. К ним, в первую очередь, следует отнести исследования В.П. Алексеева (1967), В.В.Гинзбурга (1954, 1956, 1959, 1972), Г.Ф.Дебеца (1948), О.Исмагулова (1963, 1965, 1970). Материалы этих публикаций показали, что начиная с эпохи бронзы, когда аборигенное население Казахстана принадлежало к европеоидному типу, происходило постепенное увеличение монголоидного компонента,

который наиболее зримым становится с эпохи тюркских каганатов и монгольской экспансии, когда удельный вес монголоидного компонента возросла от 0 до 70% [Исмагулов, 1970].

Начальные сведения о дерматоглифике и одонтологии казахов были опубликованы в 1960-1970 годах. По комплексу дерматоглифических признаков было выявлено, что казахи сближаются с многочисленной группой монголоидных по расовому типу народов, населявших Южную и Западную Сибирь, особенно тесно с теми из них, у которых монголоидные черты были ослаблены [Хить, 1983]. По основным расово-диагностическим признакам одонтологии казахи относятся к монголоидно-европеоидным метисным популяциям [Зубов, 1972]. Они показывают, что палеоантропология Казахстана, а также краниология, расовая соматология и распределение генных частот среди современных казахов изучены с достаточной полнотой. В то же время материалы по дерматоглифике и одонтологии невелики по объему и не охватывают и основные территориальные группы казахов [1].

Материалы и методы исследования по дерматоглифике и одонтологии казахов были всесторонне исследованы О.Исмагуловым в течение 1972-1985 гг. Так, в соответствии с поставленными задачами, основную часть материала у ученого составляют жители Западного Казахстана. Так, из изученных 18 локальных казахских групп, 10 – относятся к территории отмеченного региона республики. Всего было обследовано 3 450 человек по дерматоглифике и 2 798 человек по одонтологии. Оразакм Исмагуловичем были изучены также с целью сопоставления четыре этнические группы Казахстана и Калмыкии: уйгуры Уйгурского района Алматинской области, дунгане Курдайского района Жамбылской области, корейцы Каратальского района бывшей Талды-Корганской области и калмыки Яшкульского района Калмыцкой АССР (766 человек по дерматоглифике и 634 по одонтологии). Всего им были обследованы 22 этнотерриториальные группы. Обработка всего материала проводилась автором. В качестве сравнительно-сопоставительного материала были привлечены специальные исследования по ряду этнических групп Средней Азии, Европейской части СССР и Сибири.

Оттиски ладоней и пальцев были проведены О.Исмагуловым методом типографической краски, а коллекции были обработаны по стандартной методике Камминса и Милдо. Одновременно положение радиусов осевых ладоней определялось по схеме А.Шармы. Для анализа данных использовались следующие методические приемы: а) выявление картографирования признаков путем разбивки размаха вариации в казахских группах на пять равных интервалов; б) проведение корреляционного анализа, где показатели связи вычислялись методом ранговой корреляции по Спирмену и по способу Бравэ; в) анализ сравнительной дифференциации по методу Г.Л.Хить

(1983); г) в качестве генерализованного показателя межгрупповых различий по комплексу признаков применялось обобщенное дерматоглифическое расстояние (ОДР). Величина ОДР оценивалась количественно на разных уровнях исследования (территориальном и этническом) с использованием сигмальной рубрикации. Достоверность различий между группами (значимость ОДР) определялись по величине критерия Стьюдента, с использованием стандартного квадратического отклонения суммарного ряда ОДР для территориальных групп сибирских монголоидов. Матрицы ОДР были подвергнуты кластерному анализу.

Антропологический статус казахов среди тюркоязычных народов Евразии.

1. Основной массив тюркских народов на протяжении ряда тысячелетий проживает на территории Евразии, где в основном и происходило их общее этнокультурное взаимодействие, а также популяционно-генетическое развитие. В этой связи определенный интерес представляет антропологический статус казахов, которые вместе с их предками обитают в «эпицентре» Евразийского тюркского мира с глубокой древности.

2. Среди современных исключительно сельских жителей казахов силами антропологов Казахстана во второй половине XX века на протяжении более 40 лет систематически одновременно собирались и затем изучались антропологические материалы по комплексной программе, в частности, по физическим чертам лица, головы и тела (соматология), зубной морфологии (одонтология), кожным узорам кисти рук (дерматоглифика), группам крови (серология), вкусовым свойствам РТС, морфологии черепа (краниология). Полученные по этим разделам результаты показали, что по всем изученным морфофизиологическим показателям казахская популяция относится к смешанной тураноидной расе, в масштабе которой образует казахстанский вариант.

3. Характерный для казахов физический тип при сопоставлении с представителями тюркоязычных народов по всем морфофизиологическим показателям демонстрирует наличие собственного антропологического статуса, который четко выделяется среди этнических образований Евразии. Следовательно, на этом основании можно говорить, что казахский народ имеет собственный этнорасовый путь развития.

4. Что касается двух составных расовых компонентов в физическом облике казахской популяции, то, как свидетельствуют палеоантропологические данные древнего населения, полученные с территории Казахстана, начало смешения двух расовых типов приходится на V в. до н. э. При этом установлено, что наиболее древние насельники Казахстана, т.е. в эпоху неолита и бронзы (XX в. до н. э.), первоначально обладали исключительно протоевропеоидными чертами без какой-либо примеси азиатского расового ствола. Следовательно, европеоидные черты местных насельников Казахстана составляли древний субстрат, который у современной казахской популяции сохранился как европеоидный компонент в объеме 30%, а позднее привнесенные монголоидные элементы были суперстратными, условная доля которых у казахов ныне образует 70%.

5. Итак, истоки формирования антропологического облика казахского народа своими корнями уходят в глубь веков, длиной в 40 веков, т.е. простираются до бронзового века. В сущности, современные казахи представляют собой одних из потомков древнейших

тюркоязычных народов Евразии [2].

Этнические процессы на территории Казахстана на корнями уходят в древность и связаны с автохтонным населением эпохи первобытнообщинного строя, эпохи андроновцев и саков, а также с антиобразовательными процессами на всей территории Центральной Азии в древности и средневековье.

Становление феодальных общественных отношений, общие формы хозяйства, материальной и духовной культуры, утверждение тюркского языка способствовали интеграции в этнические процессы.

Существовавшие в VI-XIII вв. тюркские государства (Западно-Тюркский, Тюркешский, Карлукский каганаты, государства огузов, кимаков, кыпчаков, караханидов) обеспечили возможность политической консолидации местного и пришлого населения, его культурного обособления в отдельных регионах. Так в состав Западно-Тюркского каганата входили более 80 тюркских племен.

В XIII веке государственно-политические образования оказались вовлеченными в орбиту монгольских завоеваний. Дальнейшая этническая консолидация населения была задержана монгольским нашествием. Прежний эволюционный путь развития народностей на территории Казахстана был прерван. Изменились в этнические многие стороны жизнедеятельности местного населения, добавился новый этнический компонент – монгольские роды и племена – жалаиры, конграты, барласы, мангыты и др. Постепенно монголы растворились среди тюркского населения. С образованием Золотой Орды усилился процесс интеграции племен и народов, ранее обитавших на этой территории.

Послемонгольский период характеризуется образованием государств на местной этнической основе. В XIV-первой половине XV вв. стабилизируется этнический состав племен на территории Казахстана. Государства Ак Орда, Могулистан, ханство Абулхайра и Ногайская Орда способствовали процессу завершения формирования казахской народности. В период Ак Орды стабилизируется этнический состав племен на территории Казахстана, сглаживаются различия множества местных и переместившихся тюркских и монгольских племен. Основная часть племен государства Могулистан вошла в состав Казахского Старшего жуза. Этническая близость ногайцев к казахам послужили предпосылками присоединения восточной группы ногайских улусов к Казахскому ханству. Сложившаяся народность с середины XV века стала называться – казахи.

В XV-XVI вв. в основном завершился многовековой процесс формирования казахской народности и ее этнической территории.

Начиная с 1958 по 2007 гг. в стенах Института впервые систематически осуществлялись широкомасштабные антропологические исследования древнего и современного населения Казахстана с охватом хронологических рамок от эпохи бронзы (с XX в. до н.э.) и включая современность. Согласно полученному комплексу морфофизиологических и популяционно-генетических данных, изученных по всем разделам физической антропологии, современные казахи обладают смешанным расовым типом, занимающим промежуточное положение между собственными монголоидами и европеоидами Евразии [3]. При этом казахская популяция имеет вполне самостоятельный, неделимый и четко выраженный антропологический статус среди расовых типов Евразии. В антропологическом типе казахской по-

пуляции соотношение условной доли двух составных компонентов таково: монголоидные черты составляют 70 %, а европеоидные – 30 %. При этом последние по своим морфологическим особенностям являются более архаичными, восходя к физическому облику насельников Казахстана бронзового века (XX-IX вв. до н.э.), которые характеризовались исключительно древнеевропеоидными чертами и составили базовую антропологическую основу для популяций последующих исторических эпох.

Таким образом, краткое рассмотрение поставленной проблемы в советский период показывает, что в антропологическом исследовании казахов и других этнических групп на территории Казахстана во многом стали возможными и реализованными благодаря вкладу российских ученых Института этнографии и антропологии имени Н.Н.Миклухо-Маклая АН СССР, а также огромному вкладу О.И.Исмагулова из Института истории, археологии и этнографии имени Ч.Ч.Валиханова АН Казахской ССР.

РЕЗЮМЕ

Мақалада Қазақстандағы қазақтар мен басқа этностардың антропологиялық зерттеулерінің маңызылығы талқыланады.

The article discusses the importance of anthropological research of Kazakhs and other ethnic groups in Kazakhstan.


СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1.Исмагулов О. Дерматоглифика локальных групп западных казахов // Вопросы антропологии. – Тарту, 1985. – С. 87-88.
- 2.Исмагулов О. Одонтология и дерматоглифика трех групп казахов западной периферии этнического ареала // Этнокультурная динамика в центре и на периферии этнического ареала. Сборник Института этнографии и антропологии имени Н.Н. Миклухо-Маклая. – М., 1986. – С. 145-146.
- 3.Исмагулов О. Дерматоглифика локальных групп западных казахов // Полевые исследования Института этнографии и антропологии имени Н.Н. Миклухо-Маклая. – М., 1983. – С. 124-126.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

СТАЛИНГРАД ШАЙҚАСЫНЫҢ БАТЫРЫ – Амантай Жайелұлы: балалық шағы және ерлік іздері

Құндызай ЕРІМБЕТОВА,
ҚР БҒМ Ғылым комитеті Мемлекет тарихы
институтының жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты



А.Дәулетбековтың майдан жолының бағыты (Тараз - Волгоград).

1943 жылы Талас өңірінен шыққан Амантай Дәулетбеков пен Сәду Шәкіров асқан ерлік көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры атағын иеленгені белгілі. Сталинград, Дон, Оңтүстік-батыс, Орталық майдан құрамында Мемлекеттік Жоғарғы Қолбасшылық резервіне қарасты танктерді бұзып-жоятын 1180-ші құрылғылы артполктың командирі,

полковник Маз марапатқа ұсыну туралы жауынгердің әскери ерлігіне қысқаша сипаттама берген: **«Зениттік қондырғының командирі Амантай Дәулетбеков Ұлы Отан соғысында бет-бұрыс кезеңі саналған Сталинград пен Орел, Курск иініндегі қырғын соғыстақ ерен ерліктің үлгісін көрсетіп, сақа жауынгерге айналып қана қоймай, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған».** 1943 жылдың 24 желтоқсанындағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша Амантай Дәулетбековке Жоғарғы Үкіметтік марапат «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді, «Ленин» және «Алтын жұлдыз» ордендерімен марапатталды. Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігі Орталық архивінің құжаттар қорында Батырды Қызыл Жұлдыз орденіне ұсыну негіздемесі сақталған.

Кеңес Одағының Батыры Амантай Дәулетбеков 1917 жылдың 10 қарашасында Арқа төсіндегі бұрынғы Тама болысында, нақтылай айтқанда қазіргі Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Түгіскен ауылының (қазіргі «Жеңіс АҚ» орналасқан) күн шығыс бетіндегі «Ақкеңсе» деген елді мекенде дүниеге келгендігі жазылып жүр. Кезінде Ақкеңсе аудан орталығы, содан соң колхоз орталығына айналған. Алайда, батырдың



ҚР Орталық мемлекеттік мұрағат қорындағы жеке қорындағы мәліметте Амантай Дәулетбеков 1920 жылы Ақмола уезі Жаңаарқа ауданы Шөптікөл ауылында, Жайел батрак-шаруа Әбілдаев Жайелдің отбасында туылғандығы жазылған. Амантайдың туған әкесі Жайел болса, 1929-1930 жылдарға дейін байлардың малын баққан. Амантай 9-12 жас аралығында

Жаңаарқадағы бастауыш қазақ мектебінде білім алады. Ауыр аштық пен ұжымдастырудың шиеленіскен 1932 жылы Амантайдың ата-анасы Әулиеатаға көшеді. Алғашында Жайел отбасылық жағдайына байланысты Амантайды туған ағасы Дәулетбектің қолына тәрбиелеуге береді. Сондықтан да Амантай сол уақыттан ресми түрде құжатта Дәулетбеков болып жазылады. Мұндай жағдайлар қазақ отбасыларында жиі кездесетін. Амантай Жамбыл балалар үйі қамқорлығына беріліп, 7-8 жыл тәрбиеленеді. Балалар үйінде болғанда Зоотехникалық техникумда білім алды. Батырдың өмірі мен ерліктеріне қатысты жиырма бестен аса мақалалар жарияланған. Оның жетім болып өскендігі туралы ғана мәлімет беріледі. Енді батырдың шыққан тегі мен тәрбиесіне қатысты тың деректер не дейді, соған мән берсек.

АМАНТАЙДЫҢ АТА-АНАСЫ ТУРАЛЫ

Амантайдың әкесі – Әбілдаев Жайел 1885 жылы Ақмола округында (қазіргі Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы) Мыңлығу деген жерде туған. Жайел – Ақмола округының уезге айналған, өтпелі кезеңінің куәгері. Бұл – ауқатты байдың қуатты, ал кедейдің оларға бағынышты өзіндік әлеуметі қалыптасқан уақыты. Жайелдің әкесі кедей шаруа адамы болған және ол байға жалданып күн көрген. Тұрмысы өте нашар болғандықтан, Ақбер деген байдың қойын жаятын, ақысына қожайыны жылына бір қой беретін болған. Жайел 11-12 жасқа толғанда оны оқуға беруге шамасы келмегендіктен, оны байлардың қойын жайылымға жаюға жалға береді. Жайел жастайынан елгезек болып өседі. Бір жағынан қойын жайып, арасында далалық жерлерде аң аулап, мылтық атуға үйір болады. Жайел бір-екі жыл қой баққан соң, оны босататын болған. Қожайынының қой жаюға берген атымен аңның соңына түсіп қуалай бергендіктен, байларға да сүйкімсіз көрінеді. Жайелді жиі атсыз күш-көліксіз қалдыратын болған. Байлардың мұндай қорлығына шыдай алмай туған ағасы Дәулетбектің атын мініп, Ахмет деген ағасының киімін киіп Ақмола уезіне қарасты Қарсон деген жердегі Сары апасына барады. Апасының қолында 6 жыл тұрып, қайтадан Жаңаарқаға туған-туысқаны мен әке-шешесіне келеді. 23 жасында Байтұрсын деген орта шаруаның қызы – Міңкешті әйелдікке алады. Жайел жастайынан аң аулауға әуес болғандықтан

қыстың суық боранды және жаздың ыстық күндерінде де аңға шығып, отбасының қамы үшін оны кәсіп етеді. Бірде далада, бірде байдың малын бағуға жалданып тапқан табысына тазы сатып алады, қолына мылтық түсіреді. Жайел 45 жасқа толғанша Жаңаарқа ауданында аң аулаумен айналысады. Ұжымдастыру жылдары тұрмысы қиыншылыққа ұшырайды. Аймақ тұрғындары оңтүстікке үдере көшкен кезең. 1920-1930 жылдары Бетпақтың шөлейті мен құмын басып 400-450 шақырым жерге қоныс аударған. Осындай көш құрамында Амантайдың отбасы да болған-ды. 1932 жылы Жаңаарқадан Әулие ата (қазіргі Жамбыл облысы) маңына көшеді, Жамбыл ауданы Майтөбе совхозына келіп жұмысшы болып істейді.

Бұл уақытта тұрмыстың нашарлығынан күн көріс бұрынғыдан да ауырлай түседі. 1932 жылы Жайелдің шешесі – Шәлі, оның әйелі, яғни Амантайдың анасы – Міңкеш, сол сияқты Жайелдің өзімен туысқан Жөлеубек және Кемелбек және басқа да жасөспірімдер қайтыс болады. Осылайша, Амантай 12 жасқа келгенде анасынан айырылған.

«ӘКЕ КӨРГЕН – ОҚ ЖОНАР»

Амантай тәрбие алған орта. Амантайдың балалық шағы туралы әкесі – Жайел Әбілдаевтың естелігі ҚР Орталық архивінің құжаттар қорында сақталған. Батырдың әкесінің өз аузынан тыңдап және оның мазмұнын аудандық әскери комиссариат өкілі мен аудандық мемлекеттік архив меңгерушісі қағаз бетіне жазып түсіреді, растығы туралы қолдарын қойған. Ендігі еңгіме желісі осы мұрағат мәліметтері аясында өрбиді. Амантай жастайынан білім алуға құштар, қатарластарынан зерек болып өскен. Үйіне келгенде қолына мылтық алып, оқ жасау мен мылтық ату өнерін әкесінен үйренуге үнемі талпыныс жасайтын. Ол тоғыз жасынан әкесі Жайелмен бірге аң аулауға шығатын-ды. Амантай астына ат мініп, қолына мылтық ұстап, қазақы тазы ертіп бірге аңға шығатын. Бірде Түпасқан орманының аң мекендейтін жерлерін екеуі аралап келе жатқанда алдарынан бір түлкінің ізі кездесе кетеді. Екеуі ізге түсіп келе жатып, екінші өзге бір түлкінің ізін тағы кездестіреді. Амантай сәл кідіріп әкесі Жайелге: – *«Сіз ана түлкінің ізіне, мен мына түлкінің ізіне түсейін»*, – деп, екеуі екі жаққа қарай іздерді қуалай жөнеледі. Осы кезде Амантай 10-11 жаста болатын. Жас болса да Амантай, түлкіні қалың орман мен қансонардағы қарды кеше өз бетінше із кесіп, түлкі қаншалықты айлакер болса да, қуған түлкісінен өзінің айласы мен әдісін, тапқырлығын асыра алады. Амантай түлкінің қызығымен әкесі Жайелді ұмытып кетеді. Амантайдың ойына әкесі қуған түлкісін алды ма, жоқ алмады ма деген ой келеді. Сол кезде әкесі Жайел өзінің қуған түлкісінен адасып қалған болатын. Жайел енді баласын барлай іздеп келе жатып, алдынан оны кезіктіреді. Баласын тапқанына мәз болып қасына жақындағанда, ұлының қуалап кеткен түлкіні алғанын көреді. Ұлы тым жас болғандықтан, әкесі баласының түлкіге қол жеткізеді-ау деген сенімді ойы болмаған-ды. Амантай әкесінен: – *«Сіздің қуған түлкіңіз қайда»*, – деп сұрайды. Сонда әкесі: – *«Жайел, е шырағым, қуған түлкімнен адасып қалдым. Сен алыпсың, болады да»*, – дейді. Әкесі Жайел баласының жас та болса өзінше түлкі қуып, қалың орман, қан сонардың ішінен із тауып, түлкіден айласын асырып, оны алғандығына өте қуанышты әрі риза болады. Баласы Амантайдың жастайынан ақ өз қатарластарынан зерек те ұқыпты болғанын, ер жеткен соң ата-анасына оқуда жүргеннің өзінде, қызмет істеп жүргенде болсын алған жалақысын

туғандарымен бөліскен, атасы мен анасын қадірлеп, құрмет тұтқанын, әкесі – Жайел шабыттана еске түсірген.

Амантай Асадағы мектеп-интернатқа алынады. Айта кету керек, 1921 жылы Бауыржан Момышұлы да осы мектеп-интернатта тәрбиеленгені белгілі. Қоныс аударғандар топтаса шоғырланып, колхоз құрып ұжымдаса бастады. Әбілдаев Жайел Майтөбе совхозында 1937 жылға шейін жұмысшы болып жұмыс атқарған. Уақыт өте мүмкіндік туғанда Дәулетбектің інісі – Сыздықтың әйелі Шәкі Амантайды балалар үйі-интернаттан шығарып алып, Берікқарадағы (Жамбыл облысы Талас ауданы) өзінің отбасына алып келеді. А.Дәулетбековтың шежіресі шамамен Айтұлы – Бейсембай – Тоқтамқұтты – Мұрат – Тұңғат – Иман. Иманнан Әбіш, Түбек, Дәулетбек, Мұстапа және Бөпеш пен Сарқынтай тарайды. Мұстапаның кіші ұлы Катеннің айтуынша: Дәулетбектен Иман мен Әбіш тарайды. Әбіштен Әжібек, Ақпан, Тоққұлы, Береке тарайды. Бұл жерде Амантайдың әкесі Жайел өзінің естелігінде Дәулетбекті туған ағам деп көрсетеді. Әбілладан Дәулетбек пен Жайел тараған болып шығады. Ендеше, арғы атасы Иман болуы мүмкін. Осы мәселені тереңірек зерделеу қажет.

Амантайдың 17 жасқа келген кезі. Бізге жеткен мәліметтер бойынша Бөлекбайқызы (Сыздықова) Шәкі (1895-1977 жж.) Амантайды жалғыз баласы Қозыбаймен бірге егіздің сыңарындай көріп, тәрбиелеген. Шәкі апаның өз аузымен айтылған естелігіне сүйенсек: «...Амантай маңдайы жарқыраған, жүрген жерін думандатып жүретін жайсаң жігіт болып өскен, өте алғыр, пысық, өжет болған».



Зерек бала, колхозда белсенді еңбек етеді. Жеті жылдық мектепті аяқтаған соң, көрші Қарабастау селосындағы малшы-бригадир мектебіне баруға шешім қабылдайды. Қозыбай мен Шәкі болса: «Қой шаруашылығы, біздің ата-бабамыз қой бағумен айналысқан, барсаң қарсы емеспіз», – деп ақ баталарын беріп жіберді. Бітіріп келеді. Ауылға келген жас, жаңа идея, жақсы көңіл-күймен келген соң, жұмысына бұрынғыдан белсене кіріседі. Бригадирлер мектебін бітіргеннен кейін Майтөбеге қайтып келеді. Оны комсомол ұйымының хатшылығына сайлайды және ол ферма бригадирі қызметіне тағайындалады.

Жайел Әбілдаев болса Амантайдың анасы қайтыс болған соң бес жылдан кейін, 1937 жылы кедей шаруаның қызы Әлимамен шаңырақ көтереді. Амантай «Майтөбе» совхозында зоотехник болып жұмыс атқарған уақытта, өзінің ата-анасына материалдық көмек көрсетіп, қамқорлық жасаған.

Әбілдаев Жайел жаңа отбасы құрған соң өзінің туған-туысқандарының ортасына оралуды жөн көреді. Ол Сарысу ауданы Байқадам қыстағына қоныстанып, осы жерде екі жыл жұмыс атқарады. Бұдан соң Сталин ауыл советі Шилі колхозының мүшесі болады. Мұнан соң, Жайелдің туған-туысқандары Талдыбұлақ ауыл советінде тұратын болғандықтан, аудан басшыларының рұқсатымен Талдыбұлақ ауыл советі Серго колхозына барып мүше болады. Сол колхоздың атынан аудандық тері-жүн дайындау мекеме орындарымен келісімшартқа отырып, үнемі Шу, Талас, Арқа, Түптасқан сияқты аң мекендейтін жерлерде аң аулап, оны кәсіп етеді. Әбілдаев Жайел Сталиндік 4-ші бесжылдыққа сәйкес аудандық Тері-жүн дайындау бөлімінің берген жоспарларын үнемі артығымен 100%-ға орындап отырған. Әбілдаев Жайел әр уақытта өзіне берілген тапсырманы колхозшылар арасында артығымен жоспарға сәйкес орындағаны үшін бірнеше рет ақшалай, тауардай сыйлықтар алып отырған. 1946 жылы Әбілдаев Жайелден сұқбат алған аудандық мемлекеттік архив меңгерушісі Бердіқұлов былайша жазады: «*Әбілдаев Жайел қазір 61 жасқа келген болса да еңбекті сүйеді. Колхоз арасында өзіне берілген аңшылық жұмысын қайраттана кірісті. Қажырлы қайрат пен шабытты ту етіп, Шу, Арқа, Талас сияқты аң мекен еткен жерлерде қазірдің өзінде аң аулап, еңбектенуде.*»

2007 жылы жарық көрген Т.Ш.Достанбаевтың «Жамбылдық жарық жұлдыздар» әдістемелік құралында: «...Әкесі ол бір жасқа толмай қайтыс болғандықтан Амантайдың жадында қалмағанын, ал анасы болса өзге біреуге тұрмысқа шығып кеткені жөнінде» мәлімет береді. Мұндай мәліметтер Амантайдың туған әкесінің сұқбаты жазылған архив құжаттары қолжазбаларымен сәйкес келмейді. Жас маман алғыр және адалдығымен, әділ қызметімен Амантай ауылдастарын баурап алды. Сондықтан да ең үздік жас маман ретінде оған 1939 жылы Алматыдағы зоотехниктер курсына жолдама берді. 1939 жылдың қазан айында Қазақ мемлекеттік Зооветинституты жанындағы совхоз директорларының курсына зоотехник мамандығы біліктілігін көтерудің бір жарым айлық курсы «жақсы» бағаға төмамдайды. Сол бір дәуір жастары түгелдей дерлік таршылық пен жоқшылықтың дәмін татып өсті десек қателеспеспіз. Ферма меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Кеңестік мемлекеттік құрылымының қалыптасу тұсында ол өзге жастар тәрізді қоғамдық жұмыстарға белсене араласады, кәсіподақ комитетінің төрағалығына сайланады. Әскери қызмет атқаруға шақырылғанға дейін Жамбыл облысы Сарысу ауданында тұрып жұмыс атқарған.

Сталинград шайқасында. Амантай жоғарғы оқу орнына, институтқа түсуді армандап жүрген болатын. Алайда, тағдыр бұл арманына жеткізбеді. 1941 жылы алғашқылардың бірі болып өз еркімен еріктілер қатарында әскери комиссариатқа келеді. Майданға кетер сәтте Сарысудағы әкесіне хат жолдайды: «*Сүйікті Отанымды қорғауға бара жатырмын, келіңіздер. Маған әкелік батаңызды беріңіз.*» Әкесі ұлына ақ батасын беріп, оны Отан қорғауға аттандырды. Ұлын әскерге шығарып салған Жайел аң аулауды кәсіп етуді жалғастырды. Сарыарқа, Шу маңында аң аулап жүрген сәттерде де ол бірде-бір рет Амантайды есінен шығарған емес. Алайда, соғыс аяқталған соң да, 1947 жылға дейін ұлы туралы бір парақ хабар ала алмады.



Дұшпан танкілеріне қарсы зеңбірек оғымен нысаналап соққы берілуде. Дон жағалауы. 13 тамыз 1942 ж.

Сталинград шайқасының қызып тұрған күндері болатын. Власовка хуторында мықты бекініп алған қарсыластар кеңес армиясының әскери бөлімдерінің алға жылжуына кедергі жасады. Дәулетбеков өз зеңбірегін ашық позицияға шығарды да, дұшпан әскеріне қарсы оқ жаудыра бастады. Зеңбірекке қарай қарсыластардың назары ауды. Кенеттен бір қапталдан жаудың 9 танкісі пайда болды. Амантайдың зеңбіректі есебі қыспаққа түсті. Дәулетбеков ойланбастан бұйрық берді:

– Соңғы зеңбірек оғы қалғанша күресеміз!

– Құп болады, соңына дейін күресеміз! Амантайдың зеңбіректі есебі 30 минутқа созылған шайқаста дұшпанның 6 танкісін, үш зеңбірегін және пулемет ұясын жойды. Бұл уақытта кеңес әскерінің өзге бөлімдері қарсыластарды қапталынан ішкерілей еніп, дұшпанның қорғанысын жойып жібереді.

Жаумен қиян-кескі айқас «Пяти курган» ауданында жүрді. Дәулетбековтың зеңбірегін дұшпанның автоматшылары қорша алады. Олар Дәулетбековті тұтқынға алудың жолын қарастырды.


– Урус беріл. Бәрі бір, капут! – деп дауыстарын шығарып айқайлайды. Бұған Амантай пулеметтен бората атқан оқпен жауап берді. Жау шабуылы тойтарылды. Ұрыс алаңында 35 дұшпанның өлі денесі жатты. Таңсәріде зеңбірекке қарай неміс танкілері қозғала бастады.

Бірақ зеңбіректі есеп тұрған орнынан қозғалмады және олармен жекпе-жек алыса кетті. Дұшпанның 3 танкі, бір танкке қарсы зеңбіректің өздігінен жүретін бір қондырғысы жойылды. Ержүрек зеңбірек нысанашысы – комсомол Қонаев жау оғы тиіп қайтыс болды. Дәулетбеков жарақат алғанмен, ұрыс даласын тастаған жоқ.

Зеңбірек нысанасын өзі қолына алған Амантай одан әрі атысты жалғастырады. Тек командирдің бұйрығымен ғана зеңбіректі тастап кетуіне тура келді. Мұнан соң, Амантай госпитальге жіберіледі. Онда ол зеріккендей күй кешеді де, төртінші күні Амантай госпитальдан қашып шығып, қайтадан зеңбірек есебін басшылыққа алады. Ол командиріне былайша баяндаған: «– Мен қатарға келіп қосылдым. Жарақатым болмашы ғана. Менің Отанымның тағдыры Сталинград түбінде шешіліп жатқанда, мен госпитальда жата алмаймын». Сталинград түбіндегі алғашқы шайқаста-ақ Дәулетбеков өзінің зеңбіректі есебімен 4 дзотты, блиндаж, екі пулемет ұясын және 42 неміс солдатының көзін жойды...

Амантай Дәулетбеков 1943 жылдың 9 шілдесі күні Курск доғасында Поныри түбінде алдыңғы шепте ерліктің өшпес өнегесін көрсетті. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылғы 24 желтоқсандағы Жарлығы бойынша Амантай Дәулетбековке «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді. Федералдық маңызы бар «батыр – саперларға» ескерткішінде батырдың есімі жазылған және «Курск доғасының солтүстік бөлігінің Батырларына» қойылған мемориалдық кешенінде батырдың жеке суреті салынған мәрмәр тас қойылған, Амантай батыр жерленген бауырластар зиратының жанындағы ауылға көше аты берілді. Оның ерлік іздері бөлек әңгіме. Жәйелдің жүрегінің түкпірінде баласының өзгелер сияқты Отан-анасын қорғап жүргеніне сенімділік басым еді. Уақыт өте, кейін еске алады. Осылайша, Амантай «әке көрген – оқ жонар» демекші, қазақтың дәстүрлі тәрбиесін көргендіктен, қазақтың батыр ұлдарының сабын, тектілігімен бір сатыға көтерді.

Совет Одағының Батыры Амантай Дәулетбеков Ресейдің Курск облысының Поныри кентінде бауырластар зиратында жерленген. Талас ауданының Майтөбе ауылында Амантай Дәулетбеков атындағы мектеп алдына кәсіпкер Досан Рымтайдың қаражатымен Батырға ескерткіш-бюст қойылған. Амантай батыр небәрі 26 жасқа толар-толмаста Отаны үшін жан тапсырды. Артынан тұяқ қалмағанмен, рухын мәңгілік жаңғыртатын Қазақстан атты тәуелсіз елі, туған-туысы бар. Батырды ұлықтауға Тоққұл Әбішұлының жан-жары дербес зейнеткер Роза Бақышқызы Бисенова, оның балалары Тоққұлдан тараған Анар, Оңал, Берік, Ерік, Бақытжан, Орал, Нұркен және басқа да ұрпағы ат салысуда. Батырдың туған-туысқандары Жәйремде, Қызылжарда, Жезқазған және Қарағанды, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында тұрады. Олар тәуелсіз елдің тұғырын көтеруде, аталарының рухын жаңғырту жолында талмай еңбек етуде.



БАТЫС ӨҢІРІНІҢ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: және оны соғыс жағдайына қарай бейімдеп қайта құру

Болат НЫҒМЕТОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, С.Өтебаев
атындағы Атырау мұнай және газ университеті

Кеңес Одағы адамдарының бейбіт еңбек тынысын Ұлы Отан соғысы үзіп жіберді. Соғыстың алғашқы айларында-ақ фашистік Германияның Кеңес елінің өмірлік маңызы бар экономикалық аудандарды жаулап алуы тылдағы облыстарға қосымша қиындықтар туғызды. Фашистік Германия басып алған аудандарда, соғысқа дейін еліміздегі халықтың 40 пайызы тұратын, бүкіл елімізде өндірілетін көмірдің 63 пайызын, шойынның 68 пайызын, болаттың 58 пайызын өндіруші еді [1, 10-б.]. Осындай аса ауыр шақта барлық экономиканы, барлық жұмысты соғыс жағдайына сай қайта құру керек болды.

1941 жылдың 10 шілдесінде облыстық партия комитетінің бюросы және облыстық еңбекшілер кеңесі депутаттарының атқару комитеті «Жайық-Каспий» мемлекеттік балық тресінің 1941 жылдың екінші жартыжылдығына арналған міндеттері мен бірінші жартыжылдықтың орындалуы барысы туралы» мәселе қаралып, қаулы қабылдады. Барлық балық өнеркәсібінің мекемелері мен ұжымшарлары жұмыстарын қайта құрып, *«бейбіт кәсіпорындар болуы мүмкін емес, әрбір зауыт, әрбір мекеме соғыс қажетін қанағаттандыру үшін жұмыс жасауы керек»*, – деп көрсетілді [2, 65-67-пп.].

КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитеті 1941 жылы 6 қарашада қаулы алып, *«КСРО балық өнеркәсібі халық комиссариатына қарасты Азов-Черноморск»* және *«Каспий», Қиыр Шығыс және «Солтүстік бассейндегі флоттар әскери жағдайда болуы керек»* екендігін қатерге берді [3, 61-п.]. Каспий бассейнінде Астрахан қаласында флотилия құрылды.

Соғыс басталғаннан кейін облыстың транспорттық жүйесі өз жұмысын қайта жарақтандырды. Сол жылдары Гурьев-Қандағаш (517 км) темір жолы, Жайық өзенімен Гурьев-Орал кеме қатынасы (800 км) жолға қойылып, Каспий теңізі арқылы Астрахан қаласымен байланыс жасалған.

Соғыс басталғаннан кейін екі айдан соң, Гурьев қаласындағы теңіз жолы агентствосының жұмыс ауқымы артып, Гурьев портын кеңейтуді қажет етті. 1941 жылдың 3-28 қыркүйек аралығында Астраханнан Гурьев қаласына 26175 адам және 5095 тонна жүк тасылып, қараша айында осы теңіз жолымен 31603 адам және 21185 тонна жүк қалаға әкелінді [4, 20-б.].

1942 жылы Гурьевтің теңіз жолының рөлі артты, себебі тылға ең жақын су жолы болатын, осы жол арқылы майданға қару-жарақ, азық-түлік, әскери бөлімдері аттандырылған. Аталған жол Орта Азия мен Қазақстанды Кавказбен байланыстырды.

Міне, осындай жағдайларды ескерген КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі 1941 жылдың 25 желтоқсанында Пешной аралында Гурьев теңіз портының құрылысын салу жөнінде қаулы қабылдап, порт құрылысын салуды *«Морстройға»* жүктеді [4, 75-б.].

Бұл порттың салынуындағы мақсат Гурьев портында ірі кемелерді кідіртпеу, Астрахан және Махачкала қалаларынан жер аударылып, көшірілген тұрғындарын, өнеркәсіп орындары жабдықтарын өлкеге жеткізу болды [5, 250-п.].

Портта екі гавань (желмен толқыннан қорғалған ықтасынды мүйіс, мұнда кемелер тоқтайды) салу көзделген. Біріншісі құрғақ жүк тиеу үшін, екіншісі жанар

май құюға арналған болатын. Порттың құрылысын салу тез уақытта жүзеге асып, соғыс жағдайына сай, Жайық-Каспий каналының түбін қазу жұмыстары қатар жүрген.

Бұл жұмыстар өте қиын жағдайда жүрді. Жұмысшы қолы жетіспеді, ер адамдар соғысқа алынуына орай, өте ауыр жұмыстарды әйелдер жасауға тура келді. Механизмдер мен құрал-жабдықтар жетіспеді, қол еңбегінің үлесі көп болды. Еңбекшілердің қажырлы еңбегі нәтижесінде 1942 жылдың ортасында Жайық-Каспий каналының тереңдігі 120 сантиметрге жеткізіліп, ірі кемелердің жүруіне жағдай жасалды [4, 76-б.].

1942 жылдың ортасында Гурьев рейдіне Астраханнан дебаркадер (баскеме) «Донбасс» көшіріліп, Астрахан теңіз рейдінің шұғыл аппаратының басшысы П.Н.Кубышин келді. Соңынан П.Н.Кубышин Гурьев рейдін басқарды.

Неміс самолеттерінің бомбалауының күшеюіне орай, Қазан төңкерісінің 10 жылдығы атындағы зауыт Баутиноға көшіріліп, Астрахан теңіз агентствосы бүкіл флотымен Гурьевке көшірілген. 1942 жылдың 1 тамызында агентство құрамында 4 теңіз буксирі, 6 рейд баржылары 16 «Волготанкер» буксирі және 22 өзендік баржылар болды [4, 149-б.]. Міне, осындай шаралардың жүргізілу барысында Гурьев теңіз портының жұмысшылары көшіп келген еңбекшілермен бірге Отанымызды жаудан қорғауда өздерінің сүбелі үлестерін қосты.

Жайық-Каспий және Каспий аң-балық трестер жүйесінде флотилия базаларының басқармасы құрылды. Базалар құрамына кемелердің дивизиондары, отрядтары, топтары кірді. Базалар мен дивизиондарда комиссарлар, саяси жетекшілер институттары құрылды. Балық өнеркәсібіндегі мекемелердегі балықшылар, жұмысшылар және қызметкерлер арасында әскери тәртіп орнатылды. Әкімшілік қызметі жөнінен көп жағдайда саяси жетекшілерге, «нормаларын әдейі орындамайтындарды, еріншектер мен жағымпаздарды» жазалауға дейін шара қолдану құқы берілді.

Әкімшілік шаралар жүргізіліп, ұжымшар мен кеңшарлардағы еңбек үрдісін әскери тәртіпке көшіру, әйелдер мен жасөспірімдерді жаппай еңбекке тарту, ауылдарда техниканың азаюы, еңбекке ақының дұрыс төленбеуі, ұжымшаршылардың малдарын күшпен тартып алуы, соғыс салықтарын енгізілуі, міне осының бәрі ауыл еңбекшілерінің тұрмыстық жағдайына өзіндік әсер еткенімен, еңбекшілер «Бәрі майдан, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен жұмыс жасап, қиындыққа шыдап бақты.

1941 жылы 30 маусымда КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі және БКП (б) ОК, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы қаулысы негізінде, мемлекеттік қорғаныс Комитеті құрылды. Кеңес үкіметінің шақыруымен кеңес халқы өз Отанын қорғауға аттанып, өкімет орындары алдында барлық соғыс жағдайында атқарып, тыл еңбеккерлері жұмысын ұйымдастыру міндеті тұрды [6, 34-б.]. Міне, осыған сәйкес 1942 жылы қаңтарда Қазақстан Орталық Комитетінің VI Пленумы *«Бүкіл жұмысты әскери жағдайға бейімдеу барысы және қайта құру міндеттері туралы»* қаулы қабылдады.

Әскери уақытқа байланысты балық өнеркәсібінің кәсіпшіліктері өз жұмыстарын қайта құрды. Бұл Жайық-Каспий бассейндегі балық аулаудың жоспарларын бұрын

орындау және асыра орындау үшін балықшылардың өзара еңбек жарыстарынан байқалды. Егер 1941 жылдың бірінші жартысында өндірістік жоспарды бірен-саран балық зауыты мен ұжымшарлар орындаса, ал үшінші тоқсанда мұндай жоспарды орындамаған бірде-бір мекеме, ұжымшар болған жоқ, көпшілігі жылдық жоспарды орындап шықты. Мәселен, Каспий аң-балық тресі жылдық жоспарды 1941 жылы 15 қарашада артығымен орындап, трест елімізге жоспардан тыс 9187 центнер балық беріп, жылдық жоспар 110,7 пайызға орындалды. Трест құрамындағы төрт балық зауыты жылдық жоспарларын орындады. Мәселен, Баутино балық зауыты – 106,9 пайызға, Ералиев балық зауыты – 110,8 пайызға, №1 жүзбелі зауыт – 116,6 пайызға, Сауран балық зауыты – 104,2 пайызға, моторлы-балық станциясы – 104,5 пайызға, балық аулау базасы – 100,8 пайызға артығымен орындаған.

1941 жылдың 1 тамызында ҚК (б) П Гурьев облыстық Комитетінің бюро отырысы «Қорғаныс қорын құрудағы еңбекшілердің бұқаралық патриоттық қозғалысын қолдауда партия ұйымдарының басшылығы туралы» қаулы қабылдады [7, 190-п.].

Еліміздің бүкіл өмірі ең қысқа мерзімде соғыс жағдайына бейімделіп тез қайта құрыла бастады. Облыстағы іргелі кәсіпорындарының бірі Гурьев балық-құты комбинатындағы жұмыс соғыс жағдайына байланысты қайта құрылды. Соғыстың бастапқы кезеңінде жау қолында қалған аудандардан эвакуация жасалып, 1941 жылы Гурьев қаласына Петровский атындағы машина-құрылыс зауыты, Балық өнеркәсібі халық комиссариатының механикалық зауыты, Ленин атындағы Волга танкер кеме жөндеу зауытының бөлігі, III Интернационал атындағы Волга танкер кеме жөндеу зауытының бөлігі, Астық дайындау дірімен құрал-жабдықтары мекемесі орналастырылды.

Балық өнеркәсібі халық комиссариатының механикалық зауыты балық-құты комбинаты аумағында орналастырылды. Қажетті құрал-жабдықтар 1941 жылдың қазан айында келіп, зауыт желтоқсан айында іске кірісті. Зауытты іске қосу жұмысына арнайы 24 маман келіп, зауыт іске қосылғанда 232 адам қызмет атқарған. Зауыт кемелерді жөндеп, арнайы жабдықтармен қамтамасыз ету ісімен айналысқан.

Украинаның Чернигов облысы, Нежин қаласынан зауыттар көшірілді. Өндіріс орнына көшірілген станоктардың саны 45 болса, олардың 32-і ғана жұмысқа жарамды болған. Сонымен бірге, Ленин және III Интернационал атындағы зауыттардың жабдықтары Орал кеме жүргізу кеме-жөндеу шеберханаларының аумағына көшіріліп орналастырылды. Зауыт жабдықтары 1942 жылдың 20 қыркүйегінде келіп, 1943 жылдың 1 қаңтарында іске қосылды. Құрал-жабдықтарды жеткізу ісіне зауыттың байырғы 134 жұмысшылары қатысқан, сол уақыттың өзінде зауытта 192 адам қызмет жасаған. Зауыттар Астрахан қаласынан Оралға көшіріліп, кеме-жөндеу бағытында әртүрлі құрал-саймандар, кеме, баржаларды жөндеу жұмыстарын атқарды [8, 69-71-бб.].

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті 1942 жылдың 3 қыркүйегінде «Гурьев облысында Қорғаныс комитетін құру туралы және әскери міндеттілерді Қызыл Армияға шақыру жөнінде» қаулы қабылдады [9, 408-п.]. Қаулыда төмендегі мәселелер қарастырылды: Бірінші, Гурьев Облыстық Коммунистік Партиясының Облыстық Қорғаныс комитетін құру туралы шешімін мақұлдады. Оның құрамына облыстық партия комитетінің хатшысы М.Бекжанов (комитет төрағасы) және мүшелері болып, Б.Иргалиев – еңбекшілер депутаттарының облыстық кеңесінің төрағасы, И.Гончаров – НКВД облыстық басқармасының бастығы, В.Голосов – облыстың әскери комиссары және Гурьев қаласының

гарнизон бастығы енгізілді; Екінші, Қызыл Армия қатарына әскери міндеттілерді шақыру жөніндегі жоспар бойынша, Гурьев Қорғаныс Комитетіне балық өнеркәсібінде қызмет жасайтын 1100 жұмысшыны армия қатарына шақырды. Әскерге алу барысында теңіздегі аушыларды қозғамау, ал бос орындарға әскери міндетті емес балық ұжымшарлардағы әйелдерді алуға рұқсат берілді.

1942 жылдың 17 қарашасында Гурьев облыстық Қорғаныс комитеті статусы өзгерді. Ендігі жерде ол Гурьев қаласының қорғаныс комитеті болып аталған. Сондықтан облыстың әскери комиссары Голосов комитет құрамынан шығарылып, оның орнына Гурьев гарнизонының жаңа бастығы подполковник Старостин енгізілді. Сонымен қатар, комитет құрамына Гурьев қаласының әскери-теңіз базасының бастығы II рангалы капитан И.Успенский енгізілді.

1942 жылдың тамыз айында Гурьев және Батыс Қазақстан облыстарының территориясында әскери жағдай жарияланды. 10 қыркүйекте жау самолеттерінің бомбалауына орай, Гурьев қаласы қауіпті жағдайда қалды. 1942 жылдың 29 қыркүйегінде Гурьев қалалық партия комитеті партиялық актив өткізіп, күн тәртібіне «Облыста әскери жағдай жариялануына байланысты партия ұйымдарының алдына міндеттер қойылды. ҚК (б) П Гурьев облыстық комитетінің бірінші хатшысы М.Бекжанов өз баяндамасында «облыс майданның ең жақын тылы», – деп көрсетті.

Қорғаныс Комитетінің басқаруымен 1942 жылдың 16-26 қараша аралығында Гурьев қаласында әуе шабуылына қарсы шаралар декадасы өтті. «Қорғаныс Комитеті» соғыс барысында майдан біздің қаламызға жақындауына орай, әуе шабуылының қауіпі бар, сондықтан біздің қала тұрғындары жаумен бетпе-бет кездесуге дайын болу керек деп, әуе қарақшыларына тойтарыс беруге даяр болуға шақырды [10].

1942 жылы Гурьев облысының еңбекшілері мен әскердегі азаматтар қиын жағдайында қалған Сталинград қаласына көмегін тигізіп, сол жылы құрылған Қорғаныс Комитеті, Ембі мұнайшылары атынан мұнай мен балық-құты комбинатының тонналаған балығын жіберді. Комитет соғыс өртінің облыс аумағын шарпымас үшін «әуе шабуылынан қорғаныс» декадасын өткізіп, 360 тірек пунктін, 909 топтар құрылып, 3000 метрден астам жерді қазып (қолмен), сақтану-қорғану жыраларын қазды, су жыраларын бекітті [8, 96-б.].

1942 жылдың тамыз айында Гурьев қалалық партия комитеті нақты тапсырма берді. Жайық-Каспий бассейні майдан мен тылды жоғары сапалы балық өнімдерімен қанша керек болса, сонша қамтамасыз етуі тиіс болған [11, 46-п.]. Гурьев облысында жылына 463 мың центнер балық аулауға мүмкіндігі бар, екі трест Жайық-Каспий (Гурьев қаласы) және Қазақ КСР аң-балық тресі (Форт-Шевченко) қызмет жасаған. Аталған трестердің құрамындағы балық зауыттары, екі қуатты мұздатқыш зауыты, бір уақытта 200 мың тоннадан астам сапалы балықты сақтау мүмкіншілігі болған. Ленин атындағы балық-құты комбинаты жылына 20 миллионнан астам құтылар шығарды. Бекіре тұқымдас және құнды балықтар аулайтын 55 моторлы-балық ұжымшарлары үш балық одағына бірікті (Гурьев, Теңіз, Шевченко) [12, 42-б.].

1942 жылдың 10 қыркүйегінде Қазақстан Орталық Комитетінің Гурьев облыстық комитетінің бюросы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Каспий жағалауына әскери жағдай енгізу жарлығына орындау шаралары туралы қаулы қабылдады [13, 53-п.]. Қаулы бойынша 1942 жылдың 11 қыркүйегінен бастап Гурьев қаласында тұтас қараңғылау, аудандарда жарықты бүркемелеу милиция НКВД орындарының қадағалауына беру; Барлық өндірістерде, мекемелерде күндіз-түні кезекшілік қою,

тәртіп пен қауіпсіздікті күшейту; 1941 жылдың 22 маусымдағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Жарлығы «Әскери жағдай туралы» талаптарына сай НКВД облыстық бөлімнің бастығына И.Гончаровқа Гурьев облысынан әлеуметтік қауіпті тұрғындарын әкімшіліктік негізде қудалау, шығару, әскери жағдайдың жариялануына байланысты бұл аймақта тұруға болмайды, сонымен қатар неміс ұлты және басқа ұлттар КСРО-ға қарсы соғысуына сәйкес аластатылуы; Қала үстінде жау самолеттерінің пайда болуына және кеңестік жүйеге қарсы мазмұнда үндеу қағаздардың тасталуына байланысты қала, аудан, бастауыш партия хатшыларының тұрғындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу мәселелері қаралды.

1942 жылдың 10 қыркүйегінде Гурьев қаласының аспанында алғашқы неміс самолёты «Юнкерс» пайда болып, әуе шабуылы жасалды. Ай бойы кеңес истребительдері бес рет бомбалаушы самолеттерді қуды, қазан-қараша айларында облыстың Ширина, Қарабатан поселкесі және Таушық маңына бомба тасталды. Адам шығыны мен бұзылған объектілер болған жоқ. Бірақ та Батыс Қазақстан облысы жиі бомбалауларға тап болды [14, 56-58-бб.].

ҚК(б) П Гурьев облыстық партия комитетінің секретары М.Бекжановтың «облысымыздың партияда бар және партияда жоқ большевиктердің жауынгерлік міндеттері» деген баяндамасында: *«Қазір Отан соғысының майдандарында сұрапыл, қан төгіс ұрыстар жүріп жатыр. Соғыстың бір жылдан артық уақытының ішінде неміс-фашист басқыншыларының авантюристік, стратегиялық жоспарларының бірінен соң бірі күйреді, гитлершіл баскесерлердің неше жүздеген шыныққан полктері мен дивизиялары Отанымыздың ұшы-қиыры жоқ кең даласында қырғын тауып, жер жастанды»* [15], – дей келіп, облыстағы жекелеген аудан, қала көлемінде істелініп жатқан жұмыстардың жай-күйіне тоқталып, еңбекшілерді қызу еңбек етуге шақырды. Новобогат ауданының Аманкелді, Чкалов, Бақсай ауданының «Жаңа күш» ұжымшарлары мемлекеттік жоспардың барлық түрлерін де артығымен орындағаны атап көрсетілді. Оның тағы бір куәсі деректерде жазылып қалған, бүгінгі жасы ұлғайған қариялардың есінен кетпейтін шақ Новобогат ауданының еңбекшілерінің Кеңестер Одағы Қорғаныс Комитетінің социалистік жарыстағы жеңімпаздарына арналған ауыспалы Қызыл туын қатарынан үш рет иеленіп, ақырында мәңгілікке ұстап қалуы болып табылады. Майдан үшін еңбек еткен еңбекшілердің ішінде Байшонас, Доссор, Ескене, Қаратон мұнай кәсіпшіліктері жұмысшылары үлесі зор болды. Мұнайшылардың өндірген мұнай өнімдері, осы жылдары топырағын қапшықтап арқалап тасып, барлық істі қолмен атқарған «Гурьев-Қандыағаш» темір жолын салушы теміржолшылардың еңбегі бір төбе еді. Жайық, Қығаш, қарт Каспийден терілген су маржандары, егіншілер, малшылардың жан кешті еңбегімен алынған төлдер, табиғаттың небір дүлей күшіне төзімді жылқы малын өсіру, жарату жұмыстары да тек бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін деген ұранмен үндесіп, жалғасып жатты.

Отанды қорғауда балықшы ұжымшарлар әскери тәртіп тұрғысынан қызмет атқарып, балық аулаудың жылдық жоспарларын артығымен орындады. Мәселен, Шевченко балық ұжымшар одағына қарасты С.М.Киров атындағы ұжымшар жылдық жоспарды – 120,6 пайызға, «Красный долгинец» ұжымшары – 126,8 пайызға, Ленин атындағы ұжымшар – 135,1 пайызға, Т.Шевченко атындағы III Интернационал, «Путь к коммунизму» ұжымшарлары жоспарды артығымен орындады. Өндірістік жоспарды Гурьев балық-ұжымшарлары да артығымен орындаған. Микоян атындағы ұжымшар 1941 жылдың жылдық жоспарын 10 қарашада 104 пайызға, «Алғабас»

ұжымшары – 115 пайызға, «Еркін қала», «Қызыл балық», «Қызыл ту», «Жаңа шаруа», т.б. ұжымшарлары да абыроймен орындады [16, 63-69-пп.]. Балықшы ұжымшарлары жоспарларын артығымен орындалуының басты себебі, балық аулауды дұрыс ұйымдастыру, тәжірибелі ұжымшаршылардың еңбегін дұрыс қолдану, балық бар жерін білу, тиімді балық аулайтын жерлерді түгел пайдалану арқасында жақсы нәтижеге жетті.

Қорыта келгенде, балық шаруашылығы саласы соғыс басталған кезден бастап-ақ соғыс жағдайына сай қайта құрыла бастаған. Үлкен кемелерге арналған порт құрылысы аяқталып, Жайық өзенінің арнасын кеңейту жұмыстары жүргізілді. Соғыс жағдайына сай өндіріс орындарын басқару мақсатында Гурьев қаласында Қорғаныс комитеті құрылып, әуе шабуылынан қорғану шараларын алып, түрлі жаттығулар ұйымдастырған. Жауда қалған еліміздің аудандарынан көптеген тұрғындар көшіріліп, өндіріс құрал-жабдықтары тасылып, мекемелер жасақталды. Балық кәсіпшілігіндегі көптеген жұмыстар әйелдер күшімен атқарыла бастаған. Жоғарыда келтірілген деректер сонау ел басына күн туған сұрапыл соғыс жылдарында, қолына қару алып қан майданда қасық қаны қалғанша от кешкен Кеңес жауынгерлерін тылда жүріп, күні-түні азық-түлікпен, балық өнімдерімен қамтамасыз ету жолында жан аямай ерен еңбектің үлгісін көрсеткен, соңынан дүйім елді ертіп, тек Жеңіс үшін еңбек еткен абзал ағалар мен ардақты аталарымыздың ерлік жолдары болып табылады. Оның ақиқат айғақтарына кеңірек тоқталып, тереңірек талдау, тарихи және мұрағат деректерін зерделеу арқылы қол жеткіздік.

РЕЗЮМЕ

В этой статье описывается развитие рыбной промышленности с целью адаптации к условиям войны. На архивных материалах дается полная характеристика перестройки рыбной отрасли.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, Жайык-Каспий, порт, бассейн, комбинат, рыбная промышленность, Комитет обороны.

This article describes the development of fishing industry in order to adapt to war conditions. Archival materials provide a complete description of the restructuring of the fishing industry.

Key words: The Great Patriotic War, Zhaik-Caspian, harbor, basin, combine, fishing industry, Defence Committee.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Панин И.И. Астраханская область в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.) // Автореферат диссертации к.и.н. – Москва, 1971. – 24 с.
2. АОММ. 1-қор, 4-тізбе, 9-іс.
3. АОММ. 1-қор, 5-тізбе, 2-іс.
4. Эдлинский С.Ф. Каспийский транспортный в Великой Отечественной войне Советского Союза 1941-1945 гг. – Москва, 1963. – 228 с.
5. АОММ. 1-қор, 5-тізбе, 122-байлам.
6. Козыбаев М. Казахстан – арсенал фронта. – Алма-Ата, 1970. – 476 с.
7. АОММ. 1-қор, 1-тізбе, 487-іс.
8. Отты жылдар (құжаттар жинағы). – Алматы, 2004. – 194 б.
9. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (әрі қарай ҚР ПМ). 708-қор, 1-тізбе, 5-іс.
10. Прикаспийская коммуна. – 1942. – 20 ноября.
11. АОММ. 1-қор, 5-тізбе, 54-іс.
12. Ныгметов Б. Жайық-Каспий өңіріндегі балық өнеркәсібі. (1941-1991 жж.) / Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС, 2018. – 224 б.
13. ҚР ПМ. 708-қор, 6/2-тізбе, 71-іс.
14. Известия АН Каз ССР, серия обществ. науки. – 1965. – №4.
15. Социалистік құрылыс. – 1942. – 25 шілде.
16. ҚРОММ. 544-қор, 1а – тізбе, 52-байлам.

ӘӘЖ 930 (574)

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ АЗАМАТ ЕДІ (Тәңірберген Қалилахановтың жеке қор құжаттары бойынша)*

Оразгүл МҰХАТОВА,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және
этнология институтының бас ғылыми қызметкері

Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві – елдегі ең жас архивтердің бірі. Елорда Ақмола (Астана) қаласына көшірілген тұста жас тәуелсіз мемлекеттің тарихи мұрасын тұрақты сақтайтын мекеме қажет болды. Осы кезде ұлттық архив құрылды. Қоғамның түрлі салалары бойынша құжаттармен қатар архивте жеке қорлар да жинақталды. Жеке қор құжаттарын құрушылардың басым көпшілігі мемлекет және қоғам қайраткерлері болып табылады. Архивте жылына ең аз дегенде 2-3 жеке қор құрылады. Мәселен, 2018 жылдың 13 сәуірінде архивтің жылдық жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халық Қаһарманы генерал-лейтенант Бақытжан Ертаевтың жеке қорының салтанатты ашылуы өтті [1]. Салтанатты шараға Қазақстан Республикасының белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары қатысты.

ҚР Ұлттық архивінің жеке тектік қорларының өзіндік ерекшелігі бар. Мұндай жағдай басқа архивтерде жиі кездесе бермейді. Қор құрушылардың басым көпшілігі өздерінің көзі тірісінде ашқан. Әдетте жеке қор тұлға немесе азамат өмірден озғаннан кейін құрылып жатады. Себебі көп адамдар көзі тірісінде жеке архив қорын құрудан жасқанады, «қор ашқызсам бақылық болып кетермін» деген түсінік санаға терең сіңген. Заманауи әлемде де осы бір көрініс белең алған. Мемлекет, қоғам, өнер қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне байланысты құжаттарын көбінесе артында қалған мұрагерлері архивтерге сыйға тартып жатады. Ал іздеушісі болмағандардың жеке тектік құжаттары қараусыз қалып, жоғалып кететін жағдайлар жиі орын алады.

ҚР Ұлттық архивіндегі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, әртүрлі ғылым салалары бойынша ғалымдардың, мәдениет және өнер қайраткерлерінің, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің және өзге де еліне ерен еңбегімен танымал азаматтардың жеке қорлары түрінде жүйелеуге болады.

Төртінші топ ретінде анықтаған қорлардың арасында **соғыс ардагері, журналист, жазушы, зерттеуші, аудармашы Тәңірберген Қалилахановтың қоры ерекшеленеді**. 2016 жылы Т.Қалилахановтың қызы Гүлша Тәңірбергенова әкесінің жеке құжаттарын ҚР Ұлттық архивіне тапсырды. Құжаттарға ғылыми-техникалық өңдеу жүргізу нәтижесінде 1929, 1937, 1941-1942, 1946, 1957, 1959-1981, 1983-2007, 2011, 2013 жылдар аралығын қамтитын 114 сақтау бірлігін құрайтын №1 тізімдеме жасалды [2]. Тізімдемеге енгізілген

құжаттар мазмұнына қарай тақырыптық қағида бойынша үш бөлімге жүйеленді. Бірінші қор құрушының құжаттары бөліміне өмірбаяны, ұсыныстар, өтініштер, Т.Қалилахановтың еңбектеріне С.Бегалин, Б.Мұқаев, Ы.Дүйсенбаев және т.б. жазушылардың жазған пікірлері, марапаттаулары тіркелген.

Тәңірберген Қалилаханов 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс кезінде, яғни 10 сәуірде бұрынғы Жетісу облысы Лепсі уезі Кесікқұм қыстауында дүниеге келген. Әкесі азаттық үшін күресте ауыр жарақаттанып, қаза тапқан. Жетім қалған Тәңірберген 1928 жылы Бөрлітөбе ауылында ашылған Көктерек жетім балалар үйінің мектебіне қабылданған. 1930 жылы Бөрібай және Ақсу аудандары біріктіріліп, Көктерек жетім балалар мектебі Ақсуға көшірілгенде аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Арын Құйқанов Тәңірбергенге Талғардағы ауыл шаруашылық арнайы орта мектебіне жолдама берген. Оқуын тәмамдап, арнайы білім алған ол «Алғабас» артелінде есепші болып жұмыс жасады. Көп ұзамай 1935 жылы Ақсу аудандық «Ленин жолы» газетіне әдеби қызметкер ретінде жұмысқа шақырылған [3]. 1938-1939 жылдары Ақсу колхозы театрының директоры міндетін атқарды. Осы кезде өмірлік жары болған Гүлбаһару Кәукембаевамен көңіл жарастырып, отбасын құрды. Гүлбаһару қазақ тарихындағы үш бәйтеректің бірі – Ілияс Жансүгіровтің жиені, оқымысты Рахметовтер әулетінен шыққан еді.



Суретте Т.Қалилаханов және жүйелі Гүлбаһару.
Жылы белгісіз [4].

*Мақала АР 05134617 Жеке қор құжаттары Қазақстан тарихының дерегі ретінде (XX ғ. – XXI ғ. басы) тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды.

II дүние жүзілік соғыс талай отбасы мен адамдардың тағдырын тас-талқанын шығарды, жан ұясынан айырды, өмірін қыршын етті. Соғыс Тәңірбергеннің де тағдырында із қалдырды.

1939 жылдың күзінде әскер қатарына шақырылған Тәңірберген Молдавияның Кишинев қаласында міндетін атқарып жүргенде соғыс басталды. Соғыстың алғашқы күнінің алапат соққысына қарсы тұрғандардың арасында Тәңірберген жан беріп, жан алысты, ауыр жараланды. Қордың екінші бөліміне жинақталған қор құрушының өзі жазған және оған келген хаттардың арасынан Ұлы Отан соғысының алғашқы жылында жары Гүлбаһаруге жазған хаты тіркелген [5]. Хаттың мазмұнынан майдандағы ахуалдың бір сәті туралы мәлімет алуға болады.

Жарақаты жазыла салысымен отан алдындағы міндетін жалғастыра берді. Оңтүстік Батыс және үшінші Белорусь майдандарында басқыншыларға қарсы соғысты. 1945 жылдың көкемінде Кенигсбергті қаласын фашистерден азат етуге қатысты. Ерлігі үшін «За отвагу», бірінші және екінші дәрежелі «Қызыл жұлдыз», «Кенигбергті алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» ордендерімен марапатталды [6]. Ақыры 1946 жылы туған еліне оралды. От басымен қауышты, бейбіт өмірдің тіршілігіне араласты.



Суретте Тәңірберген отбасымен. Жылы белгісіз [7].

Соғыстан кейін 1948-1952 жылдары Алматыдағы жоғарғы партия мектебін бітірген Тәңірберген журналист мамандағын меңгеріп, Ақсу, Қапал аудандық партия ұйымдарында нұсқаушы қызметіне кірісті. 1955 жылы Алматы облысы Қапал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындалды. Осы кезде қазақ халқының біртуар ақын қызы Сара Тастанбекқызы туралы деректер жинады. Оларды зерттеп, газет, журнал беттерінде мақалалар жариялады [8]. Қордың №46-сақтау бірлігінде Тәңірбергеннің 1970 жылы жазған 196 беттен тұратын «Ақын Сара Тастанбекқызы (өмірі, өскен ортасы, шығармашылығы)» деген еңбегі тіркелген. Бұл жазбада тарихи, этнографиялық, әдеби деректер орын алған. Мәселен, Найманның Матай тайпасының Кенже ру бірлестігінің көші-қон аумақтары туралы мәлімет алуға болады. Автор: «Кенже рулары болса, Ақсу ауданының Арасан, Суықсай, Сайын бөлек, Салқын бел деп аталатын таулы участоктерден бастап, Сарқан, Басқан, Ақсу өзендері аралығындағы кеңістікті мекендеген» [9, 27 п.], – деп баяндаған. Сараның шығу тегі туралы былай деп жазған: «Ақын Сараның әкесі Тастанбек Кенжеден кейін бесінші ата болып келетін Сақайдан таралатын аз ғана

ауыл Тастемірден шыққан» [9, 27п.]. Бұдан әрі өнерлі адамдар жөнінде баяндаған: «Тегінде наймандар арасында Кенже руынан ақындар мен шешендер көп шыққан. «Өлең Кенжеге түспеніп, Сақайға қоныпты» дейтін қауесет тараған. Себебі сол Сақайдың өзінен, әсіресе оның Тоқпанбет дейтін ауылынан Қаракерей Бексұлтан төренің алдында өлең айтқан Тайкет ақын Қаракерейдің атақты ақыны Түбекпен айтысқан Толғанбай, қазақ ақыны І. Жансүгіровтің «Дала» поэмасында аталатын Бекетбай, сол Ілиястың «Күй» поэмасындағы Молықбай, т.б. ақындар шыққан. Сара он жастарға келіп, өнер-үлгі үйренуге қабілеті өсіп қалған кезінде Толғанбай 37, Бекетбай мен Молықбай 30 жастағы нағыз өнер иесі жігіттер болған. Сараның өз бауырлары Тастемір руы ішінен шыққан мәтел сөзге асқан жүйрік, ірі ақын әрі шешен Азынақұлдың баласы Ахмет деген адам болған» [9, 29-п.].

Сол Ахметтің мынадай өлеңін келтірген:

«Күй төккен Молықбайды көрген бала,
Қобызды қоңыраулатып өнері адам,
Тұрғандай бар қауымнан жеке дара.
Ынтығып, ықыласпен тыңдағанын,
Күй қонад көкейіне көкірек жара.
Құмарта қобыз тыңдап жүргендердің,
Ішінде ерекшелеу еді Сара...» [9, 30-п.]. [10].



Бұдан кейін 1962 жылы Қапал ауданына қарасты «Пламя революции» колхозының партия ұйымының хатшысы қызметіне ауыстырылды.

1964 жылы Тәңірберген СССР Жазушылар Одағына қабылданды.



Қорда мүшелік билеті тіркелген [11].



Тәңірберген Қалилаханов колхоз еңбекшілерімен бірге. Суреттің жылы белгісіз [7].

1968 жылы Ақсу аудандық «Өмір нұры» газетіне редактор болып тағайындалды. Осы қызметті зейнеткерлікке шыққанға дейін абыроймен атқарды.

Т.Қалилаханов ұзақ жылдар бойы шығармашылықпен айналысты. Талдықорған аймағындағы елді мекендердің деректерін зерттеп, бірқатар тарихи-драмалық шығармалар жазды. Қордағы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы С.Имановқа, «Жұлдыз» журналы сын бөлімінің меңгерушісі Ә.Жәмішевке, «Простор» журналының директоры И.Шуховқа жазған хаттары Т.Қалилахановтың дайындаған пьесаларының жай-жапсарынан ақпарат береді. Өз кезегінде Тәңірберген Қалилахановтың дайындаған драма, пьесалары қойылымға «кемшіліктері жеткілікті» деген себеппен жіберілмеген. Бұлардан басқа қорда қор құрушының атына академик Ә.Х.Марғұланнан, Қазақ КСР мәдениет министрінің орынбасары Ә.Сығаевтан, «Өмір нұры» газетінің бас редакторы М.Мамажановтан жазушы Д.Досжаннан және т.б. келген хаттар тіркелген [12].



Академик Ә.Х.Марғұланның Т.Қалилахановқа жазған хаты.

Дегенмен Т.Қалилахановтың драмалары Талдықорған облыстық театрының сахнасына шығарылып, көрерменнің көзайымына айналған. Қорда осыны дәлелдейтін құжаттар сақталған[13].

Туған жеріне адал азамат Бауыржан Момышұлы, Сәбит Мұқанов, Иса Байзақовпен жүздесіп, Жамбылдың жырларын, Мұқтар Әуезовтің дәрістерін тыңдады. Ғали Орманов, Әлкей Марғұлан, Илияс Омаровпен достық қарым-қатынаста болған.

РЕПЕРТУАР

Талдықорған облыстық драматического театра

с 21-го по 30-ое ноября 1969 года

21 ноября	«Деревья золотые» (песня)	Ж. Б. Мамед
22 ноября	«Адам» (пьеса)	М. Ж. Сауық
23 ноября	«Семья Каварера» (пьеса)	М. А. Бродский
24 ноября	«Семья Каварера» (пьеса)	Т. Қалилаханов
25 ноября	«Семья Каварера» (пьеса)	Т. Қалилаханов
26 ноября	«Семья Каварера» (пьеса)	О. Беликов
27 ноября	«Семья Каварера» (пьеса)	Т. Қалилаханов
28 ноября	«Семья Каварера» (пьеса)	М. Ж. Сауық
29 ноября	«Семья Каварера» (пьеса)	М. Ж. Сауық
30 ноября	«Семья Каварера» (пьеса)	М. Ж. Сауық

Қор құрушының шығармашылық құжаттарының арасында жер жаннаты Жетісудың аяулы қыздарының бірі, ақын Сара Тастанбекқызы туралы көнекөз қариялардың аузынан жазып алған дерек-көздері ерекшеленеді. Сонымен қатар Сара ақынға және оның тағдырына арналған «Көктем қарлығашы» арнауы, «Өшкен жұлдыз» екі бөлімді қиссасы қордың деректік құндылығын еселейді. «Қазақ

әдебиеті», «Путь коммунизма», «Октябрь туы», «Өмір нұры», «Жетісу», «Талдықорған» газеттерінің беттерінде жарияланған мақалалары қор құрушының өз заманындағы өзекті мәселелерді көре білгендігінен, оларға бей-жай қарай алмағандығынан хабар береді. Елінің тарихы мен мәдениетінің жекелеген мәселелері бойынша ой толғап, өзіндік көзқарас танытқандығын дәйектейді. Қор құрушы өлеңдер, толғаулар, поэмалар, повестер, әндер жазған. Солардың бірі – «Тордағы торғай» деп аталады. Кейін осы шығармасы «Тордағы тоты» атауымен кітап түрінде жарық көрді [10].

Бұдан басқа «Абылай аманаты», «Ақын Сара», «Соғыс сораптары», «Қазанама», «Күй дастан» шығармалары жарияланды. Сонымен қатар «Монғолдар



тарихы туралы», «Көне тарих көздері», «Әулие аталар әлемі», «Бір-жан-Сара айтысының айтысының авторы кім?», «Жауынгер жазбалары», және т.б. мақалалары мен очерктерді дайындаған. Шығармаларды аударумен де айналысқан. Ол үнемі ізденіс

үстінде болған. Соның айғағы Ақсу совхозы №1 фермасының меңгерушісі Тұрарбек Саурықовтың үйінде сақталып келген балта, шот және найзаны анықтап, балтаны Қазақ ССР Ғылым Академиясының археология институтына тапсырды (найза мен шот жоғалып кетсе керек). Бұл құралдар кезінде Қапал ауданы Ақсу қой совхозы №1 фермасының аумағынан

Жоңғар тауының терістігіндегі Сарытау дейтін таудың бауырындағы Ащыбұлақ деген жердегі кішкене ғана қорғаннан табылған. Бұл турасында өзінше талдау жасап, «Қорғаннан шыққан қола балта» [14] деген әңгіме жазды. «Тегінде бұл саймандардың иесі тек қол шебері ғана емес, сонымен қатар жауынгер де болған адам көрінеді. Өйткені, аталған балтамен кішкене қола шот оның ағаш кесу сияқты шаруашылық жұмыстарына пайдаланатын құралы болса, қоладан жасалған үш қырлы найза оның жауынан қорғануына, аң аңлауына мүмкіндік берген. Тағы бір көзге түсетіні – ол найзаның қырлы болып жасалуы. Осы заманғы мылтықтың болат штігі мезгілсіз сынып майыспас үшін төрт қырлы етіп жасағаны сияқты, қола заманының қару жасайтын шеберлері де осы принципті ұстаған.... қола дәуірінің бұл әдемі құралдары Жетісудың ежелгі тұрғындарының мәдениеті мен қол өнеріндегі жетістігін зерттейтін ғылымға аса маңызды материал болып табылады» [14, 4-5-пп.], – деген тұжырымдары Тәңірберген Қалилахановтың тарихтан ғана емес археологиядан да хабары болғандығын көрсетеді.

Тәңірберген Қалилаханов – «Күйкөмей және тоғыз толғау» атты поэма, «Алпауыттар арманы – арандату» толғауларының авторы. «Тағдыр және табиғат тақырыптары» өлеңдер жинағы баспадан жарық көрді. «Ұлдар жыры», «Махаббат па, бұл не өзі», «Аталардың ақ сенімін ақтаймыз», «Қаһарманның қаруы» өлеңдері жазылып қана қоймай, нотаға түсіріліп, ән түрінде шырқалды.

Ғұмырын бос өткізбей, өзін ғылымның, өнердің

әр қырынан көрсетуге ұмтылған Тәңірберген Қалилахановтың қор құжаттарының мазмұны бай. Олар жас зерттеушілер үшін ғана емес, қазақ тарихының маңызды деректері. Өзінің туған өлкесінің тарихы мен мәдениетіне бей-жай қарамаған сегіз қырлы, бір сырлы азаматтың өзі өлсе де өлмейтін сөздері, еңбектері қалды. Сол шығармалар жастарды туған жерін сүйе, оның өткенін қастерлеуге, барын бағалауға үйретеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві: [Электронды ресурс]. 2019. - URL: https://www.inform.kz/ru/nacional-nyy-arhiv-rk-hranit-dokumental-noe-istoricheskoe-nasledie-naroda_a3297109 (қаралған күні: 19.12.2019).
2. ҚР Ұлттық архиві. - 233-қор. – 1-тізімдеме. Соғыс ардагері, журналист, жазушы, зерттеуші, аудармашы Тәңірберген Қалилаханов (1916-2007 жж.).
3. ҚР Ұлттық архиві. - 233-қ. -- 1-т. – 1-іс.
4. ҚР Ұлттық архиві. - 233-қ. -- 1-т. – 97-іс.
5. ҚР Ұлттық архиві. - 233-қ. -- 1-т. – 7-іс.
6. ҚР Ұлттық архиві. - 233-қ. -- 1-т. – 3-іс.
7. ҚР Ұлттық архиві. - 233-қ. -- 1-т. – 99-іс.
8. ҚР Ұлттық архиві. - 233-қ. -- 1-т. – 94-іс.
9. ҚР Ұлттық архиві. - 233-қ. -- 1-т. – 46-іс.
10. ҚР Ұлттық архиві. - 233-қ. -- 1-т. – 47-іс.
11. ҚР Ұлттық архиві. - 233-қ. -- 1-т. – 2-іс.
12. ҚР Ұлттық архиві. - 233-қ. -- 1-т. – 9-іс.
13. ҚР Ұлттық архиві. - 233-қ. -- 1-т. – 40-іс.
14. ҚР Ұлттық архиві. - 233-қ. -- 1-т. – 64-іс.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ РЕСЕЙ:

тарихи тамырластықтан мәдени ынтымақтастыққа дейінгі ұзақ жол

**Еркін КИККАРИНОВ,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау
мемлекеттік университетінің докторанты**

Дешті Қыпшақ пен Киев Русінен бастау алған, қазақ және орыс халқының қарым-қатынастарымыз жылдан астам уақытты қамтиды. Көптеген көршілес өркениеттер, мемлекеттер, халықтар сияқты Ұлы Дала мен Русь жауласып қана қоймай, көп жағдайларда, деңгейлерде туыстасып, байланысып, жан-жағынан бір-бірін байытты. Орыс тіліндегі көптеген түркізмілер және қазақ тіліндегі кірме сөздер осы байланыстың дәлелі. Соғыстар және рухани, мәдени, этникалық, экономикалық, саяси байланыстар әрдайым тереңдікке келіп отырды [1].

Қазақ және орыс халықтарын көп ғасырлық ортақ тарих байланыстырып отырғаны бәріне мәлім. Ресеймен мәдени байланыстар, Қазақстан сыртқы саясатының маңызды бағыты болып табылады. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылы

21 қазанда орнады, сол жылы көршілес мемлекеттер елшіліктермен алмасты [2]. Мемлекет көшбасшылары қазақ және орыс халықтарының санғасырлық достығына сүйеніп, елдер арасындағы бейбітшілік қарым-қатынастың, тату-тәтті көршіліктің жаңа негізін салуды бастады. 1992 жылы 25 мамырда Ресей Федерациясының астанасы Мәскеуде екі мемлекеттің президенттері Нұрсұлтан Назарбаев және Борис Ельцин «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы» стратегиялық шартқа қол қойды [3, 490]. 1992 жылғы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісім шарт, тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ және орыс халықтарының арасындағы қарым-қатынастардың дамуына ықпал етіп, мәдени байланыстардың жаңа формадағы негізін қалады. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының үкіметтері арасындағы шарт

негізінде, 1992 жылы «Мәдениет, ғылым және білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойылды. Осы келісімде Ресейде Қазақстан күндерін және Қазақстанда Ресей күндерін өткізу туралы (1-бап), жан-жақты мәдени-ағарту жұмысы туралы (4-бап), екінші тарап шығарған баспа материалдарын тарату туралы (8-бап), білім саласында бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру туралы (18-бап) бекітілді [4].

Келісім негізінде, тәуелсіздік уақытында мәдени-рухани салада Қазақстан мен Ресей халықтары арасындағы кезекті байланыстырушы буынға айналған, «Мәдениет күндері» атты тәжірибе жүзеге асырыла бастады, бұл жаңа уақыттағы мәдени алмасудың тың формасы еді. 1993 жылы 10 қыркүйекте Қазақстанда Ресей Федерациясының «Мәдениет күндері» салтанатты түрде ашылды. Өз кезегінде **алғашқы рет 1994 жылы 12 сәуірде** Ресейде «Қазақстанның мәдениет күндері» бастауын алды [5].

1993 жылы 9 қаңтарда үкімет басшылары Омбыда кездесіп, шекаралас жатқан көршілес облыстар арасындағы байланыстарды күшейту үшін «Экономикалық, ғылыми, техникалық және мәдени ынтымақтастық қағидаттары туралы» келісім мен коммюникеге қол қойды [6, 274].

Қазақстан президенті Н. Назарбаевтың 1994 жылы 28-30 наурыздағы Ресейге алғашқы ресми сапары екіжақты байланыстың жаңа парағын ашты, нәтижесінде саяси, экономикалық, әскери, техникалық, сонымен қатар, мәдениет пен ғылыми салаларын қамтыған үкіметаралық және ведомстволарлық **22 ауқымды құжатқа қол қойылды** [7, 207]. Аталған 22 құжаттың ішінде 1994 жылғы 28 наурызда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы **Мәдениет, ғылым және білім салаларындағы ынтымақтастық туралы** (алғашында 5 жылға жасалған, кейін келесі жылдарға ұзартылған) келісімнің мәдени-гуманитарлы байланыс үшін маңызы зор.

1998 жылы 6 шілдеде Мәскеуде екі мемлекет басшылары Қазақстан мен Ресей үшін екі жақты байланыстарды жаңа сатыға көтерген «**XXI ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы декларацияға**» қол қойды. Декларация қос ел көшбасшыларының қарым-қатынастардың интеграциясын тереңдету жөніндегі саяси бағытын растады. Мемлекет басшылары Н.Назарбаев және Б.Ельцин қос тарап арасындағы қарым-қатынаста декларацияға қол қойылғаннан бастап, жаңа кезең басталатынын салтанатты түрде мәлімдеді [8]. «**Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы екі ел халықтарының рухани және мәдени жақындығын сақтауға, мәдениет, ғылым, білім-беру, ақпарат саласында өзара байланысты тереңдетуге жан-жақты жәрдемдесетіні**» декларацияда атап өтілді [9]. Екі тарап білім берудің мемлекетаралық стратегиясын қалыптастыру және ұлттық білім беру жүйелерінің жақындастығын қолдауға, студенттерді оқытудың бірлескен бағдарламаларын жасауға уәде берді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы бірлескен оқу орындарын (Қазақстан-Орыс университеті және гимназиялар) құратынын мәлімдеді.

1992 жылғы келісім мен 1998 жылғы декларация Қазақстан мен Ресей арасындағы дипломатиялық қатынастардың басты құжаттары болып отыр. Алматы мен Нұрсұлтанда қазақ-орыс гимназиялары оқушыларды қабылдай бастады, қазақстандық студенттер Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарында оқуын жалғастырды.

2001 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы жасақталды, сондай-ақ, бірнеше бірлескен университеттер де ашылды. 2001-2003 жылдарға арналған Қазақстан-Ресей арасындағы гуманитарлық ынтымақтастық бағдарламасы серіктестік әлеуетті арттыруды жалғастырды. Еуропа мен Азия дүние бөліктерінде орналасқан алып мемлекеттер жасасқан декларация, мәдени байланыстардың дамуына тағы бір серпін берді.

Екіжақты қатынастардан басқа, қос мемлекет мәдени салада ТМД аясында ынтымақтастықты белсенді жалғастырды. Қазақстан және Ресейде мерейтойлар аясында Абай Құнанбайұлының 150 жылдығы (1995 ж.), Мұхтар Әуезовтың 100 жылдығы (1997 ж.), А.С. Пушкиннің 200 жылдығы (1999 ж.), Сәбит Мұқановтың 100 жылдығы (2000 ж.), Ғабит Мүсіреповтың 100 жылдығына (2002 ж.) арналған салтанатты іс-шаралар атқарылды. Осы жылдары мерейтой шеңберінде ғылыми-практикалық конференциялар, спектакльдер және көрмелер, эстрада әншілерінің концерттері, би, фольклорлық ансамбльдердің гастрольдері өтті.

Тарихи ескерткіштердің маңыздылығын түсінген адам, өткен мен болашақ үшін, үлкен дәрежеде адамгершілік, моральдық жауапкершілік сезімі болатыны мәлім. **Академик Д.С. Лихачев: «адам тек табиғи ортада ғана емес, сонымен бірге, ата-бабалары мен өзі жасап қалдырған мәдени ортада өмір сүреді»** [10, 4], – деп жазған болатын. 1997 жылы руханият саласындағы қазақ-орыс қатынастарының маңызды оқиғасы, РФ, Астрахан облысының, Алтынжар селосында Құрманғазы Сағырбайұлының мемлекетаралық мәдени кешенінің ашылуы болды. Қазақтың дәулескер күйшісі Құрманғазыға арнап кесене соғылды. 2003 жылы кесене маңайында архитектуралық кешен іргесін қалады. Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы төтенше және өкілетті елшісі Қырымбек Көшербаев атап өткендей: «**қазақтың Бетховені – ұлы күйші Құрманғазы, осы жерде өмір сүрген және туындыларын жасаған, оның өмір жолы орыс халқымен тығыз байланысты. Композитор көршілес елге қатысты көптеген шығармалар жазды**» [11].

2001 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығы атап өтілді. Мәдени байланыстардың дамуына Қазақстанның Ресейдегі елшілігі де сүбелі үлесін қосты. Тәуелсіздік онжылдығының аясында өткізілген іс-шаралар Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсетті. Ресейдің белгілі қайраткерлерінің жалпы пікірі бойынша, Қазақстан тәуелсіздіктің онжылдығын мемлекеттілікті нығайтудағы табыстармен қарсы алды, табысты реформа өткізді, әлемдік қоғамдастықта лайықты орынын алды. 2000 жылдың қазан айында Қазақстан мен Ресей мемлекетінің басшылары, **Гуманитарлық салада байланысты дамыту туралы меморандумға** қол қойды. Қос тарап халықтардың ортақ мәдени мұрасы мен ұлттық мәдениеттердің өзіндік ерекшелігін сақтауға, ортақ мәдени, білім беру және ақпараттық кеңістікті кеңейтуге, жан-жақты қолдау көрсетуге ниет білдірді [12, 6]. Тәуелсіздіктің 10 жылдығы аясында қазақ мәдениетінің қайраткерлері Ресей Федерациясында ауқымды іс-шаралар өткізді. Мемлекеттік Третьяков галереясында, Мәскеу заманауи өнер музейінде еңбек сіңірген өнер қайраткері Ерболат Төлепбай жеке көрмесін өткізді.

Мәдени байланыстардың жаңа кезеңі 2003-2004 жылдардан бастау алды. Еуразия кеңістігіндегі тату көршілік қарым-қатынастың куәлігі ретінде, сан ғасырлық достықты, сенім және түсіністікті нығайту үшін, 2003 жылы 21 ақпанда қос елдің президенттері Нұрсұлтан

Назарбаев пен Владимир Путин Мәскеу қаласындағы Үлкен театрда Ресейдегі Қазақстан жылын салтанатты жағдайда ашты. Сол күндері Ресей астанасында, басқа қалаларда мәдени шаралар өтті. Қазақстандық мәдениет және өнер қайраткерлері өздерінің жоғары деңгейдегі шеберліктерін көрсетті. Третьяков галереясында «Жаңа тенденция» атауымен Қазақстанның бейнелеу өнерінің көрмесі ашылып, оған заманауи суретшілер Е.Төлепбай, Р.Ақанаев, К.Муллашев, Ә.Сыдыханов қатысты. Мәскеулік Кремльдің Қару-жарақ палатасында «Алтын Адам» көрмесі ашылды. Экспозицияларда археологиялық қазба жұмыстары кезінде Қазақстанда табылған көшпенділердің ерекше алтын бұйымдыры ұсынылды.

Қазақ және орыс халықтарының біртұта өкілдеріне арнап, екі мемлекеттің астаналарында **Абай Құнанбайұлына Мәскеуде, ал Александр Пушкинге Нұрсұлтанда ескерткіштер ашылды.** Өз заманың көрнекті ұлы Абай өзінің шығармаларында қазақ халқының болмыс-бітімін әспеттеп, екі халықтың жақындасуына арналған, **25 қара сөздерінде: «Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі»** [13, 34] деп жазған. Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы орыс мәдениеті арқылы халқын әлемдік мәдениеттің жетістіктерін игеруге шақырды. 2003 жылы 15 сәуірде Омбыда Қазақстан мен Ресейдің шекаралас аймақтарының форумы өтті. Екіара келісімнен кейін, 2003 жылдың қазан айында қазақ халқының ұлы, Орталық Азияны зерттеуші, географ, этнограф, тарихшы – **Шоқан Уәлихановқа ескерткіш ашылды** [14]. Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсариннің дүниетанымын және гуманистік көзқарасының қалыптасуына орыс ағартушы демократтарының ролі үлкен әсер еткен.

Негізінен шекаралас аудандар саналатын: Астрахан, Саратов, Орынбор, Челябинск, Қорған, Түмен, Омбы облыстарымен Алтай аймағы. Аталған аймақтар Ресейдегі Қазақстан жылы (2003 ж.) мен Қазақстандағы Ресей жылы (2004 ж.) аясында өткізілген мәденіс-шаралардың белсенді қатысушылары болды. Қазақстанда Ресей аймақтарының тұсаукесер таныстырылымдары өтті. Қазақстанның 14 облысы, 2 республикалық маңызы бар қаласы мен Ресей Федерациясының 72 субъектісінің мәдени байланыстары белсенді түрде дамыды. 2003 жылы Ресейдегі Қазақстан жылы аясында ғалымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері арасында өте қарқынды түрде рухани құндылықтармен алмасулар болып, шығармашылық байланыстар кеңейді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім бағдарламаларын қазақ тілінде жүзеге асыру мақсатында, М.В. Ломоносов атындағы ММУ қазақстандық жоғары оқу орындарымен, студенттер және оқытушылар алмасу саласындағы ынтымақтастықты жемісті байланыстар арқылы дамытуда. 2004 жылы РФ Білім және ғылым министрлігі Қазақстан азаматтарына, Ресейдің орталық және аймақтық жоғары оқу орындары мен Ресей ғылым академиясының ғылыми орталықтарында оқыту салалары бойынша және отандық экономикаға қажет мамандықтарға 152 орындық квота бөліп (88 – жоғары білім, 14 мамандық бойынша 14 аспирантур және орыс тілінен 50 адамға – бірайлық тағылымдама) берді [15].

90-жылдары Қазақстан мен Ресейдің екіжақты қарым-қатынастары өте күрделі кезеңнен өтті. Егемен мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас қиыншылықтардан өтіп, жоғары деңгейге көтерілді. Тәуелсіздік жылдарында қос ел арасында мемлекетаралық, үкіметаралық, ведомствоаралық келісімдер мен шарттарға қол қойылып, олар мәдени, гуманитарлық және басқа салалардағы ынтымақтастықты реттейді. Қазақстан мен

Ресей – ТМД-дағы ең ірі мемлекеттер, геосаяси жағдайы, ең ұзын шекара, берік экономикалық байланыстар, мәдени алмасулар, дәуірлер қойнауына бойлаған тарих, осы факторлардың барлығы екі ел арасындағы қатынастарды дамытуда маңызды роль ойнайды. XX ғасыр 90-жылдары барлық деңгейде тығыз және жемісті байланыстар орнатылып, жалғасуда, мемлекет президенттерінің, мәдениет министрлігі мен басқа да мемлекеттік органдардың басшылары сапарлары тұрақты түрде болып тұрады. Мәдени ынтымақтастық саласында Қазақстан мен Ресей байланыстарды барлық жағынан нығайтуда. Зиялы қауым арасындағы интенсивті байланыстар ақпарат алмасуға мүмкіндік берді, екі халықтың рухани дамуына үлес қосты.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается история развития культурных отношений между Республикой Казахстан и Российской Федерацией. В процессе раскрытия проблемы автором показана эволюция взаимоотношений в культурной сфере. Автор также акцентирует внимание на особенности процесса гуманитарного взаимодействия между странами в начальный период независимости.

This article discusses the history of the development of cultural relations between the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation. In the process of solving the problem, the author shows the evolution of relations in the cultural sphere. The author also focuses on the features of the process of humanitarian interaction between countries in the initial period of independence.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР

1. **Симашко Морис.** Древняя Русь и Великая Степь в разрезе «теории пассионарности» Льва Гумилева. // Казахстанская правда. – 1993. – №130. 1 б.
2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты. <https://www.mfa.kz>
3. **Ертысбаев Е.** Казахстан и Назарбаев: логика перемен. Астана: Елорда, 2001. – 576 б.
4. **Эпштейн А.** Итоги года России в Казахстане. // Клуб. – 2005. – №2. 6-7 б.
5. **Нысанбаев А.** Республика Казахстан. Хроника 10 лет. Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 2002. – 504 б.
6. **Жигалов К., Султанов Б.** Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев: Хроника деятельности (1.12.1991-31.05.1993). Алматы: Фонд политических исследований «Казахстан – XXI век», 1993. – 288 б.
7. Суверенный Казахстан на рубеже тысячелетий: сборник научных статей. Астана: Елорда, 2001. – 272 б.
8. Казахстан и Россия: новое тысячелетие – под знаком незыблемой дружбы. // Казахстанская правда. – 1998. – №130. 1 б.
9. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ХХІ ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы Декларация. // Егемен Қазақстан. – 1998. – №130. 2 б.
10. Памятники истории и культуры Казахстана: Сборник Центрального совета Казахского общества охраны памятников истории и культуры. Алма-Ата: Казахстан, 1988. – 168 б.
11. **Балаубаева Б.М.** Казахстанско-Российское сотрудничество в сфере культуры. Вестник КазНУ. 2009. <https://article.kz.com/article/7005>
12. **Литвинов В.** Интервью посла Республики Казахстан Мансурова Т. // Новое поколение. – 2001. – №26. 5 б.
13. **Құнанбаев А.** Қара сөз. Алматы: Көшпенділер. 2011. – 184 б.
14. Қазақстан Республикасының Консулдығы Омбы қаласы (Ресей Федерациясы) ресми сайты. www.kz-omsk.ru
15. **Умурзакова Ж.** О работе Культурного центра при посольстве Казахстана в Москве. Клуб. – 2005. – №2. 6-7 б.

НОВЕЙШАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ ПО ИСТОРИИ СОТРУДНИЧЕСТВА КАЗАХСТАНА И РОССИИ В СОВРЕМЕННЫЙ ПЕРИОД

Бауыржан ШЕРИЯЗДАНОВ,
Институт истории государства, Отдел
Евразийства и политических исследований,
кандидат политических наук

Исследования, накопленные, за годы Независимости позволяют осмыслить исторический опыт двустороннего взаимодействия и стратегического сотрудничества со своим партнером по Евразийскому союзу, Россией в решении многих проблем внутриэкономического и государственного развития двух стран.

Как известно, после распада СССР в 1991 году на просторах некогда единой державы, образовались новые независимые государства. С обретением независимости Казахстан стали проводить самостоятельную внешнюю политику, развивая взаимные дружественные контакты со всеми бывшими республиками Союза.

Особое место в этом направлении занимает Российская Федерация как ведущий стратегический партнер Республики Казахстан. Подтверждением этому являются слова Президента РК К.К.Токаева во время встречи с членами Международного Валдайского клуба 2019 году. Глава государства подчеркнул, что в казахстанско-российском сотрудничестве выдерживается темп и содержание, которые были заданы Елбасы Н.А.Назарбаевым: *«Остается лишь наполнять взаимодействие новым содержанием, поскольку жизнь не стоит на месте и, конечно, необходимо решать те вопросы, которые появляются. Я готов к этой работе. Думаю, мы поднимем планку нашего стратегического партнерства и союзничества на новый уровень»*, – заявил К.К.Токаев [1].


Проблематика зарождения и развития межгосударственных отношений, вхождения их в международное сообщество все более активно исследуется современными авторами обеих стран и не только.

Например, в России в настоящий момент существует немало различных казахстановедческих подразделений (центров, отделов, секторов, групп и т.д.). Они есть, в частности в Институте Востоковедения РАН, в Институте этнологии и антропологии РАН, в Институте стран СНГ. Нельзя не указать в этой связи и деятельность Центрально-азиатского агентства политических исследований, Алтайского центра востоковедных исследований, Российского института стратегических исследований, Института научной информации по общественным наукам РАН, Московского центра Карнеги, Восточного гуманитарного института, Информационно-аналитического центра по изучению общественно-политических процессов на постсоветском пространстве МГУ и т.д.

В Казахстане данной проблемой занимаются: Казахстанский институт стратегических исследований, Институт истории государства КН МОН РК, Институт мировой экономики и политики, Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК, Институт современных исследований ЕНУ им.Л.Н.Гумилева,

Институт евразийской интеграции и т.д..

Большой фактический материал по истории казахстанско-российских отношений собран в трудах



доктора политических и экономических наук, бывшего посла Казахстана в России Т.А.Мансурова, который на основе личных наблюдений исследовал развитие процесса становления двухсторонних отношений и проанализировал положение стран в интеграционных процессах, а также создание СНГ.

Например, в его монографии, вышедшей в свет 1997 году «Казахстан и Россия: суверенизация, интеграция, опыт стратегического пространства» исследуются отношения Республики Казахстан и Российской Федерации политической, экономической, гуманитарной и др. сферах. Интересна еще одна его работа «Евразийский проект Нурсултана Назарбаева, воплощенный в жизнь: к 20-летию Евразийского проекта 1994-2014», изданная в 2014 году. В работе последовательно раскрывается историческая роль Евразийского проекта Н.А. Назарбаева как ключевого инструмента эффективного экономического и социального развития, открывающего перед постсоветскими странами новые возможности и перспективы. Также под редакцией Т.А. Мансурова вышел сборник документов и материалов «Казахстанско-Российские отношения. 1991-2000 годы», в котором представлены разнообразные материалы о межгосударственных отношениях Казахстана и России в период с 1991 г. по 2000 г. [2].

Авторы историко-хрестоматийного очерка «Россия – Казахстан: история взаимоотношений и современность» д.и.н. Б.Г.Аяған и к.и.н.



А.Н.Кашкимбаев, опираясь на широкий круг источников, анализируют взаимоотношения Казахстана и России по различным направлениям, отводя значимую роль территориальному фактору. При этом ученые делают упор на историческое осмысление данных взаимоотношений, как в ретроспективе, так и на современном этапе. Так, например, авторы подмечают: *«Отношения между Казахстаном и Россией, берущие начало из глубины веков, относятся к категории наиболее сложных. Процесс, начавшийся несколько веков назад, претерпевает сегодня множество изменений, которые нельзя отнести к косметическим. Большинство аналитиков современности склоняются к тому, что от прозрачности казахстанско-российских отношений во многом зависит не только процесс интеграции на постсоветском пространстве, но и будущность связей этих государств с мировым сообществом»* [3, с. 167-168].

Большой практический интерес представляет сборник статей и выступлений доктора экономических наук А.А.Башмакова, посвященный вопросам евразийской экономической интеграции. Данный труд представляет собой авторское видение интеграционных процессов на Евразийском пространстве. Особое значение автор уделяет вопросам приграничного сотрудничества Казахстана и России, в основе которого лежит как экономические факторы, определяющие современные интересы государств, так и исторические корни культурного взаимодействия [4].

Со дня своего образования в фокусе внимания Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан находятся многие вопросы казахстанско-российского сотрудничества.

К 25-летию идеи евразийской интеграции Н.А.Назарбаева важным событием стало издание сборника (в оценках экспертов КИСИ при Президенте РК). Данное издание содержит тексты основополагающих выступлений Елбасы. Кроме того были включены статьи и интервью директоров и ведущих экспертов КИСИ по вопросам казахстанско-российского сотрудничества с середины 1990-х годов по настоящее время, ставшие отражением

научных исследований и общественных обсуждений. Также в конце книги представлен, обширный список литературы и исследований казахстанских, российских и зарубежных ученых, отражающих широкий спектр экспертных мнений и подходов по теме евразийской интеграции [5].

Комплексный анализ взаимоотношений Казахстана и России регулярно проводится казахстанско-российским экспертным форумом, организованный Фондом развития и поддержки клуба «Валдай», Институтом системных исследований «Парасат» и Казахстанским советом по международным отношениям. 19-20 мая 2017 году в Астане прошел очередной форум. Как отметили ведущие эксперты Казахстану и России нужно активно использовать потенциал региональных объединений – ШОС, СВМДА и ОДКБ для сотрудничества в противодействии терроризму и обеспечения безопасности двух стран. Отношение к Евразийскому экономическому союзу должно улучшиться, если Россия широко откроет свой рынок для казахстанской продукции, считает координатор проектов по внешней политике Института мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Аскар Нурша [6].

Активно обсуждаются экономическое и политическое сотрудничество Казахстана и России на заседании Казахстанско-Российского экспертного совета. Так, например, в изданном сборнике «Экономическое и политическое сотрудничество Казахстана и России (1991–2011 гг.): состояние и перспективы» участники II заседания Казахстанско-Российского экспертного совета анализируют ситуацию, в рамках Таможенного союза и формирования Единого экономического пространства, подводят первые итоги деятельности ТС и освещают перспективы развития ЕЭП. Ряд материалов затрагивают непосредственно аспекты двустороннего экономического и политического сотрудничества Республики Казахстан и Российской Федерации, а также их взаимодействия в сфере безопасности. Отдельное внимание уделяется вопросам развития человеческого капитала двух стран, в образовательной и культурно-гуманитарной сферах [7].

Новейшим обзором современного состояния сотрудничества России и Казахстана проведенной на анализе различных аспектов: политического, экономического, военного, медийного, культурного и других является фундаментальные исследования проведенной казахстанско-российской группой ученых политологов М.Шибутыным, Ю.Солозубовым и Н.Малярчук совместно с Информационным агентством «REGNUM» [8].

Электронный доклад состоящих из 3 разделов обобщает систематические исследования, проведенные группой авторов за несколько последних лет, представляя общественности принципиально новую и как можно более полную картину российско-казахстанских отношений.

В данном докладе приводятся статистические показатели, которые обычно в открытых публикациях не встречаются. При подготовке доклада авторы использовали различные источники: статистические – казахстанские и российские, Евразийской экономической комиссии и другие.

Важным событием для экспертов, ученых двух стран стали проводимые на регулярной основе международные научно-практические конференции. Можно выделить наиболее важные

следующие конференции:

- Евразийский экономический союз: от идеи к реализации (к 20-летию выступления Президента РК Н.А.Назарбаева в МГУ им. М.В.Ломоносова) в 2014 году [9].;

- Перспективы сотрудничества Казахстана и России в новых геополитических условиях. Двусторонняя международная научно-практическая конференция КИСИ–ИМЭМО (г. Москва, 9 апреля 2009 г.) [10];

- Казахстан – Россия: экономические и политические факторы стратегического партнерства. VI казахстанско-российская научно-практическая конференция (г. Алматы, 10 апреля 2012 г.) [11];

- Двусторонние политические и экономические отношения Казахстана и России: материалы VII научно-практической конференции КИСИ — ИМЭМО (г. Москва, 29 ноября 2013 г.) [12].

Представляет повышенный интерес аналитическая статья сотрудников КИСИ В.Додонова, А.Муканова и С.Сейдуманова «Тенденции и факторы экономического сотрудничества Казахстана и России». Автором выявлены основные тенденции в сфере взаимной торговли, рассмотрены особенности формирования инвестиционной политики. Особое внимание уделено реализации проектов экономической интеграции (Таможенный союз, ЕЭП, ЕАЭС), и их влиянию на развитие двусторонних экономических связей [13].

Для российских исследователей, так или иначе занимающихся изучением вопросов российско-казахстанских отношений характерно свое концептуальное восприятие казахстанских реалий.

Определенный интерес представляет кандидатская диссертация А.А. Абильдинова «Интеграционные процессы во взаимоотношениях России и Казахстана: историко-политологический анализ» защищенная в «Российской академии народного хозяйства и государственной службы при Президенте Российской Федерации» в 2014 году в Москве. В своих исследованиях ученый попытался осуществить историко-политологический анализ особенностей и форм интеграционных процессов во взаимоотношениях России и Казахстана. Далее, в своей работе автор раскрывает основные направления интеграционных процессов России и Казахстана в условиях функционирования СНГ, потенциал приграничного сотрудничества между Россией и Казахстаном и исследует особенности интеграционных процессов в этнокультурной сфере [14].

Нужно отметить кандидатскую диссертацию М.Н.Шапкина «Тенденции и перспективы российско-казахстанского сотрудничества в современных условиях» защищенную в 2017 году в МГУ имени М.В.Ломоносова. В диссертационном исследовании проводится комплексный анализ российско-казахстанских отношений на современном этапе, выявляются их основные тенденции и прогнозируются перспективы развития сотрудничества двух стран. Как отмечено в диссертационной работе, сотрудничество России и Казахстана является ярким примером взаимосвязи и взаимовлияния внутренней и внешней политики государств и внутриполитические процессы в Республике Казахстан оказывает опосредованное, а зачастую и непосредственное воздействие на развитие российско-казахстанских отношений [15].

Большой интерес представляет аналитический доклад, подготовленный информационно-аналитическим Центром МГУ имени М.В.Ломоносова в

2020 году «Казахстанско-российские отношения: современные тенденции и дальнейшие перспективы», презентованный Центром Аналитических Исследований «Евразийский Мониторинг» [16].

В процессе подготовки статьи были использованы результаты проведенного в январе 2020 года экспертного опроса, направленного на получение объективных оценок ключевых тенденций и перспектив развития казахстанско-российских отношений. В его ходе было опрошено 30 человек из числа политологов, социологов, историков и общественных деятелей. По мнению экспертов наиболее интенсивно взаимоотношения Казахстана и России развиваются по линии двусторонних контактов на уровне глав государств, а также расширения военно-технических, межрегиональных и приграничных связей.

В статье заведующего кафедры истории Российского университета дружбы народов В.М.Козьменко «Приоритетные рубежи интеграции России и Казахстана в 1991-2010гг» на конкретных примерах освещаются двусторонние связи Российской Федерации и Республики Казахстан в области международных отношений, политики, экономики. Особо подчеркивается, что эти отношения могут быть рассмотрены в качестве эффективной модели становления и дальнейшего совершенствования взаимовыгодных отношений в Содружестве Независимых Государств [17].

В своей научной деятельности вопросам Российско-Казахстанского сотрудничества большое внимание уделяет преподаватель Кафедра истории Российского университета дружбы народов, доктор исторических наук Сагиндилов Р.Е. В нескольких статьях Сагиндилова Р.Е. рассматриваются основные приоритетные направления и предпосылки российско-казахстанского сотрудничества после распада СССР. Показаны позитивные и негативные стороны развития экономических отношений между двумя ведущими государствами Содружества. В статьях также анализируются основные направления российско-казахстанского сотрудничества. Автор приходит к выводу, что грамотно выстроенные дипломатические отношения между Казахстаном и Россией позволили в течение последних 20 лет значительно укрепить межгосударственное политическое, экономическое, гуманитарное и другие направления двустороннего сотрудничества [18-20].

Определенный интерес присутствует в исследованиях политологов в странах ближнего и дальнего зарубежья. Так, например, выступая на IV Международной научно-практической конференции «Европейский Союз - Казахстан - Россия: перспективы сотрудничества с Китаем» проходившей в г. Алматы, 21 июня 2011 г. директор Центра России и Центральной Азии при Шанхайской академии международных исследований (КНР) Ли Синь предлагает: *«Всецело используя возможности казахстанско-российского инновационного развития в модернизации экономики, необходимо поощрять китайские предприятия «выходить за пределы», обходя барьеры Таможенного союза и расширять инвестиции в регионе, прежде всего, в финансовой сфере. Устранение торговых барьеров в пределах Таможенного союза и расширение региональных рынков содействовали улучшению инвестиционного климата, что, с одной стороны, будет способствовать повышению конкурентоспособности предприятий и расширению инвестиций в рамках Таможенного*

союза, а также может повысить эффективность иностранных инвестиций» [21, 99-116 с.].

При сравнении трудов отечественных, российских и других стран становится очевидным, что одни и те же события и процессы освещаются с помощью различных взглядов и приоритетов, показывающих до известной степени различия внешнеполитических доктрин и национальных интересов государств.

В целом, оценивая степень научной изученности темы развития казахстанско-российских отношений после обретения независимости, необходимо отметить достаточную проработанность в казахстанской и в российской научной литературе проблематики межгосударственных отношений. Изученное демонстрирует все более возрастающий интерес казахстанских, российских исследователей и экспертов к теме двусторонних взаимоотношений Казахстана и России.

РЕЗЮМЕ

В статье проводится анализ по истории отношений Казахстана и России в современный период (1991-2020 годы).

The article analyzes the history of relations between Kazakhstan and Russia in the modern period (1991-2020).

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Выступление Президента Республики Казахстан на сессии XVI заседания Международного дискуссионного клуба «Валдай» // Новостной портал Агентства «Хабар» [Электронный ресурс]. URL: <https://24.kz/ru/news/top-news/item/345276-tokaev-vystuplenie-valdaj> (Дата обращения: 23.03.2020 г.)
2. Мансуров Т.А. Казахстанско-Российские отношения. 1991-2000 годы. Сборник документов и материалов / пред. ред. совета Т.А.Мансуров; Посольство РК в РФ - Астана-Москва: ИПЦ Русский Раритет, 2001. – 573 с;
3. Аяган Б.Г., Кашкимбаев А.Н. Россия - Казахстан: история взаимоотношений и современность. Историко-хрестоматийный очерк. – Алматы: Раритет, 2011. – 240 с.
4. Башмаков А.А. От приграничного сотрудничества к евразийской экономической интеграции: сборник научных трудов. – Алматы, КИСИ при Президенте РК, 2013. – 216 с.
5. К 25 лет идеи евразийской интеграции Н.А.Назарбаева (в оценках экспертов КИСИ при Президенте РК). – Нур-Султан: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2019. – 296 с.
6. Материалы казахстанско-российского экспертного форума. // Международное информационное агентство Kazinform.kz [Электронный ресурс]. URL: https://www.inform.kz/ru/rossiya-dolzha-otkryt-svoy-rynok-dlya-kazahstanskoy-produkcii-ekspert_a3028221 (Дата обращения: 23.03.2020 г.)
7. Материалы II заседания Экспертного Совета «Казахстан-Россия» 14 февраля 2011 г. / Отв. ред. Б.К.Султанов. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2011. – 156 с
8. Шибутов М., Солозубов Ю., Малярчук Н. Российско-казахстанские отношения на современном этапе. Часть 1. // Информационное агентство «REGNUM» [Электронный ресурс]. URL: <https://regnum.ru/news/poli/2534116.html> (Дата обращения: 17.03.2020 г.)
9. Евразийский экономический союз: от идеи к реализации (к 20-летию выступления Президента РК Н.А.Назарбаева в МГУ им. М.В.Ломоносова). Материалы

международной конференции (г. Алматы, 18 марта 2014 г.) / Под общ. ред. Б.К.Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2014. – 160 с.

10. Перспективы сотрудничества Казахстана и России в новых геополитических условиях. Материалы 4-й двусторонней международной научно-практической конференции КИСИ-ИМЭМО (г.Москва, 9 апреля 2009 г.). Отв. ред. Б.К.Султанов, Г.И.Чуфрин. Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2009, 208 с.

11. Казахстан – Россия: экономические и политические факторы стратегического партнерства. Материалы VI казахстанско-российской научно-практической конференции (г. Алматы, 10 апреля 2012 г.). Отв. ред. Б.К. Султанов, Г.И. Чуфрин. Алматы, КИСИ при Президенте РК, 2012, 232 с.

12. Двусторонние политические и экономические отношения Казахстана и России: материалы VII научно-практической конференции КИСИ-ИМЭМО (г. Москва, 29 ноября 2013 г.). Отв. ред.: Б.К.Султанов, Г.И.Чуфрин. Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2013, 164 с.

13. Додонов В., Муканов А. и Сейдуманов С. Тенденции и факторы экономического сотрудничества Казахстана и России. // Казахстан-СПЕКТР, научный журнал – 2018/2, – С. 51-63.

14. Абыльдинов А.А. Интеграционные процессы во взаимоотношениях России и Казахстана: историко-политологический анализ. // disserCat – электронная библиотека диссертаций [Электронный ресурс]. URL: dissercat.com/content/integratsionnye-protsessy-vo-vzaimootnosheniyakh-rossii-i-kazahstana-istoriko-politologiches (Дата обращения: 18.03.2020 г.)

15. Шапкин М.Н. Тенденции и перспективы Российско-Казахстанского сотрудничества в современных политических условиях. // disserCat – электронная библиотека диссертаций [Электронный ресурс]. <https://www.dissercat.com/content/tendentsii-i-perspektivy-rossiisko-kazahstanskogo-sotrudnichestva-v-sovremennykh-politiches> (Дата обращения: 18.03.2020 г.)

16. Казахстанско-российские отношения: современные тенденции и дальнейшие перспективы. Центр Аналитических Исследований МГУ имени М.В.Ломоносова «Евразийский Мониторинг» // Информационно-аналитический центр [Электронный ресурс]. URL: <https://ia-centr.ru/experts/iats-mgu/kazahstansko-rossiyskie-otnosheniya-sovremennye-tendentsii-i-dalneyshie-perspektivy/> (Дата обращения: 23.03.2020 г.)

17. Козьменко В.М. Приоритетные рубежи интеграции России и Казахстана в 1991-2010 гг. // Вестник РУДН сер. История России, 2012, №1, с. 102-109.

18. Сагиндилов Р.Е. Некоторые аспекты Российско-казахстанского сотрудничества: успехи и проблемы. // Известия Волгоградского Государственного Педагогического Университета – 4 (99), 2015 - С. 203-208

19. Сагиндилов Р.Е. Казахстанско-российские дипломатические отношения: состояние и перспективы. // Вестник РУДН, сер. Международные отношения; – 2014, №2 – С. 140-147.

20. Сагиндилов Р.Е. Некоторые аспекты Российско-казахстанских отношений; политологический анализ. // Вестник РУДН, сер. Политология 2014, №3, с. 78-84.

21. Ли Синь. Десять лет экономического сотрудничества в рамках Шанхайской организации сотрудничества: достижения, проблемы и перспективы. // Европейский Союз – Казахстан – Россия: перспективы сотрудничества с Китаем: Сборник материалов IV Международной научно-практической конференции (г. Алматы, 21 июня 2011 г.) / Отв. ред. Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011., с. 99 – 115.

ТУРЦИЯ И ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ: стратегическое сотрудничество

Еркебулан ЕРЖАНОВ,
Казахский национальный университет
им. ал-Фараби, магистр 2-курса
кафедры истории Казахстана

Турция стала первым государством в мире, признавшим независимость стран Центральной Азии от Советского Союза. После этого она начала активно развивать разные связи с нашим регионом, который для нее является прародиной. Как известно, в Турции многие рассматривают ЦА, как историческую родину тюркских народов. Тем самым наш регион имеет особое значение для Анкары. При Р.Эрдогане сотрудничество Турции с ЦА вышло на более стратегический уровень. В данной статье предпринимается попытка рассмотреть все основные вектора этого сотрудничества.

Турция наращивает экономическое сотрудничество со странами Центральной Азии. Как сообщает Мехмет Оцтарсу, Анкара стремится обеспечить для турецких бизнесменов благоприятный режим ведения бизнеса в странах ЦА [1]. Казахский исследователь У.Тагиев пишет, что Анкара разворачивает кампанию, направленную на укрепление торгово-инвестиционного сотрудничества со странами Центральной Азии [2]. Турецкие компании в регионе реализуют проекты в области строительства, телекоммуникации и текстильной промышленности. В один только Казахстан турецкие инвестиции составили почти 20 млрд. долларов. В ходе прошлогоднего визита в Узбекистан Р.Эрдоган заявил, что такого же объема инвестиции пойдут и в узбекскую экономику, особенно в сферу энергетики [1]. Как бы то ни было, экономика не является единолично господствующей сферой сотрудничества Турции с Центральной Азией.

Ряд экспертов полагает, что первоначально Турция ориентировалась на создание тюркского союза со странами ЦА. Затем Анкара поняла, что необходима более мягкая и неторопливая работа по развитию тюркской интеграции, в том числе с участием тюркоязычных стран ЦА. В результате Анкара «с середины 1990-х годов использовала сложную комбинацию двустороннего взаимодействия, многосторонних институтов, экономических связей и мягкой силы по отношению к Центральной Азии» [3]. В то же время уточняется, что «опора на этнолингвистическую идентичность никогда полностью не исчезала из политики Турции в отношении Центральной Азии» [3].

Кроме того, следует понимать, что Турция в своей политике в Центральной Азии не могла не учитывать позиции держав, имеющих здесь давние интересы. Как отмечает известный британский исследователь Уильям Дейл: «С распадом СССР Анкара возлагала большие надежды на создание общетюркского союза. Эти ожидания были основаны главным образом на культурных связях и предположении, что возрождение российской власти маловероятно». Однако при Путине Россия снова стала мировым игроком, соответственно возродив свое широкое

влияние на Центральную Азию [4]. У.Дейл прямо указывает, что развитию турецкого присутствия в ЦА, главным образом, препятствует Россия, доминирующая сила в регионе, «как с экономической, военной, так и политической точек зрения». К тому же Китай становится влиятельным игроком в ЦА [4].

Некоторые аналитики полагают, что Турция в своих отношениях со странами Центральной Азии должна быть аккуратной, чтобы не нанести ущерб своим отношениям с Москвой [5]. После появления определенного недопонимания во взаимоотношениях с Западом Анкара может углубить сотрудничество с ЦА в разных сферах, а также партнерские контакты с Москвой, тем более что та имеет очень напряженные отношения с западными державами [5]. С. Чингиз считает, что прагматичный и конструктивный подход Турции в Центральной Азии, с учетом интересов России, может быть по достоинству оценен и использован Москвой, в частности, для ограничения влияния Китая в регионе [5]. В Анкаре, очевидно, понимают, что Россия будет оставаться одним из ключевых игроков в Центральной Азии, несмотря на усиление здесь позиций Китая, Европейского союза и других держав. Россия продолжает оказывать существенное влияние на политическое и культурное устройство региона. Сильные позиции русского языка в Центральной Азии являются главным залогом действенности в регионе российской мягкой силы.

В этой связи Турция могла бы оказать большое содействие в укреплении безопасности региона, так как она имеет значительный опыт противодействия экстремистским и террористическим группировкам на Ближнем Востоке. Многие эксперты, уполномоченные лица указывают на риск того, что ИГ может возродиться с новой силой в Афганистане, распространив свою деятельность и на южную часть Центральной Азии [6]. Соответственно, страны региона заинтересованы в развитии сотрудничества с разными сторонами в деле обеспечения безопасности в Афганистане и Центральной Азии. В этой связи наиболее предпочтительным партнером является Турция, как этнически близкая и сильная в военно-техническом плане страна.

Впрочем, в военно-техническом сотрудничестве стран ЦА с Турцией есть определенные успехи. Так, Туркменистан является одним из крупнейших закупщиков турецкого вооружения. По данным Стокгольмского института исследования проблем мира (SIPRI) из всего импортируемого вооружения 36% в Туркменистан поставляется из Турции, а 27% из них - из Китая, 20% из России [7]. В Казахстане действует совместное казахстанско-турецкое предприятие ТОО «Казахстан Аселсан инжиниринг», производящее для казахстанских силовых структур электронные и электронно-оптические изделия. Это

– системы связи, тепловизоры, дневные и ночные прицелы для стрелкового оружия, а также системы электронной стабилизации стрельбы [8]. Узбекистан наращивает военное сотрудничество с Турцией. По всей видимости, эти вопросы уже обсуждались, в том числе во время визита министра обороны Турции Н.Чаникли в Узбекистан в июле 2017 года.

Наверное, самая важная часть в военном строительстве – это подготовка военных кадров. Данный аспект является, по сути, самым приоритетным в военном сотрудничестве ЦА и Турции [9]. В Турции военное образование получают представители практически всех стран ЦА. В турецких военных учебных заведениях готовят значительное количество кадров для казахстанской армии [10]. В Кыргызстане с 2000 года с помощью турецких военных инструкторов регулярно проводятся 12-ти недельные курсы обучения специальных подразделений республики [9]. В военном строительстве и военной безопасности страны региона исходят из развития многостороннего сотрудничества, или многовекторной политики. Казахстан, Кыргызстан и Таджикистан входят в Организацию Договора о коллективной безопасности (ОДКБ) и параллельно с этим участвуют в программе военного сотрудничества с НАТО «Партнерство ради Мира» (ПРМ). Турция выступает, как некий оператор НАТО в регионе. Сегодня турецкое посольство в Бишкеке является контактным представителем НАТО.

По мнению Моргана Лью, страны ЦА, будучи разочарованы характером отношений с Западом, рассчитывают на углубление отношений с Россией и Турцией, как более близкими в культурно-историческом плане государствами-цивилизациями [11]. Наш регион, возможно, по причине отсутствия выхода к морю, а также из-за продолжающегося реализовываться советского социально-культурного и социально-политического наследия оказался вдали от передовых магистралей глобализации, технологического, научного и цивилизационного развития мира. В то время как Турция застигнула все эти процессы глобализации, как говорится, в самой гуще, участвуя в них.

В ЦА фактически никогда не было полноценной индустриализации, не завершились процессы трансформации традиционных обществ коренных народов региона. Как следствие, наши социальные и экономические институты довольно слабо развиты, и мы нуждаемся в заимствовании передового опыта в этом деле [12]. При всем при том в Центральной Азии есть огромные природные ресурсы, включая полезные ископаемые, руды, древесину и, самое главное, нефть и газ, уже не говоря о наличии одной из дешевых рабочих сил в мире. Поэтому нам необходимы передовые технологии переработки природных ресурсов, производства из них конкурентоспособной продукции. В этом деле, мы полагаем, Турция способна сыграть значительную роль, и как посредник, и как непосредственный участник.

В элитах региона доминирует представление о необходимости поддержания баланса сил разных крупных игроков в Центральной Азии. В этом смысле вполне справедливо российский исследователь И. Панкратенко замечает, что Турция

зачастую рассматривается центрально-азиатскими странами как, например, третья, союзная сила на фоне распространяющих свою экспансию в регионе Китая и России. Благодаря этому страны региона будут иметь более сильные позиции в переговорах с Москвой и Пекином. В частности, Центральная Азия стремится снизить свою зависимость от России, в том числе за счет инвестиций и других проектов Турции, включая ее мягкую силу. Поскольку главной основой присутствия России в регионе выступает ее серьезное влияние на культурно-языковое пространство ряда стран ЦА.

Турция, под руководством Р.Эрдогана, может не просто конкурировать с крупными игроками, но и предлагает им серьезные, привлекательные проекты, расширяющие авторитет и мощь турецкого государства [13]. Сегодня Турция является важным фактором в мировой политике, выступая участником поддержания мира и безопасности в Ираке и Сирии, обеспечения стабильного политического будущего в этих странах. Анкара заинтересована в поддержании стабильности на Ближнем Востоке, так как это напрямую связано с безопасностью и стабильностью внутри самой Турции. Такую значимую роль в мировой политике Турция стала играть именно с приходом к власти Р. Эрдогана. Томас Уиллер пишет, партия Справедливости и Развития придя к власти в 2002 году, начала демонстрировать миру, что Турция является активным игроком в региональной и глобальной политике. Уиллер при этом указывает, что турецкая внешняя политика привязана к соседним регионам, включая Центральную Азию [14, р. 2]. Следовательно, Турция может выступать для многих стран Центральной Азии авторитетным партнером-союзником.

Турция имеет большой, многовековой уникальный опыт сосуществования тюркской культуры с множеством культур, включая византийскую, арабскую, европейскую, персидскую и другие. Словом, Турция для остального тюркоязычного мира может быть не только авторитетным локомотивом интеграции, примером развития, но и также воротами в Европу, европейскую цивилизацию, к которой отчасти относится и США. Более того, Анкара в русле исторической преемственности может стать одним из главных цивилизационных посредников между Азией и Европой. Можно сказать, что весь тюркский мирвыглядит как некий мост (культурный, транзитно-транспортный) между Европой и Азией, к тому же географическинаходясь в этом ареале.

Вследствие этого необходима консолидация и укрепление тюркского мира и Анкара может стать ведущим оператором данного процесса. Впрочем, Турция практически с самого обретения независимости стран ЦА начала выдвигать разные такого рода стратегические инициативы. Еще в 1993 году Турция стала главным инициатором создания организации тюркской культуры (TÜRKSOY), штаб-квартира которой находится в Анкаре. Членами этой структуры являются Азербайджан, Казахстан, Кыргызстан, Узбекистан, Туркменистан и Турция. Как страны-наблюдатели в TÜRKSOY присутствуют Турецкая республика северного Кипра, 6 автономных республик России и Гагаузия, находящаяся в составе

Молдовы. В 1992 году начали проводить Саммит государств тюркских языков. В этом же году в Алма-Ате образована Объединённая администрация тюркских искусств и языков.

При поддержке Анкары, в ноябре 2008 года, была создана Парламентская ассамблея тюркоязычных стран. В октябре 2009 года Турция поддержала инициативу Н. Назарбаева по созданию в г. Астана Международной Тюркской академии, в целях исследования тюркского мира. В начале октября 2009 года был создан Тюркский совет, который поначалу назывался Совет Сотрудничества тюркоязычных государств. Он ориентирован в своей деятельности на развитие всестороннего сотрудничества между государствами-членами организации. Тюркский Совет наращивает свою мощь и авторитет на международной арене. Так, в конце апреля прошлого года в состав организации официально вступил 32-х миллионный Узбекистан. История становления Совета сотрудничества тюркоязычных государств можно рассматривать, как свидетельство острого интереса Анкары к Центральной Азии, так как Турция приняла самое действенное участие в появлении и развитии этой организации.

Следует отметить, что Центральная Азия имеет гораздо большие исторические и культурные границы. Необходимо понимать, что в том же, например, Афганистане проживает значительное количество тюркоязычных народов. В этой связи напомним, что под Центральной Азией часто понимают не только Кыргызстан, Узбекистан, Туркменистан, Таджикистан и Казахстан. Согласно ЮНЕСКО, в регион включают Монголию, Западный Китай, Пенджаб, северную Индию и северный Пакистан, северо-восточный Иран, Афганистан, районы азиатской России южнее таёжной зоны и пять бывших советских республик Средней Азии. Тем самым может образоваться большая союзническая ось, которая способна будет, как и в прошлом, занять особое место в мировой истории, соблюдая принцип исторической преемственности. Таким образом, тюркоязычные страны смогут играть ключевую роль в таком огромном регионе и оказывать значительное влияние на мировой политический процесс.

РЕЗЮМЕ

Мақалада Түркия мен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары, оның Р.Эрдоған тұсында стратегиялық деңгейге шығуы қарастырылады. Нәтижесінде Түркия мен Орта Азия арасындағы ынтымақтастықтың барлық бағыттары түркітілдес елдердің интеграциясы дамыған жағдайда, бірақ, әрине, біртұтас мемлекет құрмай, одан да үлкен табыс пен стратегиялық сипат алады деген қорытынды жасалды.

Кілтті сөздер: Ынтымақтастық, интеграция, стратегия, экономика, энергетика, ресурстар, транзит және көлік, қауіпсіздік, тепе-теңдік, тарих, мәдениет, тарихи сабақтастық, өркениет.

The article examines and analyzes the main areas of cooperation between Turkey and Central Asia, its reaching a more strategic level under R. Erdogan. As a result, it is concluded that all areas of cooperation between

Turkey and Central Asia will receive even greater impact and strategic character in the case of the development of integration of the Turkic-speaking countries, however, of course, without creating a single state.

Keywords. Cooperation, integration, strategic, economics, energy, resources, transit-transport, security, balance, history, culture, historical continuity, civilization.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Анкара заинтересована в энергоресурсах Узбекистана – турецкий эксперт МехметФатихОцтапсы // <http://eurasia.expert/ankara-zainteresovana-v-energoresursakh-uzbekistana-turetskiy-ekspert/>
2. **У.Тагиев.** Анкара развернула кампанию, направленную на укрепление торгово-инвестиционного сотрудничества с Казахстаном и другими странами Центральной Азии // <https://zonakz.net/2018/09/20/ankara-razvernula-kampaniyu-napravlennoyu-na-ukreplenie-torgovo-investicionnogo-sotrudnichestva-s-kazaxstanom-i-drugimi-stranami-centralnoj-azii/>
3. **BayramBalci.** Turkey'sComebacktoCentralAsia // <https://www.insightturkey.com/commentaries/turkeys-comeback-to-central-asia>
4. **Fredrik Setzman.** TurkishambitionsinCentralAsia // <https://eastwest.eu/en/eastwest-64/turkish-ambitions-in-central-asia>
5. **Sinem Cengiz.** Turkey carves out a new role for itself in Central Asia // <http://www.arabnews.com/node/1296696>
6. **Т.Ороскулов.** ИГ в Афганистане — реальна ли «вторая Сирия» в ЦА? Мнение экспертов // <https://ru.sputnik.kg/analytics/20180716/1040200971/ugrozy-terrorizma-iz-afganistana.html>; В Афганистане ожидается приток боевиков «Исламского государства» с Ближнего Востока // <http://afghanistan.ru/doc/128787.html>
7. Военная мощь страны не только в вооружении // <https://rus.azathabar.com/a/28329197.html>
8. Министр оборонной и аэрокосмической промышленности РК Бейбут Атамкулов встретился с Чрезвычайным и Полномочным Послом Турции в Республике Казахстан НевзатовУяныком. // <https://kazcosmos.gov.kz/ru/news/kazakhstan-i-turciya-prodolzhat-razvivat-dvustoronnee-sotrudnichestvo>
9. **Валерий Синько.** Военные приоритеты республик Центральной Азии // <https://www.gumilev-center.ru/voennye-prioritety-respublik-centralnoj-azii/>
10. В военных учебных заведениях Турции будут готовить казахстанские кадры // <https://kaztag.kz/ru/news/v-voennykh-uchebnykh-zavedeniyakh-turtsii-budut-gotovit-kazakhstanskies-kadry>
11. **Morgan Y. Liu.** Turkey and Central Asia, a Slow-burn Story to Watch // https://www.huffpost.com/entry/turkey-central-asia-a-slowburn-story_b_8970724?utm_hp_ref=russia
12. **Талгат Мамырайымов:** «В Казахстане нет общества в его классическом понимании» // <https://camonitor.kz/30219-talgat-mamyrayymov-v-kazahstane-net-obschestva-v-ego-klassicheskom-ponimani.html>; С.Исабаева. Почему в Казахстане ценят то, что не является ценностью? // <https://camonitor.kz/32276-pochemu-v-kazahstane-cenyat-to-chto-ne-yavlyaetsya-cennostyu.html>
13. **И.Н.Панкратенко.** «Турецкий марш» в Центральной Азии: попытка номер два // http://www.ng.ru/dip-kurer/2018-09-30/11_7321_turk.html
14. **T.Wheeler.** Turkey'sroleandinterestsinCentralAsia // <https://www.saferworld.org.uk/downloads/pubdocs/turkeys-role-and-interests-in-central-asia.pdf>

ҚАЗАҚ ЭСТРАДАСЫНДА МУЗЫКАЛЫҚ БЕЙНЕБАЯННЫҢ ДАМУЫ

Назерке СҰЛТАНОВА,
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясының 2-курс магистранты

Қазіргі таңда телебағдарламалар, телешоулар, телеарналық фильмдер, жарнамалар үлкен сұранысқа ие екені белгілі. Бұл экрандық жанрлар, әсіресе, жас көрерменді қызықтырып, бірден өзіне баурап алады. Соның ішінде осы талаптарға сай болып, жаңа технологияның небір жетістіктерін пайдалану арқылы жаңа сатыға көтерілген жанр – музыкалық бейнебаян. Оның маңызды және функционалды әртүрлілігі соншалықты үлкен, ол байыпты теориялық түсінуді қажет етеді. Шығармашылық бағыттағы үзіліссіз жалғасып жатқан ізденістер музыкалық бейнебаяндардың жаңа формаларының туындауына себепкер болып отыр. Бүгінгі таңда біздің өмір сүру ортамыз адам өміріндегі қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өзгерістер жағдайындағы, сонымен қатар әр түрлі массмедиа ұсынған күшті ақпараттық ағын адам санасын басқаруда. Ал ақпараттың көптігі адам назарын нақты бір дүниеге бағыттауға, қабылданған ақпаратты саналы түрде қорытуға, оны өзінің саласы бойынша пайдалануға қабілетсіз етеді. Ғаламдық компьютерлену мен интернеттелу үдерісі халықты қажетті және қажетсіз құмарлықтарға ұрындыруда.

Бүгінгі БАҚ, интернет порталдар және көптеген өзге ақпараттық ресурстар өз материалын трансформациялап, тұтынушысына қысқартылған формаларды, тезис, қысқа хабарларды ұсынуда. Мысалға, «...телевидения өзінің фрагментті құрамдастарын лезде белсендіреді. Бағдарламалары әр түрлі және әр бағытта» [1; 68]. Осының әсерінен клиптік ойлау, клиптік сана және клиптік мәдениет және т.б. түсініктер пайда болды. Бұл құбылыстың баршаға ортақ анықтамасы жоқ. Дегенмен, бұл атауларды әр түрлі мамандар, философтар, психологтар, педагогтар, мәдениеттанушылар, өнертанушылар зерттеуге ұмтылуда. Кейбіреулері клип мәдениетін мультимедиа саласымен байланыстырса, өзгелері нақты экрандық форма – клип дейді, ал басқалары клиптік ойлаудан элементті танудың ерекше үлгісін байқаған. Дегенмен, клиптік ұғымның дамуына нақты қатысы бар, ешқандай күмәнсіз, табиғатынан назар аударатын коммуникация саласындағы адам қабылдауына мол мүмкіндігі мен орасан зор аудиторияға тарату қабілеті бар экрандық бағыт екені даусыз. Сондықтан бұл құбылысты міндетті түрде біздің шынайы өмірдегі тотальды ақпараттық фрагменттігіне байланысты «экрандық мәдениетте» [2] белсенді түрде клипті қолданып ерекше бағыттауға тиістіміз.

Бейнебаян (clip) сөзі ағылшын тілінен аударғанда бірнеше мағына береді: 1. Қыстырғыш, қысым, клипса (зат есім); орау, оқшаулау, қыстыру, қысу (етістік); 2. Кесілу, тез қимылдау, күшті соққы (зат есім), кесу, қию, қысқарту, тез қашу (етістік). Осы сөздер арқылы мысалға, газет қиындысы, мәтін бөлігі, фильм фрагменті десек те болады.

Бейнебаянның пайда болуы заманауи мәдениетте аудиовизуальды қарым-қатынастың өзге парадигмасының туындауына жол ашты. Бейнебаян мәдениеті – бұл «қысқаша шындық», жеке эпизодтардың әлсіз байланысына жол беріп және бір объектіге әр қырынан үнемі көз жіберуге мүмкіндік. Қоғамда ғылыми-технологиялық дамудың нәтижесінде кең та-

ралған тұрмыстық теледидарлар, магнитофон, кейіннен компьютерлер экран өнімінде музыкалық видеоқатардың жасалуына қызығушылықты арттырды. Бейнеклиптер музыкалық ұжымдардың бәсекелестігін арттырды, аудиторияны белгілі бір топтың немесе орындаушының шығармашылығына қызықтырды, бейне қатарды жасауға деген шығармашылық ізденістерді көбейтті.

Ал бұл бейнебаянның қазақ эстрадасында дами бастаған кезеңдері сол 90-жылдар еді. Дегенмен ол кезеңдері ТМД елдерінің ішінде бейнебаян түсіруден көрші Өзбекстан мемлекеті көш бастап, шарықтап тұрған болатын. Қазақ эстрадасының әншілері де бейнебаянды Ташкентке барып түсіріп отырды. Себебі Өзбекстанда техника жағынан да, тәжірибе жағынан да, тіпті қаражат жағынан да басқа мемлекетке қарағанда тиімді, ыңғайлы еді. Атап айтсақ, сол жылдары «JCS» тобының «Жизнь была бы сказкой», «Потому что я тебя одну люблю», Ділназ Ахмадиеваның «Золотой», «Между нами зима», «Орда» тобының «Кеш мені», «Бангор» тобының «Ұлытау», «Айсұлу», Мақпал Исабекова мен Иван Бреусовтың «Ноябрь» атты аса танымал болып, сол жылдары жұрт назарынан түспеген осы көрші мемлекетте түсірілген бейнебаяндар еді. Және осы бейнебаяндардың түсірілуіне үлкен үлес қосқан режиссер-клипмейкер Бахадүр Юлдашев деген кісі. 2000 жылдары Қазақстан бейнебаян жағынан Ресей мемлекетінен үлгі аларлықтай болған. Сол жылдары қазіргі белгілі «Музарт» тобымыз, сол жылдары шырқап тұрған «АБК» тобы, «А-Студио», «Алтын орда» сынды топтар мен қазір жеке шығармашылықпен айналысып кеткен Нұрлан мен Мұраттың «Жұлдызым» атты бейнебаяны қазақ еліне ерекше танылып, бұл әншілеріміз отандық бейнебаяндарымыздың дамуына өз еңбектерін қосқан алғашқы қарлығаштары десек болады.

Бүгінгі таңда бейнебаян өз мемлекетімізде де түсірілуде. Отандық режиссер-клипмейкерлер керісінше басқа елдерден сұраныстар алуда. Режиссер-клипмейкер Азамат Ержанұлының айтуынша: «Эстрадалық өндерге бейнебаян түсіру өте сұранысқа ие. Пайыздық өлшеммен алып қарасақ, эстрадалық – 100%, классикалық – 20 %, дәстүрлі өндерге – 20%, рок-метал стиліндегі әуендерге – 10% ие», – дейді [3].

Қазір жаңа заманның шоу бизнесінде талаптар өзгеше әрі күрделі. «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» демекші, заманына қарай бәрі де басқа. Дегенмен 1990, 2000 жылдардағы бейнебаяндармен, қазіргі таңдағы бейнебаяндардың арасы жер мен көктей. Ол жылдары бейнебаян сапасы, техникасы жағынан артта қалса да, мән-мағынасы, режиссерлік сценарий жағынан әлдеқайда алда еді. Ал қазіргі кейбір бейнебаяндар тек өзін жарнамалау мақсатында түсіріледі ме деп ойлайсың. Мағынасы мүлдем жоқ, бейнебаянның басынан аяғына дейін өзін ғана көрсетумен шектеледі. Ол бейнебаян махаббат туралы ма, Отан туралы ма бәрібір түсірілуі бір, мағынасы жоқ. Жалпы айтқанда кезінде мағыналы бейнебаяндар саусақпен санарлықтай болса, бүгінгі таңда, көпшілігінің саны бар, сапасы жоқ екені белгілі. «Атың шықпаса жер өртенің» кері сынды. Иә, қазір атың шықпаса, бейнебаян түсіру арқылы шығара аласың.

Әрбір әнші бір әнін болсын халық арасына хит

ету үшін барын салады. Ал Ерке Есмаханнның 2017 жылы түсірілген «Қайда» атты бейнебаяны халық арасында бірден хитқа айналып, бүкіл қазаққа, тіпті шет елдерге де тарағанын куә болды. Бейнебаянның аса ерекшелігі де жоқ. Басынан соңына дейін түрлі образда шығып ерекшеленеді. Түрлі киім үлгілері, түрлі локация бейнебаянды ашып тұрады. Өлеңнің сөздері де мүлдем қиын емес. Қазіргі кезде сөздері қайталанып, оңай жатталатын әндер бірден хитқа айналып шыға келері сөзсіз. Меніңше, халық ауыр, күрделі әндермен өмірлерін қиындатқылары келмейді. Одаңда жеңіл, той әндері, әсіресе, халыққа өтімді. Эстрада әншілері де халық нені қаласа соған қарай әрекет жасайды, себебі той бизнесі дүркіреп тұрған заманда жеңіл әндермен халықтың көңілін таба алады. Ал корей халқынан келген k-рор жанры тіпті қазақ эстрадасында шоқтығы биік болып тұрғандай. Оны да ұқсастырып, q-рор деп атап неше түрлі топтарда, әншілер де әндерін шырқап, бейнебаяндарын түсіріп жүргені белгілі. Тіпті өз стильдерін өзгертіп, еліктеушілікпен шаштарын түрлі-түстіге бояп, қазақтар емес корейлер сынды образға да еніп жатады. Бұған басым көпшілігі жастар қауымы баса назар аударып, соларды үлгі тұтатын сынды.

Қазақ эстрадасына осы q-рор жанрындағы ерекшелікті енгізген «91» деген топ екен. Ең алғаш шыққан «Айыптама мені» атты бейнебаяндары көпшілік жұрттың наразылығын тудырып, біраз елді шулатқан болатын. Себебі бейнебаянда киім, шаш үлгілері тіптен бөлек, ерекше, әндерінің сөздері де түсініксіз болып, қазақ еліне мүлдем таңсық, мүлдем жат, жаңа дүние алып келіп, жұрттың назарын өздеріне аударған-ды. Әрине, жаңа дүние енгізгенде ұлттық бірегейлігімізді ұмытпай, бейнебаяндардан қазақ елі, қазақ жұрты екенімізді бірден байқатардай кішкентай ғана дүниені қосып жіберсе, қандай жақсы болар еді. Ал егер жай ғана басқа

елден көшірілген дүние болса, онда өкінішті-ақ. Абай атамыз: *«Әннің де естісі бар, есері бар, тыңдаушының құлағын кесері бар. Ақылдың сөзіндей ойлы күйді, тыңдағанда көңілдің өсері бар...»* [4], – деп босқа айтпаса керек. Не дегенмен хит ән, хит бейнебаян шығарамын деп, сапасыздық пен мәнсіздіктен, еліктеушілік пен көшіруден аулақ болғанымыз жөн. Бүгінде музыкалық бейнебаян – кез келген ұлт пен елдің мәдени визиткасы іспеттес. Ең бастысы – ән бар жерде, сән бар, мән бар. Сәнімізді келтіріп, өміріміздің мәнді болғанын қаласақ, әнімізді сақтап, отандық бейнебаяндарымызды сапалы, мәнді-мағыналы етіп, соның ішінде ұлттық бірегейлігімізді сақтап, асыл мұрамызды көркейтіп, жоғалтпауымыз басты міндет, басты парыз.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена цели направления студентов к исследованиям, развитию их деятельности и подготовке будущих специалистов.

The article is devoted to the goal of directing students to research, the development of their activities and the training of future specialists.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Экранная культура в XXI веке. – М.: ФГОУ ДПО ИПК работников телевидения и радиовещания, 2010.
2. Разлогов К.Э. Искусство экрана: от синематографа до Интернета / К.Э. Разлогов. – М.: РОССПЭН, 2010. – 287 бет.
3. Мақала Азамат Ержанұлы.
4. М.О. Өуезов. «Абай Құнанбаев мақалалар мен зерттеулер» Қазақ баспасы - 1967г. – стр 197.
5. «Айт» сыни-сараптамалық, критико-аналитический art-журнал/ 2006 стр. 59.

ТӘУЕЛІЗДІК КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫ: ұлттық идеологияға негізделген бағдарламалардың қалыптасуы

Гүлнар МҮРСӘЛІМОВА (Мурсалимова),
Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер
академиясының доценті, өнертану кандидаты,
Кәмила ЖҰМАҚАНОВА (Жумаканова),
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясының 2-курс магистранты

Телевизияның физиологиялық, психофизиологиялық параметрлері аса маңызды. Солардың бірден-бір әсері «бақылау, ажырату, тану» құбылыстары дейді Г.Н.Грязин [1]. Телевизия дегенде екі қырлы сала ойға түсуі мүмкін, ол оның мазмұнды, ақпараттық қыры болса, екіншісі технологиялық қыры. Ал біздің көрермендер үшін қайсысы алғашқы ойға түсер екен. А.В.Серов: *«Телевизияның қызметі – көрерменге телевизиялық бағдарламаны көрсету мүмкіндіктерін жеткізу. Көрерменді сигналдың қандай жолмен телевизорға баратыны, қандай технология мен байланыс құралдары қолданылғаны қызықтырмайды»*, – дейді [2]. Қазақстандық ғалым Барманқұлов: «Газеттер, телевизия, радио – бұлар бізге әлемде не болып жатқанынан хабардар етеді. Оның көмегімен Африкада не болып жатқаны мен микроәлемге де шолу жасаудан бастап Екібастұз көмір-кен орнының жаңалықтарын да біліп

отыра аламыз», – деп телевизияның көзі мен құлағының шексіз екенін айтады [3].

Кеңестік кезеңдегі телевизияға ой жүгіртіп отырғаным жайдан-жай емес. Біздің тәуелсіз қазақстандық телеөнердің аспаннан түспегені белгілі, тамыры осы кеңестік кезеңнен басталады. Демек қандай да өзгерістер мен өткелдерден өтсе де түбі осынау одақ кезеңінен бастау алғаны, ондағы қалыптасқан механизмдерден ада болмайтынын ескерген жөн. 1987 жылғы статистикалық дерек бойынша Қазақстан телехабар тарату бойынша одақтастар арасында төртінші, ал көркем және құжатты фильм шығаруда екінші орынға жайғасқан екен [4].

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алған соң елдің барлық жүйесі қайта құрылып, жаңа реформалар жасалды. Алайда, ел тәуелсіздік алғанмен телевизия саласы дереу жаңа қарқын алып кете алмады. Дегенмен, көрермендер аудиториясы біршама қалыптасып қойған

еді. Орыс тілдісі бар, қазақ тілдісі бар, сан түрлі ұлт пен нәсіл өкілдері бар, ескі көзқарас пен сананы аңсайтындар мен жаңа идея іздеуші жастар бар, біршама ауқымды аудитория қалыптасқан болатын. 1988 жылы Қазақстан аумағы бойынша 1036 телевизиялық станция жұмыс істеп тұрған. Ал елдің түкпір-түкпірінен, алыс-шалғайлардан бастап есептегенде сол жылдары телевизиялық сигнал қабылдағыштардың саны 5 миллионға жуықтаған. Сондай-ақ, «Жарық» деп аталатын жерсеріктік телевизиялық хабар таратқыш жүйесі 1990 жылы Қазақстан аумағында іске қосылып, КСРО аумағы бойынша алғашқылардың бірі болып ғарыш станциясынан тікелей хабар алу мүмкіндігіне ие болды. Ол кезде негізінен елдің шалғай аудандары мен ауылдарына дейін мемлекеттік «Қазақстан» телеарнасы хабар тарату мүмкіндігіне ие болды. Иә, ол тұста телевизияны саясаттан бөліп қарау мүмкін емес еді. Алайда, бұл мүмкіндік пен жауапкершілікті барынша өз кезеңінде атқарып шыға алған ұлттық арнаның еңбегі мен тұнған архивы телевизия тарихының бір дәуіріне айналғаны рас... *«Жанр возрождается и обновляется на каждом этапе развития»*, – дейді М.Бахтин [5].

Жанрды тілге тиек ете отырып, біздің сол тұстағы қазақстандық телеэкранның жанр жағынан жұпынылау екенін мойындаған жөн. Жанрлық, типтік құрылымдар даму сатысының алғышарттары іспеттес. Оның үстіне *«Әрбір жанр жаңарып, модификацияланғанымен де, ол өз негізін сақтап қалады. Себебі әр жанрдың өз әдісі бар: оқиға, ситуация, фактілер жөнінде ақпарат беруде өзіндік ерекшеліктерге тән»* [3] екені мәлім. Ал Н.Гей: *«Жанр әлемнің көркемдік формуласы»*, – деген ой айтады [6].

Мамандар қазақстандық телевизияны шын мәнінде «ұлттық» етуге тырысты. Көптеген бағдарламалар осы негізде, осы бағытта жарыққа шыға берді. Бұл қадамдар қазақ аудиториясын кеңейтіп, сан жөнінен де көбейе түскен жергілікті титулды халықтың сұранысына ие болып, көрермен көзқуанышына айналды. *«Телевизор – отбасылық жағдайдың стабилизаторы»*, – дейді В.Зубков [7]. Ш.Мұртаза Ұлттық Телерадиокомпанияның басшылығында болғанда көптеген ұлттық сарындағы бағдарламалар көрерменге жол тартты. Мысалы, «Таңшолпан», «Ұлт және Сана», т.б. бағдарламалар көрермен көзайымына айналды. Аты мен форматы түрліше өзгере бергенімен сол кезде басталған осы таңғы бағдарлама әлі күнгі көрермен назарында. Осы басшының бастамасымен жүзеге асырылған «Ұлт және Сана» бағдарламасы тәуелсіздігін енді ғана қолына алған мемлекет үшін танымдық жағынан да, ұлттық-рухани жағынан да, саяси-идеологиялық тұстан да ұтымды бағдарлама Ш.Мұртазаның ерекше тапқырлығымен жүзеге асты. «Ұлтшыл, түркіст» деп айыпталып, ату арыстанына кесілген Тұрар Рысқұлов туралы жазғаны үшін оны «неотүркіст» деп айыптаған [8]. Өз еңбегінің бірінде: *«Болашақ деген шығып, бай балалары шет елде оқып, бірсыпырасы сол жақта қалады. Бірсыпырасы елге қайтады. Білімі жақсы, істі біледі. Бірақ тек орысша, із ағылышына сөйлейді. Қазақшасы жоқ. Бір кем дүние»*, – дейді ол [9].

1990 жылдардан бастап қазақстандық телевизияда көптеген телеарналар мен радио станциялары қарасы көбейді. Мемлекеттікпен қатар жеке арналардың да эфир таратуға бағыт алуы жаңа арналар мен жаңа идеялардың, жаңа есімдердің көбеюіне ұласты. Алайда, телеарналардың барлығы бірдей өміршең бола алмады, көпшілігі жарты жолда өз жұмысын тоқтатып жатты. «Азия ТВ», «Отырар», «Дала», «Гүлжан ТВ», «Крамдс Твин» сынды көптеген телекомпаниялар құрылып, аталмыш компаниялардың түгелдейі үшінші мың-

жылдықтың басына жетпай-ақ тарқап кеткен [10].

Сонымен қоса коммерциялық телеарналардың саны да сол уақыттан арта берді. Мысалы: «ТАҢ», «КТК» (коммерциялық телевизиялық канал). 1991 жылдан бастап КТК арнасының эфирінен күнделікті ТНН бағдарламасы жұмысын бастады. Ол көрерменнің көңілінен шығып, айтарлықтай рейтингке ие бола алды. Бағдарламаның негізі (ТНН – телевизионные неофициальные новости – телевизиялық ресми емес жаңалықтар), күнделікті ресми емес еркін жаңалықтар таратумен айналысты.

Сан қатпарлы тағдырды басынан өткерген қазақ телевизиясы осынау тәуелсіздік алған қиын-қыстау кезеңде де тынысын жоғалтқан жоқ. Қазақ телевизиясы әлемдегі инновациялық технологиялар мен кәсібилігі, қарымы ұштасқан ақпараттардың толқынында қазақ ақпарат көздерінің, электронды БАҚ-тары да кенжелеп қалған жоқ, ілесе шапты, деңгейлесе білді. Телевизиялық коммуникациялық зерттеулер нәтижесінде теледидар алдында көп отыратын адам онда көрсетілетін социалды және мәдени стереотиптерге көп сенеді және радионы да аз тыңдап, спортпен де аз айналысып, кітапты да аз оқытын көрінеді [11].

Енді осынау телевизияның қайнаған, қарбаласқан қазанының ішінен ұлттық бірегейлікке, ұлттық бояуға орын табу, соның жоғын жоқтап, соның мақсатымен майданға түсу қазіргі таңда қаншалықты қиын немесе тіпті қаншалықты орынды деген сауалға келіп жүгінеміз. Расында, заман өзгерген сайын оның талабы да, сәні мен мәні де өзгере беретіні заңдылық.

Ұлттық кодымызды жаңғырту, жеке кескін-келбетімізді жоғалтып алмау. Ал одан да маңыздысы заманауи өмір сүріп, осының барлығын заман талабына сай жасау, ескіден тамыр жайған, санасы болашаққа ұмтылған қуатты халыққа айналу. Ал бұл тұрғыда руханият пен технологияны ұштастырып, сан саланы бойына жинай білген ТЕЛЕВИЗИЯ алыбын өзіміздің бақылауымызға алу аса маңызды.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена цели направления студентов к исследованиям, развитию их деятельности и подготовке будущих специалистов.

The article is devoted to the goal of directing students to research, the development of their activities and the training of future specialists.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Г.Н.Грязин. «Основы и системы прикладного телевидения» 13 бет, 2011.
2. А.В.Серов. «Эфирное цифровое телевидение DVB-T/H», 14 бет. Санкт-Петербург «БХВ-Петербург» 2010.
3. М.К.Барманкулов. «Весь мир у вас в квартире» 29 бет, 1972 ж.
4. Маклюэн М. «Понимание медиа» 135 бет, 1999 ж.
5. Бахтин М. «Проблемы поэтики Достоевского» 121 бет, 1979 ж.
6. Н.Гей. «Художественность литературы» 346 бет, 1975 ж.
7. Citaty.супорталы. Интернет ресурсына сілтеме: <https://citaty.su/aforizmy-i-citaty-pro-televidenie>
8. «10 фактов о Шерхане Мұртаза» Аян Аден. Электронды ресурсы: <https://e-history.kz/ru/publications/view/4603>
9. Шерхан Мұртаза. «Бір кем дүние».
10. «История казахстанского телевидения: от черно-белого фото до космических технологий» интернет ресурсы: <https://the-steppe.com/gorod/istoriya-kazahstanskogo-televideniya-ot-chno-belogo-foto-do-kosmicheskikh-tehnologiy>
11. А.О.Спыкова. «Телевидение и ценностный мир личности» 2 бет, 2017 ж.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ФУНКЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

Л.ИМАНКУЛОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың 3-курс докторанты,
Н.РАХМЕТОВА,
ҚазҰлтҚызПУ профессорының міндетін атқарушы,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Д.ТАСТАНБЕК,
ҚазҰлтҚызПУ-дың аға оқытушысы, магистр

Бүгінгі таңда білім мен ғылым саласындағы әлемдік білім беру кеңістігіне сәйкес білім алу, жалпы ғаламдық таным мен ойлауды дамыту, ұлттың интеллектуалды әлеуетін арттыру, өз іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын кәсіби даярлауда басты мәселеге айналып, ерекше мәнге ие болып отыр. Сондықтан да болашақ маман шегінен тыс ойлай алатын, мәселені шешуде өзіндік пікірі қалыптасқан, мобильділікпен, дербестікпен, өнертапқыштықпен ерекшеленетін, ынтымақтастыққа қабілетті, педагогикалық жағдайларды шығармашылықпен талдай алатын және оларды шешу бойынша ұтымды шешім қабылдай алатын мамандарды даярлау қажеттігіне себепші болады.

Бұл тұста Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауына сәйкес, ЖОО мақсаты әлемдік талаптарға сай мобильді, жаңаны қабылдауға бейім, креативті, сыни ойлай алатын, поликоммуникативті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дасытуға бағыттау қажеттігі туындауда. Жаһандық бәсекеге қабілеттілікке жету мақсатында билікпен белгіленген стратегиялық мақсаттар, білім беру іс-әрекетінің приоритеттерін түбегейлі өзгерту және өз бетімен іздену дағдыларын дамыту ағымына бағыттауды ұйғарады [1].

Демек, аталған талаптарды шешу үшін болашақ шығармашыл, ізденімпаз, ғылыми тұрғыда сыни ойлай алатын бәсекеге қабілетті, жетілген тұлғаны қалыптастыру үшін болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды тұжырым жасай білуге дайындау қажет деп есептейміз. Осыған орай болашақ мамандардың ғылыми зерттеушілік функциясын қалыптастырудың концептуалдық негізін жаңғырту талап етіледі.

Энциклопедиялық сөздіктер бойынша «концепция» ұғымы қандай да бір құбылысты түсінудің ерекше тәсілі ретінде анықталады; негізгі көзқарас, оларды жаңғырту үшін басқарушы идея; жетекші ой, әр түрлі қызмет түрлерінің концептуалды принципі болып табылады [2]. Осыдан тұжырымдамалық негіздердің теориялық алғышарттары үздіксіз кәсіби білім беру жүйесін дамытудың жетекші үрдістері және болашақ мамандардың кәсіби қызметіне қойылатын талаптар болып табылатыны анық.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, қоғамның болашақ мамандардың білімі мен кәсіби қызметіне қойылатын талаптары ЖОО-да болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының ғылыми-зерттеу қызметіне дайындық жүйесін құрудың тұжырымдамалық негіздерін анықтау

мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Олай болса, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының ғылыми-зерттеушілік функциясын қалыптастыру үдерісін әзірлеудің негізгі кезеңдері педагогикалық объектілерді ғылыми зерттеу логикасымен негізделген және мынадай іс-қимыл реттілігін қамтиды:

-ғылыми-зерттеушілік функциясын қалыптастыру кезеңдерін әзірлеу мақсаттары мен міндеттерін қою;

-болашақ кәсіптік оқыту педагогының ғылыми-зерттеушілік функциясын қалыптастыру мәні мен құрылымын зерттеу және оған дайындық ерекшеліктері;

-ғылыми-зерттеушілік функциясын қалыптастыру дайындығының негізгі кезеңдерін әзірлеу;

-кәсіби оқыту педагогтарының ғылыми-зерттеушілік функциясын қалыптастырудың негізгі технологияларын, құралдарын, нысандарын әзірлеу;

-кәсіби педагогикалық білім берудегі инновациялық үдерістердің ерекшелігін ескере отырып, дайындық үдерісін іске асыруға қойылатын талаптар мен шарттарды анықтау болып табылады.

Кәсіптік білім беруде болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеушілік функциясын қалыптастырудың концептуалдық негізі келесі кезеңдерді қамтиды. Олар: мотивациялық-бағдарлы; аналитикалық-зерттеу; модельдік-болжамдық; ұйымдастыру-әдістемелік; кәсіби-іздеу; рефлексивті-бағалау болып табылады.

Зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес кәсіптік-педагогикалық ғылыми-зерттеушілік функциясын қалыптастыруға дайындық нысандары, мазмұны, технологиялары, құралдары көрсетілген аталған кезеңдерді сипаттаймыз. Кәсіптік оқытудың болашақ педагогтарының ғылыми-зерттеушілік функциясын қалыптастырудың дайындық мазмұны кәсіптік оқыту үдерісіне ғылыми-зерттеу құрамдастарын қосу арқылы психологиялық-педагогикалық, кәсіби-техникалық, өндірістік-технологиялық компоненттердің өзара байланысына құрылады. Ғылыми-зерттеу қызметіне дайындық мазмұнының жүйе құраушы компоненті психологиялық-педагогикалық компонент болып табылады, ол осы қызмет түріне құндылық-уәждемелік дайындықты қалыптастырады [3]. Кәсіптік оқытудың болашақ педагогтарын даярлау мазмұны динамикалық, кешенділік, интегративпен сипатталады және экономиканың, социумның, өндірістің, білімнің мазмұнын, заңдылықтарын, даму үрдістерін қамтиды.

Кәсіби оқыту педагогтарының инновациялық қызметінің психологиялық-педагогикалық, салалық және өндірістік-технологиялық компоненттерінің өзара байланысы болашақ кәсіби оқыту педагогтарын даярлау кезеңдері бойынша ғылыми-зерттеу қызметіне дайындау мазмұнын

бөлудің орындылығын көрсетеді.

Кәсіптік білім беруде болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеушілік функциясын қалыптастырудың концептуалдық негізі:

Кәсіптік білім беруде болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеушілік функциясын қалыптастырудың концептуалдық негізі.

Мотивациялық-бағдарлы кезең.

Кәсіби оқыту педагогының ғылыми-зерттеу қызметі туралы білімді қалыптастыруды, ғылыми-зерттеу қызметіне деген қажеттілікті дамытуды қамтамасыз етеді; «ғылыми-зерттеу жұмысы: әдіснама, теория, ұйымдастыру және өткізу практикасы» бағдарламасымен алдын ала танысу кезеңі.

Талдау-зерттеу кезеңі. Аналитикалық-зерттеу іскерліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді (зерттеу үшін ақпарат жинау, проблемалар мен қайшылықтарды бөлу, педагогикалық болмыстың құбылыстары мен процестерін талдау).

Модельдік-болашақтық кезең.

Оқу және оқудан тыс қызмет жағдайында стратегиялық ғылыми-зерттеу іскерліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді (іздеу қызметін жүзеге асыру, ғылыми ізденістің стратегиясы мен бағытын таңдау, зерттеудің негізгі құрауыштарын айқындау);

Ұйымдастыру-әдістемелік кезеңі.

Ұйымдастыру-әдістемелік ғылыми-зерттеу іскерліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді (зерттеу бағдарламасын әзірлеу, жалпы және жеке әдістемелерді әзірлеу, ғылыми-зерттеу жұмыстары сапасының өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтау);

Кәсіби-іздеу кезеңі. Орындаушылық-іздігіру ғылыми-зерттеу біліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

Рефлексивті-бағалау кезеңі. Ғылыми-зерттеу біліктерін қалыптастыру процесін түсінуді қамтамасыз етеді.

Кәсіби оқыту педагогтарын ғылыми-зерттеу қызметіне дайындау процесінің нәтижесі білім алушының тұлғалық және кәсіби дамуы ретінде анықталуы мүмкін, ол ғылыми-зерттеу кәсіби-педагогикалық қызметі туралы қалыптасқан білім жүйесінде, жеке тұлғалық даму мен кәсіби-педагогикалық қызметті жетілдіруде дамыған қажеттілікті қалыптастырған ғылыми дүниетанымда, ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыруға практикалық дайындықта көрініс табады.

Кәсіптік оқытудың болашақ педагогтарының ғылыми-зерттеушілік функциясын қалыптастыруды әзірленген үрдісінің тұтас сипаттамасы концептуалды негіздеме деңгейінде; жалпы дидактикалық деңгейде және жеке әдістемелік деңгейде ұсынылуы тиіс. Тұжырымдамалық негіздеме қойылған міндетті шешудің мазмұны мен құрылымының жаңалығын айқындайтын басты идеяны қамтуы және зерттеу үшін принципті маңызы бар бірнеше ережелермен ұсынылуы тиіс. Жалпы белсенді көрініс зерттелетін объектінің заңдары, тәсілдері, дидактикалық теорияның принциптері тұрғысынан кейбір критериялы бағалауды қамтамасыз етеді және тұжырымдамалық ережелер дидактикалық теориямен қаншалықты байланыстырылатынын және оның заңдары мен принциптерінің нақты әрекеті арқылы іске асырылуы мүмкін екендігін ашады. Жеке-әдістемелік деңгей осы зерттеудің нәтижелерін практикалық қызметте, оларды іске асырудың қажетті тетігімен қаруландырады.

Ғылыми-зерттеу кәсіби-педагогикалық қызметке дайындық процесін құру негізінде болашақ мамандардың оқу, оқудан тыс, инновациялық-зерттеу қызметінің терең интеграциясы болып табылады. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын ғылыми-зерттеу қызметіне дайындау процесінің жалпы өзекті сипаттамасы кәсіби оқыту педагогтарын ғылыми-зерттеушілік қызметіне дайындау негіздерін айқындайтын теориялық тәсілдер мен қағида-тардың сипаттамасын қамтиды.

Е.С.Заир-Бек және Ю.В.Соляникова еңбектеріндегі

деректерге сәйкес, зерттеушілік қызметі – ғылыми және зерттеушілік іс-әрекеттерінің ұйымдастыру формасы, ал зерттеушілік іс-әрекет – жаңа білімді қалыптастыру, өңдеу және тарату қызметтерін қамтыған, үдеріс [4] деген түсініктеме береді. Ал отандық зерттеуші ғалым М.А.Утешова «...зерттеушілік қызметі – жеке адамға бағытталған білім беру парадигмасын іске асырудың бір құралы», – деген түсінік береді [5].

Н.С.Амелинаның пікірінше, жоғары кәсіби білім беру жүйесінде оқу зерттеу іс-әрекеті – оқу-танымдық іс-әрекеті мен зерттеу іс-әрекетінің бірлесуі, ал оқу-зерттеу қызметі – осы бірліктің сыртқы формасы ғана деп тұжырымдайды [6].

Аталған ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, біз ғылыми-зерттеу қызметіне дайындық объектінің динамикалық жай-күйін болжайды, ал оның жүйелік тұтастығы функционалдық сипатқа ие деп есептейміз.

Осыған байланысты ЖОО-дағы болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының ғылыми-зерттеу қызметіне дайындығы келесі әлеуметтік-экономикалық және психологиялық-педагогикалық талаптарға негізделген:

- нарықтық қатынастарды дамыту;
- әртүрлі меншік нысанындағы шағын және орта кәсіпорындардың жаппай пайда болуына көшу;
- қоғамның жоғары білікті мамандарға деген қажеттілігін қалыптастыру;
- көп деңгейлі үздіксіз кәсіби білім беру жағдайында инновациялық процестерді ескере отырып, білімгерлердің кәсіби дайындығын дамыту;
- кәсіби білімді, ғылыми-зерттеу іскерліктерін, дағыларын меңгеру;
- кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайындық.

Кәсіптік-педагогикалық білім беру жүйесіндегі міндеттер кеңдігі, ғылыми-зерттеу қызметінің жоғары күрделілік деңгейі мен серпінділігі болашақ педагогтарды кәсіптік оқыту процесінде ғылыми-зерттеу қызметіне арнайы даярлау қажеттігіне негізделеді деп есептейміз.

Олай болса, кәсіби білім беру жүйесінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының ғылыми-зерттеушілік функциясын қалыптастыруда дайындық процесі үш кіші жүйеде жүзеге асырылады. Олар: мазмұны, ұйымдық-басқару, технологиялық дайындық жағдайын құрылымдайды және ғылыми-зерттеу қызметін оқу және оқудан тыс қызметке, білімгерлердің ғылыми-өндірістік, ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуын біріктіреді деп тұжырымдаймыз.

РЕЗЮМЕ

Мақалада болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының ғылыми зерттеушілік функциясын қалыптастырудың концептуалдық негіздері қарастырылған. Кәсіби білім беру жүйесіндегі болашақ мамандардың ғылыми-зерттеу қызметіне дайындығын арттыруға бағытталған пікірлер жинақталған. Сонымен қатар кәсіптік оқыту педагогтарының ғылыми-зерттеушілік функциясын қалыптастыру үдерісін әзірлеудің негізгі кезеңдері мен ғылыми зерттеу логикасына негізделген тұжырым ұсынылған.

This article discusses the issue of improving the project training of future specialists through the research function. In the process of preparation of future specialists of professional education the characteristic of project training through research function is given, comments to similar concepts are given, the author's concept to initial comments is made. It is also established that the interconnectedness of design and scientific research under the influence of project activity is considered as the main type of scientific and technical activity and the type of planning also changes in accordance with the design.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге

қабілеттілік» Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – 2017, қаңтар – 31.

2. Большая Советская Энциклопедия (в 30 томах) / А.М. Прохоров: изд. 3-е. -М.: «Советская энциклопедия», 1972. - Т. 10. - 592 с.

3. Жолдасбекова С.А., Иманкулова Л.Б. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру мүмкіндіктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. №2(123)/2018 ISSN 2616-68. Астана, 2018. С 78-83.

4. Заир-Бек Е.С., Соляников Ю.В. Технологии обучения

научно - исследовательской деятельности как фактор качественной подготовки научных кадров в педагогическом университете. - СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2000. - с. 96 - 114.

5. Утешова М.А. Негізгі мектеп алгебрасын оқыту барысында деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың зерттеушілік қызметін дамыту әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.02. - Алматы, 2010. - 170 б.

6. Амелина Н.С. Учебно - исследовательская деятельность студентов педвуза: автореф. ... канд. пед. наук. – Киев, 1982. - 22 с.

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Насихат СМАЙЛ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің 2-курс магистранты,
ғылыми жетекшісі: Т.ғ.д. Т.Сәтбай

Әлеуметтік жағдай – елдің қандай екенін көрсететін бет-бейне. Сонымен қатар, әлеуметтік сала арқылы елдің саяси деңгейін де аңғаруға болады. 90-жылдары Қазақстанда әлеуметтік ахуал қиын кезең болды. Тәуелсіздігімізді алып, Ұлттық валютамыз пайда болса да, ақшаның 10 есеге құнсыздануы әлеуметтік жағдайға кері әсерін берді. Алайда, гиперинфляция елімізде орын алса да, шамамен 2000 жылдарда әлеуметтік жағдай өткен жылдармен салыстырғанда көтерілді. Бірақ, сонда да тұрақты әлеуметтік даму қалыптаса қоймады.

1997 жылдан 2007 жылдың аяғына дейінгі кезеңде еңбекақының ең төменгі мөлшері 4,5 еседен астамға өсті, орташа айлық номиналды еңбекақы 8,5 мың теңгеден 50 мың 800 теңгеге дейін 6 есеге жуық артты. Барлық соңғы жылдар бойында орташа еңбекақы деңгейі жөнінен Қазақстан ТМД-да көшбасшы елдердің бірі болып табылады. 2002 жылдан бастап реформалау жүзеге асырылып, бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысын өсіру үрдісі қалыптасып келеді. Оның деңгейін жүйелі арттырудың арқасында 2007 жылы бюджетшілердің еңбекақысы 2,5 еседен астамға артты. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа көлемі 1998 жылдан бері 3 есеге жуық өсті.

Жалпы алғанда, ел экономикасы 2001 жылдан бастап жылына орта есеппен 10 пайызға өсіп отырды. Бұл өте үлкен де жедел өсу болып саналады. Еліміздегі әлеуметтік ахуал тұрақты қалпында. 2000 жылдан бастап, 2008 жылға дейін мемлекеттік бюджеттің білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығындары 5 еседен астам ұлғайды. Біздің 5 миллионнан астам азаматымыз мемлекеттік әлеуметтік қорғаумен қамтылып отырды. Бұл көрсеткіш осыдан бес жыл бұрынғыға қарағанда екі есеге артық. Ал осы жылдар ішінде Қазақстанда жүздеген, мыңдаған жаңа кәсіпорын пайда болды.

Қазақстан дамыған 30 елдің қатарына ену мақсатын қойды. Дамыған ел болу үшін Тәуелсіздігін енді ғана алған жас мемлекетке біраз дамулар, қарқындар, серпілістер керегі анық. Осыған орай, Республика Үкіметі жұмыспен қамту мәселесін алға қойды. Және соған бағытталған «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасын іске асыруға кірісті. Бағдарлама 2009-2010 жылдары қаржылық дағдарыстан әлеуметтік жағдайды әлсіретіп алмауға өзіндік себеп бола білді. Оған дәлел бағдарлама аясында 2011 жылы шағын кредит алғандар саны 1411 болса, бұл көрсеткіш 2016 жылы 8211-ге жеткен. 2011-2015 жылдар аралығында 123 000 адам кәсіби оқуға жіберілді. Нәтижесіне көз жүгіртсек, еліміз яғни, халық пен билік дағдарысқа

тоқсаныншы жылдармен салыстырғанда прагматикалық басымдық берген.

Бағдарлама 2 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең 2009-2015 жылдарды қамтыса, **екінші кезең** 2016-2020 жылдарды қамтыды. Мәселен, бірінші кезең бойынша бағдарламаға қатысушылар саны 106 390 болса, екінші кезеңде 136 009-ға жеткен. Өсу көрсеткіші шамамен 27 % артқан. Бағдарлама уақыты әлі аяқталған жоқ. Биыл, яғни, 2020 жыл бағдарламаны іске асырудың соңғы жылы. Демек, көрсеткіш және нәтиже әлде де жоғары болады деген сөз.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда көптеген қиыншылықтар мен қайшылықтарға қарамастан экономиканы дамытуда, әлеуметтік мәселелерді шешуде біршама жұмыстар атқарылды және елеулі табыстарға қол жетті. Соның нәтижесінде біздің еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан алдыңғы қатарға шығып отыр. Қазақстан бүгін әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірі саналады. Еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті отыз мемлекеттің қатарына ену жөніндегі міндеттерді шешуде айтарлықтай ілгері жылжыды.

Тәуелсіз жас мемлекетіміздің аз ғана уақыт ішінде қол жеткізген жетістіктері, бағындырған белестері мақтан тұтарлықтай. Мұның өзі еліміздің алға қарай біраз қадам жасағанын көрсетеді. Бүгінгі әлемдегі экономикалық және шаруашылық қатынастардың күннен күнге дамуы барысында жұмыссыздық мәселесі назардан тыс қалған емес. Жұмыссыздық, макроэкономикалық теория тұрғысынан, негізгі макроэкономикалық мәселелердің бірі болып саналады. Себебі экономикалық өсуге жұмыссыздықтың тигізер әсері айтарлықтай деңгейде. Жұмыссыздық зардабын бәсеңдететін факторлардың қатарына ғылыми-техникалық өрлеу, жаңа қосымша жұмыс күшін қажет ететін өндіріс саласындағы еңбек етуге қабілеті бар тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету жатады.

Қазіргі кезде еліміздегі жастардың жұмыссыздығы мәселесі біртіндеп шешіліп жатыр. Солардың бірі – жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін қолданылып жатқан шаралар және бұл шаралардың жүзеге асырылуы. Қазіргі жастарды қолдауға арналған бағдарламалардың барлығы жастардың тұрмысын түзеу үшін қолға алынып отырғаны шындық. Бүгінде жастар саясаты саласында әлеуметтік маңызы бар 76 жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның ішінде «Ауыл жастары», «Дипломмен – ауылға!», «Жастар – кадрлық резерві», «Жастар – Отанға» және «Жастар тәжірибесі», «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы сияқты жақсы-жақсы жобалар бар.

«Дамыған отыздықтың қатарына өнуге Қазақстан қаншалықты дайын?» деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Бұл дамыған елдерде әлеуметтік жағынан орта топқа үй-жайы, жаңа автокөлігі, табысы бар адамдар жатады. Ал, бізде бұл қажеттіліктер бар адамдар орта топқа емес, тұрмыстық деңгейі жоғары адамдар тобында деп қараймыз. Себебі, әр екінші қазақстандықтың басында баспана жоқ. «Баспаналы» деген статистиканы толықтырып отырғандардың көпшілігі үйді ипотека жолымен немесе несие алу арқылы алған. Елімізде баспананы нақты өз ақшасына сатып алу көрсеткіші төмен. Деректерге сүйенсек, еліміздегі орта топтың көлемі 20% екен. 2015 жылғы ақпаратқа қарасақ, Қазақстандықтардың 34 % тапқан табысы тек тамақ пен киімге жететіні мәлімделген. Бұл дегеніміз – елдегі халықтың 1% ғана ешқандай қаржылық қиындықты сезінбейді деген сөз.

Тәуелсіз Қазақстанның саяси мақсаттарының бірі – дамыған алдыңғы 30 елдің қатарына кіру екенін ескерсек, ең алдымен халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруы мен елдің экономикалық дамуының оңтайлы тұстарын қарастыруы керектігін жақсы білеміз. Бұл тұрғыда қабылданған заңдар мен қарастырылған жол ретіндегі ойластырылған арнайы бағдарламалар аясы іске асып та жатқаны бар. Жоғарыда атап өткенімнен де бөлек, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында іске асырылуы тиіс біршама істер ел ішіне біраз өзгерістер әкелді. Мысалы, «Жүз жаңа есім» жобасы арқылы ел ішіндегі еңбекқор өз саласының үздіктері атанған білімдер жастардың есімі анықталып, насихатталды. Бұл шараның болымды тұстары көп-ақ. Бұл секілді білім, мәдениет саласында атқарылған істердің әлеуметтік жағдайды жақсарту жолына тигізер септігі де бар. Десек те, әлеуметтік жағдайды жақсартуға арналған арнайы бағдарламаларды іске қосуды көбейту керек. Бұған дейін де іске асқан жобалар мен шаралардың

аясы әлде де кеңейту мен іске асуды қажетсінеді. Оларды іске асыру барысында жіберілген қателіктер жоқ емесітігіне де кепілдік бере алмаймыз. Сол үшін қателіксіз іс болмайтынымен қоса, қателікке жол бермеудің маңызы зор болғанын ұмытпауымыз керек. Жауапкершілікпен атқарылған әрбір істің соңында нәтиже көрініс бермек. Егемендігімізді алған 28 жыл ішінде бірталай нәтижеге қол жеткіздік. Алайда, әлі атқарылар істер алда. Дамушы ел ретінде даму жолында бірталай асулардан өтеріміз анық. Олай болса, біз бірінші кезекте әлеуметтік-экономикалық деңгейімізді көтеруіміз керек. Көтеріп қана қоймай, мәселені шешуге күш жұмсауымыз керек! Мәселе халық жұмыспен қамтылғанда, жәрдемақы, зейнетақы, жалақы жоғары болғанымен қоса, олардың еңбек ете білуіне, еткен еңбегінің жемісін жей алуына жағдай жасалса, әр қазақстандық өз-өзін баспанамен қамтамасыз ете алатын деңгейге жеткенде, сапалы білім беріліп, халық сауатты болғанда шешілмек...


ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауынан. «Егемен Қазақстан», 7.02.2008.
2. «Қазақстан тарихы», 18.11.2018 жыл.
3. **Назарбаев Н.Ә.** «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан № 828–831. 1–8-б, 15.02.2012 жыл.
4. Қазақстан Республикасының «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы, 31.03.2011 жыл.
5. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ веб-сайты // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: damu.kz
6. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайты // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: enbek.gov.kz.

КАКОВЫ ПРИЧИНЫ СРЕМТЕЛЬНОГО РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЧЕРНОГО МОРА?

Айгуль КОЛДАЕВА,
КГУ «Средняя школа №24» акимата
г. Усть-Каменогорска учитель истории

Раздел долгосрочного планирования: Средневековое европейское общество в XIV веке – в первой половине XVI века.		
Тема урока.	Каковы причины стремительного распространения Черного мора?	
Учебные цели для достижения.	6.2.4.1- объяснить роль знаний об окружающей среде в жизни человека.	
Цель урока.	Показать влияние окружающей среды на жизнь человека; Определить основные причины массового распространения чумы в XIV в. в Европе.	
Критерий оценки.	Рассказывают как влияет окружающая среда на жизнь человека; Выявляют причины широкого распространения чумы в XIV в. в Европе.	
Языковые цели	Развитие языковых компетенций: Слушание: при подведении итогов после каждого метода. Чтение: работа с учебником при работе с контурной картой, при заполнении Ассоциативной карты. Письмо: при заполнении Ассоциативной карты, используют следующие термины: Черный мор, эпидемия, пандемия, бубонная чума. Говорение: в ходе коллективного обсуждения, обсуждения в парах.	
Привитие ценностей.	Воспитание сотрудничества, коллективизма у учащихся, посредством групповой работы и взаимодействия с учителем.	
Межпред/ связь.	Естествознание.	
Предшествующие знания по теме.	Учащиеся знакомы с жизнью средневекового общества, с уровнем городской культуры средневековых городов.	
Ход урока		
Этапы урока.	Запланированные мероприятия	Ресурсы

Начало урока. 5 мин.	Организационный момент. Психологический настрой. «Комплименты». Стоя в кругу, учащиеся берутся за руки. Глядя в глаза друг-другу, говорят добрые слова. Принимающий говорит: «Спасибо, мне очень приятно!». Затем он дарит комплимент своему соседу. Упражнение проводится по кругу. Проверка готовности учащихся к уроку. Деление на группы. Время: 1 мин. Целеполагание. Просмотр видеоролика «Эпидемия чумы XIV века – Черная смерть». После просмотра видеоролика, учитель предлагает учащимся, высказать предположения, почему население Европы в середине XIV века резко уменьшилось вдвое. Выслушав предположения учащихся, учитель вместе с учащимися называют причины – распространения в Европе чумы. Оглашается тема урока и учащимся предлагается определить направления исследования, цели урока и критерии оценивания. Метод «Градусник» ученики измеряют свои знания на тему «Черный мор и что о нем известно». Время: 4 мин.	Галстуки (голубые, желтые, красные). Видеоролик «Эпидемия чумы XIV века – Черная смерть» 												
Середина урока. 26 мин.	Задание №1 (Работа в группах). Стратегия «Ассоциативная карта» Работа в группах: каждая группа используя текст учебника заполняют Ассоциативную карту: группа А, В – «Причины быстрого распространения чумы в Европе», группа С - «Влияние окружающей среды на жизнь человека». Спикер каждой группы защищает свой проект. Использование дифференциации: дифференциация выражена в подборе заданий, в ожидаемом результате от группы. Дескрипторы (А, В группы): -читают текст учебника; -выявляют причины быстрого распространения чумы в Европе в XIV в.; -подводят итоги. Дескрипторы (С группы): -читают текст учебника; -как окружающая среда влияет на жизнь человека; -подводят итоги. Взаимооценивание: метод «Две звезды и одно пожелание». КО: Лист самооценки работы группы. Оцени работу своей группы: 1. Все ли члены группы принимали участие в работе? А) Да, все работали одинаково; В) Нет, работал только один; С) кто то работал больше, кто то меньше других. 2. Тебе нравится результат работы группы? А) Да; В) Можно было сделать лучше; С) Нет. 3. Оцени свой вклад в работу группы? А) Почти все сделали без меня; В) Я сделал очень много, без меня работа бы не получилась; С) Я принимал участие в обсуждении. Время: 10 мин. Задание №2 (Работа в группах). Стратегия «Думай-объединяйся-делись». После выявления причин быстрого распространения чумы в Европе в XIV в., учащиеся сравнивают их с теми причинами, которые определяли сами средневековые люди в отношении возникновения болезни. Дескрипторы: гр. А – сравнивают; гр. В -выделяют главное; гр.С – выявляют причины. Групповая работа с целью объединения лучших ответов. Озвучивание спикером в группе своих усовершенствованных ответов в классе. Вопрос: Почему истинные причины распространения болезни, так сильно отличаются от того, как их понимали средневековые люди? Учащиеся высказывают мнение о том, что люди той эпохи были недостаточно образованы и не владели достаточными знаниями об окружающем мире. ФО: «Похвала». Время: 5 мин. Задание №3 (Работа в парах). Работа с контурной картой. Учащиеся используя учебники работают с контурными картами «Эпидемия чумы в Европе». После выполнения задания учитель демонстрирует карту «Эпидемия чумы в Европе». Во время работы с контурной картой проводится Разминка «Определи слово». Время: 1 мин. «Эпидемия чумы в Европе». Во время работы с контурной картой проводится дифференциация, сильные учащиеся быстрее выполняют задания и помогают средним по успеваемости учащимся. Дескрипторы: -читают текст учебника: -определяют правильно ли отмечены пути распространения чумы на карте. определяют регионы пострадавших от чумы. Взаимооценивание (проводят обратную связь с соседом по парте). Время: 5 мин. Задание №4 (Работа в группах). Стратегия «Своя игра». Выбирая по уровню сложности ячейку (10, 20, 30 баллов) учащиеся (регламент 10 с.) обсуждая ответы в группах отвечают на вопросы. 1 учащийся на доске записывает баллы каждой группы. ФО: «Таблетки». Группе, которая набрала большое количество баллов за правильные ответы выдаю таблетки. Время: 5 мин. Разминка «Определи слово». Время: 1 мин.	Учебник. Всемирная история 6 класс. Ассоциативная карта Группа А,В – «Причины быстрого распространения чумы в Европе». Группа С – «Влияние окружающей среды на жизнь человека». Лист оценивания. Таблица. <table><tr><td>Истинные причины быстрого распространения Чёрного мора</td><td>Причины, которые определяли сами средневековые люди</td></tr><tr><td>1.Низкий уровень развития медицины; 2.Низкий санитарный уровень в городах; 3.Феодалские войны; 4.Пропованье церкви.</td><td>1.Наказание Богом за грехи; 2.Заражение воздуха в результате столкновения Марса и Сатурна; 3.«Миазмы» от болот, трупов людей и животных; 4.Евреи отравили колодцы, чтобы сжить со свету христиан; 5.Контакты с заболевшими.</td></tr></table> Учебник Всемирная история 6 клас.Карта «Эпидемия чумы в Европе» Контурная карта. Стратегия «Своя игра». <table><tr><td>Чёрный мор.</td><td>10</td><td>20</td><td>30</td></tr><tr><td>Феодалские войны.</td><td>10</td><td>20</td><td>30</td></tr></table>	Истинные причины быстрого распространения Чёрного мора	Причины, которые определяли сами средневековые люди	1.Низкий уровень развития медицины; 2.Низкий санитарный уровень в городах; 3.Феодалские войны; 4.Пропованье церкви.	1.Наказание Богом за грехи; 2.Заражение воздуха в результате столкновения Марса и Сатурна; 3.«Миазмы» от болот, трупов людей и животных; 4.Евреи отравили колодцы, чтобы сжить со свету христиан; 5.Контакты с заболевшими.	Чёрный мор.	10	20	30	Феодалские войны.	10	20	30
Истинные причины быстрого распространения Чёрного мора	Причины, которые определяли сами средневековые люди													
1.Низкий уровень развития медицины; 2.Низкий санитарный уровень в городах; 3.Феодалские войны; 4.Пропованье церкви.	1.Наказание Богом за грехи; 2.Заражение воздуха в результате столкновения Марса и Сатурна; 3.«Миазмы» от болот, трупов людей и животных; 4.Евреи отравили колодцы, чтобы сжить со свету христиан; 5.Контакты с заболевшими.													
Чёрный мор.	10	20	30											
Феодалские войны.	10	20	30											
Конец урока. 9 мин.	Задание №5 (индивидуальная работа). Стратегия «Крестики и нолики». Учащимся раздаются карточки с вопросами. Учащиеся отвечают на вопросы заполняя ячейки, если да – Х, если нет – 0. Дифференциация: разноуровневые задания. Самооценивание по правильным ответам. ФО: «Таблетки». Время: 4 мин. Учитель возвращается к цели обучения, и спрашивает, достигли мы цели урока? Индивидуальная работа. Метод «Градусник» ученики измеряют свои знания на тему «Черный мор и что о нем известно».	Группа С <table><tr><td>Х</td><td>0</td><td>Х</td></tr><tr><td>0</td><td>Х</td><td>0</td></tr><tr><td>Х</td><td>0</td><td>Х</td></tr></table>	Х	0	Х	0	Х	0	Х	0	Х			
Х	0	Х												
0	Х	0												
Х	0	Х												

Конец урока. 9 мин.	Критерии: - Назвать не менее 4 причин массового распространения чумы в XIV в. в Европе? – 4 б.; - Рассказать о влиянии окружающей среды на жизнь человека – 6 б. На градуснике: 37°C – 4 б., 38°C-6 б., 39°C-8 б., 40°C-10 б. Сравнивают с градусником, на котором замеряли свои знания в начале урока. Время: 3 мин. Рефлексия «Выбор»: Время: 2 мин.	Группа А																					
	<table><tr><td>1.На уроке я работал</td><td>активно, пассивно</td></tr><tr><td>2. Своей работой на уроке я</td><td>доволен, недоволен</td></tr><tr><td>3. Урок показался мне</td><td>коротким, длинным</td></tr><tr><td>4. За урок я</td><td>не устал, устал</td></tr><tr><td>5. Мое настроение</td><td>стало лучше, стало хуже</td></tr><tr><td>6. Материал урока для меня был</td><td>полезен, бесполезен</td></tr></table>	1.На уроке я работал	активно, пассивно	2. Своей работой на уроке я	доволен, недоволен	3. Урок показался мне	коротким, длинным	4. За урок я	не устал, устал	5. Мое настроение	стало лучше, стало хуже	6. Материал урока для меня был	полезен, бесполезен	<table><tr><td>X</td><td>0</td><td>X</td></tr><tr><td>X</td><td>0</td><td>X</td></tr><tr><td>X</td><td>0</td><td>X</td></tr></table>	X	0	X	X	0	X	X	0	X
	1.На уроке я работал	активно, пассивно																					
	2. Своей работой на уроке я	доволен, недоволен																					
	3. Урок показался мне	коротким, длинным																					
4. За урок я	не устал, устал																						
5. Мое настроение	стало лучше, стало хуже																						
6. Материал урока для меня был	полезен, бесполезен																						
X	0	X																					
X	0	X																					
X	0	X																					
По желанию заслушиваются ответы нескольких учащихся.		Черный мор. 10 20 30 Феодал-ные войны. 10 20 30 																					
Дополнительная информация																							
Дифференциация – каким образом Вы планируете оказать больше поддержки? Какие задачи Вы планируете поставить перед более способными учащимися? На уроке используется учебная информация с учетом различных типов восприятия информации. Дифференциация по степени успеваемости при работе в паре: более способные учащиеся оказывают поддержку менее способным, слабоуспевающим. Во время работы с Ассоциационной картой, дифференциация выражена в подборе заданий, в ожидаемом результате от конкретного ученика. Разноуровневые задания в стратегии «Своя игра», «Крестики и нолики».	Оценивание – как Вы планируете проверить уровень усвоения материала учащимися? Самооценивание, взаимооценивание, лист оценивания, метод «Похвала», метод «Две звезды и одно пожелание», метод «Градусник», таблетки за правильные ответы, рефлексия «Выбор».	Здоровье и соблюдение техники безопасности. Соблюдение санитарных норм в классной комнате. Создание благоприятного психологического климата на уроке. Деление на группы. Разминка.																					

БІЛІМ НЕГІЗІ – БАСТАУЫШТА

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Тәжіхан ҚҰДАШЕВА (Худашева),
Манашы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

Біздің әлем күн сайын жаңаруда. Бұны бізге өмірдің өзі үйретуде. Еліміздегі болып жатқан жағдай біздер үшін күтпеген жаңалық, сондықтан ең үлкен өзгеріс мектептердің қашықтықтан оқуға көшуі. Адамдардың бойында, әсіресе, осындай қиын кезеңде жаңа әрі белгісіз нәрсеге деген қорқыныш сезімінің болуы – қалыпты жағдай.

Білім беру – ел болашағы, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Сондықтан қазіргі жағдайда сапалы білім беру – біздің мақсатымыз. Барлық мүмкіндіктерді, тәуекелдерді жан-жақты ой елегінен өткізе отырып, біз де ел қатарлы қашықтан оқытуға көштік. IV тоқсанды толықтай қашықтықтан оқыттық. Барлық тілек білдірушілерді қашықтықтан оқытудың технологияларын пайдалана отырып, жоғары білім алуға шақырамыз.

Оқушылардың білім қажеттіліктерін тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына, жасына, денсаулығына және өмірдің тағы басқа себептеріне қарамастан қамтамасыз ету.

Қашықтықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу.

Ізденіс «Педагогикалық технология» деген ұғымға әкелдік. Қашықтықтан оқыту бұл мұғалімнің бі-

ліктілігін көтереді. Оқушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға деген көзқарасын өзгертеді. Бүкіл әлем осындай форматта оқып білім алып жатыр. Білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс қимылымен ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

Интернет желісімен хабар алмасу, телефон аппараты арқылы келіссөздер. Қорытынды бақылау тапсырумен оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы. Әрбір оқушы ізденіп, кітап оқып, мұғалімге кері байланыс жасау арқылы білімдерін жетілдіруде. Әрбір ата-ана баласының сабағына жете мән беріп қадағалауда. Әрбір уақытын тиімді пайдалануда. Ата-аналар, педагогтар мен оқушылар арасындағы пікір-таласты мұқият қадағалап отырамыз. Қашықтықтан оқытудың қол жетімділігін арттыратын тиімді шараларды қабылдауға дайынбыз. Бұл ретте ұлағатты ұстаздарға алғысымды білдіргім келеді. Қиын кезеңге қарамастан, көптеген мұғалімдер жағдайға бейімделіп, өз міндетін лайықты атқаруды жалғастыруда. Еліміз мұндай кәсіби деңгейдегі мамандармен мақтана алады.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

Қазақ тарихы

№6 (183), маусым, 2020

ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ (Мектепті дамыту жоспары бойынша)

Сәбира МҰСАЕВА,
Ә.Бердәулетов атындағы орта мектептің директоры,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Өмір бойы білім алу – әр қазақстандықтың өмірлік кредосына айналуы қажет», – деген сөзі ұстаздар қауымына аса маңызды жауапкершілікті арттады. Мұғалім шығармашылығы – ұшы-қиыры жоқ ізденіс, өнер, қиял, тапқырлық, үйрену, даму. Үйретуші сөз арқылы емес, әрекет арқылы үйретуді басты назарда ұстағаны жөн. Қазіргі кезеңде педагогикамызға қосылып жатқан жаңа әдіс-тәсілдердің тиімді тұстарымен бөліскім келіп отыр.

«Оқушыларға сабақ үйретудің жаңа әдісін тапсаң, әріптестеріңмен бөлісуге асық!» деген ұстаным бойынша ізденіске жетелейтін, ізденгенге көмекші құрал болар, әдіс-тәсілдерді ұсынып отырмын.

«Ақындар мен жазушылар».

Топтағы оқушылар 3-4 минут аралығында өздері білетін ақын-жазушыларын жазып шығады да, кезектесіп оқиды. Бір топта бірінші айтылған тұлға өздерінде қайталанса, сызып тастап отырады. Қай топтың тізімінде тұлғалар тектері көп қалса, солар жеңімпаз.

«Атаулар туралы үш сұрақ».

Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, оқушыларға осы атауларға қатысты мынандай сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады:

1. **Қайда?** Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз? 2. **Қалай?** Өз тәжірибеңізбен осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба? 3. **Қандай?** Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Әдеттегідей бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды.

Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді.

Белсенді оқылым тәсілдері. Бастапқы танысу.

Құрылымы мен мазмұнын түсіну үшін тақырыбын, тараушаларын, фотосуреттер берілген жазбаларды және т.б. зерделеуді көздейді.

Мысалы: Мәтінді оқырдың алдында оқушыларға тақырыбын беріңіздер де, олардан ассоциация жүргізуді сұраңыз, яғни тақырыпты оқыған кезде олардың ойына не келгенін айтады. Оқушылар өздерінің ассоциацияларының негізінде мәтін не туралы болады деп ойлайтынын талқыға салады.

Болжау. Мазмұны қандай болатынын және қандай сөздік қор қолданылатынын болжау үшін тақырып, автор туралы бұған дейінгі білімдері пайдаланылады.

Мысалы: Оқушылар мәтіннің бір бөлігін оқып болғаннан кейін, олардың ойларынша әрі қарай не болатынын болжайды. Оқушылар оқылған мәтінде келтірілген, өз болжамдарына негіз болған ойларға сүйене отырып, өз болжамдарын дәлелдеулері тиіс.

Танысу үшін оқу және сканерлеу.

Бұл тәсіл мәтіннің негізгі идеясын, стилі мен құрылымын анықтау үшін, мәтінді тез көз жүгіртіп оқып шығуды көздейді.

Бұл тәсілді болжамдарды дәлелдеу үшін пайдалануға болады.

Мысалы: Мәтінді оқырдың алдында оқушылар өздерінің қандай негізгі ақпарат іздейтіндерін анықтап алулары керек. Олар қандай тірек сөздердің мәтіндегі сол ақпаратты меңзейтініне назар аударуы тиіс. Оқушылар тірек сөздерді іздей отырып, мәтінді жылдам оқып шығады. Оларды тапқан жағдайда, өздерінің іздегені осы ақпарат па екенін тексеру үшін оқушылар тиісті бөлімді оқып шығады.

Мәнмәтінге қарап болжам жасау.

Бұл тәсіл оқушылардың таныс емес сөздердің мағынасын анықтау үшін

мәтіндегі ишаралар мен бұған дейінгі білімдерін пайдалануын көздейді.

Мысалы: Осы тәсілді тексеру үшін мұғалім оқушыларға ойдан шығарылған сөзі бар сөйлем ұсынады, мысалы, «Гелаклаф сынып қалғандықтан маған жолдың қалған бөлігін жаяу жүріп өтуге тура келді». Оқушылар қалған сөздерге қарап, бұл сөздің не мағына беруі мүмкін екенін анықтауға тырысады. Бұл жағдайда сөйлеп тұрған адам бұның алдында жаяу болмай, бірдеңені мініп келе жатқандықтан, олар мұны көліктің бір түрі деп ұйғаруы мүмкін, сондықтан бастапқыда «велосипед», «автобус» немесе «автомобиль» деген болжамдар ұсынылуы мүмкін. Барынша нақты болжам жасау үшін оқушылар мәтіндегі қосымша ақпаратқа назар аударуы тиіс.

Басқа сөздермен айту. Белгілі бір ойды бірдей уақыт өткен сайын басқа сөздермен айтуды білдіреді. Мысалы, оқушылар өздері жаңа ғана үйренген нәрсені қорытады. Жаттығуды күрделі және қызықты етіп өткізу мақсатында оны бейімдеуге болады, мысалы, өзінің үйренгендерін екі сөйлеммен болмаса он немесе одан да аз сөзбен қорытындылау.

«Менің қиялымдағы ғажап құс» жаттығуы.

Барлық тыңдаушыларға қағаздан ғажап –құстың фигурасын жасау ұсынылады. Бұл қиялдауға, бір нәрсе ойлап шығаруға үйретеді.

Топтық жұмыс «Біздің қиялымыздың әлемі».

Қатысушылар ватманда қиял әлемін ойдан құрып онда өз құстарының фигурасын орналастырады. Өз құстарына ат қойып, қысқаша әңгіме құруды ұсынуға болады. Рефлексиялық әңгіме.

Қазіргі заман талабына сай шығармашылық ізденіспен, әдістемелік шеберлікпен, жоғары біліктілігімен еңбек етіп жүрген ұстаздар өздерінің еңбекқорлығы, ізденгіштігі мен кішіпейілділігінің арқасында шәкірттерінің жүрегіне жол таба білетін мұғалім. Болашақта оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, оқушыларды білімділікке, шығармашылыққа тәрбиелеуде жақсы жетістіктерге жетеріне сеніміміз мол!

Қызылорда облысы,
Жалағаш ауданы,
М.Шаменов ауылы.

Қазақ тарихы

№6 (183), маусым, 2020

ТЕОРИЯЛЫҚ МАҚАЛА ЖАРИЯЛАУ ТАЛАПТАРЫ

Ғалымдар мен зерттеушілерге, магистранттар мен докторанттарға!

1. Ғылыми мақалалар журналдың мазмұндық бағытына және жоғары аттестациялық комитет (ЖАК) талаптарына сәйкес болсын. **Элпоштаға мақалаңыз бен жазылған түбіртегіңізді сканерлеп (не фотоға түсіріп), бірге салыңыз. Мынадай ретпен:** 1) тақырып, 2) атыңыз, 3) тегіңіз (тегіңіз түгел бас әріппен жазылсын), 4) қызметіңіз, 5) мақала (не сабақ), 6) түбіртегіңіз, 7) телефоныңыз. Сонда 4 бетке дейінгі (одан асса ақылы) мақалаңыз тегін әрі тез шығады.

2. **Ал егер жазылмасаңыз, мақалаңызды kaztar62@mail.ru элпоштасына түбіртексіз салаңыз.** Мақалаңыз тым сапасыз болмаса, редактор төлемақының көлемі, қай есеп-шотқа аудару керектігі туралы жауап жазады. Сіз аталған есеп-шотқа төлемақыны аударып, **төлегеніңіз туралы түбіртекті сканерлеп (не фотоға түсіріп), қайта салаңыз.** Кейін мақалаңыз шыққан журналдың 1 данасын редакциядан тегін аласыз. Ал Алматыға келе алмасаңыз, элпоштаға өтініш жазсаңыз, мұқабаның 1-бетін, мазмұнын, мақалаңыз шыққан беттердің ПДФ нұсқасын саламыз.

3. **Мақала соңында қазақша жазылған еңбекке орыс және ағылшынша, ал орысша мақалаға (ол 1 нөмірге 1-2 ғана жіберіледі) қазақ және ағылшын тілдерінде түйін (резюме), сондай-ақ пайдаланылған әдебиеттер тізімі ұсынылуы керек.**

4. Мақала неғұрлым шағын болса, соғұрлым тезірек жариялау мүмкіндігі мол. Сондықтан магистранттар мен докторанттардан компьютерлік 4 беттен (аса асығыс болса 2.3 беттен) асырмау, ғалымдар мен оқытушыларға 5-6 беттен асырмау сұралады. Шрифт – Times New Roman-14, жол

арақашықтығы – 1; 1,15.

5. **Түбіртексіз (не жазылмағандарға) не көлемді мақалаларға** компьютерлік 1 бет үшін 1300 (Орысшаға – 1500, шетелдік авторға не ағылшынша мақалаға 2000) теңге төленеді. Ең шағын теориялық мақалаға 2-2.5 бетке дейінгісі 4000, **3-4 беттік стандартқа 5000** (Орысшаға – 6000, ағылшынша мақалаға не шетелдік авторға 8000) **теңге**, ең шағын сабақ жоспарына 3000 теңге төлейсіз.

6. Ең соңында автордың үй не жұмыс, қалта (ұялы) телефоны жазылады. Мақалада келтірілген фактілер, цитаталар, статистикалық мәліметтер, кісі аттары, өлең, ән авторлары, т.б. мағлұматтар мақала авторларының жауапкершілігінде.

7. **Редакция мақаланы бұрынғыдай бастан-аяқ өңдемейді, көзге ұратын қателерді ғана түзетеді.** Сондықтан мақалада **цитат бар болса, ашық курсивке (св. курсив) айналдырып, екі жағына тырнақшасын қойып, мән беретін тұстарын қарайтып, сөз тіркестерінің байланысуына, қиысуына мән беріп, сілтемелерін орысшадан [6, с не стр.-63] осылайша [6, 63-б.] қазақша тәртіпке түсіріп, бәрін дұрыстап салыңыз.**

Жалпы автор мақаласының еш мүлтіксіз, сауатты шыққанын қаласа, түпнұсқасын да мүлтіксіз етіп берсін. Қысқасы, ендігі қатеге автордың өзі жауапты.

8. Бұдан былай редакция таныстырған белсенді авторлардың фотосы, топтасып жазылған пән бірлестігі не кафедра мүшелерінің бірігіп түскен фотосынан басқа фотосуреттер журналда жарияланбайды.

Құрметті ұстаздар мен ғалымдар!

Адамзаттың қағаздан техникаға көшуіне байланысты жоғарыдан тоқпақтап жаздыратын не біреулер арнайы қаржыландыратын басылымдардан басқа газет-журналдардың таралымы жыл сайын құлдырауда. Солардың қатарында «Қазақ тарихы» журналғы ұшырап, әрлеуші мен оператор қысқартылды. Сол себепті редакция алқасы мынадай шешімге келді:

1. **Бұдан былай жеке авторлардың фотосуреттері журналда жарияланбайды** (редакция арнайы таныстырған белсенді авторлардың не мерейтой иелерінің жеке фотосы, топтасып жазылған пән бірлестігі не кафедра мүшелерінің бірігіп түскен фотосы жариялана береді).

2. **Мектеп мұғалімдерінен бастан-аяқ кестеден (таблицадан) тұратын сабақ жоспарларын ұсынбауды сұраймыз (горизонтальді, яки «альбомдық» кестелер мүлдем қабылданбайды).** Себебі сол кестелердің ішіне мәтіндерді симметриялық үйлесімде сығу үшін әріптерді амалсыз кішірейтуге мәжбүрміз. Кей ұстаздар тіпті бір кестенің ішіне тағы бірнеше кесте салып қояды. Ол беттеуге көнбейді. Оның орнына сол сабақты қалай өткізгенін талдап,

мақала жазып ұсынса, нұр үстіне нұр болар еді. Әріптес басылымдардың кейбірі мұндай кесте-сабақты жариялаудан үзілді-кесілді бас тартуда.

3. **Өтініш, тілектеріңізді ұялы телефонмен емес, элпоштаға жазып, тек элпоштамен байланыс жасауға дағдылануды сұраймыз.** Себебі: 1) Сіз мақалаңызды (не сабақ) қай элпоштамен жіберсеңіз, дәл соған сіздің қолжазбаңыздың қашан және қалай қабылданғаны, қай нөмірге жоспарланғаны туралы жауап келеді. Кейін аталған нөмірге шықпай жатса, сол жауапты датасымен бірге көшіріп сала қоясыз. Дерек ескеріледі. 2) Сіздің сол өтініш, тілектеріңізді датасымен бірге көшіріп алып, мақала, сабақтарыңыздың соңына тіркеп қоямыз, қолжазбаңызды шығарғанда ескереміз. Ал телефонмен айтқаныңыз қат-қабат шаруаның арасында ұмытылуы мүмкін.

4. **Ұялы телефонға да ақ таңнан кешке дейін әрі сенбі, жексенбі, мереке кездерінде хабарласа бермеңіз.** Дүйсенбіден жұмаға дейін әрі 9-дан 18-ге дейін хабарласыңыз. Сенбі Сізге жұмыс күні болғанымен, біз нөмір кешігіп жатқанда шықпасақ, аптадағы шығармашылықпен айналысар жалғыз күн.

Редакция әкімшілігі.

ПС-1 н. ф.ПС-1 Мөрдін орны Оператордың қолы	ААҚ “ҚАЗПОШТА” АБОНЕМЕНТ Басылым индексі 75748 “Қазақ тарихы” журналы (басылым аты)																																																																																																						
	жазылу бағасы				тг		тн		Комплектілер саны																																																																																														
	2020 жылға, айлары																																																																																																						
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12																																																																																											
Қайда _____ пошта индексі, мекен-жайы _____ _____ Кімге _____ аты-жөні _____																																																																																																							
ТАСЫМАЛДАУ КАРТОЧКАСЫ <table border="1"> <tr> <td rowspan="6"> Мөрдін орны Оператордың қолы </td> <td colspan="2">ПВ</td> <td colspan="2">орны</td> <td colspan="8">75748</td> </tr> <tr> <td colspan="12"> “Қазақ тарихы” журналы (басылым аты) </td> </tr> <tr> <td colspan="2" rowspan="2">БАҒАСЫ</td> <td colspan="2">жазылу</td> <td colspan="2">тг</td> <td colspan="2">тн</td> <td colspan="4" rowspan="2">Комплектілер саны</td> </tr> <tr> <td colspan="2">тұрағын өзгерту</td> <td colspan="2">тг</td> <td colspan="2">тн</td> </tr> <tr> <td colspan="12">2020 жылға, айлары</td> </tr> <tr> <td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td><td>8</td><td>9</td><td>10</td><td>11</td><td>12</td> </tr> <tr> <td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td> </tr> <tr> <td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td> </tr> </table>													Мөрдін орны Оператордың қолы	ПВ		орны		75748								“Қазақ тарихы” журналы (басылым аты)												БАҒАСЫ		жазылу		тг		тн		Комплектілер саны				тұрағын өзгерту		тг		тн		2020 жылға, айлары												1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12																								
Мөрдін орны Оператордың қолы	ПВ		орны		75748																																																																																																		
	“Қазақ тарихы” журналы (басылым аты)																																																																																																						
	БАҒАСЫ		жазылу		тг		тн		Комплектілер саны																																																																																														
			тұрағын өзгерту		тг		тн																																																																																																
	2020 жылға, айлары																																																																																																						
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12																																																																																											
Қайда _____ пошта индексі, мекен-жайы _____ _____ Кімге _____ аты-жөні _____																																																																																																							

Жазылуды ұйымдастырушыға! Осы бетті өз мектебіңіздегі әріптестеріңіздің бөріне жетердей етіп ксерокөшірімеден өткізіп, үзік сызықпен белгіленген тұстарынан қып алыңыз. Дайын бланкіні анықтап толтырып, әріптестеріңізден жиналған ақшаны пошта бөлімісіне төлеп, мөр басылған түбіртеккі жазылушыларға таратып бересіз.

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫ»

ЖҰРНАЛЫНА 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА!

Төл журналыңызға қалған айларға толық жазылып, түбіртегіңізбен қоса жіберсеңіз, 3 беттік сабағыңыз не мақалаңыз тегін жарияланады.

2020 жылға "Қазпоштадан" жазылу бағасы:

Жазылу индексі: 75748. «Қазақ тарихы" Жылына 12 рет шығады

	қала	аудан, ауыл
6 айға	4147, 80 тг	6 айға 4173, 60 тг
12 айға	8295, 60 тг	12 айға 8347, 20 тг

ЕСКЕРТУ: "Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл" журналы енді жеке шықпайды. Тек "Қазақ тарихы" журналының ішінде бұрынғы айдарларымен шыға береді. Сондықтан бұл журналдың тұрақты оқырмандары "Қазақ тарихына" жазылып, мақала, сабақ шығара алады.